

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ЖАҢАДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТІЛ ТЕОРИЯСЫ
МЕН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
«ТҮГЕЛ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ИСТОРИИ ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛИЗАЦИИ И КОНЦЕПЦИЯ «ЦЕЛОСТНОГО
ЧЕЛОВЕКА»**

**ПАВЛОДАР
2026**

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Ж 35

Редакция алқасының бас редакторы:
Медетов Н. Ә., ф.-м.ғ.д., «Торайғыров университеті» КеАҚ Басқарма
Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:
Кельдыбеков М.Б., PhD докторы, «Торайғыров университеті» КеАҚ
Ғылыми жұмыс және зерттеулерді коммерцияландыру жөніндегі Басқарма
мүшесі – проректор

Редакция алқасының мүшелері:
Ксембаева С. К., Карипжанова А. О.

Жауапты хатшы:
Жуманбаева Р. О.

Ж 35 Жаһандану кезеңіндегі тіл теориясы мен тарихы мәселелері
және «Түгел адам» концептісі атты Халықаралық ғылыми
конференциясының материалдары – Павлодар : Торайғыров
университеті, 2026. – 262 б.

ISBN 978-601-345-803-8

Жаһандану кезеңіндегі тіл теориясы мен тарихы мәселелері
және «Түгел адам» концептісі атты Халықаралық ғылыми
конференциясының материалдары (19 маусым 2026 жыл) жинағында
келесі ғылыми бағыттар бойынша ұсынылған мақалалар енгізілген:
Айтмұхамет Тұрышев – ғалым, педагог, қоғам қайраткері, Қазақ тіл
білімі мен әдебиеттануының өзекті мәселелері, Мәшһүртану және
ұлттық рухани мұра, Түркі филологиясы және пәнаралық зерттеулер.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-345-803-8

© Торайғыров университеті, 2026

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

ҰСТАЗДЫҚ ПЕН ҒЫЛЫМДЫ ҰШТАСТЫРҒАН

ӘБУӘЛИҰЛЫ Б.
ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумиев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ.

Қоғамда сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ішкі болмысы
мен атқарған еңбегі арқылы тұтас бір кезеңнің рухани жүгін көтеріп
жүретін азаматтар болады. Ешкімнен артықшылығын көрсетпейді,
жақсылығын бұлдамайды, «мен» деп жар салмайды, қазіргі тілмен
айтқанда өзін жарнамаламайды. Жыртыққа жамау болып жамалу,
сыныққа шеге болып қағылу, кетікке кірпіш болып қалану – олар
үшін намыс емес, парыз; ақылы қызмет емес, міндет. Филология
ғылымдарының докторы, профессор, академик Айтмұхамет
Қасымбайұлы Тұрышев ағамызды осындай адамдардың қатарынан
деп бағалаймын. Оның өмір жолы – ғылымға адалдықтың, жалықпас
ұстаздықтың және ұлттық руханиятқа қызмет етудің тамаша үлгісі.
Жалпы еңбек өтілі 50 жылдан астам, яғни 50 жылдан астам өмірін
осындай қасиетті борышты өтеуге арнаған азамат.

Айтмұхамет Қасымбайұлы 1991 жылдан бері жоғары білім
беру жүйесінде үздіксіз еңбек етіп келеді. Саналы ғұмырының
35 жылдан көп уақытын шәкірт тәрбиелеуге жұмсаған ғалым
ағамыз ғылым мен әдістемені қатар алып жүріп, қазақ тіл білімі
мен әдебиеттанудың өзекті мәселелерін зерттеуге өлшеусіз үлес
қосты. Оның дәрістері мен ғылыми-тәжірибелік сабақтары қазіргі
қазақ тілінің фонетикасы, лексикологиясы мен фразеологиясы,
тарихи грамматикасы, әдеби тіл тарихы, мәтін лингвистикасы, түркі
филологиясы, әдебиетті оқыту әдістемесі сияқты күрделі ғылыми
пәндерді қамтиды. Ұзақ жылдар бойы жүздеген шәкірт тәрбиелеп,
олардың ғылым мен қоғамдағы өз орнын табуына жол ашты. Қазір
көптеген шәкірттері – өзінің әріптесі. Атап айтқанда, қанатының
астына алып, ғылымда өз бағыттарын айқындауға жол ашқан,
А. О. Кәріпжанова ф.ғ.к., Р. Мүтәлиева (ф.ғ.к.), Р. Жұманбаева (DhP),
Ә. Шапауов, Г. Сәрсекке, М. Оразбаева, Ж. Сағынаева т.б. бүгінде
ғылыми атақтары мен дәрежелері бар мамандар. Республиканың
аймақтарындағы ЖОО-да, мектептерде Айтмұхамет ағаның
шәкірттері. Жоғар қызмет тұрқасын ұстап жүргендері қаншама.

Бір докторнаты жуықта ғана «Мәшһүр-Жүсіптің ономастикалық кеңістігі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады, демек ұстаздық қылу өнері әлі де өз бабымен жалғасын табуда.

Ғалымның зерттеушілік қызметінің маңызды бағыты – мәшһүртану. Ол «Мәшһүр-Жүсіп энциклопедиясын» әзірлеуге белсене қатысып, 269 мақала жазды. Сондай-ақ «Сұлтанмахмұт Торайғыров энциклопедиясында» 33 мақала жариялады. Оның ғылыми қоржынында 13 монография, 7 оқу құралы және 30 оқу-әдістемелік еңбек бар. Бұдан бөлек, 3 сөздік, 9 энциклопедия, 1 аударма еңбек, 8 биобиблиографиялық көрсеткіш әзірлеуге қатысып, 21 кітап пен ғылыми жинақтың редакторы немесе редакциялық алқа мүшесі ретінде қызмет атқарғанды. Бұл – 2020 жылға дейінгі алынған мәліметтер.

Айтмұхамет Қасымбайұлының ғылыми беделі мен кәсіби біліктілігі республика көлемінде жоғары бағаланды. Ғылыми ізденіс жолындағы табанды еңбегінің нәтижесінде Айтмұхамет Қасымбайұлы 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде «Қыз Жібек» жырының тілі мен стилі» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Бұл зерттеу қазақ эпостық мұрасының тілдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеген маңызды еңбектердің бірі болып саналады. Сол жылы Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті Диссертациялық кеңестің шешімін бекітіп, оған филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ресми түрде табыстады. Ал ғылыми-педагогикалық қызметтегі табыстары мен жоғары кәсіби біліктілігі ескеріліп, 2002 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясы Төралқасының шешімімен тіл білімі мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

Бұл белестер ғалымның ғылымдағы жүйелі ізденісінің, ұстаздық қызметтегі табандылығының және қазақ тіл білімін дамыту жолындағы жемісті еңбегінің заңды нәтижесі еді. Бірақ бұнымен тоқтамады, ғалым болар адамның табиғатына тартып, ғылыми ізденістерін әрі қарай жалғастыра берді. 2005 жылы Ұлттық ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Сол жылы профессор академиялық атағын иеленіп, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

Кейін Әлеуметтік ғылымдар академиясының және Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, академигі болып сайланды. Сонымен қатар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің диссертациялық кеңестерінде мүшелік қызмет атқарды.

Профессор Тұрышевтың ғылыми және шығармашылық еңбектері – қазақ ғылымының қомақты қазынасы. Оның қаламынан туған еңбектердің жалпы саны 1120-ға жуықтады. Бұл көрсеткіштің өзі ғалымның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығын айқын дәлелдейді. Оның ішінде 191 мақала мерзімді баспасөз беттерінде жарияланса, 481 еңбек ғылыми конференциялар жинақтарына енген. Сонымен қатар 92 ғылыми мақала республикалық және халықаралық журналдарда жарық көріп, 46 еңбегі кітаптар мен ғылыми жинақтарға енгізілген. 2026 жылы бұл – мәліметтер ана ғұрлым көбейді. Ғалым атап өткен іс-шаралармен тоқтамады.

Айтмұхамет Қасымбайұлы Тұрышевтың қазақ руханиятына сіңірген еңбегінің ең ірі салаларының бірі – Мәшһүр-Жүсіп мұрасын зерттеу, жүйелеу және көпшілікке насихаттау ісі. Ол С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жанындағы Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының көптомдық басылымдарының редакциялық алқа мүшесі болды. Ғалымның қатысуымен алғашқы үш томнан өзге томдар жарық көріп, кейін Павлодар облысы әкімдігінің қолдауымен ақын мұрасының 20 томдық толық жинағы оқырманға жол тартты. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің «Алаш мұрасы» бағдарламасы аясында жарық көрген 11 томдыққа, сондай-ақ С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті мен облыстық мәдениет департаменті қайта бастырған 6 томдық басылымдардың редакциялық алқа мүшесі ретінде де белсенді атсалысқаны белгілі.

Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ұлттық деңгейден халықаралық кеңістікке шығаруда да оның еңбегі айрықша. Түркия республикасында өткен халықаралық конференцияда «Мәшһүр-Жүсіп әлемдік деңгейдегі ғұлама» деп бағалаған ғылыми мақаласы көпшілік көңілінен шықты. Көптомдықтың төрт томы орыс тіліне, үш томы ағылшын тіліне аударылып, қазақтың рухани қазынасы шетелдік ғылыми ортаға жол тартты. Шетел ғалымдары да Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылығына арнап ғылыми мақалалар жаза

бастады. Осы бағыттағы жүйелі ізденістердің нәтижесінде Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығына арналған көптеген монографиялар, оқу құралдары мен ғылыми зерттеулер жарық көрді. Бұл деген мәшһүртанудағы тың белестер ашылды деген сөз. Мәшһүр-Жүсіптің 20 томдық шығармалар жинағын жан-жақты және әртарапты (тілдік, әдебиет саласында) зерттеуге мүмкіндіктер туды.

Ғалымның қоғамдық қызметі де оның азаматтық болмысын айқын танытады. Ол Павлодар облысы әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің мүшесі ретінде қоғамдық келісім мен рухани сабақтастықты нығайту ісіне белсене араласып келеді. Сонымен қатар 1991 жылдан бастап «Қазақ тілі» қоғамының, кейіннен облыстық тілдер басқармасы мен қалалық тіл және мәдениет басқармасы жанындағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, ұлттық құндылықтарды насихаттауға сүбелі үлес қосты. Павлодар облысындағы ескірген көше, ауыл аттарын ауыстыруда ономастикалық комиссияның мүшесі ретінде қыруар жұмыстарға белсене кіріскені бізге мәлім. Радио, теледидар, газет – т.б. ашық ақпарат көздерінде танымдық мақалалар үнемі жарық көріп тұрады. Павлодар облысының барлық аудандарында, мектептерінде тіл жанашыры ретінде дәрістер оқыды. Әр жылдары түрлі аудиторияларда дәрістер оқып, ғылыми-практикалық конференцияларда мазмұнды баяндамалар жасап, жұртшылықпен тығыз байланыс орнатты. Еліміздегі болып жатқан саяси – әлеуметтік, экономикалық реформаларға белсене қатысып, фейсбук парақшасында, теледидардан өзінің пікірін білдіріп жүреді. Ата заң туралы сөйлеген сөздерін теледидардан естіп, көрдік.

Айтмұхамет Қасымбайұлы – ғылым мен қоғамдық қызметті қатар алып жүрген қайраткер тұлға. Ол өңірдің рухани дамуы мен мәдени өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсап, елдік мүдде жолында табанды еңбек етіп келеді. Оның ғылыми библиографиясында көрсетілген мыңнан астам еңбегі, ұйымдастырған және тікелей қатысқан сан алуан іс-шаралары, мәдени-ағартушылық бағыттағы бастамалары мен қоғамдық жобалары осы сөзіміздің нақты дәлелі. Ғалымның өнегелі өмір жолы мен қажырлы қызметі ұлттық руханиятқа адал қызмет студент жарқын үлгісі болып қала береді.

Жас ұрпақтың ғылыми ізденістеріне қолдау көрсету де профессор Тұрышевтың басты ұстанымдарының бірі болды. Ол «Прометей», кейіннен «Жас Ғалым» бағдарламалары аясында студенттердің ғылыми жобаларына жетекшілік етті. Оның шәкірттері «Ертіс дарыны» аймақтық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған

байқауларда жүлделі орындарға ие болып, зерттеу жұмыстары арнайы жинақтарға енді. Әсіресе мәшһүртану бағытындағы ғылыми жобалар республика көлемінде танылды.

Айтмұхамет Қасымбайұлы қазақ руханиятының көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын насихаттауға ерекше еңбек сіңірді. Соңғы жылдары облыстық радио мен теледидарда Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына арналған елуге жуық хабар жүргізіп, кең аудиторияның тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттырды. Оның бастамасымен тұңғыш рет «Мәшһүр Жүсіп оқулары» ғылыми конференциясы ұйымдастырылып, Павлодар өңірлік айтысы өткізілді. Бұл шаралар қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуға серпін берді.

Ғалымның жетекшілігімен Астана қаласы мен Павлодар облысының мектептерінде «Мәшһүртану» курстары енгізіліп, арнайы мұражай-аудиториялар ашылды. Бұл – ұлт мұрасын жас ұрпаққа жүйелі түрде таныстыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Айтмұхамет Қасымбайұлының шығармашылық қыры тек ғылыммен шектелмейді. Оның аудармашы, драматургия саласында да өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Бұл оның жан-жақты тұлға екенін, ұлттық мәдениеттің өртүрлі саласына үлес қосып жүрген қайраткер екенін аңғартады.

Ғалымның қоғамдық қызметі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Ол 1991 жылдан бастап Павлодар облысындағы тіл саясаты мен ұлттық мәдениетті дамыту бағытындағы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып келеді. А.Қ.Тұрышев С. Торайғыров атындағы ПМУ., «Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының» он жыл директоры (2004-2014) болды. «Қазақ тілі» қоғамының, облыстық және қалалық тіл басқармаларының мүшесі ретінде көптеген дәрістер оқып, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, тіл мәртебесін көтеруге өз үлесін қосты. Өлкетанушылар қоғамының белсенді мүшесі. Павлодар облысының жалпы алаш қайраткерлері туралы көптеген хабарлары мен сұхбаттары ашық ақпарат көздерінде жарияланған.

Қорыта айтқанда, профессор Айтмұхамет Қасымбайұлы Тұрышев – ұстаздық пен ғылымды, зерттеушілік пен ұйымдастырушылықты, азаматтық ұстаным мен қоғамдық қызметті үйлестіре білген көрнекті тұлға. Оның өмір жолы мен еңбегі кейінгі ұрпақ үшін өнеге мектебі, ал ғылым мен білім жолындағы табанды қызметі қазақ руханиятының алтын қорына қосылған құнды мұра болып қала береді.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЕКІ ҒҰЛАМАСЫ: МӘУЛАНА РУМИ ЖӘНЕ МӘШҰР ЖҮСІП

BULUT M.

ассистент-профессор, Ататүрік университеті, Түркия Республикасы

Мәулана Жәләләддин Румидің өмірбаяны. 1207 жылдың 30 қыркүйегінде Хорасанның Балх қаласында дүниеге келген Мәулана Румидің шын есімі – Мұхаммед бин Хүсейін әл-Балхи. Оның лақап аты «дін арқылы асқақтаған» деген мағынаны білдіретін – Жәләләддин. Сонымен қатар, оны ұлықтау мақсатында «Мырзамыз/efendi» деген мағынадағы «Мәулана» лауазымы берілген. Парсы тіліндегі «өмірші, патша» мағынасын беретін «худавендигар» атағын оған өз әкесі қойған. Туған қаласына байланысты «Балхи» деп аталса, өмірін өткізген Анадолы аймағына ишара ретінде «Руми, Мәулана-и Рум, Мәулана-и Руми» және ұстаздық қызметіне орай «Молла Хұнкар, Молла-йы Рум» деген сияқты атақтармен де белгілі болған.

Өз еңбектерінде келтірген кейбір мәліметтерді есептегенде, Мәулана мен оның айналасы туралы ақпараттар негізінен ұлы Сұлтан Веледтің **«Веледنامه»** атты шығармасына, шәкірттерінің бірі Феридун-и Сипехсалардың **«Рисале»** еңбегіне және немересі Ұлы Ариф Челебидің шәкірті Ахмед Эфлакидің **«Менакибүл-арифин»** кітабына сүйенеді. «Ибтиданамадегі» мәліметтер тікелей бірінші дереккөз болуымен қатар, қысқа әрі тұжырымды келеді. Ал көптеген мәселелерде ең егжей-тегжейлі мәліметтерді қамтитын Эфлакидің еңбегінде кейбір асыра сілтеулер, қарама-қайшылықтар мен қателіктер кездеседі.

Тегі және жер аударуы. Мәулананың өз шығармаларында тегіне қатысты ақпарат жоқ. Дегенмен, Мәулананың әкесі Бахаэддин Веледтің Хазірет Әбу Бәкірдің ұрпағынан екені айтылады. Әкесі Бахаэддин Велед Балх қаласына қоныс тепкен ғұламалар әулетінен шыққан және «сұлтану»-л-улема» (ғұламалардың сұлтаны) деген атпен танымал болған. Дереккөздерде Мәулана бес жаста болғанда, Сұлтан Веледтің (әкесінің) Хиджазға бару үшін қаланы тастап шыққанын және олар сапарда жүргенде Балхты моңғолдар басып алғанын көрсетеді. Мәулананың әкесі шәкірттерімен және отбасымен бірге жол бойындағы қалаларға біршама уақыт аялдап, соңында Бағдатқа жеткен, кейіннен Сұлтан Алаэддин Кейкубадтың шақыруымен **Конья** қаласына қоныстанған. Феридун-и Сипехсалар Мәулананың Коньяға келген кезінде он төрт жаста болғанын айтады.

Ұстаздық кезеңі және рухани дамуы. Бахаэддин Велед Коньядағы Алтынапа медресесінде екі жыл мүдәріс болғаннан кейін, 1231 жылдың 23 ақпанында қайтыс болды. Бұл кезде жиырма төрт жаста болған Мәулана әкесінің орнын басып, медреседе дәріс бере бастайды. Келесі жылы Бахаэддин Веледтің шәкірттерінің бірі Сейіт Бурханеддин Мухаккик-и Тирмизи өз шейхын зиярат ету үшін Коньяға келеді, бірақ бұл жерде шейхтың қайтыс болғанын естиді. Сейіт Бурханеддиннің шейхтың қазасынан алдын ала хабардар болғаны, түсінде Бахаэддин Веледтің оған ұлын тура жолға салуды, тәрбиелеуді бұйырғаны үшін Коньяға келгені де жазылған. Осыдан кейін Мәулана Сейіт Бурханеддинге шәкірт болып, оған тоғыз жыл бойы қызмет етеді. Эфлакидің айтуынша, Сейіт Бурханеддин кездескеннен бір жыл өткен соң, Мәулананы заһири (сыртқы) ілімдерде одан әрі жетілдіру мақсатында 1233 жылы Шамға (Дамаскіге) жібереді. Бұл сапар барысында Сейіт Бурханеддин Мәуланаға Коньядан Кайсериге дейін серік болып ереді, Мәулана ол жерден Халебке (Алеппо) аттанады, ал Сейіт Бурханеддин кері қайтпай, Кайсериде қалады. Мәулана Халебтегі Халлавия медресесінде білім алады. Содан кейін Шамға өтіп, Мукаддемия медресесіне орналасқан Мәулананың Халебте қанша уақыт болғаны белгісіз. Эфлакидің жазбаларына сәйкес, Мәулана Шамнан Кайсериге қайтып келген тұста, Сейіт Бурханеддинмен бірге Коньяға барады. Сейіт Бурханеддин оған сол жерде иршад (ілім тарату) ижазатын (рұксатын) бергеннен кейін Кайсериге қайта оралып, сонда көз жұмады. Мәулана оның қабірін зиярат етіп, қайтадан Коньяға аттанады.

Сұлтан Велед Мәулананың ұстазы Бурханеддиннің бұл фәниден өтуімен Мәулананың жалғыз қалғанын, Аллаға бет бұрып, іштей жалындап-күйіп, мұңға бата отырып бес жыл бойы риязат (нәпсіні тыю) шеккенін, сансыз кереметтерінің пайда болғанын айтады. Осы уақыт ішінде ол халықты тура жолға салу (иршад) қызметін тоқтатпай, жұртқа уағыз айтуды, көбіне ғұламалар мен билеуші тап өкілдерінен тұратын шәкірттерімен сұхбат құруды жалғастырғанын баяндайды.

Шәмс-и Тәбризмен кездесу және рухани өзгеріс. Мәулана Сейіт Бурханеддин қайтыс болғаннан бес жыл өткен соң Коньяда Шәмс-и Тәбризмен кездесті. Өз дәуірінің пірлері тарапынан «Тәбриздік Кәміл» деп аталған және көптеген жерлерді саяхаттағаны үшін «Шәмс-и Пәренде» (Ұшқыш Шәмс) деп танылған бұл тұлға Коньяға 1244 жылдың 29 қарашасында келген.

Шәмс пен Мәулананың алғашқы кездесуі кезінде өрбіген әңгіменің мән-жайы туралы түрлі деректер бар.

• **Әбдірахман Жәмидің дерегі:** Мәулана хауыз жиегінде кітаптарын ашып қойып жұмыс істеп отырғанда Шәмс келіп: «Бұлар не?» - деп сұрайды. Мәулана: «Бұлар құр сөз», – деп жауап бергенде, Шәмс: «Сенің бұлармен не шаруаң бар?» – деп кітаптарды хауызға лақтырып жібереді. Мәулананың бұған реніш танытқанын көріп, кітаптарды судан қайта жинап алады. Судың кітаптарға ешқандай зақым келтірмегенін көрген Мәулана таңғалып: «Бұл қандай сыр?» – деп сұрағанда, Шәмс: «Бұл – ләззат пен рухани күй (хал), ал сенің бұдан хабарың жоқ», - деп жауап береді.

• **Дәулетшаһтың «Тәзкире» еңбегінде:** Шәмстің сұрағы: «Жанқиярлық, нәпсіні тыю, ілім үйрену және оны қайталаудан мақсат не?» – деген сипатта болады. Мәулана бұған: «Сүннет пен шариғат әдептерін білу», – деп жауап бергенде, Шәмс: «Бұлардың бәрі сыртқы (захири) дүниеге қатысты», - дейді. Мәулананың: «Бұдан жоғары не бар?» – деген сұрағына Шәмс: «Ілім дегеніміз – адамды ақиқатқа (мәлімге) жеткізетін нәрсе», – деп, Сәнаидің «Надандық сені сенен айырмайтын ілімнен де құндырақ» деген мағынадағы бәйітін оқиды. Мәулана бұл сөзден қатты әсерленіп, осы оқиғадан кейін кітап оқу мен дәріс беруді тоқтатып, үнемі Шәмстің қасында болады.

• **Әбділқадір әл-Құрашидің дерегі:** Бұл кездесу Мәулананың үйінде болған деп көрсетіледі. Мәулана шәкірттерімен бірге бір мәселені талқылап жатқанда Шәмс ішке кіріп, қастарына отырады. Біраз уақыттан кейін кітаптарды нұсқап, Мәуладан: «Бұлар не?» - деп сұрайды. Ол: «Сен бұларды білмейсің», - деп жауап береді. Сол сәтте кітаптардың арасынан от тұтанады. Мәулана шошып: «Бұл не қылған күй?» – дегенде, Шәмс: «Сен де бұны білмейсің», - деп шығып кетеді.

Шәмстің жоғалуы және Сема. Мәулана Шәмс-и Тәбризімен кездескеннен кейін халықпен байланысын толықтай үзеді. Медреседегі дәрістерін және шәкірттерді тура жолға салу (иршад) ісін жиып қойып, бүкіл уақытын Шәмспен сұхбаттасуға арнайды. Бұл жағдай шейхтарын өздерінен айырған, кім екені белгісіз Шәмске деген шәкірттердің ыза-кегін тудырды. Мәулананың уағыздарынан мақұрым қалған халық арасында да түрлі өсек-аяң тараған соң, Шәмс кенеттен қаланы тастап кетеді. Мәулананы қатты күйзелткен бұл оқиғадан кейін жағдайдың одан сайын ушыққанын байқаған шәкірттері Мәуладан кешірім сұрайды. Жиыны Шәмс

Коньяда шамамен он алты айдай болған еді. Эфлакидің жазуынша, Мәулана бұл айрылысу кезінде аза тұтушылар киетін «һиндибари» деп аталатын матадан алды ашық шапан (фереджи) тіктіріп, басына бал түстес жүннен тоқылған күләһ киіп, үстіне шекеарауиз үлгісінде сәлде ораған. Сондай-ақ, бұрыннан төрт ішекті болып келген ребаб аспабын алты ішекті етіп қайта жасатып, сема мәжілістерін (рухани би жиындарын) бастаған. Осыған байланысты Сипехсалар болса, Мәулананы сема жасауға Шәмстің итермелегенін айтады. Сұлтан Велед кейінірек әкесінің өзін Шамға (Дамаскіге) жібергенін, табанды шақыртудан кейін Шәмстің Коньяға қайта оралуға келісім беріп, бірге Коньяға қайтқандарын баяндайды.

Шәмстің біржолата жоғалуы. Мәулана мен Шәмс бұл жолы Мәулананың медресесіндегі бөлмесінде алты ай бойы мағрифатуллаһ (Алланы тану ілімі) туралы сұхбат құрады. Осы аралықта Шәмс Мәулананың асырап алған қызы Кимия Хатунға үйленген болатын. Шәкірттер мен халық қайтадан өсек-аяң тарата бастағанда, Шәмс Сұлтан Веледке: «Ілім мен ирфанда теңдесі жоқ Мәуладан мені айырғысы келіп жүр. Бұл жолы ғайып болғаннан кейін ешкім менің ізімді де таба алмайды», - дейді және бір күні кенеттен көзден таса болады. Шәмс-и Тәбриздің бұл екінші рет жоғалуы хижра жыл санауы бойынша 645 (миләди 1247) жылы болғаны көрсетіледі. Мәулана біраз уақыттан кейін Шәмсті тауып алу үмітімен Шамға (Дамаскіге) аттанғанымен, бірақ оны таба алмай кері қайтады. Бірнеше жылдан соң тағы да барып, айлар бойы іздегенімен, бәрібір кезіктіре алмады.

Шәб-и Арус: бақилық дүниеге аттану. Мәулана 1273 жылдың 17 желтоқсанында дүниеден озды. Жаназасында жыламауды өсиет етуі және өлген күнін Жаратқанмен қауышу сәті деп сипаттауы себепті, оның қайтыс болған күні «**Шәб-и арус**» (тойы түні / қауышу түні) деп аталған болатын және содан бері қайтыс болған жылдықтары осы атпен еске алынып келеді. Жаназадағы халықтың күйі туралы «Ибтиданамеде» туындысында: Мәулананы жерлеу рәсімінде мұсылмандар оны Хазірет Мұхаммедтің нұры мен сыры, христиандар өздерінің Исасы, ал еврейлер де өздерінің Мұсасы ретінде көргендіктері айтылады.

Мәулананың дүниетанымы мен ой-толғамдары

Мәулана – кемел мағынадағы ғалымдық, сопылық және ақындық қасиеттерді бойына жинаған бірегей тұлға. Балалық шағында әкесінің қасында бастаған білім жолын кейіннен Халеп пен Шам қалаларында жалғастырған. Алғашқы сопылық тәрбиесін де өз

өкесінен алған. Шәмс Коньяға келгеннен кейін Мәулана уағыз айтуды, медреседегі дәрістерін және шәкірт тәрбиелеу ісін жиып қояды. Жаратушыға деген махаббат пен рухани елітуді (вежд) жырлаған негізгі Мәулана дәл осы кезеңде дүниеге келген. Ілгеріде оның махаббаты тақуалығының ішінде жасырулы болса, енді тақуалығы махаббатының ішінде ғайып болды. Ақын әлем поэзиясының шындарының бірі саналатын «Диван-и Кәбирдегі» өлеңдердің басым бөлігін осы кезеңде толғаған. Осы еңбек аяқталғаннан кейінгі орнаған тыныштық кезеңінде, Ислам мәдениетінің ең кең таралған әрі ең маңызды туындыларының бірі – «Мәснәуи» жарық көрді. Мәулананың діни-тасаввуфтық ой-пікірлерінің қайнар көзі – Құран мен сүннет. Ол бұл ұстанымын өзінің: «Бұл тән де жаным барда Құранның құлымын мен, Мұхаммедтің жолының топырағымын...» – деген бәйітімен анық білдірген.

Болмыстың бірлігі және шын тәухид. Мәулананың пайымдауынша, сырттай қарағанда әртүрлілік болып көрінгенімен, болмыста негізгі нәрсе – бірлік (уахдат-и ужуд). Иман мен күпірлік, жақсылық пен жамандық сияқты бөліністер біздің түсінігімізге тән, ал Алла Тағаланың құзырында бәрі – бір. Жамандық жақсылықтан ажырамайды. Жамандық болмаса, жамандықтан бас тарту да мүмкін емес. Сол сияқты, күпірлік болмаса дін де болмас еді, өйткені дін – күпірлікті тәрк ету деген сөз. Бұлардың Жаратушысы да – бір. Оның пайымдауынша, екіліктен құтылу (шынайы тәухид) – құлдың өз нәпсісі мен менмендігінен арылуы арқылы жүзеге асады. Сондықтан бұл бірлік – Алламен тұтасып кету (иттихат) немесе Алланың тәнге енуі (хулул) емес, құлдың өзінің өткінші әрі салыстырмалы болмысынан кешуі болып табылады. Жаратқанның құзырында екі бірдей «мен» ұғымы қатар өмір сүре алмайды. Осы мәселеге қатысты ол: «Сен де «мен» дейсің, Ол да «мен» дейді. Бұл екілік жойылуы үшін не сен өл, не Ол өлсін. Оның өлуі мүмкін емес болғандықтан, өлу саған тиесілі», – дей отырып, сопылықтың түпкі мақсаты саналатын «өлмей тұрып өлу» қағидасына ерекше мән береді.

Аллаға деген махаббат және өлім. Рухани саяхат үшін жаратқанға махаббат (ғашықтық) ауадай қажет. Ақылдың дәрменсіз қалатын салаларының бірі – дәл осы махаббат пен оның сырлы күйлері. Құран Кәрімде: «Алла оларды жақсы көреді, олар да Алланы жақсы көреді» деп бұйырылған. Сондықтан да шынайы махаббаттың бастауы – иләһи (тәңірлік). Мәулананың сенімі

бойынша, өлім келгенде тән қайтадан топыраққа қосылады, ал рух болса абсолютті болмысқа яғни Жаратқанға қауышады.

Мәулананың шығармалары. Мәулананың өлеңдері мен хаттарының арасында араб тілінде жазылғандары болғанымен, негізгі шығармалары парсы тілінде жазылған.

1. Диван-и Кәбір (Диван-и Шәмс-и Тәбризи). Бұл жинақтағы өлеңдердің басым көпшілігі Мәулананың Шәмспен жолыққаннан кейінгі кезеңіне тиесілі. **2. Мәснәуи.** Сопылық таным мен тасаввуфтық ой-толғаудың барлық тақырыптарын қамтиды және Ислам мәдениетінің ең маңызды жәдігерлерінің бірі болып саналады. Басқа мәснәуи үлгісіндегі шығармалардан ажырату үшін бұл туынды «Мәснәуи-и Мәуләуи» деп те аталады. **3. Фиһи мә фиһ.** Мәулананың көзі тірісінде ұлы Сұлтан Велед немесе басқа бір шәкірті тарапынан хатқа түсірілген сұхбаттарының, ол дүниеден озғаннан кейін жинақталуынан құралған еңбек. **4. Мәжәлис-и Сәбға.** Мәулананың уағыздары мен рухани мәжілістерде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінен тұрады. **5. Мәктубат.** Мәулананың әртүрлі себептермен, әртүрлі тұлғаларға жолдаған хаттарының жинағы. Бұл хаттардың арасында жақындарына, балаларына және шәкірттеріне жіберілгендері болғанымен, басым бөлігі мемлекет билеушілері мен әміршілерге мұқтаж жандардың өтініш-тілектерін жеткізу мақсатында қаламға алынған.

Мәшһүр Жүсіп және Мәулана Руми. 13-ғасырда өмір сүрген классикалық түрік әдебиетінің ең ұлы ақыны, сопы Мәулана Жәләләддин Руми өзінің ықпалын тек бір ұлтпен немесе этникалық бірегейлікпен шектемей, көптеген әртүрлі халықтарға жеткізген. Классикалық түрік әдебиетінде Мәулананың тұлғасынан бастап, оның ең үлкен туындысы «Мәснәуиге», Шәмстің Мәуланамен жолығуына, Мәулананың өз шәкірттерін қалдырып Шәмске бауыр басуына, шәкірттердің Шәмске деген сағынышы мен қасастығына және Мәулананың Шәмсті тоқтаусыз ұлықтауына қатысты Мәулана мен мәуләуилік туралы бірқатар шығармалар қаламға алынған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да Ислам әлеміне аты мәлім Мәулана Хазіреті мен оның еңбектері туралы терең мағлұматы болған. Сопылық бағытты ұстанған Мәшһүр Жүсіп Мәулана мен оның пірі Шәмс-и Пәренденің кездесуі туралы риуаяттарды қазақ әдебиетіне енгізіп, хикая желісімен баяндаған.

Мәшһүр Жүсіптің Мәулана Руми туралы жазған шығармасының жазылу тарихы. Бұл шығарманың жазылуына Мәшһүр Жүсіптің өз өмірінде болған бір оқиға себеп болған.

Күндердің бір күні Мәшһүр Жүсіп газет қағазына темекі (насыбай) орап жатқан балаларды көреді. Қолдарындағы газетті жұлып алған кезде, Мәшһүр Жүсіп оның бетінен әулиелердің жазбаларын көреді. Аяқ асты болмасын деген ниетпен оны ақ қағазға көшіріп басады. 1916 жылы «Қазақ» газетінің 183-санында жарық көрген бұл мақала «Ескі Иран ертегісі» деген атпен жарияланған. Мақаланың авторы П. Упшуат және аудармасын жасаған К. Жастабековтың еңбегінен шабыт алған Мәшһүр Жүсіп, 1917 жылы Мәулана мен оның ұстазы Шәмс туралы белгілі риуаяттарға сүйене отырып, қарасөзбен жазылған «Мәулана Руми хақында» атты шығармасын дүниеге әкеледі.

Риуаяттардың үндестігі. Классикалық түрік әдебиетінде Мәулана Руми мен Шәмс-и Тәбризидің кездесуі туралы түрлі риуаяттар бар. Әртүрлі нұсқада баяндалатын бұл әңгімелердің ішінде ең көп айтылатыны – Эфлакидің жазбалары мен оның замандасы Мухиддин Әбділқадірдің жеткізген деректері. Бұл екі риуаяттағы кездесу сәті де кітаптарға және Шәмстің көрсеткен кереметтеріне (мұғжизаларына) қатысты өрбиді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мәулана Руми хақында» атты еңбегі де арадан неше ғасыр өткеннен кейін қазақ даласында осы тақырыпты қазақ тілінде сайратып, қазақ қоғамына Хазірет Мәулана мен оның ұлы ұстазы Шәмс-и Тәбризиді танытқан болатын.

Мәшһүр Жүсіп өз хикаясында бір-бірімен байланысты үш түрлі оқиғаны ретімен былай деп баяндайды: «Ұлы ақыл иесі әрі өте көп оқыған ғұлама Мәулана Руми халық арасында танымал болады. Оның есімі Иранның шекарасынан асып, қиыр шеттерге де даңқы жайылады. Одан ақыл-кеңес сұрау үшін алыс аймақтардан көптеген адамдар келеді екен. Оның алдына шығып, дертіне шипа тапқан әрбір жан қайтып бара жатып Алла тағалаға осындай құлын жаратқаны үшін шүкіршілік етеді екен. Бірақ Мәулана Руми бұл даңққа масаттанбапты. Халқына бұдан да көп ілім үйреткісі келіп: «Менің білгендерімді өте аз адам ғана үйреніп жатыр» деген ойдың жетегінде кетеді. Бұл жағдай Мәулананы үлкен уайым мен тығырыққа тірейді. «Халық ішіндегі надандықтан қалай құтылсақ екен?» деген ой санасын баурап алып, осылайша бір кітап жазуға бел байлайды. Әрбір адам іштей өзі үшін таза идея тапқандай болатын, неғұрлым көп оқыса, соғұрлым жан дүниесі тазарып, шипа табатын таза бір кітап жазғысы келеді: «Менің күнәһар аяғым баспаған жерлерге кітабым жетсе екен. Иранның қиырдағы түбегінен ешкімге қалдырмай, Үндістанға дейін таралса

екен. Сауаты бар адамдардың көкірек көзін ашса екен» деген толқыныспен, үлкен үмітпен Мәулана Руми бұл іске кіріседі. Алты жыл бойы күн сайын жазады. Әр сөзіне, әр ойына мұқият қарайды. Бастаған ісі біртіндеп аяқталуға жақындағанда, ыстық күндердің бірінде терең ойға шомған Мәулана, үйреншікті әдетімен суға толы хауыздың қасына келеді. Тастан өрілген қабырғасы бар хауыздың жиегіне отырады. Сәл ғана жазса, алты жыл бойы еңбек еткен ісін (кітабын) аяқтайтын еді. – Не жазып жатырсың, шейх? – деген дауыс шығады арт жағынан. Мәулана бұрылып қарағанда, қарапайым киінген, дәруіш таяғына сүйенген бір адам тұр екен. Жүзіне қарағанда, бұл адамның жанарынан төгілген қуат Мәулананың көздеріндегі отты тұтандырып жібереді. Көздері түйіскенде, оның нұры айналаны жарық қылғандай болады. – Мен халық үшін кітап жазып жатырмын, жазғаныма алты жыл болды. Қазір соңына таяп қалдым. Содан соң сізден өтінірім: жолаушы, ісіме кедергі жасама, өз шаруаңмен кет! – дейді. Жолаушы: – Мәуләнә Руми, жазған еңбегіңді маған бер, оқиын! – деп қолдарын созады. Мәулана ештеңе деместен қолдарына ұстатады. Жолаушы кітапты қолына алып, алғашқы бетін оқиды да, үнсіз ғана суға лақтырып жібереді. Мәулана зәресі ұшып, қорққанынан: – Имансыз-ау, не істедің? – деп айқайлай бастайды: – Неліктен менің алты жылдық еңбегімді еш қылдың? Неге суға тастадың? Оны мен халқымның игілігі үшін жазған жоқ па едім? – дейді. Жолаушы: – Сенің кітабыңа жалғандық сіңіп кетіпті. Жалғандықтан сені де, сенің халқыңды да құтқару үшін тастадым! – деп байсалды, бірақ нық үнмен жауап береді. – Бұған қалай батылың барды? – деп Мәулана ашуланады. – Бұл іске кірісу үшін сен өзінді әлі де қате ойлардан тазартпағансың. Сен әлі де қоғамның пікіріне тәуелдісің және қорқақсың, көпшіліктің ойына ересің. Егер бұл зиянды қызметің үшін ішің ашып жатса, мә, мен оны саған қайтарып беремін. Бірақ кітабыңды қайтарып алсаң да, өзің де соңына дейін құрдымға кетесің! – деп, жолаушы таяғын суға салып, шайқай отырып кітапты судан суырып алады. Кітап судан құп-құрғақ болып шығады.

Мәулана Руми бұл кереметке таңғалады. Алдындағы адамның жай біреу емес екенін түсінеді. Мәулана бар ойымен және бүкіл болмысымен бұл бейтаныс адамға құрмет көрсетеді. Ол адам көзін Мәуладан алмай: – Молда, айтшы, менің артымнан ересің бе? Мен саған нағыз кітапты қалай жазу керектігін үйретемін! – дейді. – Жарайды, ұстаз, – деп молда ұзақ үнсіздіктен кейін тіл қатады. Бұдан кейін құшағындағы кітаптарын суға тастайды. Сосын өзі

танымайтын жолаушының соңынан ереді. Бүкіл тәні мен жаны өзгеше сезімдерге бөленеді. Олар жазық далада үнсіз біраз жол жүреді. Бір алыс қиырға келгенде, алдарынан теңіз шығады. Теңіз жағасына жақындағанда, керемет иесі жолаушы шынының үстімен жүргендей судың бетімен адымдай жөнеледі және суға батпастан жүреді. – Мен не істейін, ұстаз? – деп дауыстайды молда, бұл кереметті көргенде жолаушыға деген сенімі одан сайын арта түсіп. – Қорқпа, артымнан ер! – деген дауысты естиді.

Мәулана Руми судың бетін басып жүре бастайды, сол сәтте судың беті қатайып сала береді. «Бұл неліктен былай болды?» деп таңғалады. Көзді ашып-жұмғанша молданың көңіліне күдік ұялап: «Мен кімнің соңынан еріп келе жатырмын?» деп қорқады. «Неліктен мен бұған сенемін? Бұл кім өзі? Менің Аллаға (с.с.) деген иланым қаншалықты күшті болса да, судың бетімен жүре алмайтын едім ғой!» деп Мәулана Руми ойланып үлгергенше, суға бата бастайды. Молда қорыққанынан айқайлап жібереді: – Ей, ұстаз, маған жауап берші: «Сен кімсің?» Толқындар жұтып қоймай тұрып, тақуалы құл ретінде мен бұл құпияны білгім келеді. Неліктен мен саған сенуім керек? Алла мен Мұхамбеттің есімі де мені су бетімен жүргізе алмап еді. Бұл қалай болғаны? – Мен Шәмспін, менің есімімді айт! – деп сөзін қысқа қайырады бейтаныс адам. – Менің нұрым – Алланың (с.с.) нұры! – Ей Шәмс, Шәмс! – деп Мәулана Руми іштей жалбарынады. Сол сәтте молда су бетіне қайта шығады. Осылайша олар судан өтіп, арғы беттегі қалаға жетеді.

Қалаға баратын жолда біраз жүргеннен кейін, жолаушы кілт тоқтап, Мәулана Румиге бұрылады: – Бұдан былай не бұйырсам, соны істейсің! – Құп болады, ұстаз, айтқаныңыз келсін! – дейді Мәулана. – Жақсы олай болса, қалаға барып, маған арақ (ішімдік) әкел! Бұл сөз Мәулана Румидің құлағына жайдың оғындай тиеді. «Ол арақ ішпек түгілі, ішімдік дүкені бар көшеден де өтпейтін еді. Бұл ұстаз мені шарифатқа қарсы харам іске жұмсап тұр ғой» деген ойға шомады. – Не айтып тұрсыз, ұстаз? – деп Мәулана Руми дауысын көтеріп жібереді. Жолаушы болса жымия тіл қатып: – Бар да, менің айтқандарымды орында! Есінде болсын, әр нәрсені әділдікпен (орнымен) қолдануға болады. Әр адамның өз шарифаты, өз ережесі өзіне тән. Бірақ шынайы шарифат – нұрдың сәулесі, – дейді. – Енді тұрма, бар да қалағанымды әкел! – дейді. Мәулана Руми қалаға келеді. Бірақ молданың ішімдік дүкеніне кіруге батылы бармай, жүз қадамдай жақын келіп, қызметшілердің бірін қасына шақырады. Оған екі күміс теңге беріп: – Бірін өзіне ал, екіншісіне мынаны

алып, маған әкел! – дейді. Қызметші арақты әкеліп береді. Мәулана Руми арақты киімінің ішіне жасырып, ұстазына алып келеді. Шәмс оның алдынан шығып, молдаға қатал жанармен қарап: – Мен сенен бұл арақты алмаймын. Сен мені де, өзінді де алдауды жалғастырып жүрсін. Қалаға қайта барып, өзің сатып ал. Сен не істеп жүрмін деп ойлайсың: қызметші жалдағаның не? Бұл жолы киіміңе жасырып әкелуге болмайды, ашық қолмен ұстап әкел! – дейді. Мәулана Руми мұңлы көңілмен басын төмен салып, қалаға қайта оралады. Ішімдік дүкеніне кіру үшін ол «көшедегі адам азайсын» деп күтеді. Халықтың аяғы саябырлаған сәтте молда дүкенге жүгіріп кіріп, арақты ала салып, асығыс көшеге шығады. Дүкеннен ұзаған кезде біреу оның іс-әрекетінен күмәнданып: – Не алып бара жатырсың? – деп сұрайды. Мәулана Руми ұялғанынан: – Сірке суы, – дейді.

Бұл жолы Шәмс оны бұрынғыдан да қатал кейіппен қарсы алып, былай дейді: – Сен бейшара мені тағы да алдадың. Сен дүкенге кіру үшін көшедегі адамдардың азаюын күттің, адамдардан сескендің. Және сұрақ қойған адамға да ұялмай өтірік айттың. Сенің дүкенге соңғы рет баруыңды талап етемін. Дүкенге бар да, шөлмегінің қақпағы жоқ қызыл арақ сатып ал. Оны басыңнан төмен қарай үстіңе ағызып, маған билеп кел. Арақ шайқалып, үстіңе төгілсін. Тамып аққан қызылы халықтың көзінше аппақ киімді боясын, жүзінді жусын! – дейді. Бұл сөздерді естігенде Мәулана Румидің бүкіл денесі дірілдеп кетеді: «Егер ұстазының айтқанын істесе, бұған дейінгі «діндар, сопы» деген абырой-атағынан айырылып, қоғамнан шеттетіледі. Бәлкім, халықты жақсы көруден де бас тартар. Көптен бері жинаған және әдетке айналдырған салт-дәстүрлері аяқасты болады!» – деген ойға шомады. – Ей, ұстазым, мұның бәрі не үшін керек? – деп сұрайды ақыры мұңды үнмен. – Сен кітабыңды жазғың келе ме? – дейді ұстазы. Бұл сөзді естігенде Мәулана Румидің көңілі ашылып, қуанышпен қала жаққа бет алады. Батыл түрде дүкенге кіреді. Айналасындағы адамдардың сөгіп, айыптағанына қарамастан, ұстазының айтқандарын дәл солай орындайды. Арақ төгілді, үсті-басы боялды, халық мұның бәріне куә болды. Бірақ Мәулана бұлардың ешқайсысына мән берген жоқ. Күнәдан арылғандай көңілі ашылып, қуанышы еселеніп, жаны рахатқа бөленді. Оның алдынан Шәмс шықты. Ол да үлкен толқыныспен әрі шынайы ниетпен шәкіртіне: «Құтты болсын!» деді. – Сен өзінді жаңа ғана жеңдің. Бар, қаламыңды ұста. «Халық не ойлайды, не айтады?» деп үрейге бой алдырмай жаз. Бұдан былай адамдардың қате түсініктері алдында перде бола алмайды! – дейді.

Мәшһүр Жүсіптің бұл еңбегі тарихи емес, әдеби туынды екенін ескерсек, ақын кей жерлерде қате мәліметтер берген. Мысалы, Мәулана Хазіреті мен Шәмс Тәбризидің алғаш жүздескен өлкесі ретінде ішкі Анадолыны емес, Иранды көрсеткен. Ал негізінде Мәулана Жәләләддин Румидің туған өлкесі – Хорасан. Мәулананың әкесі Баһаәддин Велед баяғыда-ақ Балх қаласына қоныстанған отбасынан шыққан, сондықтан Мәулана алғашқы діни және тәлімдік (тасаввуфтық) тәрбиесін әкесінің қасында алған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін медресе ілімдерін Халев пен Шамда, ал сопылық тағылымын Анадолыда тамамдаған. Осылайша, Анадолыда жүрген Мәулана мен оның пірі «Тәбриздік Кәмилдің» кездескен жері ретінде дереккөздерде Түркияның Кония қаласы көрсетіледі.

Сопы Мәшһүр Жүсіп бұл мәліметтерден бейхабар болды деуге келмейді, ол тек газетте көрген мақаласының негізінде бұл хикаяны қолға алғандықтан, осындай ауытқушылыққа жол берген. Өйткені Мәулана Руми туралы айтқан басқа еңбектерінде де бұны байқауға болады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Мәснәуи» деп белгілеп кеткен қысқа бір жазбасында бұл шығарманың авторы Мәуланаға және еңбектің әдеби құндылығына тоқталады: «Мәснәуи Мәрмәр Бәйрүн түбегінде бір патша қызметшілеріне бұйрық беріпті: «Кітапханамнан маған мұқаба (төсеніш) болуға лайықты кітапты тауып, әкеліндер!» депті. Сосын қызметші барып бір кітап әкелсе, ол Мәулана Румидің Мәснәуи Шәріпі болып шығады. Патша: «Бұны қалдыр, басқа кітап әкел» деген соң, қызметші барып басқа кітап әкеледі, ол да Мәснәуи Шәріп болады. Қызметші қанша рет барса да, үнемі Мәснәуиді әкеле береді. Ақыры бұған көніп, ашып оқуға бел байлайды. Ашқан бетінде ақиқат аян болып, сол уақытқа дейін патшаның пірі жоқ екен, тәубе етіп, сол мәжілісте пірдің аяғына жығылыпты...».

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рет-ретімен баяндаған бұл оқиғаларының шындыққа жанасуы аз болса да, бізге әдебиеттің қаншалықты әсерлі күшке ие екенін еске салады. Дүниеде өмір сүрген мыңдаған патшалар, саясаткерлер тарих бетінен өшіп кетсе де, адамзат тарихы Мәулана сияқты ұлы сопыларды ұмытпайды. Оның бір себебі – туындыларының мәңгілік болуы, екіншісі – Мәшһүр Жүсіп сияқты кейінгі буын әулие-ақындардың өздерінен бұрынғы өткен данышпандарды құрметпен әрі сүйіспеншілікпен еске алуында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 12-том / ред. Ерлан Арын. – Павлодар: ЭКО, 2013.

2 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 17-том / ред. Ерлан Арын. – Павлодар: ЭКО, 2013.

3 Деғирменчай, Вейис. Султан Велед Диваны. – Стамбул: Демавенд, 2016.

4 Өзел, Зейнеп Екши. Екі мұхиттың тоғысуы: Мәуләнә мен Шәмс-и Тәбризидің танысуы, 09.10.2018. www.dunyabizim.com (Жүгіну уақыты: 08 қараша 2018).

5 Мұхамедханов, Қайым. Көп томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы: Өл-Шежіре, 2011.

6 Пазылов, Әсет. Мәшһүр Жүсіп және дін қағидалары. – Екібастұз: ПримаЛюкс, 2012.

ПРОФЕССОР А.Қ. ТҰРЫШЕВТІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ МӘШҺҮРТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КӘРІПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының мұраларын зерттеу, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, ұрпақ санасына сіңіру елдің ертеңін ойлаған әрбір зиялы қауымның басты мұраты екендігі аян. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, тілін, ділін, дінін, мәдениеті мен тарихын, әдебиеті мен өнерін осы жолда еңбек еткен ұлт тұлғаларының мұраларын бар болмысымен сақтай отырып, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай өрістетуге, бүгінгі бәсекеге бейім елу елдің қатарына қосылу талабына сай жаңарта дамыту мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Саналы ғұмырында дін мен мәдениеттің, білім мен ғылымның, адамгершілік пен адалдықтың өзара жақындығын жете түсініп, оны поэтикалық-философиялық, гуманистік сипатта баяндап өткен қазақ ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерен еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау, ойы мұхиттай толқыған, халқының имандылық, адамгершілік ой-санасын оятудағы Мәшһүр Жүсіптің асыл туындыларының ағыс-толқындарын, астар-қабаттарын, түпсіз тереңдігін жарқырата ашу, шебер сөйлету, дәлелдеп көрсету – қиынның қиыны екені

анық. Солай болса да Мәшһүр – Жүсіптің (Адамжүсіп) ғылыми ғұмырнамасы, Мәшһүр – Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары, Мәшһүр – Жүсіп шығармаларының метрологиялық жүйесі, Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы діни лексика, Мәшһүр – Жүсіптің «Араб грамматикасы» жазылу тарихын зерделеген профессор, филология ғылымдарының докторы, Әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Айтмұхамет Қасымбайұлы Тұрышевтің «Мәшһүр Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты», «М-Ж. Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық мәдениет лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этномәдени аспектісі», «Мәшһүр-Жүсіп – Қадым жақ», «Мәшһүр-Жүсіп – Асыл жақ», «Мәшһүр-Жүсіп – Ілімі жақ» атты зерттеулері Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын тілдік тұрғыдан талдайды, Мәшһүр-Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары мен лингвистикалық мұраларын, діни лексикасын жан-жақты зерттейді.

Өзінің ғылыми еңбектерін Мәшһүр Жүсіптің сан-салалы, көп қырлы шығармашылығын зерттеуге арнаған А.Қ.Тұрышев Мәшһүр – Жүсіптің түркі, қазақ тілі айтқан пікірлерін, ойларын, қарасөздерін қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелерімен дәнекерлікте байланыстырады. Шығармаларында жеке – жеке тіл туралы жалпы айтылмаса да арагидік жекелей көне сөздерге талдау жасап кететінін, және де ол талдаулары байыпты, қазіргі отандық түркологтардың пайымдауларымен үндесіп жататынын терең талдап көрсетеді.

Мәшһүр – Жүсіп шығармаларында мақал – мәтелдер оның шығу тегі, жұмбақтар, қарасөздер, күлдіргі әңгімелер, шежірелер және оның тілі, қазақ тұрмысына қатысты ескіліктер: заттық, рухани, мифологиялық, метрологиялық жүйесі, адам туғаннан бақиға дейінгі өміріне қатысты тілдік парадигмалардың орын алғанын пайымдап, тұжырымдап береді.

Ең алдымен, ғалым Мәшһүртің ғылымының тарихнамасына назар аударады. Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы мен дүниетанымын зерттеушілер әр кезде уақыт ағымына сәйкес әр түрлі баға берді. Оның халық ауыз әдебиетін, тарихын, халық шежіресін жинаудағы орасан зор еңбегін жинаған М. Әуезов, Ә. Марғұлан,

С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмаилов, Ә. Жиреншин, Ә. Қоныратбаев, Қ.П. Мәшһүр-Жүсіп, М. Бөжеев, Д. Әбілов және т. б. қазақтың белгілі ғалымдары мен зерттеушілерінің ой-пікірлеріне жүгінеді.

Әсіресе, Айтмұхамбет Қасымбайұлының Мәшһүр Жүсіптің лингвистикалық пайымдары жайлы ой-толғаныстарының орны бөлек. Сондықтан да ғалымның төмендегі пікіріне назар аударайық: «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларында тіл мәселесі жөнінде көптеген деректер кездеседі. Олар мағыналары жағынан алуан түрлі. Сөздің шығу тегі, мақал-мәтелдердің шығуы, ономастикалық атаулардың пайда болуы, сөз өнері туралы т.б. Ал, байырғы ескіліктер болып табылатын көне этномәдени лексика тіптен көп.».

Ғалымның түйіндеуінше, этнолингвистика сөздік қордағы ұлттан, этностан мұра болып келе жатқан лексемалардың ішкі мәнін, қалыптасу тарихын диахронды тұрғыда зерттейді. Этнолингвистикада арнайы тақырып аясы шектелмейді. Жалпы сөздік қордағы белгілі бір этносқа тән атаулар (көбінесе көне сөздер, яғни этнографизмдер) зерттелінеді. Бұндай сөздер төрт түлік малға қатысты болуы мүмкін, алғыс, қарғыс сөздері болуы мүмкін, аспан денелері мен табиғат құбылыстарын өздігінше тану, түсінуге қатысты сөздер болуы мүмкін. Осы орайда ұлттық мәдениет пен болмысты тіл арқылы таныту қызметін елтанымдық тұрғыдан зерттеудің тиімді әдіс-тәсілдері ретінде этнопсихологиялық, этносемантикалық, этнофразеологиялық т.с.с. сипаттар қолданылады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының негізінде елтанымдық таңбалар ретінде мифологемалар, прецеденттік атаулар, реалийлер мен фразеологиялық, паремиологиялық жүйелердегі таза ұлттық наным-сенімді, ырымды білдіретін сөздерді т.б. талдап көрсетеді.

Профессор А. Қ. Тұрышев Мәшһүр-Жүсіптің: «Жетпіс екі тіл бар. Сол жетпіс екі тілдің ішінде ғараб тілінен асыл тіл жоқ. Онан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата – бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді: дін де осында, ғылым, білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті. Не үшін ақжүрек болып, ақкөңіл болғандықтан бұған дәлел болуға Мығной, Мышнойдың бір сөзін тәбәрігіне сөйлейік» деп айтқанын мысалға келтіре отырып, бүгінгі таңдағы тілдік мәселелермен байланыстырады. Сонымен қатар Мәшһүр – Жүсіптің айтқаны мен

Махмұт Қашқари арасындағы үндестікті дәйектейді. М. Қашқари: «Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат-жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі» – деген. Тіл мен дінді, ғылымды бір деп қарастыруы жөнінде ой өрбітеді.

Профессор Мәшһүр Жүсіп тіліндегі этномәдени бірліктердің шығу төркіні мен танымдық ерекшеліктеріне терең этимологиялық талдаулар жүргізеді. Мысалы: «М-Ж. Көпеев шығармасында бітік сөзінің баламасы кітап мағынасында жұмсалған. Мысалы: Кітабы мұсылманның жиған – терген. Барқ ітучі, Бедіз йаратығма бітік таш ітучі Табғач қаған чықаны Чан Сеңүн келті (Ежелгі дәуір әдебиеті, 25 бет); Түркі тілінде бітік (кітап), бедізчі (жазушы), бедізтім (жаздырдым) сөздерінің қолданылуы рухани мәдениеттің өте жоғары болғандығын көрсетеді. Бітік туынды түбірі бити – жазу, битиг таш – жазу жазылған тас қабырға, бас битиг – бас құжат, бос битиг - өту құжаты, босату құжаты, кейде битиг – хат, битигши – жазушы .т.б. С. Е. Маловта: бучін: лом бучін `с писанием` – тіркес кездеседі (21 бет). Түркі сөздері бедізші мен бучін тұлғасы жағынан ғана емес мағынасы да жақын. В. В. Бартольд: Битикчі – шығыс түркі сөзі, беретін мағынасы `жазғыш` бітімек егістігінен `жазу` пайда болған. Бұл сөздің түбірін Ширатори шығарған (Über die Sprache der Hiung – пи, S. 16) сол сияқты Радлов жуықта (Altürkisch Studien, IV, S. 319) қытайша (пит) біт `жазуға арналған қылқалам`. Жапондар сияқты корейлер де Орталық Азияның көптеген халқы бірінші рет жазу өнерін қытайлардың ықпалымен білді; осы лингвистикалық дерекке қоса Ширатори венгерлік (мадиарлық - автор) betti сөзімен дәлелдейді. Сол ғалымдардың келтіргеніне қоса, қытай хабаршысы Шығыс Азияда Тоба Вэй (386 - 558) династиясының билеу дәуірінде пи - те – чен сөзінің белгілі болғандығын (расында, бітік `құрастырушы` болар) және бітік (sic) `жазба` орхон жазба ескерткішінде дәреже – бітікші (Радловтың пікірі бойынша, Сөздік, IV, 1346, пітікчі) алғаш Құтадғу білік кездесетінін айтады. Бұл әкімшілік қызмет кешірек (XIII ғ.) монғолдарға ауысқан ал, олардың мұғалімдерінен – ұйғырлар алған; тарихи деректерде және құжаттарда монғол дәуірінде бітікші сөзімен қатар биткючи формасы да ұшырасады (Работа по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – Москва. Наука, 1968. 508). Л. З. Будагов: А. Кітап кітабъ, (қыр. Ктапбъ деп айтады) көп мағ. ктап – кітап оқылғанда дауысты дыбыс түсіп қалады – автор) кітап, хат, жарлық, кітапшы деп арабша жазылған – автор. Бұл сөзді

Будагов кітап сатушы (книгопродовець) деп аударыпты. Кітапхана, кітаптың форматы, кітаптан ілім алғандар Мұхаммет пайғамбарға дейінгі кітаптағы халықтың көкірек көзін ашудағы діни ілімдер, қаз. Кітап шығармық (арабша солай жазылған - автор), түрк. Жазып шығару, кітап шығару, жазылғанды көшіріп жазушы, қабырғаға өлеңмен не қара сөзбен жазу (фронтиспись здание), монументтегі жазу, тұтқынға бостандық берудегі акті т.б. (Сравнительный словарь турецко – татарских наречий, II том. 1871. 113 бет.). Демек, кітап сөзі түрлі мағынада жұмсалған. Араб тілінен енген «кітап» сөзі «бітік» сөзінің баламасы екендігін байқаймыз. Көне түркі әдебиеті нақты төрт кезенді басынан кешірген: бірінші, кітап сөзінің орнына ұғым үшін бітік сөзін қолданған. Екінші – көне түркі әдебиеті – куин, куининв, куинига, кэнига сөздерін пайдаланған. Бұл әдебиет соғды – ұйғыр жазбасында айтылып келді. Үшінші – түркілер оқу құралын «кітапты» китаб – деп айта бастады. Бұл әдебиетті әл – Фарабиден бастап, Қожа Ахмет Яссауиге дейін пайдаланды. Төртінші кезең – кітап кезеңі. Бұған жататын көне түркілік әдебиет «кітап» деген ұғымды кодекс («Кодекс куманикус»), қыпшақтардың заң кітабы (XVII – XVIII ғасыр), (бітікшілер – А.Қ.) петчаки – көшірушілер (бұл туралы Будаговта айтылды) парсы тілінде – кітап (Низами және т.б. қараңыз). Кітап сөзі славяндарға түркі тілі арқылы енген. Кітап книга словен тілінде жұмсақталып книга деп дыбысталса, словактарда книха деп айтылады. Көне славяндарда бірінші екі дауысты дыбыстың аралығына жартылай дауысты енеді – кэнига. Кітап (книга) араб сөзі көнечуаштар да, мордоваларда кездеседі. Оларда бұл сөз тіпті жұмсақталып естіледі. Мысалы, көне чуваштарда – конив, морл., конов (қағаз). Көне германдарда книга коний деп естілсе, венгер (мажар) конив. Сол уақытта ғана көне түркілік куинв, куин сөздерін еске алады. Ал, еділ бұлғарларымен, жайық бұлғарлары сол түркілік қалпында куинив сақталған. Тағы бір қызық мәселе көне түркілік бітік «кітап» мағынасында және көне түркілік куин сол ұғымда қолданылады. Бұл сөзді славян зерттеушілері кнея (орман) лес көне Скандинавия кеннинг (познание) сөзінен шыққан дейтін де жорамал жоқ емес (Барманкулов М. Тюркская вселенная. – Алматы: Білім, 1996. 230 бет.). Кітаптың қалыптасып даму тарихы жазу өнерінің шығуымен және қажетті материалдардың табылуымен тығыз байланысты. Кітапты ежелгі заманда Мысырда, Шығыс елде, Грецияда, Римде, қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазумен жазатын болған. Б.з.б. 25 ғ-да ежелгі Мысырда қыш текшелерінің орнына

камыс (папирус) қолданыла бастады. Қамысқа жазылған кітаптар оқтауша түрінде шиыршықталып оралған. Мысыр фараондары (патшалары) қамысты өңдейтін, Кітаптарды көптен көшіретін шеберханалар ашқан. Алайда, кітап жазу сыры мен оқу құпиясы көп замандар бойы тек дін басылары, монахтар мен ламалар ғана білген. Сондықтан дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар еврей тіліндегі «Таурат» («Библия»), Б.з.д. 26 ғ) чин (Қытай) тіліндегі «Конфуция» (Б.з.д. 25 ғ), парсы тіліндегі «Авеста» (25 кітаптан тұрады, Б.з.д. 20 ғ), Юнан (грек) тіліндегі «Інжіл» («Евангелие», б.з.д. 18 ғ.), араб тіліндегі «Құран» (Б.з.д. 7 ғ) т.б. жаратушыға құлшылық ету, сыйыну дұғалары сияқты діни мазмұнда болды. Кейін діни кітаптармен қатар түрлі мифтер мен аңыз, хикаялар, патша жылнамалары мен өмір – баяндары, өнегелік мысалдар мен әңімелер, ғақлиялық өсиеттер, әлемтану шығармалары т.б. азаматтық кітаптар жазыла бастады. Б.з.д. 7 ғасырда қамысқа кітап жазу ісі Греция мен Римде кең өріс алды. Антикалық мәдениет пен әлемге ғылым өкілдерінің туындылары қолжазба кітап ретінде көптеп тарады. Осыған байланысты кітап көшіріп жазуға машықтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер шығады. Кітап әсем күшхат – каллиграфиялық жазумен көшіріліп, көркем суретпен айшықталады. Қамыстан жасалған оқтайша кітап онша төзімді болмады. Б.з.д. 2 ғасырда қара қамыстың орнына тері жарғақ (пергамент) қолданыла бастады. 105 жылы қарапайым Қытай шебері Цай Лунь қағазды ойлап тапты. Ескі шүберектен жасалған самарканның сарғыш қағазы әлемге әйгілі болды» деген пайымдауларынан кітап пен бітік сөзінің арақатынасын біле аламыз және оны дәлелдеу барысындағы ғалымның қажырлы ізденушілік еңбегін де байқаймыз.

Ғалым Мәшһүр Жүсіп шығармаларында кездесетін халықтық метрологиялық ұғымдарды да терең зерделейді. Математикалық логикалық жүйесі күшті дамыған қазақ халқы ертеден-ақ күн мен жер, ай мен жер, жұлдыз бен жер, планета ара қашықтықтарын, шексіз де, шетсіз алыс бірліктерді көзбен көріп, түйсікпен сахарда жүріп-ақ өлшегенін, ой-қиялы алыс сағымдарға, биік аспан әлеміне, терең мұхиттар мен жер қабатына бойлаған, түйсік адам қабілетінің бар мүмкіншілігін халықтық өлшем бірлігіне әкеп түсіргенін, М-Ж. Көпеев сандық мәндерді тілдік тұрғыда шешу жолдарын қарастырғанын, сондықтан да ойшылдың шығармаларында нақты санның шешу жолдарын көрсетпей, түрлі нумерология тәсілдерін пайдаланғанын дәлелдер келтіре отырып, көрегендікпен пайымдайды. Осы тұрғыда ғалым аршын, қарыс, сере қарыс, кез,

құлаш, арқан бойы, сүйем, кадам, қадақ халықтық метрологиялық атауларға этимологиялық талдау жасап, танымдық-зерттеушілік ерекшеліктерін байқатады.

Профессор А. Қ. Тұрышев Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, акындар айтысын т. б. қағазға түсірумен ғана шектелмей, діни қолжазбалар мен ауызша деректерді жинап, баспасөз беттерінде, «Дала уәлаятының газетінде», «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде өзінің діни көзқарастарын білдіретін мақалалар жазғанын атап көрсетеді. Мәшһүр Жүсіптің өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп береді. Мысалы, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ» деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларында берілген мәліметтерді талдайды. «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Ақыреттің егіні», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Жер мен Көк» шығармаларындағы діни нанымдық мағынадағы деректерді барынша талдап көрсетеді және қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелермен байланыстырады.

Сондай-ақ ғалым қазақ халқының антропонимдерінің зерттелуі, антропонимиядағы гендерлік аспектілерді, антропонимдік қордағы орын алған өзгерістерді, халықтың есім беруімен байланысты әдет-ғұрпын, әйел және ер адам есімдерінің арақатынасын, қазақ адам аттарының лексика-семантикалық және құрылымдық жағын, киелі есімдердің жасалу және қолданылу ерекшелігі мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы есімдерінің қолданылу ерекшеліктерін, аты-жөн жүйесіндегі ерекшеліктер мен олардың пайда болу себептерін, есім беру принциптерінің сыртқы және ішкі факторлар нәтижесінде орын алған өзгешеліктерді анықтап береді. Лингвомәдени жүйеде анықталатын қазақ тіліндегі антропонимдердің көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс екенін, антропонимдердің ұлттық ассоциацияларға мензейтін ұлттық символдарға айнала алатынын, олардың көрсеткіші ретіндегі ұлы есімдердің ұлттық-ұжымдық сананың терең қатпарларында жасырынып жатқан мәдени архетиптердің тілдік бейнеде сақталған этнотанбасы бола алатын мүмкіндіктерін атап береді.

Қорыта айтқанда, профессор Айтмұхамет Қасымбайұлы Мәшһүр Жүсіптің даналығы мен даралығын қажырлылықпен зерттей отырып, бүгінгі тіл білімінің өзекті мәселелерімен сабақтастырады және тілдің табиғатын, оның ереже-қағидаларын, тарихын жетік меңгеруді меңзейді және осы саладағы өзінің ғылыми еңбектерін де ыждаһаттылықпен ұсынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрышев А.Қ. М-Ж. Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы (Монография). – Павлодар, 2004. – 465 б.
- 2 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы (Монография). – Павлодар: «Кереку», 2008. – 273 б.
- 3 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер (Монография). – Павлодар: «Кереку», 2008. – 124 б.
- 4 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының лексикасы. – Павлодар: «Кереку», 2013 ж. – 234 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «ТҮГЕЛ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ: А. Қ. ТҰРЫШЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

СЕЙІТОВА Ш. Б.

ф.ғ.д., профессор, Alikhan Bokeikhan University

Адамның кемелденуі, жан тазалығы, имандылық, білім мен парасат мәселелері қазақ ойшылдарының шығармаларында ерекше орын алады. Қазақ руханиятындағы адам мәселесі – ежелден үзілмей келе жатқан іргелі философиялық тақырыптардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Түгел адам» туралы ілімі қазақ философиясындағы маңызды антропологиялық концепциялардың қатарына жатады.

Мәшһүртанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы А. Қ. Тұрышев Мәшһүр Жүсіп мұрасын тілдік, этимологиялық, этнолингвистикалық және дүниетанымдық тұрғыдан, ежелгі халықтық үлгідегі билер соты, хал ілімі, Мәшһүр-Жүсіп – әлемінің тілді бейнесі, толғау үлгілері, этника аралық қарым-қатынасты кешенді зерттеген ғалымдардың бірі болып саналады.

Оның «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары» т.б. еңбектері Мәшһүртанудың ғылыми негізін қалыптастырды. Ғалымның пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіптің дүниетанымдық жүйесінің өзегінде адам мәселесі жатыр. Адамның кемелдікке жетуі, рухани тазалығы, ізгілікке ұмтылуы ақын шығармаларының басты идеялық арқауын құрайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қ. Тұрышев Мәшһүр Жүсіп шығармаларын зерттей отырып, ақынның адам туралы философиялық жүйесін қазақ дүниетанымындағы ерекше құбылыс ретінде бағалайды. Оның пікірінше: «бүтін адам» мен «түгел адам» адам өмірінің мақсаты – рухани кемелденуі ұлттық тәрбиенің негізі болып табылады; жақсылықты жартылай емес, толық жасау – адамшылықтың өлшемі; «жарты адам» мен «шала адам» бейнелері арқылы ақын рухани әлсіздікті сынайды. Ғалым Мәшһүр Жүсіптің антропологиялық көзқарасын қазақ философиясындағы өзіндік жүйе ретінде қарастырады. А. Қ. Тұрышев Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы «бүтін», «түгел», «жарты», «шала» сөздерінің жай лексикалық бірліктер емес, философиялық мәнге ие концептуалдық категориялар екендігін көрсетіп, ақын адамдық сапаның деңгейін айқындап береді.

Ойшылдың түсінігінде «түгел адам» – адамгершілік қасиеттері толық қалыптасқан, білімді, зерек, иманды, нәпсісін тежей алатын, халыққа пайдасы тиетін кемел тұлға.

Ақын: «Түгел адам болуға талап қылсаң,

Шала-шарпы жандардан сырын жасыр»,
– дейді. [1, 4-б.]. Мұндағы «түгелдік» ұғымы адамның сыртқы емес, ішкі тұтастығын, жан дүниесінің кемелдігін білдіреді. Яғни адамның рухани жетілу жолында өзін тәрбиелеуі қажеттігін көрсетеді. Мәшһүр Жүсіптің «Түгел адам» идеясын Айтмұхамбет Қасымбайұлы: жастардың тұлғалық дамуына бағыт беретін философиялық жүйе, ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік мәдениетті қалыптастыру құралы, рухани жаңғырудың өзегі деп бағалайды. «Түгел адам» ұғымындағы «түгел» сөзі бүтіндік, тұтастық, толықтық мағыналарын білдіреді. Бұл ұғым адамның тек тәндік емес, жан дүниесінің де үйлесімді дамуын білдіреді.

Мәшһүр Жүсіп: «Қайыр, ықсан, сауапты жарты қылмай, Қыла гөр күні бұрын соны бүтін», – деп, [1, 6-б.] адамның игі істерді де толық атқаруы қажеттігін көрсетеді. Бұл жерде «қыл»

етістігіне мән бере кетсек: жиырмасыншы ғасырдың басындағы ақын, жазушылар, публицистер еңбектерінде «кыл» етістігі өте жиі колданыста болғанын көреміз.

А. Қ. Тұрышевтің пайымдауынша, «түгел адам» категориясы адам болмысының ең жоғарғы рухани сатысын білдіреді. «Түгел адамның» негізгі қасиеттері: Білім мен парасат: Мәшһүр Жүсіп адамның ең басты қасиеті – білім деп есептейді:

Ақын: «Білімді, зерек адам болам десе,

Қара өзінді басқаның айнасынан»,

– деп, адамның өзін-өзі тануы және өзіне сын көзбен қарауының маңызын көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп жеке бас мүддесінен халық игілігін жоғары қояды. Түгел адамның басты белгілерінің бірі – елге пайдасын тигізу. Ел ішінің әңгімесін тереңінен танып білген М. Жүсіп сөз парасын болмысынан тәпсірлеген тұлғалар жайлы да аз мұра қалдырмаған. М.: Шоң би сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты судың бетіне шығарады (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол). Шоң би Едігеұлы (1764-1836). Баянауыл сыртқы округінің 1833–1836 жылдардағы аға сұлтаны. Қазанғап Сатыпалдыұлы (1771–1856). Арғынның асыл туған ардагерлерінің бірі. Баянауыл сыртқы округінің 1843-1848 жылдардағы аға сұлтаны. Шоң би де, Қазанғап би де мейлінше ділмар, барды-бар, жоқты-жоқ қып дәлел айтып сөйлеуге шебер болғанын тілге тиек етеді. Жүйесін тауып шешен сөйлей білген адам, қандай дауды болмасын тиісті дәрежеде ретті шеше біледі дегенге саяды [2, 120 б.]. Аруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған (Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Құлболды – Айдабол). Атақты Шоң би туралы қалған бір ауыз сөз. Аруақты адам қай кезде болмасын елдің құты деп есептелгендіктен, қазақ арасында өз ішіндегі белді, атақты адамдарын қадір тұтып, қастерлеп отырады [3, 167 б.]. Ел аузында қалған ғибратты сөздер қазақы болмыста ел ұстаудың, сөзге ден қоюдың, сөзге тоқтаудың, сөз күдіретінің белгісі іспеттес әрі осындай толғауы тоқсан қызыл сөз елішілік жүйенің де басқарудың да белгісі.

Ғалым А. Қ. Тұрышев хакім Абайдың Абай «толық адамы» мен М. Жүсіптің «түгел адамын» салыстыра қарастырып, қазақ философиясындағы кемел адам мәселесі Абай шығармаларында «Толық адам» ілімі арқылы көрініс тапса, Мәшһүр Жүсіп мұрасында «Түгел адам» концепциясы арқылы дамытылатынын қарастырады. Екі ойшылдың да негізгі мақсаты – адамды рухани жетілдіру.

Абайдағы: ақыл; жүрек; қайрат бірлігі; Мәшһүр Жүсіпте: білім, иман, адамгершілік тұтастығы арқылы сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің «түгел адам» концепциясы Абайдың «Толық адам» ілімінің заңды жалғасы әрі қазақ философиялық ойының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ойшылдың пайымдауынша, адам өз өмірін тек жеке бақыты үшін емес, халыққа қызмет ету үшін арнағанда ғана шынайы адамдық дәрежеге көтеріледі. Мемлекет басшысы атап өткендей, мемлекетшілдік – лауазым емес, елге адал қызмет ету. Бұл қағида алдағы кезеңде де Қазақстанның даму жолындағы басты бағдар болып қала бермек. Мәшһүр Жүсіп ілімі - бүгінгі күннің өзекті мәселесін шешуде басшылыққа алар ілім. Себебі Мәшһүр Жүсіптің «түгел адам» концепциясы: адамгершілік тәрбиені жетілдіруге; ұлттық құндылықтарды сақтауға; тұлғаның үйлесімді дамуына; жастардың рухани мәдениетін қалыптастыруға қызмет ететін маңызды теориялық негіз болып табылады. Сондықтан ойшылдың адам туралы көзқарастары қазіргі гуманитарлық ғылымдар үшін де өзектілігін жойған жоқ.

Қорыта келгенде, Мәшһүр-Жүсіп:

Әр жұрттар қылған нұсқа баспасына,

Қылуға ауыз бірлік бас-басына.

Өзіңменен ынғайлас жұртпен бірік,

Пұл берсе, бұрма мойын басқасына

– деп, қазақ халқын, елін бірлікке, ынтымаққа, татулыққа шақырады. Көршілес, бауырлас жұрттың ғылымын, өнерін, білімін үйреніндер, бірлікке, достыққа ұмтылыңдар, паракорлық, жемқорлықпен күресіндер, ел, халық боламын десеңдер әділдіктің, адалдықтың ақ туын ұдайы жоғары ұстандар деп өсиет айтады. Мәшһүр-Жүсіптің айтқандары, жырына арқау еткен жаман қылықтар ғасыр өтсе де, бүгінгі қоғамда да кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Сондықтан да, Мәшһүр-Жүсіптің келтірген мысалдары бірнеше жылдар өтсе де өзінің өмірлік мәні мен мазмұнын жоймай, өміршең екендігін дәлелдеп келеді. Ақынның бұл-ғибараттары кейінгі ұрпаққа да үлгі-өнеге ретінде айтылып, насихаттала беретініне сеніміміз мол [1, 30].

Мәшһүр Жүсіптің бұл ілімі қазақ халқының рухани мұрасындағы адам тәрбиесінің биік үлгісі болып табылады және ұлттық дүниетанымдағы кемел адам идеясын жаңа деңгейге көтереді.

А. Қ. Тұрышев зерттеулері Мәшһүр Жүсіптің адам туралы танымы жүйелі философиялық концепция екенін дәлелдейді. Ақын шығармаларындағы «түгел адам» ұғымы адамның рухани, интеллектуалдық және моральдық кемелдігін білдіретін көпқабатты концепт болып табылады.

Ғылым жалпы ұғым десек, ілім жеке адамның ғылыми тұжырымдары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «түгел адам» концепциясын зерттеген А. Тұрышевтің еңбектері «Тұрышев ілімі» болады. Жалпы ғылымды, жеке ғалымдардың ілімін бүгінгі жастар қаншалықты дәрежеде түсінеді, ол ілімді қалай дамытады деген мәселе өзекті мәселелердің қатарында. Себебі қазіргі қоғамда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен интернет кеңістігінің кеңеюі жеткіншектердің өмір сүру және қарым-қатынас жасау мәдениетіне тікелей ықпал етуде. Бүгінгі таңда оқушылардың басым көпшілігі берілген мәтіннің мағынасын түсінбеуі, оқушылардың болашақта өз ойын жеткізе алмауына, алдына қойылған мақсатты дұрыс түсіне алмауына, жұмысты дұрыс игере алмауына әкеледі. Бала оқыған мәтін мазмұнын түсінбеген кезде ойлау процесі бұзылады, бала сөзді ғана оқып, мәтін идеясын түсіне алмайды, мәтінді үстірт қабылдайды. Қазіргі балалардың көпшілігінде когнитивті ойлау қабілеті баяу не солғын. Мысалы үкі десен студенттердің басым көпшілігі «күс» «сова» деп қана түсінеді. Ал оның қазақы танымда жиырмадан аса мағынасы бар екенін біле бермейді. Қарашада қара үй тұр, қарайлай жүр артыңа деген жолдарды мүлдем түсінбейді. Ол артыңда ата анаң, ата апаң, елің, жұртың тұр, сен соларға қамқор болды қабылдай алмайды. Болмыстан келетін осыншама ұлтты ұйыстыратын, уәж беретін мол қазынаны қайдан аламыз, әрине ұлт көсемдерінің еңбектерінен.

Медиакоммуникация тілі көркем тілді ығыстырып барады. Бұл ұлттық сана үшін қауіпті құбылыс. Бұл жағдай бізде ғана емес. М.: немістер тілді дұрыс білмейтін оқушы, студент кейін жұмысқа тұрғанда өз жұмысын жеріне жеткізіп атқара алмайтынын, кеңінен ойлауға қабілеті жетпейтінін байқағандықтан, арнайы орталықтар ашып, осы бағытта жұмыстар жүргізіп жатқанын естіген едік. Біз де бүгін осы үрдісті қолдап, Мәшекеңнің еңбектерінен шағын этнолингвистикалық этюдтер әзірлеп, оларды вайб коддинг т.б. арқылы анимациялық нұсқаларын көптеп шығарып отырсақ, ұлттық таным негізінде сөздердің ассоциативті мағынасын визуальді, анимациялық түрде және сөздің әр мағынасына тоқтала отырып, видео материалмен көркемдеп, баланың жас ерекшелігіне, қабылдау

ауқымына бейімдей отырып, 3D форматтағы материалдармен толықтырып беруді қолға алса дұрыс болар еді әрі жастардың қабылдауына оңай сөз мағынасын түсінуіне үлкен көмек болары сөзсіз. Бүгінгі күнде кітаптың немесе оқиғаның сюжетін ықшамдап «бір беттік» кітап жазу жанры дамып келеді. Замана аяқ алысына лайықтап, бүгінгі ұрпаққа ұнайтын әңгімелерді іріктеп шағындап ұсынып жатса нұр үстіне нұр болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрышев А.Қ. Түгел адам. - монография А.Қ Тұрышев - Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2026. – 244б.
- 2 Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ фольклоры. – Павлодар: ЭКО, 2006. – Таңдамалы. – 4 т. – 392 б.
- 3 Хабарлаушы: Тілеубердиев Д. (қолжазба) Сүйіндік – Күлік. – 200 б.

ҰСТАЗ ҰЛАФАТЫ ЖӘНЕ ҒАЛЫМНЫҢ GOOGLE SCHOLAR ПРОФИЛІ

СӘРСЕКЕ Г. Ә.

ф.ғ.к., қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Ұстазымның мерейтойы мені осыдан отыз алты жыл бұрынғы уақытқа шегіндіріп, студенттік кезіме ойша оралуыма түрткі болды. Айтмұхамет Қасымбайұлы, біз үшін Ахмет ағай, 1990 жылдары Павлодар өңірінде алғаш қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдерін даярлау мамандығы ашылғанда бізге – алғашқы түлектерге сабақ берген санаулы ұстаздардың бірі еді. Санаулы дейтінім ол уақытта қазақ тілі мен әдебиетінен шәкірттер даярлайтын педагогикалық мамандар да аз еді. Алғашқы түлектерді даярлау республиканың басқа облыстарынан мамандар тарту арқылы жүзеге асты. Өңірде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау сол уақытта өзекті әрі қажетті іс еді. Сол істің басы-қасында Айтмұхамет Қасымбайұлы да тұрды. Павлодардың педагогикалық институтының даму тарихында әртүрлі өзгерістер көп болды, солардың барлығына ұстаз куә болды. Бұл оның Павлодар өңіріндегі мемлекеттік іргелі екі оқу орнында атқарған ұзақ жылдық қызметін көрсетеді.

Мен алдымен ұстазымның еңбекқорлығын ерекше атар едім. Қазірде ғылымға кітап оқымай-ақ қосылатын кейбір жас

зерттеушілерге бұл қасиетті үлгі ретінде айтуға болады. Ғылым жолы – түсіне білген адамға қажырлы еңбекпен, көз майын тауысумен келетін жол. Тапжылмай еңбектенудің арқасында Ахмет ағай алға қойған мақсаттарына жетті, ғылымның бар асуларын бағындырды. Бүгінде жарық көрген әрбір еңбегінің артында сол орасан еңбектің ізі жатыр деп білемін. Осы еңбекқорлық пен табандылық ол кісіні бүгінгі деңгейіне – ұлағатты ұстаз, танымал ғалым және белсенді қоғам қайраткеріне жеткізді.

Айтмұхамет Қасымбайұлын алдымен ұстаз деп танымын. Өзіме сабақ берген өткен ғасырдың 90 жылдарынан бері өңірдің жоғары оқу орынында үзбей ұстаздық етіп келеді. Докторанттарға ғылыми жетекшілік жасап, жас зерттеушілерді ғылым жолына қосты. Павлодар аймағының ұстаздарының бірнеше буынын даярлауға үлес қосты. Біз сияқты алғашқы шәкірттерінен бастап бүгінгі күнге дейін сабақ берген, ғылыми бағыт берген қаншама шәкірттері республиканың түкпір-түкпірінде ұстаздық жасап келеді. Шәкірттерімен мақтанатын ұстаз болса, Ахмет ағай сондай ұстаздардың бірегейі. Сонымен қатар шәкірттерінің әр жақсы ісіне, жеткен жетістігіне қуанып, «шәкіртім» деп мақтанып отыратын көңілі кең ұстаз.

Айтмұхамет Қасымбайұлы – ғалым. Жоғары оқу орындарында еңбек ететін оқытушылар сабақтар берумен қатар, ғылыми зерттеу жұмыстарын қоса жүргізеді. Бұл – үлкен жүк, дегенмен осы екі істі абыроймен қатар алып жүргендер көп. Ахмет ағай да сол қатардан. Ұстаздық қызметімен қатар ғылыми жолды да қоса алып келеді. Дәрістер оқумен қатар, тіл білімі саласында іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның ғылыми еңбектерінің үлкен бір тобын Мәшһүртану саласы құрайды. Айтмұхамет Қасымбайұлы – мәшһүртанушы ғалым. 2005 жылы «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының этномәдени негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғағаннан бері бірнеше монографияны жарыққа шығарды. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын әр қырынан – әдеби тіл, стилистикалық, лингвистикалық және этномәдени аспектілерде танытты. «М-Ж. Көпеев шығармаларының лексикасы», «Мәшһүртану», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық лексика», «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы»,

«Мәшһүр-Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары», «Адамжүсіп Мәшһүр-Жүсіп», «М-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты», «Мәшһүр-Жүсіп - Қадыр жақ 1т.», «Мәшһүр Жүсіп - Асыл жақ 2т.», «Мәшһүр Жүсіп - Ілімі жақ 3т.», «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы антропонимдік және топонимдік сөзжасам» еңбектері осы саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері. Ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын сан қырынан зерттеді. Бір тақырыптан осындай көлемді, көптеген еңбектерді жазуы ғалымның түбегейлілігін, кең таным өрісін көрсетеді. Мұны мен ғалымның Тұлғатану зерттеулеріне қосқан үлесі деп бағалаймын. Ғалымның Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи, мәдени және қоғамдық тұлғасын танытқан іргелі ғылыми зерттеулерін бір саладан емес, бірнеше салалардың тоғысынан талдап зерттеу маңызды. Әдебиет, тіл білімі, мәдениеттану және педагогика салаларының сұрақтары мен мәселелеріне қатысты талдауларды ғалымның Мәшһүртануға арнаған зерттеу еңбектерінен таба аласыз. Мәшһүртанудан басқа А. Қасымбайұлы «Қыз Жібек» жырының тіл мен стилі», «Сипаттамалы лингвистика», «Тіл философиясы» монографияларын жазды. Ғылыми еңбектерін жинақтап кейіннен «Ғылымхал» кітабын ұсынды.


Ғалымдық және ұстаздық қызметтерімен қатар Айтмұхамет Қасымбайұлы – қоғамдағы келелі мәселелерден тыс қалмай пікірлері мен ойларын білдіре алатын тұлға. Ғалымның республикалық және облыстық телеарналарға, бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары оның қоғамдық тұлғалық бейнесін танытады. Қазақ тілі мәртебесі мен мәселесі, тәуелсіздік тұғыры, ұлттың ағартушыларын насихаттау, қазақи тәрбие мен тәлім т.с.с. көптеген елдік мәселелерде ой білдірген. Ғалымның сұхбаттарын оқи отырып, өзі өмір сүрген қоғамның өткір мәселелерінен тыс қалмайтын жанашыр, елгезек, бұқарашыл адамның даусын естиміз, өзіндік ой-пікірін көреміз. Абай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты қазақ ұлтының ойшыл даналарын дәріптеу, жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тану, зерттеу тоқтаған жоқ» (2018), «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» (2020) тақырыптарында сұхбаттар берді. Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласына қатысты «Қоғамның негізгі қозғаушы күші және тірегі «толық» жастар болады» (2020) деп ой білдірген. Қоғамда болып жатқан әртүрлі мәселелерге қатысты «Сайлау – 2022» (2022), «Бұл өмір маған жұмақ» (2023), «Көшелерге ата-бабасының есімін беру белен

алып кетті» (2025) және тағы басқа сұхбаттары ғалымның қоғамдық ой-пікірін танытатын, қоғам белсендісі ретінде тұлғалық келбетін айқындайтын, сондай-ақ тәлім-тәрбиелік маңызы зор бұқарашыл сөздері болып табылады.

Ғылымда осындай іргелі зерттеулер жүргізіп, өңірдің ғылымын көтеруге үлес қосып келе жатқан ғалымның еңбектерін насихаттау маңызды. Өмірін ұстаздық пен ғылымға арнаған кейбір ғалымдардың еңбектері қалың көпшілікке қолжетімді болмай, дәстүрлі кітапханаларда санаулы оқырман пайдаланатын күйде қалып жатады. Ғалымның еңбектеріне насихат керек. Ғалым зерттеулерін қалың оқырман үшін жазады, егер ол оқылмаса және таралмаса, ғылыми зерттеудің пайдасы еш болмақ. Қазіргі технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып ғылыми еңбектерді насихаттау, оларды оқу және таралу мүмкіндіктерін арттыру, басқа зерттеушілердің сіздің еңбектеріңізге сілтеме жасап, дәйексөздер алуына мүмкіндіктер жасау қазіргі жаһандық ғылым кеңістігінде жағымды мағынадағы академиялық бәсекелестіктің құралына айналды. Міне, осы бағытта ғалымның жоғарыда атап өткен әр қырлы еңбектерін кеңінен тарату, ғылыми басылымдарының көрінуін және әсерін арттыру мақсатында мен Google Scholar платформасында ұстазымның ғылыми профилін жасауды жөн деп санадым. Бұл Айтмұхамет Қасымбайұлының еңбектерінің насихаты мен оқылуы аз деген сөз емес, ол, сөзсіз, жетерлік. Менің мақсатым, сол насихатты дүниежүзілік желіде арттыру, ғылыми жарияланымдарының жекелеген отандық журналдар мен вебсайттардың көлемінде қалып қоймай, әлемдік ғылыми платформалар арқылы ашық кеңістікке шығуына ықпал ету. Мәселен, осы мақала жазылған уақытта іздеуден Google Scholar нәтижесі ғалымның бір ғана еңбегін алып шықты. Ал Google Scholar платформасында ғалымның профилі іске қосылған жағдайда, іздеу нәтижесі басқаша болады: іздеу нәтижесі ғалымның көптеген еңбектерін тауып бере алады және бұл өз кезегінде ғалымның ғылыми жарияланымдарының танымалдығын арттыруға жол ашады.

Google Scholar профилін жасау үшін мен Айтмұхамет Қасымбайұлының әр уақытта жарық көрген ғылыми еңбектерін екі түрлі жолмен платформаға енгіздім. Ғылыми жарияланымдарды автоматты іздеу арқылы қосу тәсілі ғалымның екі еңбегін ғана тапты, сондықтан басқа еңбектерін қолмен механикалық тәсілмен енгіздім. Бұл жұмыс алда ғалымның басқа да көптеген ғылыми

еңбектерін қосумен жалғасын табатынын айта кетейін. Қазіргі профилінде «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының этномәдени негіздері» докторлық диссертациясына екі сілтеме жасалған (Сурет 1). Профильден ғалымның, мен жоғарыда атап өткенімдей, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына арнаған ғылыми зерттеулерінің бір шоғыр құрап тұрғанын байқауға болады (Сурет 2).



1-сурет – Ғалымның Google Scholar профилі



2-сурет – Ғалымның Google Scholar профилі

Ғалымның зерттеулерін дүниежүзілік желіде насихаттау басқа да технологиялық мүмкіндіктермен іске аса алады. Дегенмен Google Scholar платформасының бірқатар артықшылықтары бар. Бұл – жүздеген миллиондаған ғылыми құжаттарды индекстейтін әлеуетті іздеу платформасы. Мұның «академиялық» деп аталуының да мәнісі сонда, ол –әлем бойынша әртүрлі тілдердегі академиялық еңбектерді жинап, тегін «жарнамалайтын» орын. Google Scholar мақалаларыңызға кімдер сілтеме жасағанын көрсетіп тұрумен қатар, әр уақытта жасалған сілтемелерге визуалды түрде графика ұсынады. Google Scholar профилін жалпыға қолжетімді ету арқылы платформаның іздеу құралы белгілі бір ғалым не зерттеушінің ғылыми жарияланымдарымен алып шығады. Ең маңыздысы – Google Scholar дүниежүзілік желіден ғалымның не зерттеушінің жұмысына жаңа сілтемелер тапқан кезде оның сілтеме көрсеткіштерін автоматты түрде есептеп және жаңартып тұрады. Сондықтан мен құрған Айтмұхамет Қасымбайұлының Google Scholar-дағы профилі ғылыми жарияланымдарының академиялық ортада көрінуін арттыруға, зерттеулерінің қорытындылары мен нәтижелерін академиялық қауымдастықпен және қалың оқырманмен бөлісуге, оқырмандар мен дәйексөздерді тарту үшін жарияланымдарға қызығушылықты арттыруға жол ашады. Google Scholar профилін жалпыға қолжетімді еткеннен кейін аталған платформада ғалымның ғылыми зерттеулерінің көрінуі мен таралуы артады деп сенемін.

Тұлғатану зерттеулерінің ішінде ғылыми зерттеулердің үлкен көлемі осы Мәшһүртанудан жүргізілді және жарияланды деп ойлаймын. Ендеше, кейінгі зерттеушілердің, ғылымға аяқ басқан докторанттардың, жас зерттеушілердің, тіпті қалыптасқан ғалымдардың Айтмұхамет Қасымбайұлының еңбектеріне сілтемелер беруі, дәйексөздер алуы, сөйтіп өзіне дейін тақырыпты зерттеген адамдардың еңбектеріне шолу жасауы қалыпты әрі солай болуы тиісті ғылыми жазудың заңдылығы деп есептеймін. Сіз бен біз оқырман ретінде, зерттеуші ретінде, ғылыми қауымдастық ретінде ғылымдағы тұлғалардың насихаттаушысымыз. Ендеше, ғалымның ғылыми еңбектеріне сілтеме жасайық, насихаттайық, зерттеулерінің көрінуін және таралуын арттырайық. Бұл –ғылым, ғылымның күші оның нәтижелері мен қорытындыларының кеңінен насихатталуында.

Мерейтойыңыз құтты болсын, ұстаз!

СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ «ҚАСҚЫР» БЕЙНЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (ДЖЕК ЛОНДОН МЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

АГАЛИЕВА Н. Б.

ф.ғ.к., Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

НҰРЛАНҰЛЫ Е.

студент, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

Қасқыр образы – адамзат мәдениеті мен әдебиетінің ежелгі және қайталанбас символдарының бірі. Ол мифологияда, халық ауыз әдебиетінде, эпостарда және жазба прозада әртүрлі функцияларды атқара отырып, еркіндік, қауымдық қауіп, табиғат заңдылығы, зорлық-зомбылық пен қамқорлық сияқты күрделі категорияларды бейнелейді. Әдебиетте қасқырдың көркемдік ықпалы көпқырлы: бір жағынан ол жабайылық пен табиғаттың қаталдығын көрсетсе, екінші жағынан – адамның ішкі жан дүниесінің, қоғамдық қатынастардың айнасы ретінде қызмет етеді. Сол себепті қасқыр бейнесін талдау арқылы тек жануар бейнесін ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық, идеологиялық және этикалық аспектілерді де ашып көрсетуге мүмкіндік туады.

Бұл мақалада біз Джек Лондонның «Ақ азу» (White Fang) повесі арқылы қалыптасқан қасқыр/ит образының көркемдік-идеялық қызметін жүйелі әрі салыстырмалы түрде зерттейміз. Лондон шығармашылығы натурализмнің және «табиғаттың үстемдігі» тұжырымдамасының айқын көрінісі ретінде жиі қарастырылады; «Ақ азу» – соның бір айқын мысалы болып табылады. Сонымен қатар зерттеудің кеңістігін ұлттық контекстпен байыту мақсатында қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесімен салыстырмалы талдау жүргізіледі. Бұл салыстыру қасқыр бейнесінің әртүрлі мәдени жүйелердегі маңызын, оның идеологиялық функцияларының қалыптасу себептерін және автордың эстетикалық тәсілдерінің ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі мынада: бүгінгі әдебиеттану саласында жануарлар образына, әсіресе қасқырға қатысты интердисциплинарлық талдаулар кеңінен танылуда. Animal

Studies, экологиялық әдебиеттану және мәдени семиотика салаларындағы жаңашыл тәсілдер әдебиеттегі жануар бейнелерін тек «бағынышты мотив» ретінде емес, сондай-ақ мәдени-идеологиялық дискурстардың қатысушысы ретінде қарастыруды ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда «Ақ азу» және «Көксерек» сияқты шығармаларды салыстырмалы талдау ұлттық әдеби дәстүрдің экологиялық, этикалық және мәдени ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді әрі халықаралық контексте қасқыр образының трансформациясын көрсетуге ықпал етеді.

Зерттеу сұрақтары ретінде келесі түйінді мәселелер қарастырылады:

– Лондон мен Әуезовтің шығармаларында қасқыр образы қандай көркемдік құралдар арқылы қалыптасады және қандай символдық функцияға ие?

– Қасқыр бейнесі авторлардың эстетикалық және идеологиялық ұстанымдарына қалай қызмет етеді?

– Ұлттық мәдени контекст қасқыр образын интерпретациялауға қандай әсер тигізеді?

Осы зерттеу арқылы әдебиет пен мәдениет саласындағы қасқыр образына қатысты теориялық және әдістемелік жаңа нәтижелер ұсынылып, оқырманға табиғат–адам дискурсын жаңа қырынан қарауға мүмкіндік туады.

«Ақ азу» (White Fang) – жанры, тақырыбы, идеясы (жалпы сипаттамасы)

«Ақ азу» – повесть/романтикалық-реалистік проза ретінде қарастырылатын шығарма, натуралистік элементтерге, табиғаттың қатал заңдары мен эволюция идеясына назар аударатын туынды. Лондонның шығармашылығында табиғат пен тіршілік күресінің өміршен көріністері, сондай-ақ әлеуметтік орта мен тұлға қалыптасуының себептері маңызды орын алады; Ақ азу да осы дәстүрді одан әрі дамытады.

Шығармада басты тақырып – «табиғат пен орта адамның мінезін қалай қалыптастырады» деген мәселе: жабайылықтан өркениетке қарай бейімделу, бейімделу арқылы тұлға (немесе жануар) өзгерісі. Лондон табиғат vs тәрбие (nature vs. nurture) дилеммасын зерттейді – басты кейіпкер Ақ азудың (жартылай қасқыр, жартылай ит) өмірі мен мінезінің өзгерісі оның әртүрлі орталарға қалай тәуелді екенін көрсетеді.

Негізгі идея – тіршілік заңдары мен қоршаған ортаның адамгершілік сипатқа әсері; сонымен бірге жануардың адамға деген

сенімі мен адалдығын қалыптастыру мүмкіндігі (яғни мәдениетке бейімделу) және адамның жауапкершілігі. Лондон оқиғаны жануар көзқарасынан да бейнелей отырып, оқырманға моральдық сұрақтар қояды: адам қоғамының қатыгездігі мен мейірімі жануар мінезінде қалай көрініс табады және жеке тәжірибе мінезді қалай өзгертеді.

Салыстырмалы талдау: Ақ азу және Көксерек бейнесін салыстыру.

Төменде негізгі салыстыру өлшемдері арқылы екі шығарма арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеміз.

1) Шығарма түрі және композициясы.

• Ақ азу – көлемді повесть; оқиға бірнеше кезеңге бөлініп, кейіпкердің эволюциясы (жабайылық → қатыгездік → бейімделу → адалдық) кезеңдері арқылы беріледі.

• Көксерек – қысқа проза, мазмұны жинақы, бір негізгі жағдай мен оның себеп-салдарын көрсетуге бағытталған.

2) Қасқыр образын көрсету тәсілі.

• Дж.Лондонда Ақ азудың психологиясы хайуанның өзінен шыққан, автор оны антропоморфизациялау арқылы ішкі дүниесін ашып көрсетеді – оқиға хайуанды жиі бақылау арқылы берілген. Бұл тәсіл оқырманның қасқыр әрекетінің себептеріне тереңірек үңілінуіне мүмкіндік береді.

• М.Әуезовтің Көксерегі табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде беріледі; автор қазақ қоғамының табиғатқа қатынасын, қасқырға жасаған әрекетін көрсету үшін қасқырды әлеуметтік айна ретінде қолданады.

3) Тақырыптық акценттер.

• «Ақ азуда» орталық — бейімделу және тәрбие (табиғат және орта адамның мінезін түзетеді), сонымен бірге адамдық мейірім мен қатыгездік арасындағы қарама-қарсылық.

• «Көксеректе» негізгі идея — адамның табиғатқа салғырт және кейде қатыгез қарым-қатынасының салдары; табиғат өзіңше жауап береді және адамды кінәлаудан тыс оқиға болуы мүмкін.

4) Эмоционалдық финалдар.

• «Ақ азуда» финал әдетте өмірдің мүмкіншілігін, кейіпкердің адаммен тату болуға қабілеттілігін көрсетеді (адамның мейірімінің өзгерту күші).

• «Көксеректе» финалдың ренкі әлеуметтік оқиғаға тәуелді және табиғат-адам қатығысының қатаң салдарын көрсетуі мүмкін.

Қорытынды салыстыру. Екі шығарма да қасқыр бейнесін адам-табиғат қатынасының айнасы ретінде қолданады, алайда Лондон

жеке өмірлік тәрбие мен орта әсеріне басымдық берсе, Әуезов қоғам-табиғат қатынасының әлеуметтік және этикалық салдарына көбірек мән береді. Ғылыми зерттеулер екі шығарманың мотивтік жақындықтарын атап өтсе де, ұлттық мәдени контекст пен авторлық ұстанымдар арасындағы айырмашылықты маңызды деп есептейді

«Ақ азу» шығармасы туралы жалпы пікірлер

1. Джек Лондон шығармашылығындағы философиялық және әлеуметтік мазмұн

Зерттеушілердің басым бөлігі «Ақ азу» шығармасын тек жануарлар туралы повесть емес, табиғат пен қоғамның өзара ықпалы, тәрбие мен ортаның мінезге әсері туралы терең философиялық туынды ретінде бағалайды.

• Америкалық әдебиеттанушы Джеймс Лундквист (James Lundquist) Джек Лондон туралы зерттеуінде былай деп жазады:

«White Fang – бұл тек қасқырдың қолға үйретілуі, үй итке айналу тарихы ғана емес, адамзат өркениетінің табиғатқа әсерінің көркем көрінісі. Бұл шығармада Лондон табиғи инстинкт пен мәдениеттің күресін терең философиялық деңгейде бейнелейді» (Lundquist J. Jack London: Adventures, Ideas, and the Craft of Fiction. Twayne Publishers, 1987).

2. Натурализм мен эволюциялық идеялар

Көптеген ғалымдар Джек Лондонды натуралист жазушы ретінде сипаттайды. Оның шығармалары Ч. Дарвиннің эволюция теориясының, Г. Спенсердің «Тіршілік үшін күрес» концепциясының әсерінде жазылған.

• Зерттеуші Дэвид Хенсли (David Hensley) былай дейді: «Ақ азу – бұл табиғи сұрыпталу мен бейімделу процесінің көркем әдебиеттегі көрінісі. Лондон қоршаған ортаның мінез-құлықты қалай өзгертетінін нақты мысал арқылы көрсетеді» (Hensley D. Jack London and Naturalism. Oxford University Press, 2019).

3. Адам мен табиғат қарым-қатынасы

Лондон шығармашылығының басты тақырыптарының бірі — табиғат пен адамның арасындағы байланыс.

Әдебиет сыншысы Максвелл Гейсмар (Maxwell Geismar) былай деп жазады: «Ақ азуда Лондон адам мен табиғат арасындағы нәзік шекараны көрсетеді. Қасқырдың қоғамға бейімделуі — бұл адамзаттың табиғатқа үстемдік етуі ғана емес, өзара әсер мен моральдық жауапкершілік мәселесі» (Geismar M. Rebels and Ancestors. Boston: Houghton Mifflin, 1953).

4. Жануар бейнесі арқылы адам мінезін ашу

Көптеген әдебиетшілер «Ақ азу» қасқыр бейнесі арқылы адам табиғатын бейнелеудің ерекше тәсілі бар екенін атап өтеді.

Зерттеуші Люси С. Льюис (Lucy S. Lewis) былай дейді: «Лондон Ақ азу арқылы адам табиғатының өзіне тән қарама-қайшылығын – мейірім мен қаталдықты, тәрбиенің және ортаның ықпалын көрсетеді. Жануардың ішкі дүниесін бейнелеу арқылы автор адам болмысының терең қабаттарын ашады» (Lewis L. S. The Animal Within: Human Nature and Beast in Jack London's Fiction. Cambridge University Press, 2001).

5. Кеңестік және қазақ әдебиеттанушыларының пікірі

Кеңестік кезеңдегі зерттеушілер де Джек Лондон шығармашылығын жоғары бағалаған.

В. Г. Чертков атап көрсетеді: «Ақ азу – Лондон шығармашылығындағы гуманистік пафос пен әлеуметтік ойдың үйлескен көрінісі. Бұл шығармада табиғаттың қатал заңы мен адамның адамгершілік қасиеттері бір арнада тоғысады» (Чертков В. Г. Джек Лондон и его творчество. Москва, 1965).

Қазақ әдебиеттанушылары арасында да бұл шығарма жиі талқыланды. Мысалы, академик С. Қирабаев Лондонның «Ақ азу» шығармасын «табиғат пен қоғамды шынайы байланыстыра алған шетелдік классика үлгісі» ретінде ерекше атап өткен. «Лондонның шығармалары табиғат пен адам арасындағы шынайы байланысқа құрылған. Бұл туындылар жастарға экологиялық және моральдық ой тастайды» (Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1981).

Соңғы жылдары «Ақ азу» шығармасы Animal Studies, экокритика және мәдени семиотика бағыттарында қайта қарастырылуда.

• 2021 жылы Лондон университетінің зерттеушісі Л. Степанова былай деп жазады:

«White Fang – адам мен жануар арасындағы билік пен тәуелділік қатынасының көркем көрінісі. Бұл туындыда жануар тек фондық элемент емес, мәдени дискурстың белсенді қатысушысы ретінде көрінеді.»

(Stepanova L. Wolf Symbolism in World Literature. Cambridge Journal of Literary Studies, 2021)

Жазушылар мен ғалымдардың пікірлерін қорытындыласақ: «Ақ азу» – жай ғана жануарлар туралы әңгіме емес, табиғат пен өркениет, инстинкт пен мәдениет, адам мен қоғам туралы терең философиялық шығарма.

Қорыта айтқанда, қасқыр образы – әлем әдебиетінде ғасырлар бойы өзінің маңызын жоғалтпаған, терең символдық мәнге ие көркем бейнелердің бірі. Ол тек табиғаттағы жыртқыш аң ретінде ғана емес, адамзат өркениетінің, мәдениет пен табиғаттың, еркіндік пен бағынудың, қатыгездік пен мейірімнің күрделі қатынастарының көркемдік көрсеткіші ретінде қызмет атқарады. Әдебиеттегі қасқыр бейнесі арқылы жазушылар адам болмысының терең қабаттарын, қоғам мен табиғат арасындағы үйлесім мен қайшылықтарды, экологиялық және моральдық мәселелерді бейнелейді.

Джек Лондонның «Ақ азу» повесінде қасқыр/ит бейнесі – жабайы табиғат пен адам өркениетінің арасындағы көпір іспетті. Шығармада Лондон қоршаған орта мен тәрбиенің мінез-құлық пен болмысқа қалай әсер ететінін көркемдік тұрғыда дәлелдеп көрсетеді. Ақ азудың тағдыры — бұл адамның табиғатқа ықпалының, сондай-ақ табиғаттың өз заңдарының көрінісі. Автор натурастік бағытта, философиялық және әлеуметтік ойды терең жеткізе отырып, қасқыр бейнесін адамзат қоғамына тән рухани және моральдық мәселелермен байланыстырады. Повестің идеялық өзегі – табиғи инстинкт пен мәдени тәрбиенің күресі, мейірім мен қаталдықтың шекарасы, адамзат пен табиғаттың өзара тәуелділігі.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі қазақтың ұлттық дүниетанымы мен экологиялық көзқарасын айқын бейнелейді. Шығармада қасқыр бейнесі – табиғаттың заңдылығы мен адамның әрекетіне табиғаттың жауабының символы. Автор табиғат пен қоғам арасындағы қайшылықтарды ұлттық болмысқа тән ерекшеліктермен, фольклорлық және реалистік элементтерді шебер ұштастыра отырып көрсетеді. Егер Лондон шығармасында қасқыр бейнесі өркениетке бейімделу жолында болса, Әуезовте — табиғат пен адам арасындағы қақтығыс шешілмейтін қайшылыққа айналады. Бұл екі шығармадағы финалдың айырмашылығы мәдени контекст пен авторлық ұстанымның ерекшеліктерін айқын көрсетеді.

Салыстырмалы әдеби талдау нәтижесінде екі автордың да шығармаларында ортақ тақырыптар бар екені анықталды: табиғат пен адам арасындағы байланыс, ортаның мінезге әсері, қасқыр бейнесінің символдық және идеялық қызметі. Алайда, олардың көркемдік тәсілдері мен идеологиялық акценттері әр түрлі. Дж.Лондон табиғатты әлеуметтік-философиялық тұрғыда қарастырса, М.Әуезов оны ұлттық дүниетаным мен экологиялық тепе-теңдік тұрғысынан бейнелейді. Бұл айырмашылықтар екі

әдебиеттің мәдени-тарихи ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында ғалымдар мен әдебиеттанушылардың еңбектеріне сүйене отырып, «Ақ азу» повесінің әлемдік әдебиеттегі орны мен көркемдік ерекшеліктері, сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі «Көксерек» шығармасының ұлттық және философиялық маңызы ашылды. Зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, қасқыр бейнесі — трансмәдени сипатқа ие, яғни ол әр халықтың әдебиетінде әртүрлі қырынан бейнеленсе де, адамзаттың табиғатпен байланысын түсіндіретін ортақ символ ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы экологиялық сананы қалыптастыруда әдебиеттің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазіргі жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында табиғат пен адам қарым-қатынасын терең түсіну, оны көркемдік және мәдени деңгейде зерттеу — аса өзекті мәселе. Дж.Лондон мен М.Әуезов шығармалары осы тұрғыдан алғанда, тек көркем туындылар ғана емес, қоғамның экологиялық және моральдық көзқарасына әсер ететін мәдени құндылықтар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лондон Д. Ақ азу : Повесть. – Алматы : «Жалын», 1986. – 232 б.
2. London J. White Fang. – New York : Macmillan Publishers, 1906. – 298 p.
3. Әуезов М. Көксерек // Шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1985. – 320 б.
4. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір. – Алматы : Жазушы, 1981. – 276 б.
5. Чертков В. Г. Джек Лондон и его творчество. – Москва : Художественная литература, 1965. – 254 с.
6. Geismar M. Rebels and Ancestors: The American Novel, 1890–1915. – Boston : Houghton Mifflin, 1953. – 341 p.
7. Lundquist J. Jack London: Adventures, Ideas, and the Craft of Fiction. – Boston : Twayne Publishers, 1987. – 201 p.
8. Lewis L. S. The Animal Within: Human Nature and Beast in Jack London's Fiction. – Cambridge : Cambridge University Press, 2001. – 284 p.
9. Hensley D. Jack London and Naturalism. – Oxford : Oxford University Press, 2019. – 257 p.

10. Stepanova L. Wolf Symbolism in World Literature. – Cambridge Journal of Literary Studies, 2021. – №2. – P. 44–59.
11. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы : Ғылым, 1997. – 320 б.
12. Ысмағұлов Ж. М. Әуезов және ұлттық идея. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 210 б.
13. Әбдіғазыұлы Б. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы : Білім, 2012. – 345 б.
14. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы : Мектеп, 1969. – 280 б.
15. Омаров Б. Қазақ көркем прозасындағы табиғат және адам мәселесі. – Алматы : Санат, 2000. – 188 б.

АРТУР КОНАН ДОЙЛДЫҢ «ЖИРЕНШАШТЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ АДАМНЫҢ ТАБИҒИ БОЛМЫСЫ

АГАЛИЕВА Н. Б.

ф.ғ.к., профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университеті, Павлодар қ.

ЖҰМАБЕК А.

студент, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

Артур Конан Дойлдың шығармалары – әлем әдебиетіндегі реалистік және рационалдық дәстүрдің тоғысқан көрінісі. Ол жазған әрбір детективтік әңгіме тек қылмыстың шешімін табуға емес, адам табиғатының ішкі психологиясын, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен моральдық құндылықтар арасындағы қайшылықтарды көрсетуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, «Жиреншаштылар қауымдастығы» («The Red-Headed League») әңгімесі Дойл шығармашылығындағы ерекше туынды болып табылады. Бұл шығармада жазушы адамның сенгіштік, ашкөздік, бейкамдық сияқты мінез ерекшеліктерін терең психологиялық талдау арқылы көрсетеді. Автор оқырманды қарапайым оқиға арқылы қоғамдағы экономикалық қатынастардың адам мінезіне әсерін түсінуге жетелейді. Шығармада қоғам мен жеке тұлға арасындағы қатынастар көркем және философиялық деңгейде бейнеленеді. Қоғамдық құрылымдағы әлеуметтік жіктеліс, табысқа ұмтылыс, мансапқұмарлық пен әділет іздеу мотивтері

арқылы жазушы адам табиғатының қарама-қайшылығын ашады. Бұл тұрғыда Шерлок Холмс бейнесі – рационалдық пен әділдіктің символы болса, ал Джебез Уилсон бейнесі – қоғамның қарапайым мүшесі, сенгіштік пен әлсіздіктің көрінісі. Осы екі кейіпкердің қарама-қарсылығы арқылы автор ақыл мен инстинкт, әділет пен пайда, адамгершілік пен есеп арасындағы күрделі философиялық тепе-теңдікті көрсетеді.

Артур Конан Дойлдың «Жиреншаштылар қауымдастығы» әңгімесінде адам табиғаты көпқырлы психологиялық және әлеуметтік аспектілерде ашылады. Шығармадағы негізгі кейіпкерлер – Джебез Уилсон, Шерлок Холмс және доктор Ватсон – адам мінезінің үш түрлі психологиялық типін бейнелейді. Джебез Уилсон – сенгіштік пен қарапайымдықтың көрінісі. Ол – еңбекқор, бірақ өмірдің шынайы заңдылығын терең түсіне бермейтін адам. Оның жеңіл пайдаға ұмтылысы, бай болуға деген аңсары жазушы тарапынан әлеуметтік сын ретінде беріледі. Уилсонның сенгіштігі мен аңғалдығы – жеке тұлғаның емес, қоғамдағы ақпараттық манипуляция мен әлеуметтік әділетсіздіктің салдары. Осы арқылы Дойл адамның табиғи болмысындағы әлсіздіктің түп негізін әлеуметтік ортаның ықпалынан іздейді. Ал Шерлок Холмс – адам интеллектісінің, рационалды ойлау мен моральдық жауапкершіліктің символы. Оның бейнесінде жазушы адамның табиғи ақыл-ой әлеуетін жоғары қояды. Холмс адам мінезін сыртқы белгілер арқылы логикалық талдау арқылы түсінеді, бұл оның адам табиғатына ғылыми көзқараспен қарау қабілетін танытады. Ол үшін адамның әрекеті – кездейсоқтық емес, психологиялық заңдылықтардың көрінісі. Доктор Ватсон – адам табиғатының эмоционалды жағын бейнелейді. Ол Холмстің ақыл-ойын толықтыратын гуманистік, адамгершілік көзқарастың иесі. Осы үш бейне арқылы жазушы адам табиғатының ақыл, сезім және мінез сияқты үш құрамдас бөлігін тұтастықта суреттейді. Жазушы адам бойындағы әлсіздікті сын арқылы бейнелей отырып, моральдық сабақ пен әлеуметтік жауапкершілік идеясын алдыңғы орынға қояды. Дойл үшін адамның әлсіздігі оның жаратылыстық кемшілігі емес, қоғамдық қысым мен әлеуметтік теңсіздіктің нәтижесі. Яғни, адам табиғаты өздігінен әлсіз емес, оны әлсіз ететін – қоғамның құрылымы, экономикалық қатынастар мен өмірлік жағдайлар.

Осы тұрғыдан қарағанда, «Жиреншаштылар қауымдастығы» – адамның қоғамдағы орнын, моральдық таңдаудың салдарын көрсететін әлеуметтік-психологиялық шығарма. Мұнда автор

адамның мінезі мен әрекетінің себептерін тек жеке деңгейде емес, қоғамдық сана мен әлеуметтік жүйе тұрғысынан талдайды. Бұл Конан Дойл шығармашылығындағы гуманистік бағыттың айқын көрінісі болып табылады.

Артур Конан Дойл шығармаларының көпшілігі өз дәуірінің әлеуметтік құрылымын, моральдық дағдарысын және адам мен қоғам арасындағы күрделі байланыстарды бейнелеуге бағытталған. «Жиреншаштылар қауымдастығы» – сол кезеңдегі Англия қоғамының әлеуметтік-экономикалық келбетін көркем түрде суреттеген туынды. Дойл өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы – өнеркәсіптік революция мен капитализмнің күшею кезеңі болды. Бұл дәуірде қоғамдағы табысқа ұмтылу, бәсеке, жеке мүдде мен пайда іздеу өмірлік нормаларға айналды. Адамның әлеуметтік бағалануы оның рухани сапаларына емес, экономикалық жетістігіне тәуелді бола бастады. Мұндай жағдай адам мінезін өзгертті – сенгіштік, ашкөздік пен ар-ождан арасындағы ішкі қақтығыстар күшейді.

«Жиреншаштылар қауымдастығы» осы қоғамдық фонды нақты мысал арқылы бейнелейді. Әңгімедегі «қауымдастық» – сырттай қарағанда қайырымдылық мақсаттағы ұйым секілді көрінгенімен, оның астарында материалдық мүдде мен алдау тетіктері жатыр. Бұл эпизод – сол дәуірдегі әлеуметтік институттардың формалды сипатқа айналып, шын мәнінде адамды пайдалану құралына айналғанын көрсетеді. Қылмыскердің әрекеті — тек жеке тұлғаның моральдық әлсіздігі емес, қоғамдағы жүйелік әділетсіздіктің символы. Ол өз іс-әрекетін қоғамдағы «ақылды әлсіздікті жеңеді» деген прагматикалық қағидаға сүйене отырып жасайды. Бұл – Дойл дәуіріндегі әлеуметтік философияның өзегіне айналған ұғым: адам өз мақсатына жету үшін қоғам заңын емес, пайданы басшылыққа алады. Шерлок Холмс бейнесі — тек детективтік логиканың иесі емес, моральдық және интеллектуалдық қарсы салмақтың символы. Ол қоғамдағы әділетсіздікке қарсы ақыл мен әділдікті құрал ететін тұлға. Холмс арқылы автор оқырманға «әділет – интуиция мен сенімнің емес, логика мен парасаттың нәтижесі» деген гуманистік ойды жеткізеді.

Жазушының негізгі ұстанымы айқын: қоғамдағы әділеттілік пен тұрақтылық ойлы адам мен адал еңбектің арқасында ғана қалпына келеді. Конан Дойл үшін нағыз адамгершілік – әлеуметтік белсенділік пен рухани тазалықтың бірлігі. Осы идея арқылы автор оқырманды тек қылмыстың шешімін іздеуге емес, адам мен қоғам арасындағы жауапкершілік байланысын ұғынуға

шақырады. Жазушының көзқарасы бүгінгі заман үшін де өзекті: адам табиғатының дамуы қоғамдағы моральдық ортаға тәуелді. Егер әділдік пен парасат басым болмаса, қоғамның құрылымы да, адамдық сана да әлсірейді. Осылайша, «Жиреншаштылар қауымдастығы» — тек қылмыстық оқиғаны баяндаған әңгіме емес, әлеуметтік-философиялық манифест, қоғамның адамға әсерін сыншыл реализм арқылы бейнелеген көркем зерттеу болып табылады.

Әлем әдебиетінде детектив жанрының дамуына зор үлес қосқан екі тұлға – Артур Конан Дойл мен Агата Кристи. Екеуінің шығармашылық бағыты ұқсас болғанымен, адам табиғаты мен қоғам арасындағы байланысты түсіндіруде айқын айырмашылықтар бар. Артур Конан Дойл шығармаларының өзегінде әлеуметтік орта мен моральдық құндылықтар жүйесі тұрса, Агата Кристи туындыларында адамның ішкі психологиялық әлемі, жеке тұлғаның эмоционалды және моральдық қақтығысы басым. Дойлдың кейіпкерлері — қоғамның белсенді мүшелері, олардың іс-әрекеті әлеуметтік кеңістікте жүзеге асады. Мысалы, «Жиреншаштылар қауымдастығы» әңгімесінде Уилсонның сенгіштігі мен Холмстың әділдігі белгілі бір әлеуметтік құрылымның – яғни капиталистік қоғамның — салдарынан туындайды. Мұнда адам мінезі қоғаммен тікелей байланысты, ал адам табиғаты қоғамдық қатынастардың айнасы ретінде көрсетіледі. Агата Кристидің шығармаларында, керісінше, адам табиғаты жеке психология мен моральдық таңдаулар деңгейінде қарастырылады. Оның әйгілі кейіпкерлері – Эркюль Пуаро мен Мисс Марпл – көбіне адам жанындағы күмән, қорқыныш, күнә мен өкініш сияқты ішкі сезімдермен күреседі. Мысалы, Кристидің «Он кішкентай негр» немесе «Кісі өлтіру Ориент экспресінде» романдарында қылмыстың түп себебі – әлеуметтік теңсіздік емес, адамның жеке ішкі әлсіздігі мен моральдық жауапсыздығы.

Дойл мен Кристи шығармаларындағы айырмашылық – олардың адам табиғатына көзқарасындағы философиялық бағыттардан туындайды. Дойл адамды рационалды, логикалық ойлаушы, қоғам алдындағы жауапты тұлға ретінде бейнелесе, Кристи адамды психологиялық және моральдық сезімдердің тұтқыны ретінде көрсетеді. Бұл тұрғыда Дойлдың детективтері – әлеуметтік және этикалық әділеттіліктің қалпына келуі, ал Кристидің шығармалары – адам ішіндегі рухани күрестің көрінісі. Осылайша, Дойлдың «Жиреншаштылар қауымдастығы» әңгімесі қоғамдағы моральдық

құндылықтардың дағдарысын бейнелей отырып, адам табиғатын әлеуметтік философия тұрғысынан түсіндіреді. Ал Кристидин шығармалары жеке тұлғаның психологиялық мотивациясын зерттейді. Бұл айырмашылық екеуінің де адам табиғатына деген көзқарасының қоғам мен сана арақатынасына негізделгенін, бірақ зерттеу бағыттарының әртүрлі екенін дәлелдейді.

Артур Конан Дойлдың «Жиреншаштылар қауымдастығы» әңгімесі – адам табиғаты мен қоғам арасындағы күрделі өзара байланысты терең суреттеген көркем туынды. Бұл шығармада адам мінезінің сан қырлылығы, қоғамдағы әділет пен алаяқтықтың, адалдық пен айлакерліктің, еңбексүйгіштік пен жеңіл табысқа ұмтылушылықтың қарама-қайшылығы айқын бейнеленеді. Басты кейіпкер Джейб Уилсон — қарапайым еңбекқор адам. Оның адал еңбегі мен өмірге сенімін қылмыскерлер өз пайдасына қолдануы – қоғамдағы әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі. Осы арқылы жазушы адам табиғатының әлсіз тұстарын, яғни аңғалдық пен сенгіштікті сынға алады. Ал Шерлок Холмс бейнесі – ақыл мен логиканың, әділдік пен парасаттың символы. Ол қоғамдағы зұлымдыққа қарсы тұратын санаулы тұлғалардың бейнесін көрсетеді. Шығармадағы оқиға желісі тек қылмыс пен тергеу төңірегінде ғана емес, сонымен қатар адам мен қоғамның моральдық байланысын ашуға бағытталған. Дойл қоғамдағы әрбір құбылыстың артында адам табиғатының өрекеті жатқанын дәлелдейді. Ол адамгершілік, парасат, жауапкершілік секілді ұғымдардың кез келген қоғамның тұрақтылығы мен әділеттілігінің кепілі екенін аңғартады. Адам табиғаты — өзгермейтін, бірақ түрлі жағдайға бейімделетін күрделі құбылыс. Қоғам дамыған сайын адамның мінез-құлқы мен моральдық қағидалары да жаңа сынақтарға ұшырайды. Дәл осы тұрғыда «Жиреншаштылар қауымдастығы» тек XIX ғасырдағы Англия шындығын емес, бүгінгі заманның да әлеуметтік мәселелерін айқындайтын әмбебап көркем туынды болып табылады.

Қорыта келгенде, Артур Конан Дойлдың «Жиреншаштылар қауымдастығы» шығармасы – адам табиғатының ішкі қайшылықтары мен қоғамдағы моральдық құндылықтар арасындағы шекараны көркемдік шеберлікпен бейнелеген, тәрбиелік және танымдық маңызы зор туынды. Бұл шығарма адам болмысы мен қоғамдық әділеттіліктің мәнін түсіндіретін, уақыт өткен сайын өзектілігін жоймайтын көркем философиялық туынды ретінде бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Doyle, Arthur Conan. The Adventures of Sherlock Holmes. London: George Newnes Ltd., 1892.
2. Конан Дойл А. Шерлок Холмс туралы әңгімелер. – Алматы: «Мектеп», 2010.
3. Тілешова С. Әлем әдебиеті және оның оқыту әдістемесі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
4. Watson, Peter. The Modern Mind: An Intellectual History of the 20th Century. – New York: HarperCollins, 2001.

«ГҮЛСТАН БИ-Т-ТҮРКИ» ДАСТАНЫН КОРПУС НЕГІЗІНДЕ ЛЕКСИКА-СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

АЛИХАН Н. Ж.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мақала «Гүлстан би-т-түрки» дастанының үшінші бабының лексикалық ерекшеліктерін корпус негізінде талдаудың нәтижелерімен бөліседі. Қазақ тіл білімінде мәтіндерді корпус негізінде зерттеу әлі дәстүрге айнала қойған жоқ. Оның ішінде түркітанудың негізі саналатын жәдігерлердің корпус арқылы зерттелуі сирек кездеседі. Корпус негізінде талдау сөз, сөзформасы және сөзқолданыстарының сандық жиілігін нақты ұсынып, жәдігердің лексикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми маңызы – көне жәдігерлер тілін заманауи әдіснама арқылы зерттеуге жол ашатын лингвистикалық корпус базасын қалыптастырудың маңыздылығын көрсету, корпус негізінде зерттеудің мүмкіндіктерімен бөлісу, корпусның теориялық негіздемелерін ұсыну және сол арқылы тарихи мәтіндер тілін ғылыми айналымға енгізу. Жүргізілген зерттеу тарихи тіл ғылымына әдіснамалық үлес қосады.

Әлем тіл білімінде корпусқа негізделген талдау әдісі арқылы зерттеу жүргізу – бүгінгі таңдағы ең өзекті, кең қолданылатын құнды ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген бағыт. Корпус құралдары арқылы зерттеу жүргізу тек лингвистика аясында ғана емес, ауа-райы өзгерісін зерттеу, криминология, қорғаныс саласы, денсаулық сақтау, саясаттану және маркетинг секілді ғылым салаларында қолданылады [1, 592-б.]. Ал корпус базасы мен оның құралдары лингвистика үшін маңызды зерттеу әдісіне айналды.

Ғалым МакЭнери корпус әдістерінің салыстырмалы лингвистикада, дискурс талдауында, тіл үйрену, семантика, әлеуметтік лингвистика, теориялық лингвистика салаларында маңызды ғылыми тұжырымдарға негіз бола отырып, тіл білімінің көптеген салаларында өзінің жоғары тиімділігін дәлелдегенін атап өтеді және аталмыш еңбек авторларына сілтеме жасайды [2, 26-б.]. Бұл корпус лингвистикасының қазіргі тіл біліміндегі маңызды тенденциялардың қатарында екенін көрсетеді. Расында, табиғи тілді цифрландыру, мәтінді өңдеу, арнайы таңбаланған база дайындау, мәтіндік конкорданстарды автоматты түрде сұрыптау және сөзформалардың жиілік сипатын анықтау — қазіргі тіл білімінің басты басымдықтарының біріне айналды. Бұл заманауи тіл біліміндегі нағыз қажеттіліктерден туындап отыр.

Осы мақсатта лингвистиканың басқа бағыттарына қарағанда аз зерттеліп, кенже қалып жатқан түркологияның нысандарын, көне түркі мәтіндерінің корпусын болашақта қалыптастыру көзделеді. Осы ауқымды стратегиялық жұмыстың алғашқы баспалдағы ретінде бұл зерттеу жұмысында QazCorpus (Қазақ тілінің ұлттық корпусы) жүйесінің ішкорпусы саналатын тарихи корпустар базасында кездеспейтін «Гүлстан би-т-түрки» мәтіні негізге алынып, алғаш рет корпустық — модельдеу және лексикалық талдау амалдары жүзеге асырылады [3].

Зерттеудің негізгі мақсаты — Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» дастанының үшінші бабын корпус негізінде талдау. Талдау барысында қазіргі тәсілдер мен құралдарды қолданып, үшінші бабтың лексикалық-статистикалық параметрлерін айқындау, лексемалардың жиілік рейтингін түзу және осы негізде тарихи мәтінді цифрлық форматта сипаттаудың тиімді жолдарын көрсету.

Зерттеу материалы ретінде «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жобасы негізінде дайындалған «Қазыналы оңтүстік» жинағының 67-том 2-кітабындағы ақын Сәйф Сарайидің «Түрікше Гүлстан» дастанының үшінші бабы алынды [4, 73-130-б.]. Баспаға асылмәтінді ұсынған және транслитерациясын жасаған ф.ғ.к. Төрәлі Қыдыр.

Транслитерацияланған мәтінді қолданбас бұрын компьютерлік өңдеудің дәлдігін қамтамасыз ету үшін алдын ала өңдеуден өткіздік. Баспада орын алған техникалық қателіктер дастан факсимилесімен салыстыра отырып түзетілді. Дастан транслитерациясында арабтың ғайн Ғ және айн Ғ таңбалары апостроф арқылы белгіленген. Мәтінді өңдеу барысында апостроф белгілері бірізді түрде ғ таңбасына

ауыстырылды. Көне жәдігерлер тіліндегі бұл таңбалардың ғ дыбысымен ауысып икемделу заңдылығы «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігіндегі» кірме сөздің араб тіліндегі нұсқасынан анық көрінеді [5, 135-138-б.]. Сол арқылы AntConc бағдарламасында сөздердің екіге бөлініп, артық токен есептелмеуі қамтамасыз етілді. Көне мәтіндердегі фонетикалық шарттылық дастанның лексикалық ерекшеліктерін анықтауға кедергі келтірмейді.

Сарайи дастанын корпус негізінде зерттеу үшін тек қана дастанның үшінші бабы алынуының негізгі себебі — диссертациялық жұмыс аясында жасалып жатқан «Гүлстан би-т-түрки» дастанының толық корпусының модельдік ішкорпусы немесе пилоттық зерттеу базасы ретінде қарастырылуымен түсіндіріледі. Зерттеу объектісі саналатын үшінші баб тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан тұтас, лексика-статистикалық тұрғыдан репрезентативті, яғни талдау жүргізуге толықтай жеткілікті.

Көне мәтіндер алдын ала өңдеуді қажет етеді. Шағын корпустардың ерекшелігі [ЕНІ — early human intervention] адамның зерттеуге ерте араласа алуына бағытталған. Корпус лингвистикасының негізін салушылардың бірі Дж. Синклердің көрсеткеніндей, шағын корпусты нақты қажеттіліктер үшін тез арада жинауға болады, сондай-ақ оларды жанрлар мен ішкі жанрлардың сипатын ашу үшін бейімдеуге болады [6, 11-б.].

Зерттеу жұмысы корпусқа негізделген лингвистикалық талдау әдісі арқылы жүргізілді. «Гүлстан би-т-түрки» көне жәдігерінің асылмәтініне сандық талдау жасау AntConc бағдарламасы арқылы іске асты [7]. Дастан мәтіні AntConc құралында өңделіп 4699 сөзді құрайтын корпус түзілді. Дастан лексикасының жиілік, статистикалық және контекстуалдық ерекшеліктері талданды.

Зерттеу кезеңдері — мәтінді іріктеу, мәтінді цифрландырып өңдеу, корпус негізінде талдау, нәтижелерді зерттеу және интерпретация жасау кезеңдерінен тұрады. Дастанның үшінші бабы «қәнағәт фәзіләтін айтұр» корпус лингвистикасының әдіснамасына сүйеніп зерттелді.

Дастанның аталмыш бабынан 4699 сөзқолданыстан тұратын корпус түзілді. Корпустағы сөзформа саны 2247-ні құрайды. Ал бір рет қана кездесетін сөздердің саны 1669-ға тең. Бірақ дастандағы әр хикая басталардағы «хикаят» сөзі мен «шиғр» сөзі жалпы сөзқолданыстан алынып тасталды. Себебі бұл сөздерді әр хикая басталар алдында белгіленіп отырған мәтіннің маркері десек те

болады. Бұл Сәйф Сарайдың қолданған сөзін емес, мәтінде қанша хикая мен өлең барын білдіреді.

Сонда, барлығы 4613 сөзқолданыс, 2245 сөзформа бар. Бір рет қана кездесетін сөздердің саны - 1669. Демек, сөзтұлғаның бірегейлігі жалпы мәтінге шаққанда 48,67 пайызды құрайды. Тек бір-ақ рет кездескен сөздердің жалпы саны сөзформа санының 74,34 пайызына, ал барлық сөзқолданыстың 36,18 пайызына тең.

Төмендегі кестеде үшінші баптағы сөздердің жиілік сипаты толықтай көрсетілген:

1-кесте – Үшінші баптағы сөзқолданыстардың қайталану жиілігі

Жалпы сан	Сөз санын пайызға шаққанда	Сөз санын пайызға шаққанда	Сөз санын пайызға шаққанда	Сөз санын пайызға шаққанда
Қайталану реті	1-рет	2-рет	3-рет	4-тен жоғары
4613 сөзқолданыс (Tokens)	36,18 %	12,79%	6,18%	44,85%
2245 сөзформа (Types)	1669/74,34%	295/13,14%	95/4,23%	186/8,29%

Мәтіннің бірегейлігі 48,67 пайызды құрағандығы ақын Сәйф Сарайдың мол тіл байлығынан хабар береді. «Қанағат» тақырыбына арналған баптағы әрбір екінші сөздің қайталанбайтын жаңа сөзформа екенін жоғарыдағы статистикалық мәлімет айқын көрсетеді.

Ақын аруз өнерінің шеберіне тән қасиетпен семантикалық қайталаулардан қашып, синонимдік қатарларды ұтымды қолданады [8, 10 б.]. Мысалы, төл түркілік «көрүклү» сөзін араб-парсы элементіне алмастырып «сахиб жамал» деп берсе, енді бірде метафоралық тенеулермен «жүзі күн», «бұрымы түн» нұсқасында түрлендіріп қолданады. Бірегейлік нәтижесі Татар ақыны Равиль Бухараевтың Сәйф Сарай жайлы «Алтын орданың ең талғампаз әрі көркем ақыны», – деген тұжырымын ғылыми түрде дәлелдейді.

AntConc бағдарламасы арқылы 4699 сөзден тұратын дастанның үшінші бабының ең жиі кездесетін сөздер тізімі анықталды. Төмендегі кестеде ең жиі кездесетін алғашқы 10 сөз берілген. (шиғр сөзі тізімнен алынып тасталды)

2-кесте – Сөздер жиілігі (Word List)

Сөз (Lemma)	Жиілік (Frequency)
кім	135
бір	128
ол	115
дағы	67
айтты	62
еді	60
бұ	56
білен	35
аның	32
көп	29

Зерттеу нысанындағы ең жиі кездесетін лексемалар тізімін есімдіктер (кім, ол, аның), сандық мағынаны білдіретін сөздер (бір, көп), шылаулар (дағы, білен) және етістіктер (айтты, еді) құрайды. Бұл көрсеткіш мәтіндегі баяндау (нарративтік) сипатының басымдығын және хикаяттар желісінің оқиғалық динамика арқылы өрбитінін айғақтайды. Мәселен, «айтты» етістігінің мәтінде 62 рет қайталануы — шығарманың диалогтық формаға негізделгенін айқын көрсетеді. «Кім» есімдігінің нақты бір субъектке қаратылып айтылмай жалпылама мағынада қолданылуы туындының дидактикалық әлеуетін арттыра түседі.

Зерттеу жұмысында Сәйф Сарайдың «Гүлстан би-т-түрки» дастанының 3-ші бабына корпус негізінде талдау жасалды. AntConc бағдарламалық құралының көмегімен нысанның жиілігі мен функциясы анықталды. Корпустық модельдеу және лексика статистикалық талдау шығарманың көркемдік әрі дидактикалық табиғатын жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Құралған 4699 сөзқолданыстан тұратын кіші корпус үшінші бабтың бірегейлік көрсеткіші жоғары екенін көрсетті (48,67%). Бұл көрсеткіш автор тіліндегі лексикалық әртүрліліктің жоғары деңгейін айғақтайды. Жиілік сөздігіндегі алғашқы орынға шыққан «кім» есімдігі мен «айтты» етістігі шығарманың жанрлық ерекшелігін — оның ғибраттық (дидактикалық) сарыны мен диалогтық құрылымын нақты цифрлармен дәлелдейді. Бұл пилоттық зерттеу нәтижелері болашақта дастанның толық цифрлық корпусын қалыптастыруға және оны түркітану бағытындағы құнды лингвистикалық база ретінде қолдануға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. McEnery T., Brookes G. Corpus linguistics and the social sciences / T. McEnery, G. Brookes // Corpus Linguistics and Linguistic Theory. – 2024. – Vol. 20, No. 3. – P. 591–613. [ағылшын тілінде].
2. McEnery T., Hardie A. Corpus Linguistics: Method, Theory and Practice. Cambridge: Cambridge University Press, 2012. 292 p. [ағылшын тілінде].
3. Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://qazcorpus.kz/>
4. Сайф Сараи. Гүлстан бит-түрки («Түркіше Гүлстан») XIV ғасыр // Қазыналы оңтүстік. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2012. – Т. 67. 2-кітап. – 312 б. – (Сер. Түркістан кітапханасы). – ISBN 978-601-205-299-2.
5. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / құраст.: Ш. Құрманбайұлы [және т.б.]; жалпы ред. басқ. Ш. Құрманбайұлы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
6. Sinclair, J. M. Preface / J. M. Sinclair // Small Corpus Studies and ELT: Theory and practice / [edited by] M. Ghadessy, A. Henry, R. L. Roseberry. – Amsterdam ; Philadelphia : John Benjamins Publishing Company, 2001. – P. vii–xv. [ағылшын тілінде].
7. Anthony, L. AntConc [Computer software] : corpus analysis toolkit for concordancing and text analysis / Laurence Anthony. – Version 4.3.1. – Tokyo, Japan : Waseda University, 2024. – URL: <https://www.laurenceanthony.net/software/antconc/>.
8. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 9-т. : Сәйф Сарайи. Гүлстан би-т-түрки / [құраст. Ә. Керімұлы]. – Алматы : «Таймас» баспа үйі, 2010. – 480 б. – ISBN 978-601-264-026-7.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ОРФОГРАФИЯ,
ПУНКТУАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ**

АЛЛАЖАР Н. Ж.

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, ЖМБ НЗМ Павлодар, Павлодар қ.
ЕРМЕКҰЛЫ Е.

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, Шақат ЖОББМ, Павлодар ауданы

Мақалада қазіргі қазақ тілінің функционалдық, орфографиялық, пунктуациялық және терминологиялық мәселелері ғылыми тұрғыдан

сараланады. Жаһандану, цифрландыру және екі тілділік жағдайында тілдік нормалардың өзгеруі, емле ережелерінің сәйкессіздігі, пунктуациядағы вариативтілік мәселелері өзекті ғылыми жаңалықтар негізінде қарастырылады. Болжамдардың негізділігі лингвистикалық деректермен, әлеуметтік сауалнамалармен және корпус тіл білімінің әдістерімен дәлелденеді.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Дегенмен нақты қолданыста әлі де көптеген жүйелі проблемалар бар. Соңғы онжылдықта тіл білімінде әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер мен корпуслық технологиялардың дамуы нәтижесінде бұрын байқалмаған бірқатар үдерістер анықталды. Мақаланың мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі ең өзекті үш саладағы мәселелерді ғылыми негізде талдау: орфография (емле), пунктуация (тыныс белгілері) және терминология.

Қазіргі қазақ тілінің өзекті мәселелері қатарында орфографиялық біріккен/бөлек жазылу нормалары, пунктуациядағы үтір мен нүктелі үтірдің вариативтілігі, сондай-ақ терминология мен цифрлық ортадағы тілдік интерференция ерекше орын алады. Бұл мәселелер тілдік норманың қалыптасуы мен кодификациясындағы қиындықтарды айқындайды. Төменде әр бағыт бойынша жүйелі ақпарат ұсынылады.

1. Орфографиялық мәселелер: біріккен және бөлек жазылу нормалары

1.1. Мәселенің сипаты мен себептері

Қазақ тілінің орфографиясындағы ең күрделі мәселелердің бірі – күрделі сөздердің біріккен не бөлек жазылуының бірыңғай әрі тұрақты критерийінің жоқтығы. Бұл мәселе әсіресе екі немесе одан да көп түбірден құралған сөздердің («ауыл шаруашылығы» немесе «ауылшаруашылық», «қол өнер» немесе «қолөнер») жазылуында айқын көрінеді. Орфография – жазба тілде пайдаланылатын біркелкі жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, ол жазба тілдің нормаларын қарастырады. Алайда қазіргі емле ережелерінде күрделі сөздерді ажыратудың нақты механизмі әлі күнге дейін толық қалыптаспаған.

1.2. Ғылыми негіздеме және зерттеу деректері

Орфографиялық нормаларды кодификациялау мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерде қазақ орфографиясының дәстүрлі және тұрақты нормалары анықталып, жинақталған. Орфографиялық ережелердің 12-і қазақ тілінің өз сөздерінің жазылуына, ал 18-і терминдердің емлесіне арналған. Осындай «қарапайымдылыққа» қарамастан, жазба практикада көптеген қиындықтар туындайды.

Қазақ орфографиясы коммуникативтік кеңістікте қарастырылған зерттеулерде ХХІ ғасырдың басы қазақ тіл білімінің дамуы, қоғамдық сананы модернизациялау саясатымен тығыз байланысты теориялық және тәжірибелік мәселелердің өзектілігі атап көрсетіледі. Сонымен қатар, интернет-коммуникациялардың ықпалымен орфографиялық ережелерде өзгерістер байқалады.

1.3. Ғылыми жаңалықтар мен болжамдар

Қазақ орфографиясы мен орфоэпиялық нормаларын кодификациялау негіздері бойынша дәстүрлі және тұрақты нормалар анықталып, ғылыми мақалалар жинағы және лингвистикалық анықтама дайындалған. Алайда күрделі сөздердің бірігуі мен бөлек жазылуының бірыңғай критерийінің болмауы тілдік норманың тұрақсыздығына әкелуде.

Болашақта күрделі сөздердің жазылуында лексикалық жиілік критерийі негізге алынуы мүмкін. Ұлттық корпус деректері бойынша белгілі бір шекті жиіліктен асатын сөз тіркестері біріккен нұсқада нормалануы ықтимал. Сондай-ақ вариативтілік заңды құбылыс ретінде танылып, екі нұсқаның да норма шегінде қолданылуына жол ашылуы мүмкін.

2. Пунктуация мәселелері: үтір мен нүктелі үтірдің вариативтілігі

2.1. Мәселенің сипаты

Пунктуация – жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің жүйесі. Қазақ пунктуациясында үтір – сөйлем ішіндегі ең көп қолданылатын белгілердің бірі. Ол бірыңғай мүшелерді, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді, төл сөзді, одағай сөздерді бөлу үшін қолданылады. Нүктелі үтір (;) – жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің бірі. Негізінен, жай сөйлемдердің арасына қойылады. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағыналық байланысы ескеріледі. Вариативтілік мәселесі әсіресе күрделі құрмалас сөйлемдерде, төл сөзді безендіруде және бірыңғай мүшелерді ажыратуда айқын байқалады. [1; 13 б.].

2.2. Ғылыми негіздеме

Рәбиға Сыздықтың еңбегінде үтірдің қойылу шарттары нақты көрсетілген: үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады, екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем болса, одан кейін үтір қойылады. [2; 43 б.]. Алайда практикада бұл ережелердің қолданылуында біркелкілік жоқ. Кейбір мәтіндерде бірдей синтаксистік құрылым әртүрлі тыныс белгілерімен безендірілуі мүмкін. Интернет-коммуникациялардың ықпалымен пунктуациялық ережелерде де өзгерістер байқалады.

2.3. Ғылыми жаңалықтар мен болжамдар

Қазіргі қазақ пунктуациясы терминдену мен ғылымилану үдерісінде. Пунктуациялық нормаларды кодификациялау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде. 2022 жылғы зерттеуде мұғалімдердің 62%-ы бірдей сөйлемді әртүрлі тыныс белгілерімен жазып, пунктуациялық біркелкіліктің жоқтығы дәлелденді. Пунктуация ережелерін толық стандарттау мүмкін емес, бірақ ең жиі кездесетін 20 типтік конструкция бойынша ұлттық пунктуация корпусын құру мәселені едәуір азайтады. Цифрлық ортада пунктуацияны автоматты түрде тексеру құралдарын жетілдіру арқылы вариативтіліктің нормалануына қол жеткізуге болады.

3. Терминология және цифрлық ортадағы тілдік интерференция

3.1. Терминология мәселелері

Қазақ терминологиясының қалыптасуы ХХ ғасырдың 30-жылдарынан басталды. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлы сияқты алаш зиялылары термин жасау ісіне елеулі үлес қосты. Қазіргі таңда терминология саласында бірнеше өзекті мәселелер бар.

Қазіргі терминология мәселелері:

– Гибрид терминдер: Шет тілі мен қазақ тілінің элементтерінен құралған гибрид терминдердің көбеюі.

– Варианттылық: Бір ұғымның бірнеше нұсқада берілуі тілдік нормаға теріс әсер етуде.

– Оқулықтардағы терминдердің қолданылуы: Мектеп бағдарламасында термин сөздердің оқытылу жайы мен қолданылуында қиындықтар бар.

– Халықаралық терминдер: Қазақ тілінде «халықаралық терминдердің» пайда болуы және олардың қазақша баламаларының жоқтығы.

3.2. Цифрлық ортадағы тілдік интерференция

Цифрлық технологиялардың дамуы және жаһандану үдерістері қазақ тілінің лексикалық құрамына әсер етуде. Интернет-коммуникациялардың әсерінен сөздік құрам шет тілінен енген сөздермен белсенді толығуда. Желілік коммуникацияның ықпалымен орын алған келесі өзгерістерді 1-суреттен байқай аламыз:

- Орфографиялық және пунктуациялық ережелердің өзгеруі;
- Синтаксистік құрылымдардың жеңілдеуі;
- Көптілді ортаның әсерінің күшеюі;
- Интернет-мемдер, аббревиатуралар пайда болуы;

– Кіріме сөздердің қолданыс аясының кеңеюі.

Жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген бұл сапар барысында оқушылар туған өлкенің бай тарихы мен мәдени мұрасымен танысты. Музей экспозицияларындағы құнды жәдігерлерді тамашалап қана қоймай, заманауи цифрлы мультимедиялық экрандар арқылы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы тың ақпараттар алды.

Цифрлы дәуірдің өкілдері – Альфа ұрпағы үшін мұндай интерактивті форматтағы экскурсиялар ерекше қызығушылық тудырып, білімді заманауи технологиялар арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Балалар тарих пен технологияның үйлесімін көріп, өздерінің таным көкжиегін кеңейтті.

Экскурсия барысында оқушылар тарихи мұраларды құрметтеудің маңызын түсініп, туған жер тарихына деген қызығушылықтарын арттырды. Танымдық саяхат балаларға жаңа әсер сыйлап, жазғы демалыстың есте қаларлық жарқын сәттерінің біріне айналды.

1-сурет – Instagram желісіндегі жазба

Желілік коммуникацияның гибридті, бейімделгіш стилі қалыптасуда. Бұл стиль ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшеліктерін біріктіреді, жоғары дәрежедегі креативтілікпен, экспрессивтілікпен және стилистикалық вариативтілікпен ерекшеленеді.

Қорытынды және практикалық ұсыныстар

Қазіргі қазақ тілінің алдында тұрған басты мәселелер – орфографиялық тұрақсыздық (біріккен/бөлек жазылу), пунктуациялық вариативтілік (үтір мен нүктелі үтірдің қолданылуындағы біркелкіліктің болмауы) және терминологиялық бақылаудың әлсіздігі, сондай-ақ цифрлық ортадағы тілдік интерференцияның күшеюі.

Қарастырылған мәселелер негізінде осындай практикалық ұсыныстар қарастырылды:

1. Жиілік критерийіне негізделген орфографиялық нормаларды қайта қарау
2. Ұлттық пунктуация корпусын құру
3. Республикалық терминологиялық комиссияның жұмысын жандандыру
4. Қазақ тілінің ұлттық корпусын цифрландыру және ашық қолжетімді ету

5. Цифрлық ортадағы тілдік интерференцияны төмендету үшін медиасауаттылықты арттыру

Осы мәселелерді ғылыми негізде шешу – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін нығайтудың, оның даму перспективаларын қамтамасыз етудің басты шарты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» Алматы, 2003ж.
2. Рәбиға Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000, - 532 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. Алматы, 1966
4. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192
5. Қазақ тілінің пунктуациясы: норма және қолданыс. / Жауапты ред. Р.С. Әбдірова. – Нұр-Сұлтан, 2022.

ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАНДЫҚ БОЛМЫС (ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТТІҢ «ҚАРА ПИМА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

АХМЕТБЕКОВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Республикалық физика-математика мектебі» КЕАҚ, Алматы қ.

Ұлықбек Есдәулеттің «Қара пима» шығармасының шындығын бейнелеудегі суреткердің ақындық тұрғысы мен эстетикалық нысанасы, оларды зерттеудің ғылыми негізі аса маңызды. «Қара пима» поэмасында өз кезеңінің қазақ отбасыларының басынан кешкен трагедиясы жан тебіренерлік сезімдермен жырланған. Бұл шығармадағы әр қилы тағдыр сол кезеңнің шындығына сәйкес өте нанымды суреттеледі. Біздің ұғымымызда «қара» сөзінің алар орны ерекше. «Қара тау», «қара жер», «қара шаңырақ», «қара топырақ», «қара түн», «қара көз» болып кете береді. Ал ақын Ұлықбек Есдәулетовтің қазақтың шынайы өмірінен алынған «Қара пима» поэмасы бүкіл қазақ даласын аралап шықты. Оның негізгі арқауы – өмір шындығы. Поэма ғұмырының ұзақ болуындағы екінші себеп аталған шығармаға сазгер Алтынбек Қоразбаевтың ән жазып, оны Алма Аманжолованың орындауы болды.

Қазақ поэзиясындағы трагедиялық ахуал мен қаһармандық рух және оны суреттеудегі ақындық тұрғы мен көркемдік шешім мәселесі – әдебиеттану ғылымындағы күрделі де қиын, мәдени әлеуметтік маңызы жоғары міндет. Поэманы оқи отырып, оқушыға өмір құбылыстарының сипаты байыпталып, олардың әдеби шығарманы оқуға деген ынтасын ояту – әрбір мұғалімнің міндеті.

Әкеміз арақ ішпесе де, біз «Қара пиманы» тыңдап өстік, ондағы өмір таза қазақы өмір, ондағы оқиға құдды біздің ауылда болып жатқандай сезілетін. Тіпті осындай оқиғалар сол кезде қазақ даласының әр қиырында, әр ауылында болғаны шындық. Баланың қиын өмірі кімнің болса да көзіне жас үйретін. Шығармадағы араққұмар әкені жек көріп өстік. «Қара пимада» қоғам, адам, табиғат, ұрпақ сынды төрт тыныс өзара қайшылықты күйде алма-кезек сөйлесіп отырады.

«Алай да дүлей ақ боран,
Ысқырып, ұйтқып, бұрқырап».

Немесе:

«Апшысын жердің қуырып,
Аранын аспан ашқандай.
Ақ бұлттан қылшық суырып,
Алапат күшпен шашқандай».

Поэма осылай басталады. Табиғаттың адамға деген ашуы, ызасын ақын осылай суреттейді. Өмір үшін күрескен, өмір үшін сөніп бара жатқан кішкентай баланың қаһармандық рухы поэтикалық үздік үлгі деңгейінде суреттеледі. «Мынау үй жансыз сықылды, күртікке кеткен көміліп» дегені адамның қауқарсыздығын, жалғыздығын, әлсіздігін айқайлап айтып тұр. Поэмадағы осы жолдардағы үйдің сұрықсыз тартуы, табиғаттың қатып қалуы, жандының жансыздануы секілді бейнелеп беруі оқушыға поэманы әсерлі етіп жеткізеді. Бала кезімізде дискіден осы термені бүкіл ауыл, аудан тыңдап, үлкендер жағы бір жылап алатын. Арақтың қазақ өміріне енгелі бері осындай трагедиялар әр ауылда кездесіп жатты. Қаншама әке «арақты енді қойдым» деп отбасын, өзін, өмірін алдады десенізші?! Бәрі біткен соң «жап-жаңа пима әкелуді» ар санамаған әкелердің кесірінен қанша үй жансыз үйге айналды, қанша бала «Енді маған пиманың керегі жоқ» деп іштен жылады?

«Ішуге сылтау табылар,
Ішемін, – дейді, күйіктен.
Қызған соң айтар әні бар,

«Өмір-ай неткен сүйікті ең!».

деген жолдарға халық басына үйіріліп қонған бұлт та, жүректерге шындықтың найзасындай боп қадалған қаралы хабарды да сыйдырған. Бір отбасының басына түскен қайғының бір үзік көрінісі арқылы жалпыға ортақ трагедияны көрсеткен.

Қалтасын қайта сілкеді,
Қазына тауып алардай.
Көзімен үйді тінді,
Сататын нәрсе таба алмай.

Сол кезеңнің араққа салынған әрбір отбасының тандыры, тапқан таянғанын сатып, балалары қараусыз қалған заманның көрінісі. Ақын әрбір сәтті анық суреттейді.

«Қара пиманың» жазылуы туралы ақын: «Бұл туынды алғаш рет менің жиырма бес жасымда жазылды. Кеңестік заманда қоғам арақтан ада деген ұранмен өмір сүріп, бұл туынды тек терме түрінде ғана тыңдарманын тапты. Екі рет кино түсірілмекші болып жоспарланып, іске аспай қалды», дейді. Қырық жыл бойы қазақ руханиятында сөнбеген жұлдыз сынды жарқыраған «Қара пима» шығармасы әлі де өзекті.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ұлтты сүю әртүрлі» деген тамаша сөзі бар. Ақын Ұлықбек Есдәулетовтің «Қара пимасы» ұлтын сүюдің үлгісінен туындаған туынды. Ол ақын ретінде арақ мендеген қазақ қоғамының бейнесін, ауыр қасіретін ақ қағаз бетінде сөйлетіп, сол арқылы қазақ азаматын, анықтап айтқанда, әр қара домалақ баланың әкесін тәрбиелеуді мақсат тұтты. Кезінде біздің ауылда осы «Қара пиманы» тыңдап, арақты қойып кеткен адамдар көп болды. Соларға әлде біреу «Арақ ішпе» деп арзан ақыл айтса, «әрі жүр» деуі бек мүмкін. Ал «Қара пиманың» оларға әсері өзгеше болғаны шындық.

«Әйнектен сәуле бөлшек боп,
Әкенің түсті шашына.
Бұл әлде оның сол сәтте,
Ағарып кеткен шашы ма?!».

Шығарманың осылай күрделі сұрақпен аяқталуы да заңдылық сияқты. Адамның бір кезде жасаған қателіктері күліп алдынан шығатыны туралы білгісі келген адам болса, «Қара пимаға» құлақ түрсе екен. «Қара пима» қазақ даласындағы қара шұнақ балалардың тағдырын, тауқыметін, болашаққа деген үмітін білдіретін үлкен шығарма.

«Қараса... кеште баяғы...
Пиманы сатып ант ұрған...

Үсіген екен аяғы...

Кесілген екен балтырдан!..»

деген жолдармен поэма аяқталады. Поэманы оқи отырып, көзіңізден жас еріксіз шығады, азалы, қаралы, күніренген әуен естігендей боласыз. Тұла бойыңыз мұздап, бірде таңырқап, бірде сабырлылық бойыңызды билеп алады. Баласының шырылдаған үнін, өмірде деген ынтық жүрегін көресіз. Алайда қу арақтың салдарынан отбасы қайғыға ұшырайды. Баланың бойындағы қаһармандық рухқа теңеуге болады. Анасынан айырлған күйде әкесінің араққа салынуы бала үшін үлкен қайғы. Бойындағы бар күш-жігерімен әкесімен күреседі, әкесінің жаман жолдағы тағдырынан жиіркенеді.

Қазақ поэзиясына ерекше құбылыс болып еніп, бірден жыр-сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленген шығарма. Сезімі ұшқыр ақынның жүрек тебіреністеріне жарқын жол ашқан әсерлі құбылыстар шынайы қуатпен өлеңге өрнек болып түскен. Ақынның шеберлігі арқасында арақтың қасіреті жай ғана «мұң», «шер» боп қатпайды, «сіреу-сіреу» көк мұз боп қатталады. «Қара пима» атауындағы «қара» сөзінің – «өлім бояуы» деген тұжырым жасадық.

Адам баласы үшін өлім жағдайында жатқанына көзі жетіп, соны жан-жүрегімен сезінуден артық трагедиялық ахуал жоқ секілді. Дегенмен осындай күй, осындай сәт уақытында қаһармандық рух сабырлы қалыпта көрініс табатындығы Ұ. Есдәулеттің «Қара пима» поэмасындағы сөздері арқылы өз көрінісін тапты.

Бұл тақырыпқа тыңнан түрен салған ақындардың шығармаларында ортақ нәрсе, пайымды негіз де – өмірді мәңгілік деп түсінбе, өтеді де етеді. Бұл «жалғаншы» дүниеде өзің де, өзге де істеген іс ізгілікке бағытталсын деген ойлармен қауышады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов З. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. -384 б.
2. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997.-296 б.
3. Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сөз.//Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1985. 2-кітап. – 272 б.
4. Есдәулет Ұ. Қара пима <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=93981> 01.09.2022

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМИКАСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН МӘСЕЛелЕРІ

ӘБДУӘЛИҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мақалада қазақ антропонимикасының қазіргі зерттелу бағыттары мен өзекті мәселелері қарастырылады. Қазақ есімдерін тарихи, салыстырмалы, құрылымдық-семантикалық және этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми еңбектерге шолу жасалады. Сонымен қатар араб және парсы тілдерінен енген есімдердің қазақ тіліндегі қызметі мен игерілу ерекшеліктері сөз болады. Қазақ антропонимиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи сабақтастық мәселесінің жеткілікті дәрежеде кешенді зерттелмегендігі айқындалады. Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдер құрамында кездесетін кейбір компоненттердің қолданыс жиілігі және тілдік табиғаты статистикалық деректер негізінде сипатталады. Мақалада ұзақ тарихи даму барысында тұлғалық, мағыналық және қызметтік жағынан қазақ тілінің заңдылықтарына толық бейімделген элементтерді ұлттық есімдердің қатарында қарастыру туралы ұсыныс айтылады.

Зерттеу нәтижелері қазақ антропонимиясының тарихи дамуын жүйелі түрде зерделеуге және антропонимдердің ұлттық-мәдени табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі лингвистикада антропоцентристік парадигманың дамуына байланысты кісі есімдерін зерттеуге қызығушылық артып келеді, соның ішінде семантикалық, құрылымдық және функционалдық тұрғыдан зерделеу біршама зерттеулерде қамтылды. Жалпы алғанда жалқы есімдердің семантикалық құрылымы мәселесіне көп көңіл бөлінді (Т. Жанұзақ, Б. Досжанов, А. Ж. Құлмағамбетова, З. К. Жанғабылова, А. Т. Әлиакбапрова т.б.). Қазақ антропонимикасы тілдік-құрылымдық, әлеуметтік-лингвистикалық және этномәдени аспектілерде дамыды. Жалқы есімдерді зерттеу тарихы алыс ғасырлардан, яғни филологияның шығу тегінен – Платон мен Аристотель заманынан басталады. Содан бергі дәуірлерде дербес ғылым саласы ретінде дараланып шықпаса да, тіл білімінің аясында әркез сөз етіліп келеді. Алғаш жеке ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырған ғалым Т. Жанұзақ 1960 жылы «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер (Лично-собственные

имена в казахском языке)» тақырыбында диссертация қорғағаны белгілі (Жанұзақов, 1960). Осыдан кейін бұл бағыттағы зерттеулер антропонимиканың түрлі аспектілері бойынша жүргізіле бастады.

Тарихи тұрғыдан зерттеу жүргізген алғашқы Т.Жанұзақ қазақ есімдерін төрт дәуірге бөліп топтастырды. Тарихи-мәдени факторларды негіз ете отырып, әр дәуірдегі есімдердің лингвомәдени сипаттамасын жасады (Жанұзақ, 2021, 72-120). Бұдан кейін дәуірлерге топтастырған ғалымдар Т. Жанұзақтың тарихи дәуірлеулерін басшылыққа алды. Түркі антропонимдерінің тарихын зерттеген ғалымдардың бірі – В. У. Махпиров. Оның «Имена далеких предков атты» монографиясы көне және орта ғасырлардағы түркі этномәдениеті тарихының негізгі кезеңдері мен ономастикасының мәселелеріне арналды. Көне түркі этнонимдері мен антропонимдерінің тарихи негіздері мен этимологиясы бойынша жүргізген зерттеулері кешенділігімен ерекшеленеді (Махпиров, 1997). Тарихи жазба мұраларда сақталған және ауызша жеткен көне тұлғалы кісі есімдерінің тарихын Т. Жанұзақовтың дәуірлеуі бойынша топтастыра отырып, Б.Досжанов лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыдан талдаулар жүргізді (Досжанов, 2001). А. Ж. Кулмагамбетова әлеуметтік-саяси өзгерістер мен Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысындағы қазақ антропонимиясының дамуын бейнелейтін бесінші кезеңді қосады да, оны 1986 жылдан басталады деп көрсетеді (Кулмагамбетова, 2007). Қазақ ономастикасының тарихына арналған еңбектердің бірі – С. Иманбердиеваның «Тарихи ономастикалық кеңістік» монографиясы. Зерттеу еңбекте көркем шығармалардағы, поэтикалық ескерткіштердегі онимдердің лингвистикалық мәселелеріне талдаулар жасалды. Бұл еңбекте тарихи ономастиканың өзге мәселелерімен қатар тарихи сабақтастыққа назар аударылады (Иманбердиева, 2010).

Қазақ есімдерін түрлі тілдермен *салыстыра зерттеу* бойынша диссертациялар қорғалды. З.К.Жанғабылова қазақ және түрік тілінің салыстырмалы деректері негізінде етістік тұлғалы антропонимдердің граммтикалық құрылысына талдаулар жасады (Жанғабылова, 2002). Мусабекова У.А. қазақ және орыс тілдеріндегі антропонимдердің шығу уәждеріне талдаулар жасап, этномәдени негіздеріне тоқталды (Мусабекова, 1996). А. Ж. Кулмагамбетова (Кулмагамбетова, 2007), А. К. Мейрбеков секілді зерттеушілер қазақ және ағылшын тілдеріндегі кісі есімдеріне салыстырулар жасады (Мейрбеков, 2014). Т. М. Абдрахманова «Қазақ, орыс, неміс

тілдеріндегі лақап есімдердің ерекшелігіне» талдаулар жасады (Абдрахманова, 2004). Бұл зерттеулердің барлығына тән ерекшелік салыстырамалық және салғастырмалық сипатта жүргізілді.

Араб, парсы тілдерінен енген есімдер туралы да зерттеулер жарық көрді. Қазақ тіліндегі араб текті кісі аттарына Ж. Ағабекова тарихи-этнографиялық шолулар жасай отырып, оларды тақырыптық топтарға бөледі. Алла Тағаланың көркем есімдері мен пайғамбарлар есімдерінің қазақ тіліндегі нұсқаларына тоқталды (Ағабекова, 2005). Ал парсы есімдері бойынша жарық көрген еңбектердің бірі ретінде Н. Оңдасыновтың зерттеулерін жатқызуға болады. Ол қазақша-парсыша түсіндірме сөздігінде сөздердің тізімін ғана беріп қоймай, қазақ тіліне парсы сөздерінің ену тарихы бойынша да ғылыми тұжырымдар жасады. Бұл еңбекте кірме есімдер жинақталған, олардың көпшілігі өмірде болған қазақ қайраткерлерінің есімдері. Екі тілдегі нұсқалары қатар қойылып, практикалық тұрғыдан екінші тілге ауысқандағы дыбыстық өзгерістері көрсетілген (Оңдасынов, 1974).

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі көбіне кешенді зерттеулердің құрамында қарастырылды. Зерттеулердің көпшілігі лингвистикалық және экстарлингвистикалық мәселелерді қатар қамтыды. Мысалы, Г. И. Кульдееваның «Антропонимическая система современного казахского языка» атты зерттеу жұмысында қазақ антропонимиясының тарихи қабаттары, лексика-семантикалық топтары, морфологиялық құрылымы, сөзжасамдық жүйесі т.б. қатар қарастырылған. Өйткені кісі аттарының табиғатын тек лингвистикалық тұрғыдан тану жеткіліксіз, кешенділікті қажет етеді (Кульдеева, 2001). Б. Әбдуәлиұлының зерттеулерінде де қазақ антропонимжасамының құрылымдық жүйесі мен мәдени негіздері қатар қарастырылады (Әбдуәлиұлы, 2010).

Кей зерттеулерде қазақ есімдерінің *этнолингвистикалық негіздері* (Асылбекова, 2006) мен *лингвомәдени жүйесін* (Әшімханова, 2007) талдауларға басымдық берілді. Ал А. Т. Әлиакбарованың «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациясында мәдени сабақтастық мәселесіне тоқталады (Әлиакбарова, 2020).

Қарастырылған бұл зерттеу еңбектер қазақ антропонимиясының тарихи дамуы, құрылымдық-семантикалық жүйесі, этномәдени мазмұны, өзге тілдермен байланысы және кірме антропонимдердің игерілу ерекшеліктері сияқты мәселелердің жан-жақты зерттелгенін көрсетеді. Дегенмен қазақ есімдерінің қалыптасу негіздері және көне мен жаңаның тарихи сабақтастығы туралы мәселелер әлі де кешенді

түрде зерделенуі қажет. Соның ішінде көне түркі антропонимдік қорындағы есімдердің қазіргі қазақ антропонимиялық жүйесіндегі орны, семантикалық трансформациясы мен этномәдени уәждерінің эволюциясы бойынша шешімін таппаған мәселелер бар. Осыған байланысты аталған мақалада көне түркі дәуірінен бастау алатын антропонимдердің қазақ тіліндегі тарихи жалғастығы мен ұлттық-мәдени негіздері антропонимдік деректер арқылы талданды.

Тарихи сабақтастық – ұлттық антропонимикадағы өзекті мәселелердің бірі, өйткені көне түркі жазба деректерінде, шежірелерде және халық қолданысында сақталған антропонимдер толық жинақталып жүйеленген жоқ. Сонымен қатар, Тәуелсіздік жылдарында пайда болған жаңа есімдердің жылдары да нақтыланған жоқ – қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, олардың нақты қай жылы шыққанын анықтауға болар еді. Зерттеу әдістері дамыған сайын тіліміздегі әр есімнің шығу тарихына тереңірек бойлау мүмкіндіктері де арта бермек. Көне түркі жазба мұраларындағы антропонимдердің тарихи негіздері жөніндегі зерттеулер болашақ зерттеулерге негіз ретінде маңызды рөл атқарады. Себебі қазіргі кезде қазақ антропонимиясы елулі дәрежеде өзгерістерге түсті, бұл жағдайда «көне мен жаңаның арасындағы сабақтастықты қай тұрғыдан сөз ете аламыз?», – дейтін сұрақтың туындайтыны заңды. Бұл қазіргі қазақ есімдерінің лексикалық құрамы мен морфологиялық құрылымы арқылы анықталады. Әлем тілдерінен түрлі есімдер сөздік қорға еніп жатқан қазіргі заманда, экстралингвистикалық факторлардың нәтижесінде ат қоюға семантикалық еліктеулердің ықпалы болуы да мүмкін. Сонымен қатар күрделі тұлғалық дара тұлғалық қарай бет қою, жаңа модельдердің жасалуы т.б. секілді жаңа кезең ерекшеліктері көне мен жаңаны салыстыра зерттеудің де өзіндік әдістерін айқындап беретін секілді.

2024 жылы туған сәбилердің ең жиі қойылған 100 есіміне талдаулар жасап көреміз. Мәлімет ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайтынан алынды (<https://stat.gov.kz/instruments/name/>)¹

¹ Есімдер құжатта қалай жазылса, солай берілген. Жазылу ерекшеліктеріне байланысты бір есімнің бірнеше нұсқасы пайда болған да, әрқайсысы жеке есім ретінде тіркелген. Оларды біз жақша ішінде көрсеттік. Мысалы: Айсұлтан (Айсұлтан), Әлинұр (Алинур, Алинұр)

Абдурахман	Әміре	Мұстафа (Мустафа)
Абылай	Дамир	Мұхаммед (Мұхаммед,
Азиз	Даниял	М у х а м м а д)
Айбар	Дарын	М ұ х а м м е д ә л и
Айсұлтан (Айсұлтан)	Диас	(Мұхаммедали)
Алдияр	Д і н м ұ х а м е д	Мұхаммеджан
Әли (Али)	(Дінмұхаммед)	Назар
Алижан	Жігер	Нұрали
Алим	Заңғар	Нұрасыл
Әлинұр (Алинур,	Зейін	Нұрәли
Алинұр)	Ибрахим (Ибраһим)	Нұриман
Альтаир	Имран	Нұрислам
Амир	Иса	Нұрмұхаммед
Амирхан	Ислам	Омар
Ансар (Аңсар)	Исмаил	Осман
Асылжан	Қайсар	Рамазан
Ахмет (Ахмад)	Қасым	Расул
Ахмедияр	Мағжан	Сұлтан
Аян	Мадияр	Тәуекел
Аят	Мансур (Мансұр)	Хақназар
Әбілмансұр	Мирас	Хамза
Әмір	Муслим	

Лексикалық құрамы бойынша бұлардың негізгі бөлігі араб, парсы тілдерінен енген есімдер. Түркі текті және түркімен аралас тұлғалы моделдердің жалпы саны – 26. Соның ішінде таза түркі текті есімдер саны – 16: Айбарыс, Айтөре, Алан, Арлан, Арсен, Аслан, Батыр, Батырхан, Бейбарыс, Бекарыс, Марғұлан, Санжар, Тамерлан, Хантөре, Хан, Арман. Он бірі түркі (қазақ), араб, парсы компоненттері аралас тұлғалы есімдер: Алихан, Арнұр, Асылхан, Әлихан, Әмірхан, Бекнұр, Бексұлтан, Ерасыл, Ерсұлтан, Жантөре. Іштей сараласақ, Ай, Ар, Бек, Ер, Төре, Хан түркі текті, қалғандары Али, Нұр, Асыл, Әмір, Сұлтан, Жан араб, парсы текті компоненттер. Статистикалық ерекшелігі: жалпы түркілік және аралас модельдер – 26 (26%), соның ішінде таза түркі тектілер саны – 16 (16%). Ал таза араб, парсы текті есімдер саны – 84 (84 %). Бұл өте үлкен көрсеткіш. Ұлттық есімдердің үлес салмағының 26%-ға төмендеуі белсенділігінің әлсірегенін көрсетеді. Мұхаммет есімінің қайталану жиілігі – 3343 рет болса, ал Мағжандікі – 301. Бұндай жағдайда тарихи сабақтастық мәселесі туралы қандай қорытынды шығаруға болады? Бір

Түркілердің араб, парсымен тілдік контактілері ұзақ ғасырлар бойы жалғасып келеді. Бұл сөздердің мағыналық және дыбыстық жақтан игеріліп, антропонимдік компоненттерге айналғанына да соншалықты уақыт өтті. Бүгінде түрлі тілдерде шығу тегі қайсысына тән екені белгісіз мыңдаған сөздер ортақ қолданылып жүр, алайда дыбыстық тұлғасы мен мағынасындағы өзгешеліктерді ескере отырып, барлығы оларды өздерінің төл лексикасы санайды.

Бұндай жағдайда белгілі бір ұлтқа тән ерекшеліктерді, құндылықтарды, тарихи жадыны, тілді, дінді, мәдениетті, дәстүрді және ортақ тағдырды сезіну мен мойындау негізінде қалыптасатын ұжымдық сана, яғни ұлттық бірігейлік тұрғысынан келіп, этнолингвистикалық талдауларға иек артамыз. Түркі жұртына, соның ішінде қазір қазақтар мекен етіп жатқан ұлы далаға парсы мен араб мәдениетінің келе бастағанына көп замандар өтті. Қазақтар мен парсылар арасындағы тілдік байланысының бастауы көне түркі дәуіріне, тіпті б.з.д. I мыңжылдықтағы түркі-иран халықтарының қарым-қатынасына дейін барады. Ал қазақ тіліндегі парсы элементтерінің басым бөлігі орта ғасырларда, ислам өркениеті мен түркі-парсы мәдени ықпалдастығы кезеңінде орнықты. Ал араб тілінің элементтері тілмізге VIII ғасырдан бастап ислам дінінің таралуымен бірге ене бастады, ал олардың кең көлемде орнығуы X–XII ғасырлардан, яғни түркі халықтарының исламдану кезеңінен бастау алады. Қазіргі кезде қазақ тіліндегі араб текті сөздер лексиканың маңызды қабатын құрайды. Тіліміз бен мәдениетімізге сіңісіп, дыбыстық әрі мағыналық жақтан игеріліп, өзімдік болып кеткен сөздердің көпшілігі өзінің шыққан тегінен алыстап кетті. Тілдің кірме сөздерді игеру қабілетінің арқасында сөздік қорымыз осылайша сыртқы есептен толығып отырды. Қазақ тілінің сөздік қорындағы араб, парсы қабаты ұлттық бірегейліктің құрамдас бөлігі ретінде түрлі ұғым-түсініктердің құралы қызметін атқарып келеді. Ол ұғым-түсініктің дені ұлттық сипатқа ие, қазақ халқының далалық дүниетанымымен сабақтас. Антропонимдік лексика тұрғысынан да оларды араб, парсыдан гөрі қазақтың ат қою дәстүрімен байланыстыра аламыз, демек тарихи антропонимдік сабақтастық ұғымы тұрғысынан алғанда, көне түркі дәуірлерінен бүгінге жалғасқан есімдердің қатарына антропонимдік қорға сіңісіп кеткен компоненттерді де қосуға негіз бар.

Антропонимдік семантика тұрғысынан оларды былайша классификация жасауға болады.

Діни-исламдық есімдер. Пайғамбарлар, сахабалар, ислам қайраткерлері, діни ұғымдармен байланысты есімдер: *Ибраһим, Иса, Исмаил, Имран, Мұхаммет, Ахмет, Мұстафа, Расул, Әли, Омар, Осман, Хамза, Мүслім, Ислам, Аңсар, Аят, Даниял, Дінмұхамед, Мұхаммедәли, Мұхаммеджан, Нұрислам, Нұрмұхаммед.*

Билік, мәртебе, лауазым атауларына байланысты есімдер. Билеушілік, әміршілік, хандық, сұлтандық ұғымдарын білдіреді: *Абылай, Айсұлтан, Әмір, Әмірхан, Сұлтан, Алдияр, Әбілмансұр.*

Адамның тұлғалық қасиеттерін білдіретін есімдер: *Айбар, Аян, Әзиз, Дарын, Жігер, Қайсар, Мансұр, Тәуекел, Заңғар, Зейін.*

Нұр, жарық, рухани тазалық мағыналы есімдер: *Әлинұр, Нұрәли, Нұрасыл, Нұриман, Нұрислам, Нұрмұхаммет.*

Асылтектілік, қадір-қасиет мағынасындағы есімдер: *Асылжан, Нұрасыл, Әлижан, Мағжан.*

Білім, ғылым, ақыл-парасат ұғымындағы есімдер: *Әлім, Дарын, Зейін, Назар.*

Тарихи тұлғалар мен ислам тарихындағы белгілі адамдардың есімдері: *Абылай, Әли, Ахмет, Даниял, Ибраһим, Имран, Иса, Исмаил, Қасым, Омар, Осман, Хамза, Мансұр* (қазіргі ұғымында діни және түркілік есімдер, тұлғалар қатар тұрады).

Отбасы, мұрагерлік, ұрпақ сабақтастығы ұғымындағы есімдер: *Мирас, Қасым, Әлижан, Мұхаммеджан.*

Табиғат, ғарыш, биіктік ұғымындағы символдық есімдер: *Әлтайыр* (жұлдыз атауы), *Заңғар* (биіктік).

Топтастыру қазақ антропонимиясының лексика-семантикалық мазмұнының негізінде жасалды. Этимологиялық мағынасы мен қазіргі антропонимдік мағыналары арасындағы ерекшеліктерінен дамуы барысында олардың шығу тегінен алшақтап, жаңаша мағына ие болғанын және қазақ антропонимжасамының заңдары бойынша игерілгенін көруге болады. Мысалы, Аңсар мен Ансар есімдері қазір бір-біріне сіңісіп кеткен есімдер. Біреулер оны «аңсау, сағыну» мағыналарымен байланыстырса, енді бір атқоюшылар исламдағы қауымның атауы ретінде таниды (н мен ң дыбыстарындағы айырмашылықтар ескеріле бермейді). Ал Абылай ханның есімі ерекелетуден шыққан, яғни Әбілмансұрдың екінші сыңары қысқартылып, бірінші сыңарына «-ай» қосымшасы жалғану арқылы жасалған. Қосымшаның (-ай жуан тұлғалы) дыбыстық ықпалымен Әбіл Абылға өзгерген. Түркиядағы қазақтар арасында «Әбілей» дейтін жіңішке нұсқасы кездеседі. Есімдердің сабақтастығындағы келесі бір ерекшелік – олардың жаңғыруы. Мысалы, Хамза –

Ислам қайраткері, Хамза Есенжанов – қазақ жазушысы, Ахмет – пайғамбардың лақаб есімі, Ахмет – қазақ халқының ұлттық қайраткері. Кейінгі нұсқалары қазақтың тарихи тұлғаларының есімі ретінде жаңғырған. Демек, араб, парсыдан еніп, қазақ халқының ұлттық тілінен, ділінен, дінінен орын алған мұндай есімдердің терминдік атауы «кірме» болмауы тиіс. Олар тарихи есімдердің қатарында жүздеген жылдар бойы мәдени-танымдық ұғымдардың атауы ретінде қызмет етіп келді, төл компоненттермен бірігіп және өзара бірігіп, жаңа моделдер жасады. Қызметі, тұлғасы, мағынасы ұлттық тілімізбен үйлесіп, қазақтық болмыста жаңаша сомдалды, демек мың жылдан аса тарихымызбен тамырласып кетті.

Қаржыландыру көзі

Мақала ҚР ҒЖБ АР23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты мемлекеттік гранттық (2022-2024 жылдарға арналған) жоба аясында әзірленді

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абдрахманова, Т.М. (2004). Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдерінің ерекшелігі. Тілтаным, 4, 129–134.
- 2 Ағабекова, Ж.А. (2005). Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты (Кандидаттық диссертация). Алматы.
- 3 Асылбекова, Н.Ө. (2006). Кісі есімдерінің уәжділігі және танымдық сипаты (Кандидаттық диссертация). Алматы.
- 4 Әлиакбарова, А.Т. (2020). Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация (PhD диссертациясы). Алматы.
- 5 Әшімханова, Ф.М. (2007). Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі (Кандидаттық диссертация). Алматы.
- 6 Досжанов, Б.Ә. (2001). Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер (Кандидаттық диссертация). Астана.
- 7 Жанғабылова, З.К. (2002). Етістік тұлғалы антропонимдер (түрік және қазақ тіл деректері негізінде)(Кандидаттық диссертация). Алматы.
- 8 Жанузаков, Т. (1960). Лично-собственные имена в казахском языке (Автореферат кандидатской диссертации). Академия наук КазССР, Институт языка и литературы.
- 9 Иманбердиева, С. (2010). Тарихи ономастикалық кеңістік (X–XIV ғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). Сөздік-Словарь.

10 Кульдеева, Г.И. (2001). Антропонимическая система современного казахского языка (Докторская диссертация). Казанский государственный университет.

11 Кульмагамбетова, А.Ж. (2007). Языковая картина мира в антропонимах английского и казахского языков(Автореферат кандидатской диссертации). Алматы.

12 Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (n.d.). Антропонимдер бойынша статистикалық деректер. Қаралған күні: 11 маусым 2026 ж.

13 Махпиров, В.У. (1997) Имена далеких предков. Алматы.

14 Мейрбеков, А.К. (2014). Қазақ және ағылшын тілдеріндегі антропонимдердің ұлттық-мәдени көрінісі(PhD диссертациясы). Алматы.

15 Мусабекова, У.А. (1996). Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков (Кандидатская диссертация). Алматы.

16 Мұсабаева, М.Д. (1995). Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы (Кандидаттық диссертация). Алматы.

17 Ондасынов, Н.Д. (1974). Қазақша-парсыша түсіндірме сөздік. Алматы.

АХМЕТ ЯССАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ

ӘДІЛХАНҰЛЫ А., ДЖАДГЕРОВА Ж.
студенттер, Астана Медициналық Университеті, Астана қ.

Ахмет Яссауи – түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне машһүр болған ойшыл қайраткері. Ол мұсылман қауымының дәстүрлі қағидаларын жырлаған сопылық әдебиетін түркі халықтары арасындағы мейлінше танымал, ірі өкілдерінің бірі болды. Ахмет Яссауи кезінде «жахрия» (экстаз) немесе «Яссауия» деп аталып кеткен сопылық-мистикалық, ағымның негізін қалады [2,188-б.]. Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзияның, дуалы ауыз данышпан, кемеңгер ақын Ахмет Яссауи 1093 немесе 1094 жылы Испиджаб (Сайрам) қаласында

туған. Ахмет ел ішінде әділдігімен де аты шыққан адам. Шешендігі мен ақылгей даналығы оны жерлестері арасында сый-құрметке бөлейді. Ахмет айтып еді деген қанатты, ғибратты, діни өсиет-насихатқа толы сөздер елден-елге тарайды [1, 74 б.]. Шығарманың мазмұны мен поэтикасы Қылуette ғұмыр кешкен он жылдың ішінде Қожа Ахмет өзінің атакты «Хикмет» («Даналық сөздер») деп аталатын циклді өлеңдерін жазған. Акын өз бәйіттерінде:

Күл қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман.
Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен,
Пәрмен болса өлгенше жырласам мен, –

деп, даналық сөздерінің 4 мың 400 жол екендігін ескерткен [1, 75-б.].

Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің жанрлық табиғаты тақуалық ғұмыр, ғаріп, пақыр, жетімдерге пана болып, камқорлық жасау, Алла елшісінің жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу һәм Құрани кәрімнің, сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті хадистеріндегі өсиетнамаларды еске түсіреді. Сақып келгенде ұлы акын бұрынырақ ғұмыр кешкен мұсылман шығысының ойпаздары мен даналарының көміл адам тәрбиелеу туралы идеясын алға тартады, әрі ол сопылық тағылым, дәстүрмен сабақтасып жатыр [1, 78-б.].

«Даналық кітабында» негізінен төрт нәрсе мадақталады. Олар: «шарифат» – ислам заңдары мен әдет-ғұрпының жинағы, «тарикат» – сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты, «мағрифат» – дін жолын танып, оқып білу; «хакикат» құдай және оған жақындау. Ахмет Яссауидің ойынша, «Шарифатсыз» «тарикат», «тарикатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хакикат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады [2, 189 б.]. Қожа Ахмет базбір хикметтерінде надандарға сөзінді қор етпе, мейірімсіздерден қайырым күтпе, кісі ақысын жеме, арамдықпен мал жима, өтірік айтпа, дүние-байлыққа қызықпа, оның бәрі өткінші, мәңгілік ештеңе жоқ, дүние жалған ешкімге де опа болған емес, дүниеқоңыздықпен мәңгілік өмір сүргісі келген һарун (қазақ түсіндігіндегі Қарынбай), пырғауындар заманындағы Хоман, немесе халық сүйіктілері Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн қайда қазір, олар неге мәңгілік ғұмыр кешпеді, Алланың қаһары түссе, бәрі де бір сәтте-ақ жермен-жексен болады бірдей отырып, жұпыны өмір, қанағатшылдыққа, кедейлікке арланбауға, басқа түскен ауыртпалықты мойымай көтеруге шақырады һәм қолына тәспі ұстағанымен көззап аулына тұрақтаған молда, муфти, қазы,

имам, арам әмірші, қиянатшыл бастық, дәруішпін деп елді алдаған ашкөздерге күндердің күнінде зауал болмай қоймайтынын ескертеді [1, 79-б.].

Идеялық өзегі әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды Ахмет Яссауи ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге әрекет жасады. Соның өзінде, акын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап, халық мүддесін ескергісі келмеген тәкәппар жандарды әшкерелеп отырады. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді:

Ғаріп, пақыр жетімдерді қылған шадман,
Құлдық қылып, ғазиз жанды еткін құрбан.
Тағам тапсаң, шын пейілмен күткін мейман,
Халықтан естіп бұл сөздерді айттым, міне...
Ғаріп, тақыр жетімдерді әркім сүйер,
Риза болар ол пендеге паруәрдігер.
Ей, бейхабар, болма күмән, сені асырар.
Хақ Мұстафадан естіп, айттым мұны...
Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені сөз деме,
Кісі малын сен жеме, сират көпірінде тұтар.
Әйелін, қарындас, ешбір болмас ол жолдас,
Әлек болып ғаріп бас, өмірің желдей өтер...

Ясауи тарикатының және осы тарикатқа кірген түркі сопыларының ерекшеліктерінің бірі - «зікірі әррә» атымен әйгілі болған зікір. Зікір салушының тамағынан араның даусына ұқсас дауыс шығатын болғандықтан «зікірі әррә» (ара зікірі) деп аталған. Аңыз бойынша Қызыр Әлейкум-сәләм бір күні Ахмет Ясауимен сұхбат етуге келіп, әдетте көңілді, ақжарқын Қожаны сол күні қайғы-мұңға толы халде көреді. Таңырқап себебін сұрайды: «Мынадай жоғары хал мен мақамға жеткен кезде қайтаруының, мұңға басуының себебі не?» Қожа сол кезде: «Дәруіштердің ішкі дүниелерін, көңілдерін, қайғы-мұң жаулапалған. Сол қайғы-мұң түндігін түру мүмкін емес екендігін көріп, мен де мұңаймын» – деп жауап береді. Сол кезде Қызыр Әлейкум-сәләм, «Ах, ах!»-деп Аллаһты зікір ете (еске түсіре) бастайды. Қайғы-мұңның ізі де қалмайды. Содан кейін бұл зікір ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға беріліп әдетке айналды. Міне Ясауи тарикатындағы «зікірі әррәнің» негізі мен Ясауи және ясауилікке енуі аңыз бойынша осылайша болған және негізінде Ясауи тарикаты да Жахриядан болып есептеледі [3, 107-б.].

Ақын хикметтерінің бірқатары ғашықтық жайын да сөз етеді. Ясауидің адам туралы ілімі гуманизмнен алдеқайда кең, әрі терең. Оның ілімінің негізінде ғашықтық пен махаббат жатыр. Бұл жай ғана махаббат емес, Кұдайға деген ғашықтық. «Кұдайлық ғашықтық» деп тәңірді, адамды, жалпы жаратылғандарды қандай да бір пайда немесе ішкі есеп үшін емес, Ұлы тәңір үшін сүюді айтамыз. Міне, осындай махаббат қана адамды адамдық санаға, адам деген құрметті атқа лайық болуға бағыттай алады. Адамның адамдығы осы махаббатқа бағыттайтын негізі ұстындар мен ой-пікірлерді сезім мен ойда, көңіл мен тілде, сана мен іс-әрекетте, ғибадат пен сенімде адамдық және қоғамдық әлемдерді тәңірлік өлшемдермен үйлестіріп, үндестіре білуінен көрінеді. Яғни адам мен тәңір арасын алшақтатпай, әрбір нәрсені таңірден келгендей киелі деп ұғу керек. Өйткені барлық нәрсе тәңірдің ісі, оның шеберлігі мен құдыретінің нәтижесі болғандықтан құрметтелуі керек. Тәңірге тікелей барар жол тек қана адам мен қоғам арқылы етеді. Бұл тәңірге барар тура жол. Олай болса, әр жерде, әр нарседе тәңірді көре білу - Ясауидің хәл ілімінің негізгі ұстыны болып табылады [4, 177-б.]

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық діні оның шәкірттері арқылы Еуразия аумағына таралып, түркі халықтарының салтына сіңіп кеткен болатын. Оның «Диуани Хикмет» жинағы түркі халықтарының рухани-поэтикалық санасына орасан зор ықпал еткен шығарма ретінде ерекше орын алады. Ясауидің ілімін Орта Азия аумағына дәріптеген маңызды тұлғалардың бірі, Ясауидің тікелей шәкірті Сүлеймен Бақырғани. Бақырғани «Хаким ата» деген атпен белгілі ғұлама ақын. Ол өз шығармаларында Ясауи поэтикасының ырғақ-ұйқас жүйесін сақтап, зікір, тәубе, дүниеден безу, Алланың жақындығын іздеу секілді идеяларды қозғайды.

Қазақ ақын жыраулары арасында Қожа Ахмет Ясауиге деген құрмет аса биік. Мысалы, Асан Қайғының атына қайғы сөзінің жалғануын ғалым Д.Кенжетай «Жалпы Ясауи жолындағылар – уайым, қайғы иесі болуды естілік деп таниды. Ясауий тарикатының ерекшеліктерін «Жауахир-ул Абрар мин амуажәил Бихар» еңбегінде жазып қалдырған суфидің де лақап аты - Хазини (Қайғы), сонымен қатар XV ғасырдағы қазақ данасы Асан Қайғының да осы жолдың өкілі екені анық» деп Асан Қайғыны Ясауидің сопылық ілімі өкілі екенін алға тартады. Сондай ақ Асанның шығармаларында да сопылық идеялар айқын білінеді [5, 156-б.].

Шалкиіз ақын да өзінің шығармаларын Ясауи ілімінің идеясына ұқсас көзқараспен толықтырған. Оның ішінде адам мәселесі,

жақсы және жаман адамды айыруда, ақыл мәселесімен кез-келген қиындыққа сабырлықпен, шыдамдылықпен қарау керектігі жайлы идеялар Ясауи көзқарасымен тұспа-тұс келеді. Ясауи идеясы бойынша адам Алланың берген өмірін маңдайыма жазылған деп көне бермей, әрдайым сынақтан шығар амал іздеуі қажет екені айтылса, Шалкиіз ақынның да шығармалары осындай идеяларға негізделеді. Шалкиіз ақын Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарасымен түркі халқының рухани көзқарасын ұштастыра білген тұлға екенін ақынның өлеңдері арқылы біле аламыз. Мысалы, ақын өз өлеңдерінде діни идеялармен қоса «Алла» сөзінің орнына «Тәңір» сөзін қолданатынын алға тартуға болады [5, 159-б.].

Өзінің шығармаларымен бірге мінезінде, өмір салтында Ясауи ілімі сіңірілген тұлға Доспамбет жырау. Доспамбетте түркі рухани мәдениетін Ясауи ілімімен ұштастыра білген тұлға. Оның шығармаларында «Тәңір» сөзі «Алла» сөзімен қатар қолданылған, Ясауи ілімін ұстанғанымен, жылау атақты батыр, сыйлы тұлға бола тұра өз шығармаларында бидің баласындай бола алатынын, бірақ хан баласындай бола алмайтынын айтып өзінің түркі халқының салтында орныққан дәстүрлі қағидасына мойынсұнғанын көрсетеді [5, 167-б.]. Сондай ақ жырау өлімнен қорқудың қажет емес екенін алға тартып, өмірді арлы іспен сүріп, өлімді Алламен қауышу деп түсіну қажеттігін алға тартады.

Одан бөлек қазақ халқының Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Ақтан Керейұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Молда Мәди Меркішұлы, Қызыл жырау, Балмағамбет Балқыбайұлы, Сүгір Бегендікұлы, т.б. Ақындар Қожа Ахмет Ясауиге арнап шығармалар жазып, пір тұтқан. Осылайша Қожа Ахмет Ясауиге және оның сопылық іліміне деген қазақ ақын жырауларының құрметі өте жоғары [6, 238-б.].

Хәкім Абайдың бойындағы үлкен ерекшелігі оның жаратылыстан мән іздеуінде. Абай атамыздың «ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін» деп қалдырған жазбаларынан ақынның сөз астарына бейім екені көрінеді. Оның барлық болмыстың түп иесі тәңір деп тануы оның сопылық дүниетаным өкілі, Ясауидің мұрагері екендігін айқындайды. Абайдың ойынша адамның басты адамдық құндылығы оның жүрегі арқылы түп иесін тануында. Сондай ақ Абайдың тәңірді тануы Ясауидің хал іліміндегі «мағрифатуллаһ», яғни құдайлық танымға негізделген. Ол адамның ақылы шектеулі, ал Алла шексіз, шектеулі ақыл шексіздікті анықтай алмайды, тек белгілері арқылы біледі деген. Сондай ақ, «Ақылдың

жетпегені арман емес, құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын» деген Абай өзінің құмарсыз, еш ойсыз намаз оқуды құп көрмейтінін, шын мәнінде намазда да бір хикмет барын, намаз оқуда соны іздеу қажеттігін жеткізгісі келген. Абайдың ойынша тәңірді тануға адамның ойы жетпеседе, терең ой арқылы оны тануға талаптану қажет. Терең ой сопылықтың маңызды ұстанымдарының бірі. Сондай ақ Яссауи ілімінде адамның өз мінін түзеп, өзін-өзі түзетуге ұмтылу жайлы жиі айтылған. Абай «тіршілікке көңіл бөлмейтін пенде жоқ, бірақ ең бастысы өз мінін білу керек. Адам өз мінін көріп білу үшін де, терең ойға түсуі керек» десе, Шәкәрім «Өзінің мінін көре білу үшін «сын көз» керек» деп Яссауимен үндестік танытқан[4, 256-б.]. Абай атамyzдың қара сөздерінде көп айтылатын тақырыптар жүректің тазалығы, адамның өзін-өзі тануы - бұл тасаввуф өзегі болса, «Дүние сүйген жарда өтер, доста өтер» деп Абай атамyz «зухд», яғни дүниеден безу философиясына меңзеп, өтпелі дүниеге салынбау керктігін алға тартады. Одан бөлек Абай өз замандастарын әрдайым надандықтан шығаруға талпынып, Орыс, Шығыс ойларын қазақ даласына жеткізіп, халқына қызмет көрсеткен. Бұл Яссауи сопылық ілімінің басты ұстанымдарының бірі.

Абай сопылық дүниетанымдық ойлау жүйесі арқылы өз халқын бақытқа бағыттаған дана болғанымен, ол тариқат жолына түскен сопы болмаған. Ал Шәкәрім, Абайдың шәкірті әрі туысы, әрі сопы, әрі сопылық дүниетаным бойынша ой толғаған әулие болған [4, 272 б.]. Шәкәрім Абай дүниеден өткен соң жалғыздықты тандап, адамдардан безген. Оның «Үш анық» философиялық прозалық трактаты, яғни кітабында Батыс ойшылдарын(Юнг, Руссо, т.б.), Шығыс ғалымдары мен Құранды дәлел ретінде келтіріп, Алланың бар екенін, Жанның мәңгілігі екенін, ар-ожданды ұстану қажет екендігін дәлелдейді. Осылайша ұлы Абай мен оның шәкірті Шәкәрім, Яссауи бабамyzдың сопылық ілімін талдап, оны өзгелерге ұсына білген тұлғалар екенін, қазақ қоғамында көптеген ақындар мен жыраулардың сопылық ілімнен хабардар болып, оны қоғамға сай дәрежеде ұсына алғанын, Яссауи бабамyzдың пірін сыйлағанын білеміз.

Кез-келген ұлтты қалыптастыратын екі негізгі тірегі бар. Оның бірі дін, ал екіншісі сол ұлттың тілі. Өткен жылдарда, коммунистік жүйеде түркі халықтарына көрсетілген қысым салдарынан біз өз рухани құндылығымызды әлсіретіп алдық. Бұл қысымның негізі батыстың маркстік тарихи ағымдар диалектикасы негізінде пайда болған, адамзатты ескінің қараңғылығынан құтқаруды мақсат еткен интернационалдық-гуманистік доктрина болатын. Бұл идеялар

Батыс елдерінде жеңіл қабылданғанымен, Шығыстың мәдениеті оны қабылдай алмады. Бүгінде Егемен Қазақстан үшін Яссауи сопылық көзқарасы өте өзекті. Басқа көзқарастағы идеологияларды қоғамға күштеп қабылдату құдайлықта, пайғамбарлыққа да жат нәрсе. Бәлкім сол себептіде Шығыс мәдениетін өзіне сіңіре білген түркі қоғамы коммунистік идеологияларды аса жеңіл қабылдай қоймады. Ал, Яссауи дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы көшпелілер арасына ислам құндылықтарын табиғи үйлесімділік методы болып табылатын аксиологиялық үндестік пен сұхбат арқылы сіңіре білді. Оның іліміндегі негізгі мақсат адамды кемелдікке жеткізуге бағытталған хал ілімі болатын. Ол осы ілімдіде, моральдық-құндылықтарды да дәстүрді түркілік ескі құндылықтармен үндестіріп, түркі халқының рухани мәдениетінде эволюция жасады. Сондай ақ, Яссауи ілімінің тағы бір маңызды тұсы, бұл ілімнің идеясы кез-келген дінмен бағыттан жоғары болып, еш дінмен бәсекелеспей, жеке адамның кемелденіп, тәңірге деген жақындыққа ұмтылуында жатыр. Осы тұста Яссауи Хикметтерінде «кәпір де болса берме зарар» деген, Абай атамyzдың «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөздерін дәлел ретінде қолдансақ болады. Яғни, сопылық жолында адам басты назарды өзіне бұрып, өзгелерді діні, не тілі үшін жек көрмеуі қажет. Сондай ақ, Яссауи ілімі Аллаға деген ғашықтыққа негізделген. Себебі, ғашықтық адамға жауапкершілік пен иманды сезініп, Алланы шын көңілімен іздеуге негізделген. Осылайша Яссауи бабамyzдың сопылық ілімі адамды «Кемел адам» дәрежесіне жеткізуді мақсат етіп, адамды имандылыққа шақыру арқылы мәдениетімізді жаңа сатыға көтергенін білуге болады [4, 299-б.].

Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» жинағымен, оның сопылық ілімі түркі халықтарының рухани-поэтикалық мұрасында ерекше орын алады. Хикметтің идеясы адамды кемелдікке жеткізу, рухани жетілдіру. Ал адамның рухани жетілуінде шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқаттың маңызы Яссауи ілімінде талданды. Сондай ақ нәпсіні тәрбиелеу, Аллаға деген шексіз махаббат, дүниеден безу, адамсүйгіштік секілді идеялар ақынның ілімінде бір-бірімен байланыстырылды. Яссауи мұрасының ықпалы тек өз дәуірімен шектелмей, ғасырдан ғасырға жалғасып, Сүлеймен Бақырғани сынды шәкірттері арқылы Орта Азияға таралса, қазақ ақын-жыраулары сопылық ілімнің өзегін өз шығармаларында жалғастырды. Қазақ халқының көзін ашқысы келіп, бар ілімін көпке паш еткен Абаймен, оның шәкірті болған Шәкәрімде Яссауи ілімімен өз ойын үндестірген. Осылайша, Яссауи ілімі жәй ғана

ортағасырлық проза емес, түркі халқының рухани құндылығын жаңғыртып, бірлігін сақтай білген, ұрпақтан-ұрпаққа адамгершілік пен имандылық жолын нұсқай білген мәңгілік мұра екенін білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы:Рауан, 1995. – 73–93 б.
- 2 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы:Ана тілі, 1991. – 188–194 б.
- 3 Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындары. – Түркістан:Туран баспасы, 2016.
- 4 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы. – Алматы:Арыс баспасы, 2008. – 360 б.
- 5 Кенжеғараев Н. Жыраулар поэзиясы поэтикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 201 б.
- 6 Яссауи феномені. Отбасы хрестоматиясы. /Авторлар: С.Керімбай, М.Төлеген, Ә.Нәби, А.Тасболат. 4-басылым. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2022. –452 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ПОЭТИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІ

БАРАТОВА М. Н.

к.ф.н., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ПАЗЫЛ А. К.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) – қазақ руханиятының тарихындағы қайталанбас тұлға, оның шығармашылық мұрасы ұлттық болмыстың, дүниетаным мен көркемдік ойлаудың энциклопедиялық жиынтығы іспеттес. [1,45-б.]. Ақын, тарихшы, философ, әулие-сопы ретінде танылған Мәшһүр Жүсіптің сан қырлы таланты қазақтың дәстүрлі шешендік өнерін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оған терең интеллектуалдық және рухани-мистикалық мазмұн дарытты. Соңғы жылдардағы зерттеулерде Мәшһүр Жүсіптің ақындық поэтикасы, фольклорлық мұраны жинаудағы еңбегі, тарихи көзқарастары жіті қарастырылып келеді [2, 156-б.]. Дегенмен, оның шығармашылығының өзегі – шешендік өнер ретіндегі табиғаты, әсіресе осы өнердің ұлттық поэтикалық моделінің теориялық негіздері әлі күнге дейін арнайы зерттеу

нысанына айналған жоқ [3,73-б... Бұл мақала осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Біздің мақсатымыз – Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шешендік поэтиканы тұтас әрі бірегей ұлттық модель ретінде жүйелеп, оның құрылымдық деңгейлерін, семантикалық қабаттарын және функционалдық ерекшеліктерін ашып көрсету. Зерттеудің өзектілігі – жаһандану дәуірінде ұлттық мәдени кодты сақтау мен қайта жаңғырту мәселесінің өткірленуімен және төл тарихымыздағы тұлғалардың интеллектуалды мұрасын терең игеру қажеттілігімен айқындалады.

Мәшһүр Жүсіптің шешендік өнерінің ұлттық моделі үш іргелі бастаудың тоғысуынан қалыптасқан күрделі синтезді білдіреді. Бірінші бастау – қазақтың дәстүрлі би-шешендер институтының бай мұрасы. Қазақ қоғамында би-шешендер дау-дамайды шешуші төреші, қоғамдық пікірді қалыптастырушы көшбасшы, халық даналығының жүргізушісі болды [4, 55-б.]. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Шешендік сөздер» топтамасында осы дәстүрді жалғастырып, оны жаңа тарихи кезеңнің күрделі мәселелеріне бейімдейді. Ол бұрынғы шешендер сияқты құқықтық-этикалық мәселелерді ғана қозғап қоймай, отаршылдық, әлеуметтік теңсіздік, рухани азғындау секілді заманауи тақырыптарды қамтиды. Мысалы, «Қалқаман-Мамыр» дастаны – бұрынғы билер сотының үлгісіндегі сюжеттік желіні пайдаланса да, оның түпкі идеясы дәстүрлі құқықтың ізгілік пен мораль алдындағы дәрменсіздігін сопылық тұрғыдан сынауға құрылған [5, 124-б.].

Екінші бастау – сопылық таным мен рухани ұстаздық миссия. Мәшһүр Жүсіптің шешендігі тек қана зайырлы білім мен логикаға ғана емес, иррационалды танымға, рухани аянға (көріпкелдік, илһам) негізделген. Абай ұсынған ақын-шешен тұлғасынан Мәшһүр Жүсіп үлгісінің түбегейлі айырмашылығы да осында [6, 215-б.]. Егер Абай ақынды «сыншыл ақыл иесі» деп таныса, Мәшһүр Жүсіп өзін «ғайыптан хабар беруші», «көріпкел әулие» ретінде позициялайды. Бұл оның шешендік сөздеріне ерекше киелілік, бұлжымас уәж сипатын береді. Дәстүрлі би «жүйрік сөз, тапқыр ой» арқылы жеңсе, Мәшһүр Жүсіп «көкірек көзімен» көрген ақиқаттың куәсі ретінде сөйлейді. Осылайша, оның шешендік моделінде сөз – тек коммуникация құралы емес, рухани энергия, күдіретті күш (киелі сөз) ретінде ұғынылады.

Үшінші бастау – жазбаша шығыс әдебиеті мен араб-парсы поэтикасының ықпалы. Мәшһүр Жүсіп – медреселік білім алған, шағатай, парсы, араб тілдеріндегі классикалық мұраны терең

меңгерген ғұлама [1, 73-б.]. Ол Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін, Сопы Аллаяр шығармаларын, Физули, Науаи поэзиясын жадында сақтап, өз шығармаларында олармен үндестік тапты. Бұл оның шешендік поэтикасына күрделі символизм, көп қабатты аллегориялық ойлау жүйесін алып келді. Ауызша шешендік дәстүрге жазбаша поэзияның эстетикасын сіңіру – Мәшһүр Жүсіп моделінің ең елеулі инновациялық сипаты.

1-кесте – Дәстүрлі би-шешендер мен Мәшһүр Жүсіп шешендік үлгілерінің салыстырмалы сипаттамасы

С а л ы с т ы р у критерийі	Дәстүрлі би-шешендер моделі	Мәшһүр Жүсіптің шешендік моделі
Бедел көзі	Әлеуметтік мәртебе, атақты шежіре, билік институты, тапқырлық.	Рухани таным (сопылық), киелі сөз иесі (Құдайдан келген аян), әулиелік харизма.
Негізгі қызметі	Дау-дамайды шешу, әлеуметтік реттеу, құқықтық-этикалық нормаларды бекіту.	Рухани-адамгершілік тәрбие, эсхатологиялық ескерту, ғаламдық әділетті уағыздау, катарсистік әсер беру.
Т і р е к концептілері	Дау, жөн, жарғы, әдет-ғұрып, ата мұра, билік кесімі	Ақиқат, жалған, өлім, ғашықтық, көңіл, ғайып, кемел адам (инсан камил)
Ойлау жүйесі	Рационалды-логикалық, казуистикалық, прецеденттік	Мифопоэтикалық, діни-символикалық, иррационалды-интуитивтік (көріпкелдік)
Ш е ш е н н ің позициясы	Нақты рудың, жүздің өкілі; тараптар арасындағы төреші	Бүкіл халықтың, тіпті адамзаттың ұстазы; Алла мен пенде арасындағы делдал, пайғамбар ізбасары
К ө р к е м д і к тәсілдер	Мақал-мәтел, нақыл сөз, шешендік толғау, даудың композициялық құрылымы	Сопылық символизм, күрделі аллегория, формулалық жүйе, зікір әуеніне жақын ырғақ, ішкі диалогизм

Мәшһүр Жүсіптің шешендік поэтикасын талдау оның төмендегідей құрылымдық-семантикалық деңгейлерден тұратын тұтас әрі иерархиялы модель екенін көрсетеді:

Мифопоэтикалық және діни-символикалық негіз. Модельдің іргетасы – архетиптік бейнелер мен діни-символикалық ұғымдар жүйесі. Мәшһүр Жүсіп сөздеріндегі «дүние», «өмір», «өлім», «ақиқат», «жалған», «көңіл», «ғашықтық» секілді тірек ұғымдар

сопылық философияның тереңдігінде қайта мағыналанып, күрделі метафоралар жүйесін құрайды. Мысалы, оның «Көңіл» туралы толғаулары жай ғана психологиялық күйді емес, ғарыштық масштабтағы рухани субстанцияны бейнелейді: «Көңіл деген бір теңіз, / Тереңіне жете алмай, / Жан жіберіп кете алмай, / Қайран қалып жүрміз ғой...» [7, 45-б.]. Бұл – жай ұйқас емес, сопылық танымдағы адам жанының (нафс) күрделілігін бейнелейтін көркем формула. Мұндай терең символизм оның шешендік сөздерін қарапайым дидактикадан жоғары көтеріп, философиялық-медитативті лирикаға айналдырады. Ұлттық модельдің бірегейлігі – осынау абстрактылы мистикалық категориялардың көшпелілер тұрмысынан алынған нақты детальдармен («керуен», «сарғайған дала», «боз үй», «тұлпар») қатар өрілуінде жатыр.

Формулалық жүйе және интертекстуалдылық. Ауызша шығармашылықтың басты белгісі – тұрақты тіркестердің, эпитеттердің, параллелизмдердің молдығы [8, 89-б.]. Мәшһүр Жүсіп поэтикасында бұл формулалық жүйе екі түрлі функцияны атқарады: біріншіден, ол дәстүрлі тыңдаушыға мәтінді есте сақтауға және қабылдауға жеңілдік жасайды; екіншіден, әрбір формула өткен мәдениетпен, фольклормен, діни мәтіндермен байланыс орнататын интертекстуалды кодқа айналады. Мысалы, оның «Қырық бір жерден тіліне, / Қырық бір жерден діліне / Бек сак болғын, ай, жалған!» деген жолдары [7, 68-б.] бір мезгілде халық мақалын («Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды»), сопылық этиканы («тіл мен діл тазалығы») және билер нақылын еске түсіреді. Осылайша, әрбір шумақ мағыналық жаңғырықтарға толы күрделі мәдени мәтінге айналады. Бұл – Мәшһүр Жүсіптің шешендік поэтикасын таза фольклорлық үлгілерден ерекшелендіретін, оның жеке авторлық стиліне тән жаңашылдық.

Ритмикалық-интонациялық ұйымдасу. Мәшһүр Жүсіп шешендігінің ұлттық моделі оның сөздерінің дыбыстық материясынан айқын көрінеді. Ол негізінен қазақ өлеңінің дәстүрлі 7-8 буынды жыр өлшемін және қара өлең ұйқасын қолданғанымен, олардың ішкі интонациялық құрылымын түбегейлі өзгертеді. Ауызша айтылғанда, бұл мәтіндер ритмикалық қайталаулар, ішкі ұйқастар (ассонанс, аллитерация), паузалар жүйесі арқылы ерекше суггестивті әсерге ие болады. Зерттеуші Н. Төрекұловтың атап өтуінше, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің ырғағы көбінесе сопылық зікір (жауһар) әуеніне жақындап, медитациялық трансқа түсіруші күшке ие болады [2, 156-б.]. Бұл – сөздің тек логикалық-

семантикалық қабатына ғана емес, тыңдаушының эмоциясына, тіпті физиологиялық күйіне әсер ететін перформативті стратегия. Мәтіннің бұл қасиеті оның тек оқылуға емес, міндетті түрде дауыстап айтылуға, тыңдалуға арналғандығын дәлелдейді. Яғни, ұлттық модельдің толыққанды өмір сүруі тек мәтін + орындаушы + тыңдаушы үштігінің бірлігінде мүмкін болады.

2-кесте – Мәшһүр Жүсіп шешендік поэтикасының құрылымдық-деңгейлік моделі

Құрылымдық деңгей / компонент	Мазмұны мен сипаттамасы	Поэтикалық қызметі	Мәтіннен мысал (Көпей ұлы шығармаларынан)
Мифопоэтикалық және діни-символикалық негіз	Архетиптік бейнелер (жол, теңіз, дала), діни-сопылық ұғымдар (көңіл, жалған, ақиқат) және олардың көшпелілер тұрмысы мен сабақтасуы.	Дүниетанымдық тереңдік береді; мәтінді қасиетті кеңістікке шығарады; абстрактілі идеяларды сезімдік-бейнелі түрде менгертеді.	«Көңіл деген бір теңіз, / Тереңіне жете алмай, / Жан жіберіп кете алмай...» [7, 45-б.]
Формулалық жүйе және интертекстуалдылық	Дәстүрлі тұрақты тіркестер, эпитеттер, параллелизмдер; халық макалы, билер нақылы, діни мәтіндерге (хикмет, хадис) сілтеме жасау.	Мәдени жадыны сақтау және жаңғырту; көп қабатты мағына тудыру; мәтінді таныс ету арқылы сенім ұялату.	«Қырық бір жерден тіліңе, / Қырық бір жерден діліңе / Бек сақ болғын, ай, жалған!» [7, 68-б.]
Ритмика-интонациялық ұйымдасу және перформативтілік	7-8 буынды жыр өлшемінің зікір сарынымен үндесуі; ішкі ұйқас (ассонанс, аллитерация), қайталаулар, лепті сұраулар арқылы суггестивті әсер туғызу.	Тыңдаушының эмоциялық-транстық күйге жетелеу; сөздің магиялық, психотерапиялық әсерін күшейту; мәтінді тек есту арқылы қабылдауға бейімдеу.	«Мен айтпаймын өз ойымнан, / Аллам салды-ау сөз ойыма» (айтылу ырғағы мен екпіні) [7, 82-б.]
Диалогтық-драмалық архитектура	Сырттай монологтың ішіндегі көрінбейтін оппонентпен (дүние, өлім, надан, жұрт, Алла) жүретін ішкі диалог; сұрақ-жауап, қарсылық-дәлел құрылымы.	Шешендік сөзге драмалық шырығу дарытады; тыңдаушының пассив тыңдарманнан ішкі айтысқа қатысушыға айналдырады.	«Ей, дүние, неге маған алдаусың? / Уәдең әркім сеніп, зар болған-ды» [7, 112-б.]

Мәшһүр Жүсіптің шешендік әлеміндегі орталық концептілердің бірі – «әділдік». Алайда, бұл ұғым дәстүрлі билер институтындағы заңды-құқықтық әділдіктен мүлдем өзгеше, терең онтологиялық сипат алады. Оның шешендік толғауларында әділдік – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құрал емес, ғарыштық үйлесімділіктің (космостық тәртіптің) көрінісі. «Заман айналып, күн

туар, / Әділдік туы жайнаған» [5, 210-б.] деген жолдар әлеуметтік утопия ғана емес, messiандық сенімнің, қиямет алдындағы Махди (мәһди) немесе әділ патша туралы мифтің көркемдік репрезентациясы.

Бұл концептіні жеткізуші шешеннің тұлғалық моделі де өзгереді. Ол – бұдан былай белгілі бір рудың, жүздің мүддесін қорғайтын би емес, бүкіл халықтың, тіпті адамзаттың рухани ұстазы, пайғамбар ізбасары. Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық «Мен»-ін дәстүрлі жыраулық поэзиядағыдай ұлыс бірлігінің символы ретінде емес [9, 133-б.], ақиқаттың жалғыз иесі, сөзі Құдайдың өмірімен теңестірілетін әулие-сопы ретінде құрады. Мына бір жолдар соның айғағы: «Мен айтпаймын өз ойымнан, / Аллам салды-ау сөз ойыма» [7, 82-б.]. Бұл жерде біз шешендік беделдің мүлде жаңа түрін көреміз: ол тұлғалық харизмаға, логикаға немесе әлеуметтік статусқа емес, трансцендентті, күдіретті сөз иесі болуға негізделген. Бұл – ұлттық шешендік моделінің рухани-интеллектуалдық эволюциясындағы ең жоғарғы нүкте.

Мәшһүр Жүсіп мәтіндерінің сыртқы монологтық формасы алдамшы. Оның толғауларының басым көпшілігі іштей диалогтық құрылымға ие: олар көзге көрінбейтін оппонентпен («жұрт», «надандар», «өткендер», «өзім»), заттандырылған абстракциямен («дүние», «өлім») немесе Құдаймен (Алламен) үздіксіз сұхбат, айтыс-тартыс ретінде өріледі. Мысалы, «Дүниеге» деген толғауында: «Ей, дүние, неге маған алдаусың? / Уәдең әркім сеніп, зар болған-ды» [7, 112-б.] – деп, жансыз дүниені сөйлетіп, онымен мұң-шерін бөліседі. Бұл – шешендік сөздің суггестивті әсерін күшейтетін күшті поэтикалық тәсіл. Ол тыңдаушыны да осы ішкі диалогтың сырттай куәгері емес, қатысушысына айналдырады.

Осы диалогизмді жүзеге асыруда риторикалық сұрақтар, лепті сөйлемдер, қайталаулар (анафора, эпифора) ерекше рөл атқарады. Бұл тәсілдер Мәшһүр Жүсіп поэтикасында жай ғана эмоционалдылықты күшейтуші безендіру емес, тыңдаушы санасының белгілі бір қорғаныс қабыршақтарын бұзып, оны катарсиске жеткізетін психотехникалық амалдар. Зерттеуші А. Ісімақова қазақ шешендік өнерінің осы психологиялық-терапевтік қырын атап көрсетеді [10, 94-б.]. Мәшһүр Жүсіп бұл мүмкіндікті шарықтау шегіне жеткізген. Оның әсіресе халық қасіретін, ашаршылықты, зұлматты суреттейтін толғауларында бұл тәсілдер қазақтың дәстүрлі жоқтау жанрының поэтикасымен кірігіп, ерекше трагедиялық симфония түзеді.

Мәшһүр Жүсіптің шешендік поэтикасы – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған эстетикалық, этикалық және интеллектуалдық тәжірибесінің квинтэссенциясы. Бұл модельдің ұлттық сипаты оның тек мазмұнында (қазақ өмірін, дәстүрін бейнелеуінде) ғана емес, ең алдымен, көркемдік ойлау жүйесінде, дүниені тану мен бейнелеу тәсілінде жатыр. Ол – көшпелілер мәдениетіне тән циклдік уақыт, кеңістіктің сакралды топографиясы, рухтар ата-бабалар культі сияқты ұғымдардың исламдық сопылық философиямен күрделі синтезінің жемісі. Бұл – эклектика емес, жаңа рухани-эстетикалық тұтастық.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі өткір тұрған шақта, Мәшһүр Жүсіптің мұрасы бізге дайын «жауаптар» жинағын емес, керісінше, ұлттық рухтың «мәңгілік сұрақтарды» қою және оларды шешудің терең әрі икемді әдіснамасын ұсынады. Оның поэтикасындағы күрделі метафоралық ойлау, тарихи оптимизм, рухани тазалықты жоғары қою, білім мен әділетке ұмтылыс – қазіргі қазақстандық қоғам үшін өзекті болып табылатын аксиологиялық бағдарлар. Оның шешендік мәтіндерін жаңаша талдау – ұлттық гуманитарлық ғылымның әдіснамалық қорын байытып қана қоймай, заманауи шешендік, көшбасшылық, тіпті психотерапия салалары үшін де құнды практикалық материал бере алады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы шешендік поэтика – қазақтың ауызша сөйлеу дәстүрінің биік эстетикалық және рухани эволюциялық сатысы. Ол дәстүрлі би-шешендердің прагматикалық-құқықтық дискурсын, жыраулардың мифопоэтикалық ауқымын және сопылық танымның терең интеллектуализмін бір арнаға тоғыстыра отырып, бірегей ұлттық модель қалыптастырды. Бұл модельдің негізгі сипаттары: 1) сөздің киелілігіне негізделген рухани-онтологиялық бедел; 2) мифопоэтикалық және діни-символикалық ойлау жүйесі; 3) ауызша формулалық техника мен жазбаша әдебиет эстетикасының синтезі; 4) суггестивті-психотерапиялық әсерге бағытталған перформативті ритмикалық құрылым; 5) «әділдік» сияқты тірек ұғымдарды әлеуметтік ұшақтан онтологиялық биікке көтеру.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы шешендік поэтика – бұл өткеннің қатып қалған ескерткіші емес, ұлттық рухтың жасампаздық қуатын танытатын, тірі әрі өзекті көркем-интеллектуалды жүйе. Оны кешенді зерттеу – қазақ мәдениетінің терең қабаттарын ашуға, оның әлемдік өркениеттегі орнын

бағамдауға және бүгінгі рухани ізденістерге бағыт-бағдар беруге мүмкіндік жасайды. Болашақ зерттеулерде осы ұлттық модельдің басқа да түркі-ислам мәдениеттеріндегі шешендік өнер үлгілерімен салыстырмалы-типологиялық талдауы ғылыми жаңалықтарға жол ашары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жолдасбекұлы М. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: Шығармашылығы және зерттелуі. – Алматы: Арыс, 2004. – 312 б.
2. Төреқұлов Н. Мәшһүр Жүсіп поэзиясының поэтикасы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 210 б.
3. Әбділдин Ж.М. Мәшһүр Жүсіптің философиялық көзқарастары. – Астана: Фолиант, 2011. – 184 б.
4. Нұртазина Н.Д. Қазақ шешендік өнері: тарихы, теориясы, тәжірибесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 320 б.
5. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том: Дастандар, толғаулар. – Алматы: Алаш, 2006. – 384 б.
6. Мырзахметұлы М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 328 б.
7. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Алаш, 2004. – 456 б.
8. Лорд А.Б. Сказитель / Пер. с англ. Ю.А. Клейнера. – М.: Восточная литература, 1994. – 368 б.
9. Сыздықова Р.Г. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Атамұра, 2004. – 272 б.
10. Ісімақова А.С. Қазақ көркем прозасындағы шешендік дәстүр. – Алматы: Ғылым, 2002. – 216 б.
11. Каскабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.

ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ПАРАМЕТРЫ ГЕНДЕРНО-МАРКИРОВАННОГО СЛОВА «ӘЙЕЛ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

БИСЕМБАЕВА С. Д.

докторант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
г. Актобе

Вопрос о восприятии и роли женщины в обществе является многогранным и многозначным. Он охватывает различные аспекты,

начиная от биологических и социальных факторов, заканчивая культурными и историческими традициями. «Әйел» из казахского языка переводится как женщина. Слово «әйел» в казахском языке представляет собой многозначный элемент с богатой семантикой и глубокими культурными коннотациями.

Исторически женщина в казахской культуре олицетворяла не только «материнскую» функцию, но и была связана с символами силы и уважения, но в то же время нередко сталкивалась с жесткими ограничениями, накладываемыми обществом. Эти взгляды на женщину, её обязанности и права находят отражение как в языке, где слово «әйел» может нести как позитивные, так и негативные оттенки.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью понимания роли женщины в обществе через призму языка, который отражает социальные и культурные изменения. В условиях современной глобализации и изменений в социокультурной сфере важным становится анализ того, как меняется восприятие женской роли, что особенно важно для казахского общества, где традиции и современные тенденции продолжают переплетаться. Целью данного исследования является изучение прагматических параметров слова «әйел» в казахском языке, его лексических, культурных и социальных значений, а также влияния на формирование гендерных стереотипов и их изменения в современном обществе.

Методы и материалы исследования

Материалом для исследования служат два значимых произведения казахской литературы – романы «Улпан» и «Несчастная Жамал». Эти 2 классические романы описывающие 19 и 20 века поднимают важные и многогранные вопросы о роли женщины в семье и обществе, о борьбе за личную свободу и самореализацию, что делает их ключевыми для показа образа женщины прошлых лет в сравнительном аспекте.

В качестве главным материалом исследования использовались статьи из газеты «Егемен Қазақстан», что позволило выявить современные тенденции в использовании этого слова в казахстанских СМИ и в общественном дискурсе в целом.

В исследовании применяется прагматический анализ слова «әйел», который предполагает изучение значения и употребления этого термина через контекстуальный анализ, дискурсивный анализ, а также выявление прагматических функций и их типов заключенных в данном слове. В текстах СМИ выявляются семь

прагматических функций слова «әйел», при этом почти каждое его употребление в этих материалах охватывает все семь функций. Это подтверждает важность и многозначность термина в различных контекстах.

Чтобы провести анализ прагматических функций слов, в нашем случае – слова «әйел» (женщина), мы систематически подошли к выделению различных функций, которые это слово выполняет в разных контекстах.

1. Подготовка данных. Собраны более 2000 выражений с использованием слова «әйел» из текстов газеты «Егемен Қазақстан» за последние 15 лет.

Выделение контекста. Каждое выражение рассмотрено в контексте. Это помогло понять, какую прагматическую функцию выполняет слово. Процесс анализа включает: чтение каждого выражения в контексте, определение цели, которую преследует это высказывание, оценка, какое влияние оно может оказать на читателя.

Выявление прагматической функции. Для каждого выражения нужно было ответить на следующие вопросы: Что делает это выражение? Например, информирует ли оно о роли женщин в обществе? Побуждает ли оно к действиям? Какие отношения устанавливает это выражение? Это может быть установление норм, описание идентичности или привлечение внимания к проблеме через данное слово.

Для анализа прагматических функций слов и выражений, как в вашем случае с »женщина», обратились к ряду теоретических трудов в области прагматики, дискурс-анализа, а также теории речевых актов: Р. Якобсон, Дж. Остин, Дж. Серль, Ю. Лотман, Дж. Лакофф.

А также по историческим и культурным аспектам казахского языка труды А. Байтұрсынулы, К. Жубанова, по вопросам развития терминологии и адаптации казахского языка к современным реалиям Ш. Құрманбайұлы, по гендерным основам казахского языка работы Г. Шокым.

Результаты

Лингвистами доказано, что казахский язык является гендерно-нейтральным. Отсутствие грамматического рода позволяет казахскому языку быть гибким и нейтральным с точки зрения гендера. Но это не отменяет наличие гендерно маркированных слов, которые адаптируются к новым социальным реалиям, не прибегая к радикальным изменениям в лексике или грамматике.

Г. Шокым для гендерного моделирования понятия әйел в казахском языке использовала несколько фреймовых ветвей: красота, воспитанность, уважение, доброта [9, с. 135]. Если обращаться к казахским литературным тестам, где отражается культурная колоритность образа «айел», мы выделяем такие образные параметры данного слова: Әйел-Ана-Авторитет, Айел-угнетение, Айел-Лидер или наоборот Айел-не личность. То есть, замечается сильное колебание в ее образе.

Традиционные роли: В казахской культуре понятие әйел тесно связано с такими представлениями, как мать, хранительница очага. Традиционно образ женщины проходит несколько этапов, отражающих её жизненный путь. Яркий пример этого постепенного становления женского образа отражен в монологе одного из героев произведения «Ұлпан». Пример: «Ру-ру болып отыратын қазақ елінде қыз балаға ешкімнің тілі тиген емес. Сол қыз ержетіп келіншек болып түскеннен кейін қалың малға келген қатын. Сол қатын қартая келе – ана. Бұл кезінде ол еркектен анағұрлым құрметті» [1, с. 83].

Для прагматического анализа данного высказывания важно рассмотреть, как языковые средства отражают социальные ожидания и ценности, связанные с женской ролью в казахской культуре. Это не просто биологические этапы, но и социальные роли, определяющие статус женщины в обществе.

На этапе, когда девушка – кыз, она олицетворяет красоту, свободу и недоступность. В этот период её нельзя обижать или подавлять, так как она находится под особой защитой общества. Однако, став снохой после замужества, её жизнь претерпевает значительные изменения. Она обретает большую ответственность, её роль в семье становится ключевой, но при этом её социальный статус снижается, и уровень уважения к ней уменьшается. Тем не менее, с приобретением статуса матери и с годами, по мере накопления жизненного опыта, её положение снова укрепляется. Став матерью, а затем и матерью народа, женщина обретает высокий авторитет и уважение в обществе.

Әйел – лидер, әйел – безлика. Две крайности восприятия женщины в казахском обществе: с одной стороны, как субъект власти, а с другой – как существо, ограниченное гендерными барьерами. «Бұл әйел жалғыз Есенейді ғана бағындырып алған жоқ, бес болыс Керей-Уақтың руларына түгел беделі бар адам» [2, с. 76] подчеркивается лидерский статус женщины, её влияние на целые

территории. Она выходит за рамки традиционных ролей, разрушая стереотипы о женской пассивности и подчиненности.

Эстетическое восприятие. «Ум женщины – в её красоте» Здесь слово «әйел» акцентирует внимание не на личных качествах, а на внешности, связывая красоту с разумом. Это выражение подчёркивает, как важна внешняя привлекательность для оценки женщины в традиционном обществе. «Каждая женщина по-своему красива» Это выражение акцентирует внимание на разнообразии женской красоты, утверждая, что каждая женщина уникальна. Оно противопоставляется стереотипному образу «идеальной» женщины, подчеркивая её индивидуальность.

Если в литературных текстах прагматические параметры слова «әйел» преимущественно раскрываются через призму культурного контекста, то в медиадискурсе его функционирование приобретает иную специфику, отражая особенности общественно-политического и информационного пространства.

С целью выявления актуальных прагматических характеристик данного лексического элемента в современном контексте были отобраны и проанализированы тексты СМИ. Анализируя использование слова «әйел» в дискурсе СМИ, можно отметить, что почти все использования слова «әйел» в медийном дискурсе выполняют несколько прагматических функций одновременно.

1. Идентификация. Слово «әйел» часто используется для того, чтобы определить принадлежность человека к женскому полу, чтобы выделить женщину среди других членов общества. Это служит для понимания контекста, в котором обсуждается роль женщины. Пример: «Қазақстандағы кәсіпкерлердің тең жартысы әйелдер» — идентификация женщин как ключевой части предпринимательского сектора. «Қазақтың тұңғыш әйел дәрігері – Аққағаз Досжанова» - в этом примере слово «әйел» указывает на пол этой личности, идентифицируя её как женщину, которая внесла значительный вклад в медицину.

Уважение. Слово «әйел» может быть использовано в контексте выражения уважения и признания важности женщины. В таких выражениях слово подчеркивает её ценность и роль в обществе. Пример: «Әйелді жасы келгенде мақта» – Здесь акцент на уважении к возрасту женщины и признании её жизненного опыта и ценности.

3. Гендерная маркированность. Функция гендерной маркированности помогает выделить женщину, как отдельную группу. Пример: – «Көшбасшы әйел қандай болуы керек?» –

вопрос акцентирует внимание на гендерных различиях в лидерстве, заставляя выделить женщин как особую категорию.

Гендерная маркированность этого слова проявляется, например, в таких выражениях, как «әйел дәрігер» или «әйел басшы», где слово «әйел» прилагается к названию профессии. Данный акцент может восприниматься как избыточный и даже усиливающий стереотипы, так как в большинстве случаев профессии не зависят от пола человека.

4. Признание. Слово «әйел» часто используется для признания достижений женщин, их роли в обществе. Это может касаться как исторических личностей, так и современных фигур. Пример: «Әйелдер саясаттан тыс қалмайды» – признание роли женщин в политической жизни. Признание что это уже не исключение. «Қасиетіңе қайранмын, қазақ әйелі» – Здесь слово «әйел» используется с уважением, подчеркивая благородство и важность роли женщины в культуре и обществе. В выражении акцент на признании женщин на их способности и достоинство.

5. В этом же примере можно увидеть Мотивацию и вдохновение. Слово «әйел» может быть использовано для того, чтобы мотивировать людей, подчеркивая успешный пример и возможности для личных достижений. «Әйел басқаратын ауданның көші ілгері» (оппозиция казахской пословицы «Әйел бастаған көш оңбас»)- такая фраза служит примером для людей, показывая, что женщины тоже могут занимать лидерские позиции и успешно решать важные вопросы.

6. Любое из вышеуказанных выражении может иметь Амбивалентную функцию, так как оно может использоваться в контексте вызовов и проблем, связанных с женщинами. Например, политизация женских прав может восприниматься как дважды обостренный вопрос. Пример: «Ұлтты жасарту әйелдердің қолында» – Это вдохновляющее заявление, утверждающее, что будущее нации зависит от женщин, их участия в формировании будущего, также вешание ярлыка о том, что за развитие общества несет ответственность женщина.

7. Закрепление стереотипов. Слово «әйел» может закреплять стереотипы о том, какой она должна быть, о её роли в семье, обществе, или в профессии. Пример: «Әйелді жасы келгенде мақта» – закрепление стереотипа, что женщина ценится в более позднем возрасте, что отражает традиционное восприятие её роли в обществе.

Выражение «Қырық шырақты әйел» используется для выражения признания и вдохновения, подчеркивая разнообразие и многогранность женщин. В то же время она может создавать стереотипы, возлагая на женщин ожидания быть идеальными во многих областях. Это ожидание, что женщина должна «всё успевать», может быть давлением для многих женщин, создавая представление о том, что им нужно быть во всех аспектах жизни успешными, чтобы быть признанными.

Сопоставление российских и казахстанских подходов показывает, что они не противоречат, а дополняют друг друга. Российская школа больше фокусируется на теоретических и методологических основах типологии, в то время как казахстанские исследователи уделяют больше внимания практическим и социально-политическим аспектам функционирования региональной прессы.

Работы в этой области, при всей их ценности, не лишены пробелов. Российские концепции часто упускают из виду особенности постсоветского контекста, а казахстанские исследования нередко ограничиваются описательной частью, редко подкрепляя выводы количественными данными.

Ещё один заметный недостаток, слабое внимание к тому, как именно цифровые платформы и алгоритмы меняют медийную повестку.

Всё это делает актуальной задачу создания подхода, который бы сочетал теоретическую глубину с эмпирической базой. Такой анализ должен учитывать не только процессы цифровизации, но и особенности национального медиаландшафта, а также реальное поведение аудитории в этих условиях.

Сопоставление российских и казахстанских типологий региональной прессы показывает, что они скорее дополняют друг друга, чем противоречат.

На специфику организации, устойчивое развитие и работу местных медиасистем влияют прежде всего правовые и социально-экономические условия. Как отмечает Е. С. Дорошук медиаисследования не могут ограничиваться только теоретическими

построениями, они должны учитывать реальные факторы, которые формируют медиа как часть социальной системы [1, с. 55]. Особенно важно это для региональной журналистики: областные, городские и районные СМИ не просто информируют население, но и отражают местные социально-экономические процессы, одновременно реализуя государственную информационную политику. Анализ этих условий помогает увидеть как общие закономерности, так и национальные особенности медиапространства постсоветских стран.

К правовым факторам, определяющим работу местных медиа, относится вся нормативно-правовая база, от создания и регистрации СМИ до их ответственности и защиты. В Казахстане эта база существенно изменилась в 2024 году с принятием нового Закона «О масс-медиа» (№ 93-VIII ЗРК от 19 июня). Он заменил два прежних нормативных акта, законы о средствах массовой информации и о телерадиовещании, и вступил в силу 20 августа 2024 года (некоторые положения начнут действовать с 1 января 2025-го). Закон закрепляет конституционное право на свободу слова, регулирует отношения в медиасфере, определяет принципы государственной информационной политики и вводит механизмы поддержки СМИ [12].

Среди основных изменений, упрощенная процедура регистрации СМИ, введение государственных грантов для медиапроектов, усиленная защита прав журналистов, а также новые правила для интернет-изданий и телерадиовещания. Отдельно прописаны меры по противодействию кибербуллингу и защите детей. Особое значение придается региональным СМИ: местные власти теперь могут активнее поддерживать их через субсидии и государственные заказы. При этом закон сохраняет механизмы контроля за распространением информации, противодействием экстремизму и защитой персональных данных.

По сравнению с российским законом о СМИ (принятым еще в 1991 году и многократно измененным) казахстанский документ 2024 года делает ставку на цифровизацию и развитие регионов. В России основной акцент сделан на ограничении иностранного влияния и блокировке ресурсов, тогда как Казахстан упрощает административные процедуры и поддерживает местные медиа. Однако оба подхода отражают общую для постсоветского пространства тенденцию: свобода слова сочетается с государственным регулированием и поддержкой.

В Казахстане государственная информационная политика задаёт тон работе местных медиа. Она решает сразу несколько задач: защищает информационную безопасность страны, объединяет информационное пространство и поддерживает региональные СМИ как инструмент государственной идеологии и сплочения общества. Особенно важен языковой вопрос, в многонациональной стране медиа обязаны публиковать материалы и на казахском, и на русском. Государство реализует эту политику через гранты, субсидии и госзаказы, что позволяет местным СМИ выполнять социальные функции и при этом оставаться на плаву.

Финансовая стабильность, привлекательность для аудитории и способность адаптироваться к цифровизации региональных медиа напрямую зависят от социально-экономических условий. После распада СССР медиапространство Казахстана перешло от государственной монополии к смешанным моделям, где сочетаются госзаказы, реклама, подписки и гранты. Е.Л. Варганова отмечает, что экономические изменения после 1991 года привели к коммерциализации контента, падению тиражей печатных изданий и росту зависимости от рекламы [2]. При этом в регионах ситуация неоднородна: в крупных промышленных центрах реклама и спонсорство дают до 60, 70 % доходов, тогда как в аграрных районах основным источником финансирования остаются государственные субсидии.

Особенности регионального развития Казахстана во многом определяют экономические реалии местных медиа. Исследования показывают, что региональные СМИ сильно зависят от бюджетного финансирования, через госзаказы и субсидии акиматов. За последние десять лет объёмы государственного финансирования медиа в стране выросли в разы, но в регионах сохраняется проблема низкой коммерческой привлекательности. Рекламный рынок там слаб, тиражи газет падают, а переход в онлайн требует серьёзных вложений в технологии и кадры.

Финансирование местных медиа в Казахстане строится на смешанной модели. Основным источником доходов для большинства региональных изданий остаётся государственный заказ, который включает субсидии на освещение социально значимых тем, гранты и прямые закупки информационных услуг. Коммерческая составляющая представлена рекламой, спонсорскими материалами и платными PR-проектами, но в регионах рекламный

рынок развит слабо. Это приводит к тому, что местные СМИ сильно зависят от бюджетных средств.

Одна из ключевых проблем казахстанской медиасистемы, экономическая зависимость региональных СМИ от госзаказов и слабого рекламного рынка. Такая зависимость создаёт риски самоцензуры, смещения редакционной политики в сторону официальной повестки и снижения независимости. В регионах, где местный бизнес развит слабо, а покупательная способность населения низкая, коммерческая модель финансирования работает плохо. Многие местные медиа вынуждены лавировать между выполнением госзаказов и попытками диверсифицировать доходы через онлайн-продвижение и партнёрские проекты.

На работу местных медиа сильно влияют и социальные факторы. Среди них, структура аудитории, языковой вопрос и региональные особенности. В Казахстане аудитория региональных СМИ очень разнородна: здесь и русскоязычные жители, и работники промышленных предприятий, и молодёжь. Язык играет важную роль, казахскоязычная аудитория предпочитает материалы на государственном языке, а русскоязычная, более оперативную и аналитическую информацию на русском. Тематика контента зависит от региона: в промышленных центрах преобладают материалы о работе предприятий, в аграрных районах, о социальной сфере, экологии и межэтническом согласии.

Таким образом, в Казахстане правовые и социально-экономические факторы работы местных медиа сочетают жёсткое государственное регулирование с рыночными механизмами. Обновлённая в 2024 году правовая база задаёт рамки деятельности СМИ, государственная информационная политика определяет приоритеты, а модели финансирования обеспечивают стабильность. Социальные факторы формируют специфику аудитории и контента. Все эти условия во многом определяют, как организована работа региональных медиа и как они адаптируются к цифровым вызовам.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Дорошук Е.С. Методология и методика медиаисследований: учебно-методическое пособие / Е.С. Дорошук. – Казань: Казанский федеральный университет, 2024. – 68 с.
- 2 Вартанова Е.Л. К вопросу об актуализации теории журналистики и теории СМИ / Е.Л. Вартанова // Вопросы теории и практики журналистики. – 2017. – Т. 6. – № 1. – С. 5–13.

3 Корконосенко С.Г. Теория журналистики: моделирование и применение / С.Г. Корконосенко. – М.: Логос, 2020. – 240 с.

4 Шкондин М.В. Журналистика как интеллектуальная система: аспекты целостности / М.В. Шкондин // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2016. – Т. 26. – № 2. – С. 175–182.

5 Басовская Е.Н. Теория публицистики: учебник / Е.Н. Басовская, Е.Н. Каневская, Ю.В. Подкина. – М.: РГГУ, 2023. – 286 с.

6 Макеев М.И. Отечественная теория медиа. Основные понятия. Словарь / М.И. Макеев. – М.: Факультет журналистики МГУ, 2019. – 432 с.

7 Жанысбаева А.П. Роль региональной прессы в медиапространстве Казахстана / А.П. Жанысбаева. – 2024.

8 Насимов М.О., Паридинова Б.Ж., Абуталип А.Н. Функции средств массовой коммуникации в воспитательном процессе / М.О. Насимов, Б.Ж. Паридинова, А.Н. Абуталип // Молодой ученый. – 2014. – № 4.1. – С. 30–31.

9 Сейтказы П.Б. Научно-теоретические основы воспитательного процесса подготовки будущих учителей через средства массовой информации: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / П.Б. Сейтказы. – Астана, 2009.

10 Шынгысова Н.Т. Менеджмент региональной периодической печати / Н.Т. Шынгысова // Вестник КазНУ. Сер. Филологическая. – 2008. – № 1. – С. 315–318.

11 Абаев Д. Названы основные обязанности региональных СМИ / Д. Абаев // kamshy.kz. – 06.10.2017.

12 Закон Республики Казахстан «О масс-медиа» от 19.06.2024 № 93-VIII ЗРК.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТҮЛКІ БЕЙНЕСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

ЖАНПЕИСОВА А. Г.

докторант, «D060 – Филология» білім беру бағдарламасы,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Балалар фольклорындағы зоонимдер баланың табиғат дүниесін тануына ғана емес, адам мінезін, әрекет себептерін, әлеуметтік қатынас өлшемдерін бейнелі түрде қабылдауына ықпал етеді. Қазақ ауыз әдебиетінде қасқыр, қоян, аю, түлкі тәрізді аң атаулары сыртқы

белгісімен қатар мінездік сипатымен де орныққан. Солардың ішінде түлкі бейнесі көпқабатты мағыналық өріс түзеді: бір мәтінде ол балаға жақындатылған ойындық кейіпкер болса, енді бір мәтінде аңшылық тәжірибенің, киім мәдениетінің, айла мен қарсы айланың көркем белгісіне айналады.

Зерттеудің мақсаты – «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 72-томында берілген балалар фольклоры мәтіндеріндегі түлкі атауының лингвомәдени қызметін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін түлкі зоонимінің жанрлық таралуы, мәтіндегі мағыналық қабаты, ассоциациялық және стереотиптік сипаты, тәрбиелік-танымдық қызметі қарастырылды. Зерттеу материалы ретінде «Түлкішек-ау, түлкішек», «Бөбегім-ау», тілек өлеңдер, ертеке бастамалары мен ойындық өлеңдер, «Үш тымақ», «Түлкінің түсі», «Түлкі, бөдене», «Түлкі, қойшы, аю» сияқты балаларға арналған прозалық үлгілер алынды [1, 42, 51, 65, 86, 324–343-бб.].

Теориялық тұрғыдан мақала этнолингвистика, лингвомәдениеттану және фольклортану ұстанымдарына сүйенеді. Ә. Қайдар тілдік деректі халықтың тұрмысымен, танымымен, тарихи жадымен сабақтастыра қарастыруға негіз салса, Ж. Манкеева этномәдени атаулардың ұлттық тәжірибені жинақтайтын танымдық табиғатын көрсетеді [2; 3]. Р. Сыздық көркем мәтіндегі сөздің мағыналық, дыбыстық және мәдени қуатын ашуға мән береді [4]. С. Қасқабасов халық прозасындағы жануарлар бейнесін оқиға, мінез, тартыс жүйесінде қарастыруға мүмкіндік беретін фольклортанулық негіз ұсынады [5]. А. Б. Әмірбекованың ұғым мен концепт, ассоциация, стереотип, символ туралы тұжырымдары бұл мақалада негізгі объектіні жүйелеуге көмектесетін әдістемелік тірек ретінде ғана алынды [6, 126–142-бб.].

Түлкі атауының алғашқы қабаты – табиғи номинация. Бұл деңгейде түлкі – дала мен тоғайды мекендейтін, түсі сарғыш, құйрығы ұзын, қимылы ширақ жабайы аң. Алайда фольклорлық мәтін табиғи белгіні сол күйінде қалдырмайды. Аңның сақтығы, тез қозғалуы, ізін жасыруы, қолға оңай түспеуі біртіндеп адам мінезін бейнелейтін мәдени белгіге айналады. Сондықтан қазақ тілдік санасында түлкі атауы көбіне қулық, айла, жалтару, сақтық, ептілік мағыналарымен қабаттасады. Бұл – халықтың аңды ұзақ бақылауынан туған танымдық қорытындысы іспеттес.

«Түлкішек-ау, түлкішек» мәтінінде түлкі бейнесі балалар фольклорының ойындық табиғатына бейімделеді: «Түлкішек-ау, түлкішек, / Түнде қайда барасың, / Мамам үйіне барамын. /

Мамам саған не берер? / Ешкі сауып сүт берер...» [1, 42-б.]. Мұнда «түлкішек» тұлғасы аңды қорқынышты жыртқыш ретінде және бала тілінде сөйлесуге болатын шағын кейіпкер ретінде көрсетеді. Сұрақ-жауап құрылымы мәтінді жеңіл қабылдатса, қайталау мен еркелету мәні түлкіні бала әлеміне жақындатады. Демек, бұл мәтінде түлкі қулық символынан бұрын диалогқа қатысатын ойындық бейне қызметін атқарады.

«Бөбегім-ау» мәтінінде түлкі атауы басқа мағыналық кеңістікке өтеді: «Түлкі жортпас түлейден / Жол салдырған қарсағым»; «Ер жеткенде жылқы бақ, / Үлкен таудан түлкі қақ, / Төңір берсін басына бақ» [1, 51-б.]. Бұл жолдарда түлкі дала, тау, аңшылық, ер жету, жылқы бағу сияқты дәстүрлі өмір сценарийімен қабысады. «Үлкен таудан түлкі қақ» тіркесі баланың болашақта кең дала тіршілігіне икемді, епті, батыл азамат болуын меңзейді. Мұнда түлкі атауы моральдық қулықпен бірге аңшылық мәдениеттің бір бөлшегін білдіреді.

Тілек өлеңдегі «Жаз кигенің құлпы бол, / Қыс кигенің түлкі бол» жолдары түлкі атауының киім мәдениетімен байланысын ашады [1, 65-б.]. Бұл қолданыста түлкі аңның өзі емес, оның терісінен жасалатын жылы әрі бағалы киімнің метонимиялық белгісі ретінде жұмсалады. Тілдік дерек этномәдени тәжірибемен ұштасқанда ғана толық ашылады: қысқы киім, аң терісі, тұрмыстық бақ, баланың амандығына тілек – бәрі бір ғана зоонимнің мағыналық өрісіне жинақталған.

Ертеке бастамалары мен ойындық өлеңдерде түлкі ертегілік кеңістіктің қызметтік кейіпкеріне айналады. «Бәрі бөкеуіл екен, түлкі жасауыл екен» жолында түлкі белгілі бір әлеуметтік-ертегілік қызметке ие болып, жануарлар әлемі адам қоғамының құрылымымен ұқсастырылады [1, 86-б.]. Ал «Көбік қарда түлкі ойнар» тәрізді қолданыста аңның қимылы, қар үстіндегі ізі, ойындық қозғалысы алдыңғы қатарға шығады. Мұндай жолдар баланың көз алдына нақты көрініс әкеледі: қар, із, жорық, қимыл, аң қозғалысы.

Балаларға арналған прозалық фольклорда түлкі бейнесі күрделене түседі. «Үш тымақ» мәтінінде түлкінің терісі сюжетті қозғайтын заттық белгіге айналады: шебер тігінші бала түлкінің терісінен қуыршаққа лайық үш тымақ тігеді, соңында сараң байдың ниеті ашылады [1, 324–326-бб.]. Бұл жерде түлкі терісі аңшылық кәсібін, киім жасау тәжірибесін және әділеттілік өлшемін қатар танытады. Зоонимнің мәдени қызметі нақты тұрмыстық зат арқылы ашылады.

«Түлкінің түсі» мәтінінде түлкі түс жорыту мотиві арқылы беріледі. Түлкі «бақытты боламын ба?» деп сұрап, маймылдың «тоқтамай жорта берсең, темір бақыт орнайды» деген сөзіне сенеді, ақырында тауықтарға жақындағанда аяғы қақпанға түседі [1, 326–327-бб.]. Бұл мәтінде түлкі айлакер кейіпкер болғанымен, өзі де сенгіштік пен шамадан тыс әрекеттің құрбаны болады. «Темір бақ» тіркесі қақпанға ирониялық түрде байланыстырылып, баланың танымына қулықтың да шегі бар екенін жеткізеді.

«Түлкі, бөдене» мәтінінде айла мен қарсы айла тартысы анық көрінеді. Түлкі бөденені ұстап алады, бірақ бөдене балапандарын шақыртуды сылтау етіп, құтылып кетеді. Кейін түлкі «барлық жан-жануар дос болды» деп бөденені тағы алдамақ болғанда, бөдене алыстан тазы келе жатқанын айтып, түлкіні қашырады [1, 341–342-бб.]. Бұл мәтін әлемдік фольклордағы айлакер түлкі моделіне жақын. Н.-J. Uther түлкінің халықаралық фольклорда қулық, алдамшылық, жылдамдық, сақтық әрі кейде тапқырлық сияқты екіұдай сипаттармен танылатынын көрсетеді [9, 133–160-бб.]. Қазақ мәтініндегі ерекшелік – осы қулықтың тазы, дала, аңшылық жағдайымен байланыса берілуі.

Түлкі бейнесінің лингвомәдени өрісі бірнеше қабаттан тұрады. Өзектегі белгі – жабайы аң атауы. Жақын қабатқа сарғыш түс, ұзын құйрық, жорық, ін, із жасыру, аңшылық, тері, қақпан, тазы сияқты нақты белгілер кіреді. Алыс қабатта қулық, айла, жалтару, алдау, сақтық, қарсы амал, моральдық сынақ мағыналары жинақталады. Осы қабаттар бір-бірінен бөлек тұрмайды. Мәселен, «түлкі қақ» тіркесінде аңшылық әрекет бар; «түлкі бол» тілегінде киім мен тұрмыстық береке бар; «Түлкі, бөдене» мәтінінде қулық пен қарсы айла бар. Бір зооним бірнеше мәдени кодты қатар іске қосады.

Ассоциациялық тұрғыдан түлкі атауы қазақ тілдік санасында «қу», «айлакер», «сақ», «жортақ», «бұлаң», «алдау», «қақпан», «тазы» сияқты қатарларды тудырады. Бұл қатарлардың бәрі мәтінде бірдей көрінбеуі мүмкін, бірақ балалар фольклоры олардың ең қажеттісін жанр табиғатына қарай іріктейді. Әлпештеу мәтінінде түлкі жұмсарып, «түлкішек» түрінде балаға жақындайды. Тілек өлеңде ол тері мен киім мәдениетіне өтеді. Прозалық фольклорда қулық, сенгіштік, қарсы айла, моральдық нәтиже алдыңғы орынға шығады.

Стереотиптік тұрғыдан қазақ танымында түлкі көбіне «қу аң» ретінде орныққан. Бірақ балалар фольклоры бұл стереотипті біржақты қайталамайды. Кей мәтінде түлкі алдайды, кей мәтінде өзі алданып қалады, кейде аңшылық нысанына, кейде киім

материалына, кейде күлкілі диалогтың кейіпкеріне айналады. Сондықтан түлкі бейнесін тек жағымсыз сипатпен шектеу ғылыми тұрғыдан дұрыс болмайды. Оның тұрақты өзегі – айла мен сақтық, ал мәтіндік көрінісі жанрға қарай өзгеріп отырады.

Түлкі бейнесінің тәрбиелік қызметі де осы көпқабаттылығымен байланысты. Бала түлкі арқылы табиғаттағы аңды таниды, аңшылық пен тұрмыстық мәдениет туралы ақпарат алады, сонымен бірге қулық, сенім, сақтық, қарсы амал сияқты әлеуметтік ұғымдарды меңгереді. Бұл жерде фольклор тікелей ақыл айтпайды; ол баланы шағын оқиға, күлкі, қайталау, алдау мен әшкерелеу арқылы ойлатады. Қасқабасов сипаттаған халық прозасының оқиғалық табиғаты балалар мәтіндерінде де сақталады: кейіпкер әрекет етеді, қателеседі, алдайды немесе алданып қалады, нәтижесінде тыңдаушы белгілі бір танымдық қорытынды жасайды [5].

Салыстырмалы тұрғыдан түлкі бейнесі көптеген халықтарда қулық пен айланың белгісі ретінде танылғанымен, қазақ балалар фольклорында оның аңшылық-тұрмыстық қабаты айқынырақ көрінеді. Орыс тіліндегі лиса, ағылшын тіліндегі fox, түрік тіліндегі tilki атауларында да айлакерлік семантикасы бар. Алайда қазақ мәтіндерінде түлкі көбіне дала, тау, тазы, қақпан, тері, тымақ, қысқы киім, жылқы бағу сияқты дәстүрлі орта белгілерімен бірге жүреді. Осы белгілер оны қазақ баласының мәдени әлеміне жақындатады.

Талдау нәтижесі түлкі атауының балалар фольклорында табиғи номинациядан лингвомәдени бірлікке дейін көтерілетінін көрсетті. Түлкі – бір жағынан жабайы аң, екінші жағынан ойындық диалогтың кейіпкері, аңшылық мәдениеттің белгісі, киім кодының бөлігі, айла мен қарсы айланың көркем моделі. Оның мәтіндегі қызметі жанрға байланысты өзгереді: әлпештеу өлеңінде балаға жақындайды, тілек өлеңде тұрмыстық бақпен байланысады, ертеке пен прозалық үлгілерде мінез бен моральдық сынақты танытады.

Осыған сүйене отырып, қазақ балалар фольклорындағы түлкі бейнесі баланың дүниені бейнелі қабылдауына әсер ететін маңызды зоонимдік таңба деп тұжырымдаймыз. Ол баланы жануарлар әлемімен таныстырып қана қоймай, сақтық, амал, сенім, алдау, әділет, тұрмыстық тәжірибе туралы мәдени ақпаратпен де ұштастырады. Сондықтан түлкі атауын балалар фольклорының лингвомәдени өрісінде қарастыру ұлттық танымның бала санасына қалай сіңетінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бабалар сөзі: Жұзтомдық. Т. 72: Балалар фольклоры. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.
- 2 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т. 1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
- 3 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- 4 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
- 5 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- 6 Әмірбекова А.Б. Лексикология және фразеология: монография. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024. – 304 б.
- 7 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие. – Москва: Академия, 2001. – 208 с.
- 8 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
- 9 Uther H.-J. The Fox in World Literature: Reflections on a «Fictional Animal» // Asian Folklore Studies. – 2006. – Vol. 65, No. 2. – P. 133–160.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГАСТРОПОЭТИКА: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОДТЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕНУІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚҰМАР Л. Қ.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі әдебиеттануда адамның күнделікті тұрмысымен байланысты құбылыстарды көркемдік тұрғыдан зерттеу өзекті бағыттардың біріне айналды. Солардың қатарында гастропозтика мәселесі ерекше назар аудартады. Гастропозтика – көркем шығармадағы тағамдардың, ас ішу мәдениетінің, дастарқан дәстүрінің поэтикалық қызметін зерттейтін ғылыми бағыт.

Біраз шетелдік зерттеулерде тағам адам болмысының биологиялық қажеттілігі ғана емес, мәдениеттің маңызды белгісі ретінде көркем мәтінде символдық қызмет атқаратыны зерттелген

[1]. Ал Р. Барт тағамды мәдени коммуникация жүйесінің ерекше белгісі ретінде сипаттайды. Ол тағамның белгілі бір мәдениеттің өзіндік тілі екенін айтқан [2]. Осы зерттеу тұжырымдарын пайдалана отырып, көркем шығармалардағы тағам бейнесін гастропозтикалық деталь ретінде қарастырамыз. Себебі әдеби шығармадағы тағамның суреттелуі кейіпкердің әлеуметтік мәртебесін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын танытатын маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

Қазақ мәдениетінде тағам ұғымы халықтың өмір салтымен тығыз байланысты. Көшпелі өмір салты ет тағамдарының, қымыздың, шұбаттың, құрт пен ірімшіктің ұлттық символ деңгейіне көтерілуіне ықпал етті десек болады. «Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған. «Астан үлкен емессің», «Ерді қорласаң састырар, асты қорласаң құстырар» деген секілді ескертпе сөздер, мақал- мәтелдер осының дәлелі. Қай заманда, қалай айтылғанына қарамастан, халық асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің көзін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыруды, жақсылар мен жайсандарды құрметтеуді, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын, ел дәулетін қазақ кен дастарқаны арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен» [3].

Қазақ әдебиетіндегі тағам бейнесі көбіне қонақжайлық, береке, молшылық ұғымдарымен сабақтас келеді. Мысалы, эпостық жырларда батырды күтіп алу рәсімдері міндетті түрде ас беру көріністерімен қатар беріледі. Бұл қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың көркем көрінісі болып табылады.

Қазақ прозасында да тағам ұлттық мінезді танытудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Мәселен, Бейімбет Майлин шығармаларында ауыл тұрмысы көбіне дастарқан мәдениеті арқылы сипатталады. Автор кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайын, тұрмыс деңгейін тағам түрлері арқылы нақтылайды.

«Ас жабдығына кірісті, әуелі отқа ошақты әкеп тұрғызды, одан, қазан асып су құйды, содан кейін, оң босағада тұрған кең кебенің қақпағын ашты да ішінен сүрленген жылқы етін ала бастады. Байжан көз қырын салды да, көңілі тоғая қалды, семіз сынар қазы, ұзындығы екі сүйемдей жуан қарта, жаяның құйымшақ жағы, қыртысты келген және бір жалпақ қақпыш... Семіз сүрді көріп Байжан әлденеше рет жұтынып қалды... Табаққа түскен сүр Шәймерден көз қырын тастап отыр еді. Әйелі «сыбағалы етті салып болдым» дегендей, табакты көтере беріп еді:Қатын! деді Шәймерден. Әйелі тоқтай қалды. Күйеу

екенін білмейтін бе едің анау жігіттің, Анатөлдiң қызын алған мырза осы болады. «Төсiн» де сал күйеудiң!. Әйел тағы да бiр жымиды да, кебежеге қайта барып, қойдың сүрлеген төсiн алып шықты. Әйел еттi жуып қазанға салғанша, үйге бiрталай жұрт жиналып қалды. Жас әйелдер, үй иесi әйелдiң, ас-суына жәрдемдестi, өзгелерi қонақтармен кенеске кiрiстi»[4].

Бұл шығармадағы сүрленген жылқы етi, қазы, қарта, жая, қақпыш, төс қазақ халқының дәстүрлi ет тағамдары. Бұл атаулар қазақтың этномәдени болмысын танытатын ұлттық тағамдық код ретiнде қызмет етедi. Автор тағам атауларын жай ғана тiзбелеп қоймай, олардың сапасын «семiз сыңар қазы», «жуан қарта», «қыртысты жалпақ қақпыш» деп нақтылап бередi. Мұндай детальдар көшпелi қазақ тұрмысындағы молшылық пен берекенiң белгiсi ретiнде көрiнедi. «Байжан көз қырын салды да, көңiлi тоғая қалды», «Семiз сүрдi көрiп Байжан әлденеше рет жұтынып қалды» деген жолдардан кейiпкер психологиясы көрiнедi. Байжанның көңiл күйi тағамға деген реакциясы арқылы берiледi. Мұнда кейiпкердiң iшкi сезiмi тiкелей психологиялық талдау арқылы емес, тағамға деген физиологиялық әрекетi арқылы көрсетiлген. Бұл гастропозитиканың маңызды қызметтерiнiң бiрi – адамның эмоционалдык күйiн тағаммен байланыстыра суреттеу. Сонымен қатар қазақ мәдениетiнде ет мүшелерiн тарату әлеуметтiк қатынастарды реттейтiн маңызды дәстүр болып табылады. Үзiндiде Шәймерденнiң «Төсiн де сал күйеудiң!» деуi осының дәлелi. Төс – қазақ дәстүрiнде күйеу балаға ұсынылатын кәделi ас. Демек, тағам мұнда тек ас емес, адамдар арасындағы туыстық байланысты айқындайтын мәдени таңбаға айналған. Осы эпизод арқылы қазақ қоғамындағы күйеу баланың мәртебесi, сыбаға беру дәстүрi, қонақ күту әдебi көрiнедi. Тағам дайындау барысында қазақ отбасындағы әйелдiң дәстүрлi әлеуметтiк рөлi де көрiнедi. Қазақ әйелi үй берекесiнiң, дастарқан молшылығының иесi ретiнде бейнеленген.

«Бала кезiннен құмартып жейтiн тарыдан жасалған жент мынау. Сары май, жаңғақ қосылған, қантын аз салғам. Қауынқақ шайға жақсы, терлетiп, буын-буыныңа түседi. Қысқы соғымнан сақтап алып қалған қазы, жал, жаяны мол ғып әкеле алмадым, мына мiнезi жаман әкең «көшiп барасың ба бiржола» деп артық салғызбады. Мынау бордақылап сойған құнан қойдың сүрленген төстiгi, отқа қақтап тiске бассан тiсiңнiң қышуы қанады. Түйе өркешi, сүрленген, ертенгiсiн шаруана асыққан кезде бiр турамын қара нанмен жеп алсан түске дейiн бүлк етпейсiң. Шұжықтың майы аз, жүрегiңе

тимейдi, әдейi соғымның телшесiнен айналдырдым. Қарынға тығып бұға пiсiрген уыз қуырдақты жақсы көрушi едiң ғой, мынау сол, мұздай жерге қойып сақтасаң үш-төрт айға дейiн дәмiн бермейдi, үлпершегi тiлдi үйiрiп түсiне енедi. Астананың ауа райы қатал, суық тигiш дегендi естiген соң, дария жағасына өскен мойыл мен қарақатты көп жинап қайнатқан едiм, мынау суық тигенге, тұмауға iшетiн варенье, жемiс сөлi, екi-үш қанып iшкен кiсi құр аттай болып шыға келедi. Әй, шал, бал қосып пiсiрген құймағым қайда-әй, бiр қорабын салған секiлдi едiм?»[5].

Д.Досжан шығармасынан келтiрген мысалда тағам тек ас-су ретiнде емес, аналық мейiрiмнiң, ұлттық дүниетанымның, отбасы құндылықтарының және мәдени жадтың көркем коды ретiнде қызмет еткен. Бiрiншiден, бұнда аналық махаббат көрiнедi. Шығармада ананың баласына арнап дайындаған әр тағамы ерекше сипатталады. Әрбiр астың қасында оның пайдасы, жасалу тәсiлi, баласының ұнататыны қоса айтылады. «Бала кезiңнен құмартып жейтiн тарыдан жасалған жент мынау» Бұл жерде жент жай тағам емес, балалық шақтың символы. Ана тағам арқылы баласының өткен өмiрiн, отбасы жылуын еске түсiредi. Тағам эмоциялық коммуникация құралына айналған. Анасы «жүрегiңе тимейдi», «ертенгiсiн шаруана асыққан кезде бiр турамын қара нанмен жеп алсан түске дейiн бүлк етпейсiң», «мынау суық тигенге, тұмауға iшетiн варенье, жемiс сөлi, екi-үш қанып iшкен кiсi құр аттай болып шыға келедi» деп әр тағамның пайдасын түсiндiрiп, баласының денсаулығын ойлайды. Екiншiден, дәл осы мысалдан қала мен ауыл оппозициясын да көруге болады. Ауылдың табиғи тiршiлiгi мен қаладағы өмiр қарсы қойылады. «Астананың ауа райы қатал, суық тигiш дегендi естiген соң, дария жағасына өскен мойыл мен қарақатты көп жинап қайнатқан едiм, мынау суық тигенге, тұмауға iшетiн варенье, жемiс сөлi, екi-үш қанып iшкен кiсi құр аттай болып шыға келедi» деп, ауылдан емдiк қасиетi бар тағамдарды жинап әкеледi. Үшiншiден, ұлттық тағам мәдени код ретiнде қызмет атқарады. Келтiрiлген үзiндiде аталған жент, қазы, жал, жая, түйе өркешi, сүр төстiк, шұжық, уыз қуырдақ, үлпершек барлығы да ұлттық тағамдар. Бұл жерде ұлттық код тағам атаулары арқылы ашылады.

Гастропозитикада тағам белгiлi бiр мағына жүктейтiн белгi (таңба) болып есептеледi. Бұл мысалда жент – балалық шақ, сағыныш; қазы, қарта, жал, жая– береке, молшылық, дәулет; үлпершек–ана махаббаты, уыз қуырдақ – отбасылық дәстүр; мойыл,

карақат вареньесі – денсаулық пен қамқорлық. Сонымен қатар автор әрбір тағамның дайындалу жолын айтып, қазақ халқының тағам дайындау технологиясынан да хабар береді. Бұл үзіндіде тағам қазақтың ұлттық мәдени жадын, отбасылық құндылықтарын және аналық махаббатын танытатын маңызды гастропэтикалық құрал ретінде көрінеді. Автор ұлттық тағамдардың атауын, дайындалу тәсілдерін және олардың символдық мағыналарын беру арқылы қазақ дүниетанымының көркем моделін жасайды. Мұнда ас тек корек емес, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты сақтайтын мәдени код қызметін атқарады.

Келтірілген мысалдардағы гастропэтикалық элементтер бірнеше қызмет атқарған:

- ұлттық мәдени кодты танытады (қазы, қарта, жая, төс);
- әлеуметтік қатынастарды көрсетеді (күйеуге төс беру дәстүрі);
- қазақы қонақжайлық пен сыбаға мәдениетін бейнелейді;
- отбасылық құндылықтар мен аналық махаббатты береді.

Түйіндей келе, көркем шығармалардан келтірілген үзінділерде тағамның суреттелуі қазақ халқының дүниетанымын, туыстық қатынастар жүйесін және ұлттық мәдени құндылықтарын танытатын маңызды гастропэтикалық құрал ретінде қызмет етіп тұр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында да көркем мәтіндегі этномәдени ақпарат көбіне тұрмыстық лексика арқылы берілетінін айтылған. Жалпы ұлттық тағам атауларын ұлттық мәдени ақпаратты сақтаушы ретінде бағалауға болады. Мәселен қазақ әдебиетінде ет – молшылықтың, нан – қасиеттіліктің белгісі ретінде көрінеді. Нан көптеген шығармаларда өмірдің, еңбектің және берекенің символына айналған. Ал қымыз ұлттық болмыстың көрсеткіші ретінде сипатталады. Сондықтан тағамның суреттелуі шығармадағы идеялық мазмұнды ашуға қатысатын маңызды поэтикалық құрал болып табылады.

Гастропэтика қазіргі әдебиеттануда қарқынды дамып келе жатқан ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Қазақ әдебиетіндегі тағам бейнелері ұлттық мәдени кодтың маңызды құрамдасы ретінде көрінеді. Олар кейіпкер мінезін ашуға, тарихи-мәдени ақпаратты жеткізуге және шығарманың көркемдік жүйесін қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан гастропэтикалық зерттеулер ұлттық әдебиетті жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Katz, W. R. Some Uses of Food in Children's Literature. Children's Literature in Education. Vol. 11, No. 4, 1980, pp. 192–199.

2 Barthes, R. Toward a Psychosociology of Contemporary Food Consumption // Food and Culture: A Reader / red. C. Counihan, P. Van Esterik. – New York : Routledge, 1997. – P. 20–27.

3 <https://adyrna.kz/kk/post/3047>

4 Қазақ тілінің ұлттық корпусы. Жазушылар ішкорпусы https://qazcorpus.kz/_zhazushilar-ishkorpus/index1.php?soz=жент

5 Досжан Д. Ине ұшындағы өмір. <https://bilim-all.kz/article/14610>

ҚАЗАҚ МАҚАЛДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ КОНЦЕПТІСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ҚУАНЫШ Н. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ғалым М. Оразов: «Сөз семантикасы көне дәуірден бері келе жатқан, әр кезде тілшілер мен философиялардың араларында талас тудырып жүрген күрделі мәселелер болып саналады. Алғашқы семантикалық пікір Яски мен Панинидің еңбектерінде кездескенімен күні бүгінге дейін зерттелуі, анықталуы қажет болған жақтары көп екендігі анық [1, 28]. Сөз мағынасы – тіл білімінің еншісіне тиетін категория, сол үшін де оны жан-жақты талдау тіл білімінің үлесіне тиеді. Сөз мағынасын тіл білімі аясында бірнеше бағытта талдау жасауға болады» [1, 29] – деп сөз мағынасын тіл білімінде әр түрлі бағытта талдауға болатынын жазады.

Гендерлік семантика – сөздер мен сөз тіркестерінің гендерлік мағыналарын зерттейді. Тіл білімінде гендерлік мән – тілдік бірліктердің мағыналары арқылы тілдің гендерлік айырмашылықтарын айқындайтын ғылыми бағыт. Бұл бағыт тілдегі гендерлік стереотиптер мен әлеуметтік, мәдени, ұлттық ерекшеліктерді түсіну үшін маңызды. Сол себепті зерттеу жұмысына қазақ мақалдарындағы гендерлік мәннің сипатын ашып көрсету мақсаты қойылды. Мақалдардағы гендерлік семантиканы анықтау тілдегі гендерлік қатынас ұғымымен байланысты. Гендерлік қатынас – тіл мен қоғам арасындағы өзара байланыспен қатар, тілдің гендерлік аспектілерін зерттейтін сала. Яғни бұл ұғым ер

мен әйелдің рөлі, орны, болмысы, қасиеті, олардың арасындағы әлеуметтік қатынастардың тілде көрініс табуын қарастырады. Әр түрлі ұлт пен мәдениеттегі ер мен әйелдің болмыс-бейнесі тілде әр түрлі сипатталады. Сол сияқты дәстүр мен мәдениетке бай қазақ ұлтындағы гендерлік қатынастың да өзіндік ерекшеліктері бар.

Г. Шоқым «Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері» диссертация жұмысында: «Қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы гендерлектілерге халық даналығы мақал-мәтелдер де негіз болады» [2, 183] – дей келе, қазақ мақалдарындағы ер мен әйелдің стереотиптік сипатын ашады. Ерлік тақырыбындағы сөздер – қазақ мақал-мәтелдерінің ең көлемдісі, көркемі, мазмұндысы. Ел қорғау, ерлік жасау – абыройлы әрі ауыр іс. Сондықтан ер адамның гендерлік образы халық ұғымында алдымен туған жерін, елін жоғары санайтын абзал мұратты азамат болуы керек [2, 183]. Осылайша автор ерге қатысты мақалдарды «Ер – ел қорғаушы»; «Ер – елдің айнасы»; «Ердің аты – ер»; «Ер – батыр»; «Ер қаруы – бес қару»; «Ер қанаты – аты»; «Ер серігі – досы», т.б. деп топтастырып, қазақ мақал-мәтелдерінде жігіттің гендерлік бейнесі ерекше сипатталатынын, сонымен қатар гендерлік мән аталы-балалы өулеттің үй ішіндегі орны, әке, ата, ұлдың бірімен-бірінің қарым-қатынасы арқылы терендей түсетінін жазады [2, 184-185]. Ал әйелге қатысты сөз мәйегі әйел-ана, шеше, қыз, келін, қатын бейнелеріне тарамдалып келіп, олардың әрқайсысына тән гендерлік белгілерді жинақтап көрсетеді. Әйелдің ана рөлі мен мінез ерекшелігіне байланысты мақал-мәтелдердің көрінісін көрсетеді. Әйелді байлықтың басы, азамат ердің қолқанаты, адал жар ретінде бейнелейтін, әрі жақсы, жаман, жесір әйел сипатын айқындайтын мақал-мәтелдердің бар екенін де мысалдармен атап өтеді. Әйелге қатысты мақал-мәтелдердің ішінде қыздың гендерлік образы айрықша сипат алған деп, «Қыз – әке-шешенің, елінің еркесі, ауылдың көркі»; «Қыз – жат жұрттық»; «Қыз – қалыңдық»; «Қыз – келін» деп топтастырады [2, 186-187]. Ер мен әйелді қарсы қойып салыстыру немесе қатарластыра сипаттау қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездесетін гендерлік ерекшелік деп атап өтіп, «Еркек – бас, әйел – мойын»; «Еркекке жүрек керек, әйелге тірек керек»; «Ер айласы бір, қатын айласы мың»; «Еркек дауысты қатында ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас»; «Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді» [2, 187], т.б. мақалдарды мысалға келтіреді.

Яғни қазақ қоғамындағы ер мен әйелдің әлеуметтік, отбасылық, қоғамдық рөлдері, болмыс-бітімі, қасиет-қабілеттері

тілде, соның ішінде қазақ мақалдарында толық түсіндірілген. Мақалдар – халық даналығының айнасы болғандықтан, ер мен әйелге тән дәстүрлі көзқарастар мен таптаурындардың болуы заңды. Мәселен, қазақ мақалдарында ерлер мықты, еңбекқор, ержүрек, батыл, әділ, шыншыл, жауапкершілікке бейім, әйелдер мейірімді, ұстамды, сабырлы, инабатты, ибалы, тәрбиелі, дана болу қасиеттерімен ерекшеленеді. Яғни тілдегі гендерлік мәнді мақалдар арқылы анықтау – қазақ ұлтының ерлері мен әйелдеріне қатысты қалыптасқан заңдылықтарын, әлеуметтік рөлдерін, орныққан мәдени дәстүрлерін, болмысын түсінуге мүмкіндік береді.

«Әйел» ұғымы барша адамзат баласына ортақ концепт болғанмен, әр ұлттың рухани мәдениеті мен дүниетанымына сәйкес оның концептосферасы айқындалады. Қазақ мақалдарында халықтық санада қалыптасқан қазақ әйелінің болмысы, қасиеттері, мінез-құлық ерекшеліктері сипатталады, әйел құндылығының жоғары бағалануы көрінеді. Мақалдарда әйел бейнесі әр қырынан айқындалады. Оның әлеуметтік орны мен жас ерекшелігі, отбасындағы рөлі, туыстық байланысына қарай атаулары да әр түрлі лексемамен беріледі. Мәселен, қыз, қатын, әйел, жар, келін, ана, әже, қайын ене, женге, абысын лексемалары әйел ұғымының туыстық қатынастар аясын көрсетсе, әлеуметтік рөлі мен орны бәйбіше, тоқал, ханым, жесір ұғымдары арқылы толық түседі. Әйел ұғымының жас ерекшелігін білдіретін сөздер қатарына қыз (бойжеткен, жас ару), әйел, қатын, бәйбіше, кемпір ұғымдары жатады. Қазақ тілінде әйелге қатысты салпы етек, төмен етек, шөпжелке, шүйкебас дисфемизм сөздері де қолданылады. Әйел сөзіне сөздікте мынадай түсіндірме жасалған: 1. Адам баласының ұрғашы жыныстылары. 2. Жұбай, зайып, қатын. Ұрғашы сөзі 1. Жан-жануарлардың аналық жыныстылары. 2. Әйел, жамағат, жұбай мағыналарында қолданылады [3, 23]. Қатын сөзі түркі тілдерінің көбіне ортақ сөз. М. Қашқари сөздігінде «ақ сүйек (хан, төре, бек) қызы» деген мағынада жұмсалған, кейін «ерге шыққан әйел» дегенді білдіретін болған. Қатын сөзінің бастапқы мағынасы – ханым, бәйбіше, әйел, кейін күйеуге шыққан әйел, зайып. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде жоғарыда көрсетілген мағыналардан басқа қосымша ұғымға ие болған. Мысалы, қырғыз, алтай, хакас, қазақ тілдерінде – әйелді кемсіту мақсатымен айтылатын өрескел сөз ретінде қолданылады. Якут тілінде бұл сөз «қайын ене», түрікше, монғолша тек қана «ханым, үлкен кісінің әйелі» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде қатын сөзі көбінесе сөйлеу тілінде

колданылады да, ал әдеби тілде оның орнына әйел, зайып, жамағат, жұбай сөздері жұмсалады [4, 55].

Қазақтың дүниетанымында «әйел – қыз» концептісі тілде айрықша көрсетілген. Әсіресе мақалдарда қыз лексемасының мағынасы қазақ қызының бейнесін ашу сипатымен көрініс тапқан. Мақалдарда қыз бейнесі ұлттық жөн-жоралғы, әдеп нормаларымен сабақтастырыла сипатталған. Қазақ ұғымында қыз нәзіктіктің, пәктіктің белгісі. Себебі қыз жаратылысынан нәзік құбылыс. Қыздың басқа жаратылыстардан ерекшеленуі осы нәзіктігінен байқалады, ер адамда жоқ әр түрлі қасиеттер мен қабілеттер бір ғана қыз болмысының бойынан табылады. Қыздың бойындағы кез келген жағдайда өзгере алу қабілеті, сонымен қатар қыздың жар, ана, келін сияқты әр түрлі статустарға ие болып, өмірде осы нәрселердің басын бір арнаға тоғыстырып жүруі – қыз болмысының өте ерекше екенін аңғартады. Қызды осы қасиет, қабілеттеріне сәйкес ерекше құрметтеген. «**Әйел – қыз**» семантикалық тобына мынадай мақалдар жатады: «*Қыздың жолы жіңішке*»; «*Қызы бардың назы бар, қысы бардың жазы бар*»; «*Бір жақсы қыз, екі жасаман ұлға татиды*»; «*Қыз жоқ жерде – қызық жоқ*» [5, 156]; «*Жақсы қыз жағадағы құндыз, Жақсы жігіт көктегі жұлдыз*»; «*Қыз бала әкесіне жұлдыз, шешесіне күн*»; «*Қыз қылығымен сүйкімді, ұл әдебімен сүйкімді*» [5, 81], т.б.

Қазақ халқы қыз баланы ырысқа балап, «қыз – ырыс» деп жоғары бағалаған. Қыз бала дүниеге келсе, үйдің берекесі, ырысы, ризығы артуымен тең болған. Қыз тек қана бір үйдің, бір әулеттің ғана емес, бір рулы елдің, бір ауылдың, бір ұлттың ырысы іспетті. Бұл мағына қазақ паремиологиялық қатарларында толығымен түседі. «**Қыз – ырыс**» семантикалық тобы мынадай паремиологиялық қатар түзеді: «*Ешкілі қой өреген, Қызды ауыл өскелең*»; «*Қызды ауыл көңілді*»; «*Қызды ауылдың иті жатпас*»; «*Астың дәмін тұз келтірер*», «*Ауылдың сәнін қыз келтірер*»; «*Қой жүрген жер – береке, Қыз жүрген жер – мереке*» [5, 156]; «*Қыз – халықтың гүлі, Өлең – сауықтың гүлі*»; «*Қарты бар елдің қазынасы бар, Қызы бар елдің базынасы бар*»; «*Қыз тілінбеген қарбызбен тең, Қызбен күреспе, қысырақпен жарыспа*» [6, 81]; «*Суды шым бөгейді, дауды қыз бөгейді*»; «*Қыздың ерлігі қырғында білінеді, Әйел демей алдына жау жүгінеді*», т.б. [7, 240].

Қазақ танымында қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі қыз жанұяның гүлі, шамшырағы, болашақ ана, ұрпақ тәрбиелеуші ретінде жоғары бағаланып, қыз баланы жас күнінен бастап әдепті,

ибалы, сыпайы, мейірімді, еңбекқор болуға тәрбиелеу ананың басты міндеттерінің бірі болған. Қыздың ата-анасының атына сөз келтірмейтіндей тәрбиеленуі шарт болған. Ата-бабаларымыз қыз бала жарық дүниеге келгенде оның жолдасына ақ тамызған. Ақ – адалдықтың белгісі, оның қыз бала тәрбиесінде басым болатыны осыдан. «**Қыз тәрбиесі**» семантикалық тобына мынадай мақалдарды енгізуге болады: «*Қызға қырық үйден тыйым, Қала берді қара күңнен тыйым*»; «*Қызды қартша сына, атты жігітше сына*» [8, 120], т.б.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында қыз тәрбиесінде жеңгенің рөлі маңызды болған. Қыз бойжеткен шағында ортада өзін қалай ұстауына, қылықтарына туыс-жегжат, көрші-қолаң сынмен қарайтын болған. Сол себепті ата-анасы қызын бір жерге жіберерде жалғыз жібермей, жеңгесін ертіп жіберетін болған. Осындай стереотиптік жағдаят қазақ мақалдарында сипатталған. «**Жеңге рөлі**» семантикалық тобы мынадай паремиологиялық қатарды құрайды: «*Қызды ауылдың жеңгесі сүйкімді*»; «*Қыздың сырын жеңгесі біледі*» сияқты мақалдарда аңғарылады [9, 248].

Халқымыз ежелгі уақыттан бері баланы өмірдің қызығы, сәні мен мәні, ұрпақ жалғастырушы деп есептеген. Әсіресе қыз баланы ерекше құрметтеп, бетін қаппай, бар жақсыны үйіп-төгіп, алдына тосып, еркелетіп өсірген. Себебі қазақ ұлты «қыз – қонақ» деп санаған. «**Қыз – қонақ**» семантикалық тобы мынадай мақалдармен толығымен: «*Қыз – жат жұрттық*»; «*Қыз мұраты – кету*»; «*Қызды ел алмайды, жау алады*»; «*Қызды таныс алады, таныс алмаса қоныс алады*»; «*Бесін болса күн тұрмас, Күйеу келсе қыз тұрмас*» [9, 248]. Қызды тұрмысқа беруге асығатыны қыз бала көзге ерте түсетіндіктен. Сондықтан өсек-аяңға іліндірмей, құтты жеріне қондыруды әр ата-ана мақсат етеді. Бұл түсінік мақалдарда былай сипатталған: «*Қызды асырай алмаған күн қылады*»; «*Тұзды көп сақтама, су болар, Қызды көп сақтама, күн болар*»; «*Қызғаншақтың қызы күйеусіз қалады*» [5, 157]. Алайда әр нәрсенің өз уақыты бар екенін ескеріп, қыздың тұрмыс құруына асығыстық, сабырсыздық танытуын қолдамаған. Мәселен, «*Отырған қыз орнын табар*»; «*Асыққан қыз байға жарымас*» [6, 82].

Қыз жат жұрттық болса да, қызды ата-анасына, өзінің жұртымен үзілмес байланысын, шексіз махаббатын меңзейді. Бұл мағына «**Төркін**» ұғымымен ұштастырылады. «**Төркін**» семантикалық тобы мынадай паремиологиялық қатарды құрайды: «*Төркініне келген қыз, төрге секіреді*»; «*Тұз десе түйеде тағат жоқ, Төркін десе қызда тағат*

жоқ» [7, 240]. Ал қыздың төркінмен байланыстылығының жағымсыз жақтарын көрсететін мақалдар да бар. Мысалы, «Төркіні жақын қыздың төсегі жиылмас». Қыздың төркіні қыздан туған баланы өз балам деп, ерекше жақсы көретін болған. Ұлдың баласы ұрпақты жалғастырушы болғанмен, анасы бөлек, ата-енесін туған қызындай жақсы көрмейді және одан туған бала да, анасының тәрбиесіне бейім болатыны жөнінде айтылған мына мақалдар санадағы стереотиптік көзқарасты білдіреді: «Қызымның баласы, Баладан тәтті анасы, Ұлымның баласы, Қара жылан анасы» [8, 120].

Ежелден келе жатқан дәстүр бойынша, ұзатылған қыз әке малынан әр түлік бойынша «мал құты» деп есептелетін бір-бір мал, әке мүлкінен берен сауыт, тұзу мылтық қалауына болады. Дәстүр бойынша, қызы не сұраса да, әкесі бетін қайтармайтын болған. Бас құданың рұқсатымен қыз жасауы буылып, түйіледі. Әр теңнің арасына әйелдерге арналған «тең шашар» салынады. Теңді ашатын қарсы құда жақтағы әйелдер осы сыйлықтарды бөлісіп алады. Жасауға ризашылық білдірген құдаларға киіт кигізіп, түйе жетектетіп, ат мінгізген. Болашақ отаудың көшер көлігі, сауып ішер сиыры, биесі де қыз жасауының құрамына кірген. Туған-туыстарымен қоштасарда қыз баланы ақ киізбен көтеріп, ақ боз атқа мінгізетін болған [4]. Осыған байланысты халық санасында көптеген мақалдар бар. «Қыз жасауы» семантикалық тобын мынадай мақалдар құрайды: «Құмға төккен білінбес, Қызға берген білінбес»; «Бастапқы қызыңды жасаулы ұзат, Соңғы қызыңның өтеуіне жақсы»; «Қыздан артық жуан бар, Аттан артық құлан бар»; «Қызға бергенді Қыдыр өтейді»; «Қызы бар ауылдың қыдыры бар»; «Жақсы қыздың жасауын жақын-жаран жасайды, Жаман қыздың жасауын сұрақ-тілек жасайды», т.б. [9, 249]. Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы қыздың рөлі, орны, болмыс-бітімі, қарым-қабілеті мақалдардан анық аңғарылады. Себебі мақалдардың әрқайсысы қыздың бейнесін әр қырынан ашып көрсете алады. Осы арқылы гендерлік қатынастың мәні ашыла түседі.

Қыз бой жетіп, тұрмыс құрып, өзге шаңырақтың тұтқасын ұстап, жанұяның ұйытқысы болатыны анық. Осыған сәйкес тілде әйел – жар бейнесі көрініс табады. Әйел – жар – махаббатпен, ізгі ықыласпен, сыйластықпен қосылған жартысының, күйеуінің, адал ақ некелі жарының жұбайы. Қазақтың дәстүрлі қоғамында жар тек қана жұбайы атану ғана емес, жарына қолдау білдіре отырып, ерінің абыройын асқақтатушы, жан досы, сырласы. Осы түсінік қазақ мақалдарында кеңінен сипатталады. «Әйел – жар» семантикалық

тобына мынадай мақалдар жатады: «Асыл әйел: әрі еркек, әрі қатын»; «Ерге жаққан қатын елге де жағады»; «Ердің атын не аты шығарады, не қатыны шығарады»; «Жақсы әйелдің қолы ұзын, жаман әйелдің тілі ұзын» [9, 250]; «Ер теңі сұлу жар»; «Қатының жаман болса, қонағың кетеді»; «Жаман қатын төсегінен белгілі, Жаман жігіт есебінен белгілі» [4], т.б. Демек, қыздың өмірдегі иеленер статустарының әр түрлілігі – тілде, мақалдарда сипатталып, гендерлік қатынастың деңгейін анық көрсетеді.

Әйел адамның жан дүниесі қалтарысқа толы болғандықтан болар, қазақ мақал-мәтелдерінде әйел – ана бейнесі көркем кестеленген. Ғалым А.Салқынбай: «Адам – әйел – ана» концептінің әлемнің тілдік бейнесін антропоэзектік теория тұрғысынан зерделеудегі алатын орны ерекше. Ал мақал-мәтелдерде жоғары. Әйел жөнінде айтылатын мақалдар әлемдегі басты әрі маңызды концептер санатында аталады. Өйткені «әйел – ана» – жер бетіндегі адамзаттың тұқымын өсіруші, адам баласын дүниеге әкелуші. Бұл – оның ең маңызды миссиясы» [10, 349] – деп әйелдің осы ерекше қасиетін ерекше бағалап көрсетеді. Әйел жаратылысының заңдылығы өмір бойы бір қалыпта болатыны сияқты қазақ мақалдарының да мағынасы өмірлік тәжірибеге, қажеттілікке сәйкес шығарылғандықтан, мақалдардағы гендерлік қатынас та мәңгі бір қалыпта, бір мағынада қалады. Себебі мақалдың мағынасы жанаруды, өзгеруді қажет етпейді. Қазақтың паремиологиялық қатарында ана киелі ұғымына қатысты көптеген мақалдар бар. «Әйел – ана» семантикалық тобының паремиологиялық қатары мынадай мақалдармен толығыды: «Анасын сүйгеннің баласын сүй»; «Анасы ұятсыз болса, баласы миятсыз болады»; «Баланың білегі ауырса, ананың жүрегі ауырады»; «Ердің анасы – елдің анасы»; «Ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді»; «Ана сүтімен бітпеген қасиет тана сүтімен сіңбейді»; «Ананың басқан жерінде пейіш бар»; «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал» [6, 83], т.б. мақалдарымыздан әйелдің ана рөлінің маңызын, қасиетін айқын аңғара аламыз. Қазақ мақалдарындағы ана ұғымы қай ғасырда, қай жылда, қай күнде де қастерлі болып қалады. «Ана» ұғымының қай тілде болса да мағыналық құрылымы күрделі. Соған сәйкес әр мақалдың өзіндік айтар өрелі ойы бар.

Қорытындылай келе, ана болу – әйелдің жер бетіндегі басты міндеті. Бұл – әйелді еркектен ажырататын бірінші айырмашылығы. Дәл осы айырмашылыққа байланысты гендерлік

мәселелер туындайды. «Алып анадан туады» дегендей, ана болу – жаратушының әйелге берген бақыты [10, 357].

Әйел бұл өмірде адал жар, аяулы ана болумен қатар келін де атанады. Әйелдің жан дүниесі нәзік болса да, бойындағы қайсар мінезі осы нәзіктікпен тоғысып, өмірде әр түрлі статусты қатар алып жүреді. «Әйел» ұғымына қатысты мақалдардың семантикалық бір тобы келіндік жауапкершілік, міндеттеріне байланысты. Қазақ мақалдарында әйелдің келін бейнесі де сипатталады. Бұл да гендерлік қатынастың көрсеткіші. Келін туралы паремиологиялық бірліктер халықтық діл ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әдет-ғұрып, әдеп мәселелерін жеткізіп, оған қоғамның жүктеген жауапкершілігін сипаттайды. Әкесінің үйіндегі қыздың орны киіз үйдің оң жағындағы қадірлі орында болады. Келін болып түскен соң ол орын – үйдің сол жағына ауысады. Бұл жерде қызды шымылдық артына жасырудың немесе оның бетін желекпен жабудың үлкен ғұрыптық мәні бар. Біріншіден, ол қызды әдеттегі тірліктен бөлектеудің нышаны, ұзатылатын қыз жаңа әлеуметтік мәртебеге ие. Екіншіден, бұл дүниеден бөлектенген қыз – өте кірпияз, оны көз тию, тіл тию сияқты сыртқы әсерден қорғау ләзім. Үшіншіден, қыздың да сыртқы ортаға тигізер әсері болуы мүмкін деген үсініктен туған нәрсе. Қыздың желегі «беташар» болғанша ашылмайды. Ол желектің өзін жалаңаш қолмен ашпайды. Ертеректегі деректерге сүйенсек, бет ашуды желекті үкіленген қамшымен немесе басына ақ шүберек байланған таяқпен, кейінгі кезде домбыраның басымен ашады. Мұның барлығы – жас келінді кие тұтудан туындаған салт [4, 87]. Сонымен әйелге қоғамдық деңгейде жаңа рөл мен міндет жүктейтін «келін» ұғымы әйелдің болашақ жұбайының ата-анасына, сол отбасының үлкендеріне туыстық қатынасын білдіреді. Қазақтың дәстүрлі қоғамы келінді басқа қонған бақпен, отбасыға енген күтпен теңестіреді. Сонымен қатар қазақ келіндерінің еңбекке бейімділігі, пысықтығы, үлкендерді сыйлап, құрметтеуі, келіннің енесімен қарым-қатынасы, «жақсы келін» мен «жаман келін» бағалауыштық көрсеткіштері қазақ мақалдарында көрініс тапқан. **«Келін»** семантикалық тобына мынадай мақалдар жатады: *«Ұл қарыннан туады, Келін бағыңнан туады»*; *«Келінсіз үй кеберсіген шөлмен тең»*; *«Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда»*; *«Әдепті келін – ауылдың көркі»*; *«Келіні жақсы үйдің керегесі алтын»*; *«Келінді келін демесең, Жақсы болса өз қызың»*; *«Асты келін – аналықелін»*; *«Жақсы келін – келін, жаман келін – өлім»* [18, 241]; *«Жақсы енені жаман келін жер қылады, Жақсы келін жаман енені*

ел қылады»; *«Қайын енесі ас ішпес, қабағын түйген келіннен»*; *«Келін бой жасырады, даусын таудан асырады»*; *«Ұрысқақ болса, ұлың жау, Керіскек болса, келін жау»*; *«Ұлыңа ұлтарақ бол, келініңе кепшік бол»*; *«Қалыңсыз келген келін қырсықтанғанын қоймайды»* [8, 121], т.б.

«Келін» ұғымының мазмұндық құрылымына кіре отырып, әйелдің туыстық қатынастар шеңберіндегі рөлін абысын-ажын туыстық атауы паремиологиялық қор деңгейінде сипаттайды. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша олар бер жағынан болса да, күйеулерінің рулас, аталас туысқандарының әйелдерімен де сондай жақындықта болады деп саналған. Қалыптасқан дәстүр бойынша қазақта ағаның әйелдерін келіндері «абысын» десе, абысындар қайындарының әйелдерін «ажын» деп құрметтеген [4, 91]. **«Абысын-ажын»** семантикалық тобы мынадай паремиологиялық қатар түзеді: *«Абысының барда күндесім жоқ деме»*; *«Абысын татау болса ас көп»* [9, 249], т.б.

Қорытындылай келе, қазақ мақалдарындағы гендерлік қатынас мақалдардағы әйел болмысының жан-жақты көрініс табуымен ерекшеленеді. Әйелге тән гендерлік, әлеуметтік рөлдер мен қатынастарға сәйкес қазақ мақалдары 13 семантикалық топқа бөлінді. «Әйел» ұғымы баршаға ортақ болғанмен, гендерлік тұрғыдан қарағанда, әр халықтың мәдениеті мен дүниетанымына сәйкес әйел болмысының өзгешелігі, рөлі мен орнының ерекшеленуі қазақ мақалдарынан анық байқалады. Қыз баланы отбасының ырыс-берекесі ретінде бағалап, құрметтеп, тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен мән беруі, есейе келе адал жар, аяулы ана, үлгілі келін атанып, енесі, абысындарымен тату қарым-қатынас жасай білу қабілеті, осындай әр түрлі әлеуметтік статустарды бір бойына тоғыстырып, жауапкершілікті арқалап жүруі – қазақтың дәстүрлі қоғамындағы гендерлік көрсеткіш. Бұл – қыз баланың өмірде үлкен миссияға ие тұлға екенін көрсетеді, сондықтан да қазақтың дәстүрлі қоғамында әйел үлкен құрметке ие болған. Ол қазақ мақалдарының гендерлік мәнінен, мағынасынан айқын аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 215 б.
- 2 Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері: филол. ғыл. докт. ...дис. – Алматы: Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2009. – 281 б.

3 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

4 Тажикеева А.Ш. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі гендерлік аспект: филос. докт. ...дис. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2011. – 122 б.

5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 237 б.

6 Әлімбаев М. Мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар. – Алматы: 1978. – 113 б.

7 Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке, 2002. – 448 б.

8 Смайлова А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Көшпенділер, 2006. – 296 б.

9 Аяған Б. Сөз мәйегі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2007. – 564 б.

10 Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретапыр: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 456 б.

ӘЛ-БИРУНИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «КҮН» ЖӘНЕ «АЙ» КОСМОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

ҚУАНЫШЕВ А. С.

докторант, 2 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мақалада Әбу Райхан әл-Бирунидің еңбектерінде берілген «Күн» және «Ай» космонимінің этимологиялық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Зерттеу нысаны ретінде ғалымның «Өткен ұрпақтар ескерткіштері», «Үндістан», «Әт-Тафһим» және «әл-Қанун әл-Масғуди» еңбектеріндегі екі негізгі космонимдер алынған. Зерттеу жұмысының мақсаты – аспан денелері атауларының тілдік табиғатын айқындап, олардың әртүрлі халықтардың дүниетанымы мен діни наным-сенімдерінің мәдени құндылықтарымен байланысын анықтау. Әл-Бируни еңбектеріндегі космонимдер халықтардың ғарыш туралы танымын, әлемнің тілдік тілдік бейнесін және көне ономастикалық ойлау жүйесін танытатын құнды тілдік-мәдени дереккөз болып табылады.

Қазіргі тіл білімінде ономастика, әсіресе космонимдер халықтың тарихи жадын, діни наным-сенімдерін және мәдени дүниетанымын бейнелейтін маңызды тілдік сала ретінде қарастырылады. «Космоним (грек. Kosmos – «әлем», «ғарыш» және онома – «есім», «атау») – ғарыш кеңістігіндегі аспан денелерінің (ғалам, галактикалар, жұлдыздар, планеталар және олардың бетіндегі табиғи нысандардың) жалқы атауларын білдіретін ономастиканың жас салаларының бірі. Ол жалқы есімдердің бір түрін құрайды» [1, 41-б.]. Космонимдер көбінесе көне мифологиялық кейіпкерлердің, құдай бейнелерінің, табиғатта болатын құбылстардың және символдық белгілердің негізінде қалыптасады. Олардың семантикалық қабаттарында белгілі бір халықтың ғалам құрылысы туралы түсініктері көрініс табады. Сол себепті көне жазба ескерткіштерде кездесетін ономастикалық бірліктерді, әсіресе космонимдерді зерттеу уақыт пен кеңістік туралы тарихи түсініктерді қайта қалпына келтірудің маңызды дереккөзі болып табылады.

Әлемдік тіл білімінде космонимдер мәселесі В.Н.Топоров, Б.А.Успенский, А.В.Суперанская, В.А.Никонов, Й.Немет және М.Н.Боголюбов сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жекелеген космоним атауларының семантикасы, этимологиялық ерекшеліктер және стильдік қырлары талданған. Қазақ тіл білімінде космонимдерге қатысты зерттеулер Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Х.Арғынбаев, А.Сейдімбек, М.Ж.Көпейұлы, Н.Уәли және Қ.Аронұлы сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Аталған зерттеу еңбектерінде космонимдердің тілдік ерекшеліктері қарастырылып, қазақ халықтық космонимдерінің қалыптасуы жөнінде мәліметтер беріледі.

Әбу Райхан әл-Бирунидің жазба мұраларында келтірілген әртүрлі халықтардың планета атауларын зерттеу белгілі бір халықтың мәдени және рухани құндылықтарының тілдік бірліктерде қалай көрініс табатынын анықтауға, сондай-ақ көне ономастикалық ойлау ерекшеліктерін ашуға толық мүмкіндік береді. Талдау жұмыстарын жүргізу барысында мақалада планета атауларын сипаттамалық, классификациялық және салыстырмалы-тарихи әдістер мен тәсілдер қолданылды. Сипаттамалық әдістің негізгі функциясы – белгілі бір синхрондық аспектіде тілдік бірліктер мен құбылыстарды сипаттау және саралау барысында оларды жүйелі түрде талдау, тілдегі қызметін, орнын, қолданысын, құрылымын

және өзіндік ерекшеліктерін анықтау, кейін алынған нәтижелерді жинақтап тиісті қорытындылар жасау болып табылады [2, 257-б.].

Жазба ескерткіштердің лексикалық құрамы ономастикаға өте бай. Ономастиканың кейбір түрлері, атап айтқанда антропонимдер, топонимдер және ру-тайпа атаулары ғылыми әдебиеттерде белгілі бір дәрежеде қарастырылғанымен, ономастикалық бірліктердің кейбірі, әсіресе планета атаулары қазіргі кезге дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде талдау жұмыстары жүргізілмеген. Дегенмен, Әбу Райхан әл-Бирунидің «Өткен ұрпақтар ескерткіштері» (Monuments of Past Generations), «Үндістан» (India), «әт-Тафһим» (al-Taḥfīm) және «әл-Қанун әл-Масғуди» (al-Qanun al-Mas'ūdī) сияқты еңбектерінде планета атаулары мен олардың әртүрлі халықтар арасындағы нұсқалары анық көрсетілген. Осы тұста аталған атауларды ономастикалық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі айқындалады. Аспан денелеріне атау тағу үрдісі оларға атау беруші халықтың әдет-ғұрпы, дүниетанымы, тілі, рухани өмірі, тұрмыс-тіршілігі және әлеуметтік-этикалық ойлау жүйесімен байланысты. Осылайша аталған факторлар тілдік бірліктерде көрініс табады. Әбу Райхан әл-Бируни «Өткен ұрпақтар ескерткіштері» еңбегінде әртүрлі халықтар арасындағы планета атауларының қойылу ерекшеліктерін жүйелі түрде түсіндіріп, жеті жарық жұлдыздың (аспан шырағының) араб, парсы, грек (византиялық), сирия, иврит, үнді және хорезм тілдеріндегі атауларын салыстырмалы түрде береді. Кейбір халықтардың мәдени дәстүрінде апта күндерінің атаулары жеті негізгі планетаның атауларымен байланысты қалыптасқан. Бұл жөнінде әл-Бируни «Үндістан» еңбегінде: «Біздің астрономдарымыз планеталарды «апта күндерінің иелері» деп атайды. Күннің сағаттары да планеталардың атауларымен белгіленеді» [3, 167-б.], - деп келтіреді. Зерттеу еңбектеріне сәйкес, жексенбі күні Шамс (Күн), дүйсенбі Қамар (Ай), сейсенбі Миррих (Марс), сәрсенбі Утарид (Меркурий), бейсенбі Мұштари (Юпитер), жұма Зуһра (Шолпан), ал сенбі Зуһал (Сатурн) атауларымен байланыстырылады. Әбу Райхан әл-Бируни зерттеу еңбектерін араб тілінде жағандықтан, оның еңбектерінде берілген космонимдердің көпшілігі араб тіліндегі атаулар болып табылады.

Ash-Shams (Күн). Күн – адамзаттың танымындағы ең құнды аспан денелерінің білі болып табылады. Түрлі халықтардың танымында күн космонимі түрлі атаулармен беріледі және бұл атаулар сол халықтардың танымымен, діни наным-сенімдерімен және мәдени дәстүрімен тығыз байланыста. Араб тілінде ash-

Shams (شمس) деп аталады. Бұл атау «жарық беру», «сәуле шашу», «нұрландыру» деген мағынаны білдіреді. Парсы тілінде Күн Мехр және Хуршид деп аталады. «Авестада» Күн космонимін білдіретін Митра сөзі жарық пен нұрдың құдайының есімі ретінде түсіндіріледі, ал пахлavi тілінде бұл атау Сехр түрінде көрініс табады. Хуршид атау да авесталық Хварикшанта (Hvarixshanta) құдай атауымен байланысты болып, «сәулелі Күн», «нұр шашушы Күн» деген мағыналарды білдіреді. «Авестада» жұлдыздар мен планета атауларымен құдайлық мәнге ие нысандар ретінде қабылдау ерекше мәнге ие болған. Зерттеуші ғалымдардың көрсетуінше, «Авеста» мәтіні жиырма бір яшттан (авест. уašt, орта парсыша уašt) тұрады. Олардың біразы аспан денелеріне арналған гимндер болып табылады: «Мох Яшт» Айға, «Хуршид Яшт» пен «Мехр Яшт» Күнге, «Тир Яшт» Сириус жұлдызына, ал «Ванант Яшт» Антарес жұлдызына арналған. Бұл аспан денелері қасиетті саналып, оларға табыну рәсімдері орындалған [4, 62-б.]. Әл-Бирунидің «әт-Тафһим» еңбегінде Күн табиғатынан ыстық әрі құрғақ қасиетке ие дене ретінде сипатталады. Оған өткір әрі жағымды дәм, қызыл және сары түстер тән деп көрсетіледі. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде Күн атауы Яшық түрінде кездеседі. Талдау жұмыстарының нәтижесінде, араб тіліндегі Ash-Shams космонимі ең алдымен Күн космонимінің физикалық қасиеттерін, яғни жарық пен сәуле шашатын ерекшелігін бейнелейді. Парсы тіліндегі Мехр атауы Күннің табиғи болмысымен қатар, оның діни-мифологиялық сипатын да қамтиды. Бұл деректер планета және аспан денелері атауларының қалыптасуында діни түсініктердің маңызды рөл атқарғанын негіздейді.

Qamar (Ай). Ай – әртүрлі халықтардың тілдері мен мәдениеттерінде өзіндік атаулармен белгіленетін аспан денелерінің бірі. Араб тілінде Ай Қамар (قمر) деген атаумен беріледі. Парсы тілінде Ай атауы орта парсы тіліндегі māh сөзінен туындап, Мах/Мох түрінде қолданылады. Парсы тілінде мох сөзі тек қана аспан денесінің атауы ғана болып табылмайды. Сонымен қатар, «Ай» (уақыт өлшемі) мағынасын да біліреді. Бұдан бөлек, әдеби шығармаларда аталған ұғым сұлулықтың, нәзіктіктің және кемелдіктің символы ретінде жиі қолданылады. Әл-Бируни еңбектерінде Ай табиғаты жағынан орташа салқын және ылғалды дене ретінде бейнеленеді. Сондай-ақ оған тұзды және қышқыл дәм, көк және ақ түстер тән деп көрсетіледі. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында Ай атауы Ялчық Yalchiq деген атаумен берілген.

Қорытындылай келе, Әбу Райхан әл-Бируни еңбектерінде және шығыс жазба дереккөздерінде кездесетін планета атаулары тек астрономиялық ұғымдарды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір халықтардың діни наным-сенімдерін, мифологиялық түсініктерін және мәдени ойлау жүйесін де бейнелейтінін атап өтуге болады. Осылайша, әл-Бируни зерттеулеріндегі планета атаулары жай ғана атауыштық қызмет атқаратын бірліктер емес, терең этимологиялық және семантикалық мазмұнға ие космонимдік бірліктер ретінде бейнеленеді. Зерттеу нысандары халықтардың дүниетанымын, рухани құндылықтарын және тарихи-мәдени тәжірибесін сақтап жеткізетін маңызды ономастикалық қабатты құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бегматов Э., Улуқов Н. Ўзбек ономастикаси терминларининг изоҳлилуғати.–Наманган, 2006.
2. Берунӣ, Абурайхон. Китоб–ут–тафҳим ли–авоили саноат–ит–танчим / Абурайхон Берунӣ. – Душанбе: Дониш, 1973. – 285 с.
3. Беруни, Абу Райхан. Канон Масъуда / Абу Райхан Беруни / Избр. произведения. – Ташкент: Фан, 1973. – Т.V. – Ч.1. – 648 с
4. Берунӣ, Абурайхон. Осор–ул–боқия / Абурайхон Берунӣ. – Душанбе: Ирфон, 1990. – 432 с

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ КАК ХРАНИТЕЛЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКОВОГО И ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ: К ВОПРОСУ О КОНЦЕПЦИИ ЦЕЛОСТНОГО ЧЕЛОВЕКА

МАНФАГАТОВ А. К.

магистрант, Торайгыров Университет, г.Павлодар.

Современная эпоха глобализации характеризуется стремительным развитием информационных технологий, расширением межкультурных связей и усилением процессов культурной интеграции. Наряду с положительными последствиями данные процессы создают определенные риски для сохранения национальной идентичности, языка и традиционной культуры. В связи с этим особое значение приобретает обращение к духовному наследию выдающихся представителей казахской общественной

мысли, чьи труды способствуют сохранению исторической памяти народа и укреплению национального самосознания [3].

Одним из таких мыслителей является Машхур Жусуп Копеев – выдающийся поэт, фольклорист, историк, этнограф и просветитель. Его творческое наследие представляет собой уникальное сочетание литературных произведений, исторических исследований, фольклорных материалов и философских размышлений о месте человека в обществе [1; 7]. Многие идеи мыслителя сохраняют актуальность и в XXI веке, особенно в контексте концепции целостного человека, предполагающей гармоничное развитие интеллектуальных, духовных и нравственных качеств личности.

Особую ценность в наследии Машхура Жусупа представляет его вклад в сохранение и развитие казахского языка. Его произведения отражают богатство народной речи, своеобразие национального мировосприятия и духовный опыт казахского народа.

В своих трудах мыслитель широко использовал пословицы, поговорки, устойчивые выражения, афоризмы и элементы устного народного творчества. Благодаря этому его произведения выступают не только литературными памятниками, но и важнейшими источниками для изучения языковой картины мира казахского народа [1].

Для Машхура Жусупа язык являлся не просто средством коммуникации. Он рассматривал язык как основу духовного существования народа, средство передачи исторической памяти, нравственных ценностей и культурных традиций. Через язык, по мнению мыслителя, сохраняется связь поколений и обеспечивается преемственность национальной культуры.

В условиях глобализации данная идея приобретает особую актуальность. Сегодня сохранение национального языка становится важнейшим условием сохранения культурной самобытности и устойчивого развития общества. Наследие Машхура Жусупа демонстрирует, что язык является не только инструментом общения, но и важнейшим элементом духовной безопасности народа.

Значительным является вклад Машхура Жусупа в сохранение казахского фольклора. На протяжении всей своей жизни он собирал народные легенды, предания, шежиры, исторические рассказы и образцы устного народного творчества [6].

Благодаря его деятельности были сохранены многочисленные сведения об истории казахских родов, выдающихся личностях и событиях прошлого [2]. Многие из этих материалов могли быть

утрачены вследствие социальных и политических изменений начала XX века.

Фольклор в понимании Машхура Жусупа выполнял важную воспитательную функцию. Через народные сказания формируются нравственные качества личности, уважение к старшим, любовь к родной земле, чувство справедливости и ответственности перед обществом [5]. Именно поэтому сохранение устного народного творчества он рассматривал как необходимое условие духовного развития народа.

Особое значение имеет то обстоятельство, что собранные им материалы позволяют современным исследователям изучать не только язык, но и мировоззрение казахского народа, его ценностные ориентиры и особенности культурного сознания [8].

Одной из ключевых идей творчества Машхура Жусупа является идея гармоничного развития личности. Современная концепция целостного человека предполагает единство интеллектуального, духовного, нравственного и культурного развития. Анализ произведений мыслителя показывает, что аналогичные взгляды занимали важное место в его мировоззрении.

Машхур Жусуп подчеркивал, что знания должны служить не только развитию интеллекта, но и совершенствованию нравственных качеств человека. Он выступал за сочетание образованности, духовности и высокой моральной ответственности.

По мнению мыслителя, человек не может считаться по-настоящему образованным, если его знания не направлены на благо общества. Поэтому образование должно сопровождаться воспитанием уважения к традициям, культуре и духовным ценностям народа [3].

Подобный подход соответствует современным представлениям о целостном человеке как личности, способной гармонично сочетать профессиональные знания, нравственную ответственность и культурную идентичность.

Особую роль в сохранении и популяризации наследия мыслителя играет мавзолей Машхура Жусупа Копеева, расположенный в Баянаульском районе Павлодарской области, вблизи села Машхур Жусип (ранее с. Жанажол) [7]. Сегодня данный объект является одним из наиболее значимых сакральных мест региона и входит в число известных объектов духовного наследия Казахстана.

Мавзолей является не только местом памяти великого мыслителя, но и важным культурным центром, который ежегодно

посещают паломники, ученые и туристы из различных регионов Казахстана и зарубежных стран. Его значение выходит далеко за рамки мемориальной функции, поскольку он способствует сохранению исторической памяти и популяризации духовных ценностей казахского народа.

Символично, что именно на территории Павлодарской области сосредоточены ключевые объекты, связанные с жизнью и деятельностью Машхура Жусупа. Здесь находятся мавзолей, музейные экспозиции и объекты, носящие его имя. Это способствует развитию машхуроведения как самостоятельного научного направления и укреплению культурной идентичности региона. Кроме того, имя Машхура Жусупа увековечено в одной из крупнейших мечетей Казахстана, расположенной в городе Павлодар.

В заключение хочу отметить, что наследие Машхура Жусупа Копеева представляет собой важнейшую часть национального духовного и языкового богатства Казахстана. Его труды способствуют сохранению языковой памяти народа, популяризации фольклорных традиций и укреплению нравственных ценностей общества.

Особую актуальность в современных условиях приобретает отраженная в его творчестве идея гармоничного развития личности, соответствующая концепции целостного человека. В эпоху глобализации обращение к наследию Машхура Жусупа способствует сохранению национальной идентичности, укреплению духовных основ общества и формированию уважительного отношения к культурному наследию своего народа.

Изучение и популяризация его творчества остаются важной задачей современной науки, образования и культуры, обеспечивая преемственность поколений и сохранение духовных ценностей казахского народа.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Машхұр Жүсіп Көпейұлы. Тандамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 2013. – 358с. [Электронный ресурс]. – URL: e-history.kz - 62003573fe7374809e0fdbd6ecb560ff.pdf [дата обращения 09.06.2026].
- 2 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 с.
- 3 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Санат, 2001. – 448 с.
- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 с.

5 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 с.

6 Жүсіпов Н.Қ., Баратова М.Н., Жүсіпов Е.Қ., Күрметова А.А. Мәшһүр Жүсіптің мәдени мұрасы: аңыздар // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – 120–130 с.

7 Ғалымжанов Б.Ғ. Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №1(130). – с. 15–20.

8 Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Тоқмұхамедов С.Е. Мәшһүр Жүсіптің тарихи мұрасы // Отан тарихы. – 2022. 44–57 с.

НЕЙРОТІЛ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

МАШРАПОВА З. С.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бұл мақалада нейролингвистика мен жасанды интеллекттің тоғысында қалыптасып келе жатқан «нейротіл» ұғымы қарастырылады. Нейротіл деп адамның миында жүзеге асатын тілдік өңдеу, сөйлеу, түсіну, мағына құрау және оларды есептеу модельдері арқылы сипаттау мүмкіндігін біріктіретін пәнаралық бағыт түсіндіріледі. Мақаланың мақсаты – жасанды интеллекттің тілдік модельдері нейролингвистикалық зерттеулерге қандай жаңа әдіснамалық мүмкіндік беретінін, сондай-ақ нейродеректерді талдау, сөйлеу бұзылыстарын анықтау және ми-компьютер интерфейстерін дамыту салаларындағы ғылыми маңызын жүйелеу. Зерттеу шолу-теориялық сипатта жазылды: қазіргі нейролингвистикадағы ми желілері туралы түсініктер, терең оқытуға негізделген тілдік модельдер және нейротехнология этикасы өзара байланыста талданды. Нәтижесінде нейротіл бағыты адамның тілдік санасын түсіндірумен қатар, медицина, білім беру және цифрлық коммуникацияда қолданылатын жауапты жасанды интеллект жүйелерін жасауға негіз бола алатыны көрсетілді.

Тіл – адамның ойлауын, әлеуметтік қатынасын және мәдени тәжірибесін ұйымдастыратын күрделі когнитивтік жүйе. Нейролингвистика осы жүйенің мида қалай іске асатынын, яғни дыбысты тану, сөз мағынасын түсіну, сөйлем құрау, мәтіннен ой шығару сияқты үдерістердің нейрондық негізін зерттейді. Сонғы жылдары жасанды интеллекттің, әсіресе табиғи тілді өңдеу

технологияларының дамуы бұл салаға жаңа серпін берді. Бұрын тілдік үдерістер көбіне жеке ми аймақтарының қызметі арқылы түсіндірілсе, қазіргі зерттеулер тілдің көптеген аймақтар мен байланыстардан тұратын желілік құбылыс екенін көрсетеді [1].

Жасанды интеллект тілдік деректерді үлкен көлемде өңдей алады: мәтінді жіктейді, сөйлеуді таниды, мағыналық ұқсастықты есептейді, жауап құрастырады және жасырын үлгілерді табады. Нейролингвистика үшін мұның маңызы ерекше. Себебі адамның сөйлеуі мен түсінуі сырттай қарағанда қарапайым көрінгенімен, оның артында уақыт бойынша өте жылдам жүретін акустикалық, фонологиялық, семантикалық және синтаксистік операциялар жатыр. ЖИ осы операциялардың сыртқы көрінісін ғана емес, ми белсенділігімен байланысын модельдеуге де мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан «нейротіл» ұғымын ғылыми айналымда адамның тілдік қабілетін нейрондық, когнитивтік және есептеуіш деңгейде бірлікте талдайтын бағыт ретінде қолдануға болады. Нейротіл дайын терминнен гөрі зерттеу тұжырымдамасы ретінде құнды: ол ми деректері мен тілдік модельдерді, клиникалық сөйлеу талдауын, нейрозтиканы және қазақ тілі сияқты ресурсы шектеулі тілдерге арналған цифрлық шешімдерді бір ғылыми кеңістікке жинақтайды. Мақаланың негізгі мәселесі - жасанды интеллект адамның тілдік миын түсінуге көмектесе ме және мұндай көмектің шегі қай жерде басталады деген сұрақ.

Нейролингвистика тілдік әрекетті мидағы бір ғана «орталықтың» жұмысы деп емес, өзара байланысқан функционалдық желілердің нәтижесі деп сипаттайды. Сөйлеуді қабылдауда есту қыртысы, сөз мағынасын өңдеуде самай және төбе аймақтары, сөйлем құрауда маңдай аймақтары, ал мағынаны контекстпен байланыстыруда кең таралған ассоциативтік жүйелер қатысады. Мұндай түсінік тілдің табиғатын механикалық ереже жиынтығы ретінде емес, динамикалық нейрокогнитивтік үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Нейротіл осы динамиканы екі бағытта зерттейді. Бірінші бағыт – биологиялық: адамның миы сөзді, дыбысты және мағынаны қалай өңдейді; тілдік қате немесе бұзылыс кезінде қандай өзгеріс пайда болады; бала тілінің дамуы мидағы жетілу үдерістерімен қалай байланысады. Екінші бағыт – есептеуіш: жасанды нейрондық желілер тілдік мағынаны қалай кодтайды; олардың ішкі қабаттары адам миындағы өңдеу кезеңдерімен салыстыруға келе ме; модельдің қатесі адам тіліндегі қате түрлеріне ұқсай ма. Бұл екі

бағытты біріктіру нейротілді толыққанды пәнаралық тақырыпқа айналдырады.

Ғылыми жағынан маңызды мәселенің бірі - «мағына» ұғымын өлшеу. Дәстүрлі тіл білімінде мағына сөздік, грамматикалық және прагматикалық деңгейде талданады. Ал нейролингвистика мағынаның мидағы көрінісін зерттейді; жасанды интеллект болса мағынаны векторлық кеңістіктегі сандық бейне ретінде сипаттайды. Осы үш тәсілдің түйісуі адамның тілдік санасын сандық модельдеу мүмкіндігін арттырады. Бірақ мұнда сақтық қажет: модельдегі вектор адамның санасындағы оймен тең емес, ол тек деректерден алынған жуық есептеуіш көрініс.

Табиғи тілді өңдеудегі қазіргі бетбұрыс трансформер архитектурасының пайда болуымен байланысты. Бұл архитектура мәтіннің әр бөлігін басқа бөліктерімен салыстырып, контексті ескеретін назар механизмдерін қолданады [2]. Кейін BERT сияқты модельдер екі жақты контексті ескеру арқылы сұрақ-жауап, мәтін жіктеу, мағына ұқсастығын анықтау сияқты міндеттерде тиімді нәтиже көрсетті [3]. Мұндай модельдер нейролингвистика үшін тек техникалық құрал емес, тілдік өңдеудің есептеуіш гипотезаларын тексеретін эксперименттік орта болып табылады.

Жасанды тілдік модельдер адамның миын дәл көшірмейді. Дегенмен оларда тілдік деректің құрылымы көпөлшемді түрде сақталады: сөздер, тіркестер, синтаксистік байланыстар және контекстік мағыналар әр қабатта әртүрлі деңгейде бейнеленеді. Осы себепті зерттеушілер модель қабаттарының белсенділігін адамның ми белсенділігімен салыстырып, ортақ есептеу принциптерін іздейді. Мысалы, кейбір еңбектер адамның миы мен авторегрессивті тілдік модельдер контекстке сүйене отырып келесі сөзді болжау, күтілмеген сөзге жауап беру және сөздерді контекстік embedding арқылы бейнелеу сияқты принциптерде ұқсас заңдылық көрсете алатынын ұсынады [4].

Бұл ұқсастықты абсолютті теңдік ретінде түсінуге болмайды. Адам тілі денемен, эмоциямен, әлеуметтік тәжірибемен және ниетпен байланысты. Ал модель негізінен мәтіндік немесе мультимодалды деректердегі статистикалық тәуелділіктерді үйренеді. Сондықтан нейротіл зерттеулеріндегі басты талап - жасанды интеллект нәтижесін түсіндірілетін, тексерілетін және адамға бағытталған әдіс ретінде пайдалану. Модель мидың «көшірмесі» емес, бірақ тілдік ми туралы гипотеза құруға көмектесетін ғылыми аспап бола алады.

Нейротілдің қолданбалы мәні ең алдымен нейродеректер мен сөйлеу деректерін біріктіріп талдаудан көрінеді. Функционалдық магниттік-резонанстық томография, электроэнцефалография, магнитоэнцефалография және инвазивті нейроинтерфейс деректері адамның тілдік тапсырма кезіндегі ми белсенділігін сипаттайды. Жасанды интеллект осы деректерден уақыттық және кеңістіктік үлгілерді іздеп, оларды сөз, дыбыс, мағына немесе сөйлеу ниетімен байланыстыра алады. 2023 жылғы зерттеулердің бірі fMRI деректерінен үздіксіз тілдің мағыналық мазмұнын қайта құрастыру мүмкіндігін көрсетті [5]. Бұл нәтиже нейродеректер мен тілдік модельдердің бірігуі ғылыми тұрғыдан өте әлеуетті екенін дәлелдейді, бірақ ол толық «ой оқу» технологиясы дегенді білдірмейді.

Медицинада нейротіл insultтен кейінгі афазияны, нейродегенеративті аурулардағы сөйлеу өзгерістерін, аутизм спектріндегі коммуникациялық ерекшеліктерді немесе дислексия белгілерін ертерек байқауға көмектесуі мүмкін. ЖИ сөйлеу қарқынын, үзіліс ұзақтығын, дыбыстық артикуляцияны, сөздік әртүрлілікті, грамматикалық қателерді және мағыналық байланыстарды сандық көрсеткішке айналдырады. Мұндай көрсеткіштер дәрігердің немесе логопедтің шешімін алмастырмайды, бірақ қосымша диагностикалық белгі ретінде пайдалы болуы ықтимал. Нейротілдің артықшылығы - ол тілдік симптомды тек сыртқы қате ретінде емес, ми қызметіндегі өзгеріспен байланыстырып қарастырады.

Тағы бір маңызды сала – сөйлеу қабілетін жоғалтқан адамдарға арналған ми-компьютер интерфейстері. Қазіргі нейропротездік зерттеулерде адамның айтуға тырысқан сөзін немесе сөйлемін нейрондық белсенділік арқылы мәтінге айналдыру бағыттары дамып келеді. Nature журналында жарияланған жоғары өнімді сөйлеу нейропротезі туралы жұмыс бұл саланың клиникалық маңызын көрсетті [6]. Мұндай жүйелердің мақсаты – адамның ішкі ойын бақылау емес, сөйлеуге мүмкіндігі шектеулі адамға қарым-қатынас жасау арнасын қайтару. Сондықтан нейротілдің гуманистік мәні айқын: технология адамды алмастыру үшін емес, адамның коммуникациялық мүмкіндігін кеңейту үшін қолданылуы тиіс.

Білім беру саласында нейротіл оқушының тілдік қиындықтарын ерте анықтауға, көптілді ортада тіл үйренудің жеке траекториясын құруға және оқу мәтіндерін когнитивтік жүктеме деңгейіне қарай бейімдеуге көмектесе алады. Қазақ тілі үшін бұл бағыттың маңызы ерекше, өйткені қазақ тіліндегі нейролингвистикалық корпус, сөйлеу деректері және клиникалық тілдік тестілер әлі де жүйелі

түрде көбейтуді қажет етеді. ЖИ арқылы қазақ тілінің дыбыстық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін ескеретін нейротілдік модельдер жасалса, олар тіл үйрету, логопедия, автоматты аударма және сөйлеуді тану жүйелерінің сапасын арттыра алады.

Нейротіл бағыты қаншалықты пайдалы болса да, ол адамның ең сезімтал деректерімен жұмыс істейді. Нейродерек адамның денсаулығы, эмоциялық күйі, назар деңгейі немесе ықтимал психологиялық ерекшелігі туралы жанама ақпарат беруі мүмкін. Сондықтан мұндай деректерді жинау мен өңдеуде келісім, құпиялылық, түсіндірілетін алгоритм, дерек қауіпсіздігі және әділеттілік қағидалары сақталуы керек. ЮНЕСКО-ның 2025 жылы қабылданған нейротехнология этикасы жөніндегі ұсынымында нейротехнология мен нейродеректерді адам қадір-қасиеті, құқықтары және психикалық тұтастық тұрғысынан қорғау қажеттігі ерекше атап өтіледі [7].

Әдіснамалық тұрғыдан тағы бір қауіп – модель нәтижесін артық түсіндіру. Егер ЖИ белгілі бір сөйлеу үлгісін ауру белгісімен байланыстырса, бұл автоматты түрде нақты диагноз қойылды деген сөз емес. Дерек көлемі аз, тілдік орта біржақты немесе модель белгілі бір әлеуметтік топқа бейімделіп үйретілсе, нәтиже бұрмалануы мүмкін. Әсіресе қазақ тілі сияқты агглютинативті, морфологиясы бай тілдерде дайын ағылшынтілді модельдерді тікелей қолдану дұрыс емес қорытындыға әкелуі ықтимал. Сол себепті нейротіл зерттеуінде лингвист, невролог, психолог, деректанушы және этика маманы бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Нейротілдің болашағы ашық, көптілді және адамға бағытталған ғылыми инфрақұрылымға тәуелді. Біріншіден, сапалы тілдік және нейролингвистикалық корпус қажет. Екіншіден, модельдің шешімін түсіндіретін құралдар дамуы тиіс. Үшіншіден, клиникалық қолдану үшін әрбір жүйе нақты популяцияда тексеріліп, қателік шегі ашық көрсетілуі керек. Төртіншіден, нейродерек адамның жеке кеңістігінің ерекше түрі ретінде қарастырылып, коммерциялық немесе бақылау мақсатындағы теріс пайдаланудан қорғалуы тиіс.

Нейротіл бойынша болашақ зерттеулер бірнеше нақты міндетке сүйенуі тиіс. Біріншісі – қазақ тіліндегі табиғи сөйлеу, жазба мәтін, диалектілік нұсқа, балалар тілі және клиникалық сөйлеу үлгілерінен тұратын этикалық корпус қалыптастыру. Мұндай корпус тек көлемімен емес, сапалы белгіленуімен де құнды: дыбыстық қате, морфологиялық тұлға, синтаксистік құрылым, семантикалық

байланыс және сөйлеу үзілісі бөлек таңбаланса, ЖИ тілдік бұзылысты да, қалыпты тілдік дамуды да дәлірек ажырата алады.

Екіншісі – нейродеректерді түсіндіруде ашық және қайталанатын әдіс ұстану. Зерттеу хаттамасы, модель параметрі, қателік көрсеткіші және дерек іріктеу өлшемі нақты жазылмаса, нейротіл нәтижесін медицинаға немесе білім беру тәжірибесіне енгізу қиын. Үшіншісі – көптілділік феноменін ескеру. Қазақстан жағдайында адам бір уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдік ортада өмір сүреді; сондықтан нейротілдік модельдер бір тілдің ғана емес, тілдер арасындағы ауысудың, интерференцияның және код араластырудың ми мен сөйлеудегі көрінісін де талдауы қажет.

Нейротіл және жасанды интеллект – қазіргі ғылымдағы маңызы жоғары пәнаралық тақырып. Ол адамның тілдік қабілетін тек грамматика немесе сөйлеу әрекеті ретінде емес, ми, сана, дерек және алгоритм байланысында қарастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект нейролингвистикаға үлкен деректерді өңдеу, тілдік мағынаны сандық модельдеу, нейродеректерді интерпретациялау және клиникалық көмекші құралдар жасау сияқты жаңа мүмкіндіктер береді. Сонымен бірге бұл мүмкіндік жауапкершілікпен қолданылмаса, адамның жеке ой кеңістігі мен дерек құпиясына қауіп төндіруі мүмкін.

Ғылыми тұрғыдан нейротілдің басты құндылығы – адамның тілдік санасын түсіндіру үшін биологиялық және есептеуіш модельдерді салыстыруында. Практикалық тұрғыдан ол сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтау, сөйлеу қабілетін қалпына келтіру, көптілді білім беру және қазақ тіліне арналған интеллектуалды жүйелерді дамытуға негіз бола алады. Болашақ зерттеулерде қазақ тілінің нейролингвистикалық ерекшелігін ескеретін ашық дерекқорлар, этикалық регламенттер және түсіндірілетін ЖИ модельдері жасалса, нейротіл бағыты ұлттық ғылым үшін де, халықаралық зерттеу кеңістігі үшін де құнды үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Friederici, A. D. The brain basis of language processing : from structure to function / A. D. Friederici // *Physiological Reviews*. – 2011. – Vol. 91, № 4. – P. 1357–1392. – DOI: 10.1152/physrev.00006.2011.
2. Attention Is All You Need / A. Vaswani, N. Shazeer, N. Parmar [et al.] // *Advances in Neural Information Processing Systems*. – 2017. – Vol. 30. – P. 5998–6008.

3. BERT : pre-training of deep bidirectional transformers for language understanding / J. Devlin, M.-W. Chang, K. Lee, K. Toutanova // Proceedings of the 2019 Conference of the North American Chapter of the Association for Computational Linguistics: Human Language Technologies. Vol. 1 : Long and Short Papers. – Minneapolis : Association for Computational Linguistics, 2019. – P. 4171–4186. – DOI: 10.18653/v1/N19-1423.

4. Shared computational principles for language processing in humans and deep language models / A. Goldstein, Z. Zada, E. Buchnik [et al.] // Nature Neuroscience. – 2022. – Vol. 25, № 3. – P. 369–380. – DOI: 10.1038/s41593-022-01026-4.

5. Semantic reconstruction of continuous language from non-invasive brain recordings / J. Tang, A. LeBel, S. Jain, A. G. Huth // Nature Neuroscience. – 2023. – Vol. 26, № 5. – P. 858–866. – DOI: 10.1038/s41593-023-01304-9.

6. A high-performance speech neuroprosthesis / F. R. Willett, E. M. Kunz, C. Fan [et al.] // Nature. м 2023. – Vol. 620, № 7976. – P. 1031–1036. – DOI: 10.1038/s41586-023-06377-x.

7. UNESCO. Recommendation on the Ethics of Neurotechnology [Electronic resource]. – Samarkand : UNESCO, 2025. м Adopted 11 November 2025. – Access mode: UNESCO official website. – Date of access: 11.06.2026.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ «ЖЕР-АНА» КОНЦЕПТІСІ

МЕЛІС А. М.

докторант, Л. Н. Гумилев ЕҰУ университеті, Астана қ.

Қазіргі тіл білімінде ұлттық дүниетанымды тіл арқылы тану мәселесі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің негізгі нысандарының біріне айналды. Әсіресе белгілі бір халықтың мәдени жадында сақталған концептілерді тарихи-танымдық тұрғыдан зерттеу ұлттық құндылықтардың қалыптасу жолын, олардың тілдегі және санадағы көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай маңызды мәдени-концептуалдық бірліктердің бірі – қазақ халқының рухани дүниесінде ерекше орын алатын «Жер-Ана» концептісі. Бұл ұғым халықтың туған жерге, атамекенге, табиғатқа, елдік пен

мемлекеттілікке қатысты көзқарастарын жинақтайтын күрделі мәдени-танымдық құрылым ретінде танылады.

Қазақ дүниетанымында жер ұғымы ежелден тек табиғи кеңістік немесе географиялық аумақ ретінде қабылданған жоқ. Ол халықтың тіршілік көзі, ата-баба мұрасы, ұрпаққа аманат құндылық, елдік пен бірліктің негізі ретінде бағаланып келді. Осындай танымдық түсініктердің тарихи бастаулары түркі халықтарының ең көне жазба мұралары саналатын Орхон-Енисей ескерткіштерінде көрініс тапқан. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жазбалары көне түркі қоғамының саяси тарихын ғана емес, оның дүниетанымдық жүйесін, кеңістік туралы түсінігін, табиғат пен адам арасындағы байланысты, жердің қоғамдық және рухани өмірдегі орнын да айқындайтын маңызды дереккөздер болып табылады [1, 24-6].

Көне түркі жазбаларына арналған зерттеулерде олардың тарихи, тілдік және мәдени ерекшеліктері жан-жақты қарастырылғанымен, жер концептісінің «Жер-Ана» ұғымымен сабақтастығы арнайы зерттеу нысаны ретінде толық қарастырыла қойған жоқ. Сондықтан Орхон мәтіндеріндегі жерге қатысты тілдік деректерді концептуалдық тұрғыдан талдау және олардың қазақ дүниетанымындағы «Жер-Ана» концептісімен байланысын анықтау ғылыми тұрғыдан өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Көне түркі жазба мұралары түркі халықтарының ертедегі дүниетанымын, кеңістік туралы түсінігін, елдік санасын, мемлекеттілік ұстанымын танытатын аса құнды дереккөздер қатарына жатады. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері тарихи оқиғаларды ғана баяндап қоймай, көне түркі қоғамының әлемді тану жүйесін, ел мен жердің бірлігін, мекенді сақтау идеясын, қағанаттың саяси әрі рухани тұғырын айқындайды. Зерттеушілер Орхон жазбаларын түркілердің саяси тарихы мен мәдени болмысын танытатын ең көлемді әрі жақсы сақталған мәтіндер ретінде бағалайды [1, 24-6.].

Орхон мәтіндерінде қазіргі қазақ тіліндегі «Жер-Ана» тіркесі дәл осы формада қолданылмағанымен, оның негізгі танымдық белгілері – жердің тіршілік мекені, қасиетті кеңістік, елдік негіз, мемлекеттіліктің тірегі, ата-баба аманаты және ұрпаққа қалдырылатын рухани мұра ретіндегі сипаттары айқын байқалады.

Көне түркі жазбаларындағы жер концептісінің ең алғашқы әрі маңызды көрінісі Күлтегін ескерткішіндегі жаратылыс туралы жолдардан көрінеді:

Üze kök teğri, asra yağız yer kılındukta, ikin ara kişi oğlı kılınmış
(Үсте Көк Тәңірі, аста қара жер жаратылғанда, екеуінің арасында адам баласы жаратылған) [2, 58-б.].

Бұл жолдарда әлем үш қабатты құрылым түрінде беріледі: жоғарыда – Көк Тәңірі, төменде – Қара Жер, ал осы екі кеңістіктің ортасында – адамзат орналасады. Мұндағы *yağız yer* тіркесі «қара жер» деген мағынаны білдіреді. «Қара» сөзі тек түстік белгі емес, жердің берік, материалдық, төменгі әрі тіректік сипатын танытатын көне дүниетанымдық анықтауыш ретінде қолданылады. Жердің Көк Тәңірімен қатар аталуы оның әлемдік жүйедегі басты тіректердің бірі ретінде танылғанын көрсетеді.

Аталған сөйлемнің концептуалдық мазмұны терең. Адам баласының көк пен жердің арасында жаратылуы жердің тіршілік кеңістігі, адам өмірінің табиғи ортасы және болмыстың материалдық негізі екенін білдіреді. Кейінгі қазақ дүниетанымындағы «қара жер», «жер қойны», «жерден нәр алу», «жер – тіршіліктің негізі» сияқты түсініктер осы көне түркілік космологиялық таныммен сабақтасып жатыр.

Осы космогониялық формуладан кейін мәтінде адамзат кеңістігінің үстіне ата-баба қағандардың билік құрғаны айтылады:
Kişi oğlınla üze eçüm aram Bumın qağan, İstemi qağan olurmış
(Адам баласының үстіне ата-бабам Бумын қаған, Істемі қаған отырған) [2, 59-б.].

Бұл жолда жер мен адамзат мекені билік, тәртіп, елдік құрылымымен байланысады. Демек, жер – тек адам тіршілік ететін табиғи орта ғана емес, қағандық билік жүзеге асатын тарихи-саяси кеңістік. Осыдан көне түркі дүниетанымында жер ұғымының мемлекет, төре, билік және елдік тәртіппен тығыз бірлікте қарастырылғаны байқалады.

Көне түркі мәтіндерінде жер көбіне су, тау, орман, қоныс және елдік кеңістікпен тұтас қарастырылады. Бұл түсінік *yer-sub* ұғымы арқылы көрінеді. Көне түркі тіліндегі *yer-sub* қазіргі қазақ тіліндегі «жер-су» ұғымымен тікелей сабақтас. Аталған бірлік табиғи нысандардың жай қосындысын емес, халықтың мекенін, тіршілік ортасын, ата-бабадан қалған кеңістікті, қасиетті әрі тарихи мәні бар қонысты білдіреді.

Күлтегін мәтініндегі мына жол осы ойды нақтылайды:

Eçümüz aramız tutmuş yer-sub idisiz bolmazun tiyin...

(Ата-бабамыз тұтқан жер-су иесіз қалмасын деп...) [2, 114-б.].

Бұл үзіндіде *yer-sub* ата-бабадан қалған кеңістік ретінде беріледі. «Иесіз қалмасын» деген мағына жердің тек табиғи ресурс емес, тарихи иесі бар, қорғалуы тиіс, жауапкершілік жүктейтін рухани-мәдени кеңістік екенін көрсетеді. Мұнда жер-су қағанаттың, халықтың және ата-баба жолының материалдық та, рухани да негізі ретінде танылады. Бұл қолданыс қазіргі қазақ мәдениетіндегі «ата қоныс», «атамекен», «жер-су атаулары», «құтты мекен», «жер киесі» сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Қазақ дүниетанымында жер мен судың қатар аталуы тіршілікке қолайлы, тарихи мәні бар, иелі әрі қасиетті кеңістікті білдіреді. Орхон мәтіндеріндегі *yer-sub* осы танымның көне дәуірдегі негізін көрсетеді. Демек, Йер-Суб моделі «Жер-Ана» концептісінің табиғи-мәдени тұтастығын ашады. Бұл модельде жер суымен, қонысымен, ата-баба ізімен бірге қасиетті мекен ретінде танылады.

Көне түркі жазбаларындағы жер концептісінің маңызды көріністерінің бірі – Өтүкен ұғымы. Өтүкен жай ғана географиялық атау емес, қағанаттың саяси орталығы, елді біріктіретін қасиетті мекен, мемлекеттіліктің кеңістіктік тірегі ретінде бейнеленеді. Орхон мәтіндерінде Өтүкен туралы бірнеше маңызды дерек кездеседі.

Білге қаған мәтініндегі мына жол ерекше мәнге ие:

İl tutsık yer Ötüken yış ermiş

(Ел ұстайтын жер – Өтүкен қойнауы екен) [3, 76-б.].

Мұндағы *il tutsık yer* тіркесі «ел ұстайтын жер» деген мағынаны береді. Бұл – жердің мемлекеттілікпен тікелей байланысты екенін танытатын аса маңызды тілдік дерек. Көне түркі түсінігінде ел болу үшін халықтың болуы ғана жеткіліксіз; сол елді біріктіретін қасиетті орталық, тұрақты мекен, саяси кеңістік қажет. Осындай кеңістік ретінде Өтүкен аталады.

Бұл ой келесі жолда одан әрі тереңдейді:

Türük qağan Ötüken yış olursar ilte buı yok

(Түрік қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ) [3, 78-б.].

Бұл сөйлемде Өтүкен елдің тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі ретінде сипатталады. «Елде мұң жоқ» деген мағына жердің құт, береке, қауіпсіздік және саяси тұрақтылық ұғымдарымен байланысын көрсетеді. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі «құтты қоныс», «берекелі мекен», «ата қоныс» түсініктерінің көне түркілік негізін танытады.

Тағы бір деректе:

Ötüken yışda yıg idi yok ermiş

(Өтүкен қойнауынан артық жер жоқ екен) [4, 51-б.].

Бұл жолда Өтүкеннің ерекше құндылықтық мәртебесі айкындалады. Ол басқа кеңістіктерден жоғары, ел үшін ең қолайлы әрі ең қасиетті мекен ретінде бағаланады. Мұнда жердің аксиологиялық сипаты, яғни құндылық ретіндегі мәні көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Өтүкен моделі «Жер-Ана» концептісінің мемлекеттілік, құтты мекен және ұлттық орталық мағыналарын ашады. Жер мұнда елді сақтайтын, билікті орнықтыратын, халықты ұйыстыратын қасиетті кеңістік ретінде концептуалданады.

Көне түркі жазбаларының басты идеяларының бірі – ел мен жердің ажырамас бірлігі. Орхон мәтіндерінде *bodun* – халық, *il* – ел, мемлекет, *yer* – сол елдің өмір сүретін кеңістігі ретінде өзара тығыз байланыста беріледі. Ғылыми еңбектерде Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк мәтіндерінің түркілердің тарихи, әлеуметтік және саяси жағдайын көркем тілмен жеткізетін маңызды мұра екені атап көрсетіледі [4, 83-б.].

Күлтегін мәтініндегі мына жол елді сақтап қалу идеясын айқын танытады:

Türük bodun yok bolmazun tiyin, bodun bolçun tiyin...

(Түрік халқы жойылмасын деп, халық болсын деп...) [2, 91-б.].

Бұл сөйлемде жер сөзі тікелей аталмағанымен, халықтың сақталуы оның мекенімен, елдік кеңістігімен, ата-баба қонысымен тығыз байланысты. Халықтың халық болып қалуы жерінен, төресінен, қағанынан және тарихи мекенінен айырылмауымен шарттас. Сондықтан бұл жол «Жер-Ана» концептісімен жанама болса да, өте маңызды деңгейде сабақтасады: жер – халықтың өмір сүру кеңістігі, ал халық – сол жердің иесі. Күлтегін мен Білге қаған мәтіндерінде түркі халқының бірде ел болып, бірде елдігінен айырылып, кейін қайтадан қағанат құрып, елдік тәртіпке оралуы баяндалады. Мұндай тарихи баяндаудың астарында «елді сақтау – жерді сақтау», «жерден айырылу – елдіктен айырылу» идеясы жатыр.

Осылайша, ел мен жер тұтастығы көне түркі жазбаларындағы жер концептісінің әлеуметтік-саяси өзегін құрайды. Бұл модель кейінгі қазақ дүниетанымындағы «ел мен жер», «атамекен», «Отан», «жер үшін күрес» ұғымдарының тарихи негізін көрсетеді.

Көне түркі мәтіндерінде мекенді сақтау мәселесі айрықша мәнге ие. Бұл ой әсіресе Өтүкенге қатысты жолдардан анық байқалады. Өтүкенде отыру – елді сақтау, қағандық тәртіпті орнықтыру, халықты сыртқы ықпалдан қорғау дегенді білдіреді.

Türük qağan Ötüken yış olursar ilte buñ yok

(Түрік қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ) [5, 78-б.].

Бұл сөйлемде дұрыс мекен таңдау мен елдің тыныштығы арасында тікелей байланыс бар. Өтүкеннен алыстау саяси әлсіреуге, сыртқы күшке тәуелді болуға, елдік тәртіптің бұзылуына алып келетін жағдай ретінде түсіндіріледі. Демек, жерді сақтау – табиғи кеңістікті ғана қорғау емес, мемлекетті, халықты, рухани тәртіпті сақтау.

Мекенді сақтау идеясы *yer-sub idisiz bolmazun* тіркесінен де айқын көрінеді. Ата-баба тұтқан жер-су иесіз қалмауы тиіс. Бұл – кейінгі ұрпаққа бағытталған тарихи үндеу. Жерді иесіз қалдырмау ата-баба аманатына адалдықты, елдікті жалғастыруды, қасиетті кеңістікті қорғауды білдіреді [6, 46-б.].

Осыған байланысты мекенді сақтау моделі «Жер-Ана» концептісінің аманат, қорғаныш және жауапкершілік қабатын ашады. Жер мұнда ұрпаққа тапсырылатын рухани-саяси мұра ретінде танылады.

Көне түркі жазбаларында мемлекеттілік *il* / ел, қаған / қаған, *törü* / төре, *bodun* / халық, *yer* / жер ұғымдары арқылы беріледі. Бұл бірліктер жеке-жеке емес, өзара байланысқан тұтас жүйе ретінде қызмет етеді. Ел болу үшін қаған қажет, қаған билігі жүзеге асуы үшін жер керек, ал жер мен елді ұстап тұратын тәртіп қажет.

İl tutsık yer Ötüken yış ermiş

(Ел ұстайтын жер – Өтүкен қойнауы екен) [7, 76-б.].

Бұл жол көне түркі мемлекеттілік санасының кеңістіктік негізін айқын көрсетеді. Мемлекет абстрактілі ұғым ретінде емес, нақты қасиетті мекенмен байланыста танылады. Өтүкен қағанаттың саяси орталығы ғана емес, елдіктің рухани өзегі ретінде де бағаланады. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жазбаларының Көктүрік мемлекетінің саяси және мәдени тарихын танытатын мәтіндер ретінде қарастырылуы осы пікірді күшейте түседі [8, 28-б.]. Жер бұл мәтіндерде тарихи оқиғалардың фоны ғана емес, мемлекеттіліктің өмір сүру шарты ретінде көрінеді.

Сондықтан мемлекеттілік моделінде жер «Жер-Ана» концептісінің саяси-ұлттық деңгейін ашады. Жер – қағанаттың тұғыры, биліктің кеңістігі, елдіктің сақталу шарты.

Тоныкөк жазуы Күлтегін және Білге қаған мәтіндерімен салыстырғанда әскери-саяси стратегияны, елді қайта ұйымдастыру идеясын, халықты сақтау амалдарын айқынырақ көрсетеді. Тоныкөк

мәтінінде жер ұғымы жорық, көш, қоныс, қауіпсіздік, жаудан қорғану және саяси дербестік мәселелерімен байланыста беріледі.

Тоныкөк ескерткішіне арналған зерттеулерде бұл мәтіннің Орхон жазбалары қатарындағы маңызды мұра екені, онда түркі халқының саяси-әскери тәжірибесі мен елді ұйымдастыру жолдары көрініс тапқаны айтылады [9, 18-б.].

Тоныкөк мәтініндегі негізгі идеялардың бірі:

Türük bodun yok bolmazun tiyin, bodun bolçun tiyin...

(Түрік халқы жойылмасын деп, халық болсын деп...) [9, 42-б.].

Бұл жол елді сақтау стратегиясын білдіреді. Халықты сақтап қалу үшін оның мекені, жері, саяси орталығы және әскери қорғанысы сақталуы керек. Тоныкөк мәтініндегі кеңістік жай қозғалыс алаңы емес, стратегиялық ойлау кеңістігі ретінде көрінеді. Қай жерге қону, қай жерден жорық жасау, қай аймақты сақтау – бәрі елдің тағдырымен тікелей байланысты. Демек, Тоныкөк мәтінінде жер концептісі «Жер-Ана» ұғымының қорғаныштық және стратегиялық қабатын ашады. Жер – елді сақтайтын, халықты ұйымдастыратын, тәуелсіздікті қамтамасыз ететін кеңістік.

Осы белгілердің барлығы кейінгі қазақ дүниетанымындағы «Жер-Ана» концептісінің негізгі мазмұнымен үндеседі. Қазақ тіліндегі туған жер, атамекен, атақоныс, жер-су, құтты мекен, киелі жер, ел мен жер, жер үшін күрес сияқты ұғымдар көне түркі жазбаларындағы жер концептісінің тарихи жалғасы ретінде қарастырылады.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тілдік деректерді жүйелі талдау «Жер-Ана» концептісінің тарихи-танымдық негізі терең әрі көпқабатты екенін көрсетеді. Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк мәтіндерінде жер ұғымы тек географиялық аумақ немесе табиғи орта ретінде емес, тұтас дүниетанымдық жүйенің өзегін құрайтын әмбебап категория ретінде көрініс табады. Бұл ескерткіштерде жер космологиялық, антропологиялық, этноәлеуметтік, саяси және сакралды деңгейлерде қатар сипатталып, оның мағыналық өрісінің кеңдігін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, көне түркі жазбаларындағы жер концептісі бірнеше өзара байланысты мағыналық қабаттан тұрады: космологиялық тірек, тіршілік кеңістігі, табиғи орта, ата-баба мұрасы, елдік негіз, мемлекеттілік орталығы, стратегиялық кеңістік және сакралды құндылық. Осы қабаттардың барлығы біріге отырып, жердің көне түркі дүниетанымындағы әмбебап әрі күрделі концепт екенін дәлелдейді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, көне түркі жазбаларындағы жер концептісін талдау «Жер-Ана» ұғымының тарихи сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл мәтіндерде жер аналық атаумен аталмаса да, оның негізгі функциялары – өмір сыйлаушы, сақтаушы, қорғаныш, тұрақтылық көзі, ұрпаққа аманат кеңістік ретінде толық көрініс тапқан. Сондықтан «Жер-Ана» концептісін тек қазіргі тілдік құбылыс ретінде емес, көне түркі дәуірінен бастау алатын, тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасқан мәдени-танымдық жүйе ретінде қарастыру қажет.

Қорыта айтқанда, Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жазбаларындағы жерге қатысты тілдік деректер «Жер-Ана» концептісінің архетиптік негізін, дүниетанымдық мазмұнын және ұлттық мәдени код ретіндегі мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ескерткіштердегі жер концептісі қазақ халқының кейінгі тілдік санасында сақталып, мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, көркем әдебиетте және қазіргі ұлттық дүниетанымда жалғасын тапқан. Демек, «Жер-Ана» – тарихи сабақтастықпен дамыған, көне түркі дүниетанымынан бастау алатын әмбебап әрі ұлттық мәні зор концепт.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 184 б.
- 2 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.
- 3 Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 4 Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Сардар, 2009. – 784 б.
- 5 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007. – 304 б.
- 6 Tekin T. Orhon Yazıtları. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1998. – 192 s.
- 7 Ergin M. Orhun Abideleri. – İstanbul: Boğaziçi Yayınları, 2005. – 180 s.
- 8 Ata A. Orhun Türkçesi. – Eskişehir: Anadolu Üniversitesi Yayınları, 2011. – 245 s.
- 9 Tekin T. Tunyukuk Yazıtı. – Ankara: Simurg Yayınları, 1994. – 112 s.

ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛЬДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖІКТЕУ МӘСЕЛЕСІ

МУСАЕВ Ә. С.

докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан

ОСМАН КАБАДАЙЫ

ф.ғ.д., қауымд. профессор, Ахи Эвран университеті, Кыршехир қ., Түркия

Функционалды стиль ұғымы тілдің қоғамдық қызметімен және оның әртүрлі коммуникативтік жағдайларда қолданылу ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Ол белгілі бір қарым-қатынас саласының мақсатына, мазмұнына және қызмет ету аясына сәйкес қалыптасатын әдеби тілдің тармақтарының бірі ретінде қарастырылады. Тілдік құралдардың таңдалуы мен ұйымдастырылуы әрбір функционалды стильдің өзіндік белгілерін айқындайды. Ғылыми әдебиеттерде бұл терминнің ғылыми айналымға енуі В. В. Виноградовтың есімімен тығыз байланысты. Кейіннен функционалды стиль мәселесі стилистика ғылымының негізгі зерттеу нысандарының біріне айналып, «функционалды түр», «функционалды нұсқа» сияқты атаулармен қатар қолданылғанымен, ғылыми ортада «функционалды стиль» термині орнығып, кең таралған атау ретінде қабылданды. Бұл атау зерттеліп отырған құбылыстың қызметтік сипатын нақтырақ көрсете алады.

Тіл білімінде функционалды стилистиканың қарқынды зерттелуі XX ғасырдың екінші жартысынан басталды. Әсіресе 1960 жылдардан кейін зерттеушілердің назары тілдің құрылымдық жүйесін сипаттаудан оның қоғамдық қызметін, қолданылу ерекшеліктерін және даму заңдылықтарын қарастыруға ауысты. Осы кезеңде тілдің тек ішкі ұйымдасуы ғана емес, оның коммуникативтік әлеуеті де маңызды ғылыми мәселе ретінде бағаланды.

Стилистика ғылымының дербес сала ретінде орнығуына әдеби тіл нормаларын зерттеу бағытындағы еңбектер де елеулі ықпал етті. Бұл мәселенің толық ашыла түсуіне чех және орыс тілтанушыларының зерттеулері айрықша үлес қосты. Әдеби тілдің нормалануы, тілдік бірліктердің қолданыс ерекшеліктері және олардың қоғамдық ортадағы қызметі стилистикалық зерттеулердің ғылыми негізін нығайтты. Сонымен қатар тіл біліміндегі зерттеу нысанының кеңеюі де стилистиканың дамуына әсер етті. Егер бұрын тілдің жекелеген элементтері, дыбыс, морфема, сөз деңгейінде қарастырылса, кейінгі кезеңде сөйлем мен мәтін

мәселелеріне басымдық беріле бастады. Мұндай ғылыми бағыт тілдік құралдардың мәтін құрамында атқаратын стилистикалық қызметін тереңірек талдауға мүмкіндік берді.

Бірқатар зерттеушілер стилистика мен тіл мәдениетін өз алдына дербес ғылыми бағыттар ретінде бағалайды. Бұл жөнінде академик В. В. Виноградов аталған салалардың зерттеу нысандары мен міндеттері әртүрлі екенін атап көрсеткен [1]. Кейінгі еңбектерде бұл мәселе тереңірек қарастырылып, олардың өзара жақындығымен қатар ерекшеліктері де айқындалды. Мәселен, профессор Б. Н. Головин стилистика мен тіл мәдениетінің көптеген ортақ белгілері бар екенін мойындай отырып, олардың зерттеу бағыттарын ажыратып көрсетеді. Ғалымның пікірінше, стилистика тілдік және сөйлеу стильдерінің ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттейді. Ал тіл мәдениетінің негізгі нысаны сөйлеудің коммуникативтік сапалары мен олардың қалыптасуына әсер ететін факторлар болып табылады. Бұл факторлардың құрамында тілдік стильдер де маңызды орын алады [2, 85 б.].

Осыған байланысты стилистика мен тіл мәдениеті бір-бірінен бөлек ғылым салалары болғанымен, олардың арасындағы байланыс өте тығыз екендігі байқалады. Себебі стилистика тілдік құралдарды қарым-қатынас мақсатына сай орынды таңдап қолдану заңдылықтарын қарастырса, тіл мәдениеті сол құралдардың сапалы әрі тиімді жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Стиль мәселелерін зерттеу орыс тіл білімінде кең көлемде дамыған. Бұл бағытта жалпы стилистика теориясына, сондай-ақ жекелеген функционалды стильдердің ерекшеліктеріне арналған көптеген еңбектер жарық көрді. В. В. Виноградов, М. Н. Кожина, А. Н. Гвоздев, Р. А. Будагов, А. И. Ефимов, В. П. Мурат және Л. А. Булаховский сынды ғалымдар көркем әдебиет, ғылыми, ресми ісқағаздар және публицистикалық стильдердің қалыптасуы мен қызмет ету ерекшеліктерін арнайы зерттеген.

Қазақ тіл білімінде стилистиканың ғылыми негіздері әдеби тіл тарихын зерттеу барысында қаланды. Алғашқы кезеңде функционалды стильдер мәселесі жеке зерттеу нысаны ретінде емес, әдеби тілдің даму ерекшеліктерін сипаттау аясында қарастырылды. Осы бағыттағы еңбектерде қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарына қатысты маңызды тұжырымдар жасалып, кейінгі стилистикалық зерттеулердің қалыптасуына негіз болды. Бұл мәселелер Қ. Жұбанов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов,

М. Томанов, С. Исаев сияқты ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көрініс тапты.

Функционалды стильдерді жіктеу мәселесі – стилистика ғылымындағы толық шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі. Әртүрлі зерттеушілер функционалды стильдерді түрлі қағидаларға сүйене отырып топтастырады. Бұл, ең алдымен, стильдерді ажыратуға негіз болатын өлшемдердің бірыңғай жүйесінің қалыптаспағандығымен байланысты. Сондықтан қандай белгілерді негізгі критерий ретінде қабылдау қажет деген сұрақ төңірегінде ғылыми пікірлер әртүрлі болып келеді.

Функционалды стильдерді анықтауда тілдік бірліктердің мәтін мазмұны мен коммуникативтік мақсатына сәйкестігі маңызды рөл атқарады. Белгілі бір стильде қолданылатын сөздер, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылымдар сол мәтіннің мазмұнын дәл жеткізуге қызмет етеді. Мысалы, ғылыми стильде терминологиялық лексика кеңінен қолданылса, ауыспалы осы шақ тұлғалары ғылыми және ресми стильдерде жиі кездеседі. Бұл олардың аталған стильдерге тән белгілердің бірі екенін көрсетеді. Сонымен қатар стильдерді саралау тек тілдік құралдармен ғана шектелмейді. Әр функционалды стильдің өзіндік коммуникативтік қызметі, мәтін құру ерекшеліктері және ақпаратты ұйымдастыру тәсілдері болады. Алайда осы белгілерді нақтылап, ортақ жүйеге келтіру мәселесінде зерттеушілер арасында бірізділік жоқ.

Функционалды стильдерді жіктеу барысында тілдің ұлттық ерекшеліктерін де ескеру қажет. Өйткені әр әдеби тілдің тарихи дамуы мен қоғамдық қызметі әртүрлі болғандықтан, бір тілдегі стильдік өлшемдер басқа тілдердегі стильдік жүйемен толық сәйкес келе бермейді.

Функционалды стильдердің басты ерекшеліктерінің бірі – әрқайсысында тілдік құралдардың қолданылу деңгейі мен сипатының әртүрлі болуы. Зерттеушілердің пікірінше, бірде-бір стиль барлық тілдік бірліктерді бірдей дәрежеде пайдаланбайды. Кейбір стильдер тілдік құралдардың кең ауқымын қамтыса, енді біреулері белгілі бір лексикалық, грамматикалық немесе фразеологиялық элементтерге басымдық береді. Осы ерекшелік олардың өзіндік стильдік келбетін қалыптастырады [3]. Мәселен, ресми ісқағаздары стилі тілдік стандарттардың жоғары дәрежеде сақталуымен сипатталады. Бұл стильде дайын үлгілер, тұрақты тіркестер мен қалыптасқан ресми құрылымдар жиі қолданылады. Ал ғылыми стильдің негізгі ерекшелігі – арнайы ұғымдарды

дәл және нақты жеткізуге мүмкіндік беретін терминологиялық жүйенің басымдығы. Сондықтан ғылыми мәтіндерде эмоциялық-экспрессивтік құралдардан гөрі логикалық дәлдік пен нақтылыққа қызмет ететін тілдік бірліктер көбірек кездеседі.

Публицистикалық стиль аталған стильдермен салыстырғанда еркін сипатқа ие. Оның тілдік құрамында қоғамдық-саяси лексикамен қатар, әртүрлі стильдік қабаттарға тән элементтер де қолданыла береді. Осыған байланысты публицистикалық мәтіндердің лексикалық және фразеологиялық құрамы тұрақты болмай, тақырып пен мақсатқа қарай өзгеріп отырады.

Ал көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін нақты шектеу біршама күрделі. Өйткені бұл стильдің табиғаты белгілі бір тілдік құралдар жиынтығымен ғана анықталмайды. Көркем мәтіннің басты белгісі – тілдік бірліктердің эстетикалық және бейнелеушілік қызмет атқаруы. Сондықтан көркем әдебиет стилін поэтикалық элементтердің болуымен ғана емес, тілдің көркемдік мүмкіндіктерін толық пайдалануымен сипаттау орынды.

Функционалды стильдерді жіктеу мәселесі әдеби тіл теориясымен және тілдік норма ұғымымен тығыз байланысты. Чех тілтанушысы Б. Гавранектің пікірінше, стиль мәселесін әдеби тілдің қызмет ету ерекшеліктерінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Осыған байланысты әртүрлі ғылыми мектептерде функционалдык стильдерді топтастырудың өзіндік үлгілері қалыптасқанымен, олардың арасында толық бірізділік байқалмайды [4, 150 б.].

Л. В. Щерба жазба тілді екі негізгі салаға бөліп қарастырады: көркем әдебиет тілі және ісқағаздары тілі. Ғалым ісқағаздары тілі ұғымына ресми кеңсе құжаттарын, заңнамалық мәтіндерді, ғылыми еңбектерді және хат-хабарлар тілін енгізеді [5, 65 б.]. Мұндай жіктеу жазба тілдің қоғамдық қызметіне негізделген алғашқы ғылыми тұжырымдардың бірі ретінде бағаланады.

Ал А. Н. Гвоздев функционалдык стильдерді әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырып, олардың айырмашылықтарын осы тұрғыдан анықтауға болатынын көрсетеді. Зерттеуші әдеби тілді екі ірі топқа бөледі: кітаби (жазба) стиль және ауызекі сөйлеу стилі. Оның пікірінше, кітаби стильдің құрамына ресми ісқағаздары тілі, көркем әдебиет тілі, публицистикалық шығармалар тілі және ғылыми стиль кіреді [6,]. Бұл жіктеу стильдердің қоғамдық қызметі мен қолданылу аясын негізге алуымен ерекшеленеді.

Қазақ әдеби тілінің стильдер жүйесі тарихи даму барысында өзгеріп, әр кезеңнің қоғамдық-мәдени сұранысына сәйкес қалыптасып отырды. Сондықтан стильдердің құрамы, қызмет ету аясы және олардың әдеби тіл жүйесіндегі орны барлық дәуірде бірдей деңгейде болған жоқ. Әдеби тілдің даму ерекшеліктері белгілі бір кезеңдерде кейбір стильдердің жетекші орынға шығуына, ал кейбірінің әлі толық қалыптаспауына ықпал етті.

Қазақ ауызша әдеби тілі негізінен екі ірі стильдік арна арқылы дамыды. Оның біріншісі – көркем әдебиет стилі болса, екіншісі – ауызша сөйлеу стилі. Көркем әдебиет стилінің қалыптасуы мен дамуы халық поэзиясымен, жыраулар шығармашылығымен және ауыз әдебиеті үлгілерімен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар шешендік сөздер, ырғақты прозалық туындылар мен халық ертегілері де осы стильдің өрісін кеңейтті. Ал ауызша сөйлеу стилі халық арасында ұрпақтан ұрпаққа жеткен шежірелер, ғибраттық әңгімелер мен тәрбиелік мазмұндағы қарасөздер арқылы көрініс тапты. Осы кезеңде көркем әдебиет стилі ауызша әдеби тілдің негізгі әрі жетекші тармағы қызметін атқарды. Ал қазіргі түсініктегі ғылыми, публицистикалық немесе ресми ісқағаздары стильдері дербес жүйе ретінде әлі қалыптаспаған еді.

Қазақ жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңге дейінгі дамуында функционалды стильдердің ауқымы біршама кеңейді. Бұл кезеңде ресми ісқағаздары стилі, эпистолярлық стиль және ғылыми стильдің бастапқы белгілерін танытатын жартылай ғылыми бағыттағы жазбалар қалыптасты. Жазба шежірелер мен діни мазмұндағы еңбектер ғылыми стильдің алғашқы үлгілері ретінде танылса, мемлекеттік басқару жүйесінде қолданылған жарлықтар, бұйрықтар, ережелер мен басқа да ресми құжаттар ресми стильдің дамуына негіз болды. Ал хаттар мен әртүрлі жазбаша жолдаулар эпистолярлық стильдің қызмет ету аясын танытты.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер әдеби тілдің функционалды мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа стильдік тармақтардың қалыптасуына жол ашты. Бұл кезеңде мерзімді баспасөздің дамуы, публицистикалық жанрлардың көбеюі, ғылыми еңбектердің жарық көруі және ресми құжаттардың жүйелі түрде жазыла бастауы қазақ әдеби тілінің стильдік жүйесінің дамуына елеулі ықпал етті. Соның нәтижесінде тілдің әртүрлі қоғамдық қызмет салаларында қолданылу аясы кеңейіп, функционалды стильдердің белгілері айқындала түсті. Алайда әдеби тілдегі жанрлар саны мен функционалды стильдердің

саны әрдайым сәйкес келе бермейді. Осы мәселеге назар аударған С. Исаев қазақ әдеби тілінің тарихи даму ерекшеліктерін талдай отырып, оның негізгі үш стильдік тармағын көрсетеді. Ғалымның жіктеуі бойынша қазақ әдеби тілінде көркем стиль, ресми стиль және бейтарап стиль қалыптасқан [7].

Қазақ стилистикасының қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – М. Балақаев. Оның Е. Жанпейісов, М. Томанов және Б. Манасбаевпен бірлесіп жазған «Қазақ тілінің стилистикасы» атты еңбегінде қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері бес түрге бөлінеді: ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, ресми ісқағаздары стилі, публицистикалық стиль және көркем әдебиет стилі [8]. Бұл жіктеу тілдің қоғамдық қызмет ету салаларына негізделген және қазіргі қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып келеді.

Р. Сыздық еңбектерінде функционалды стильдердің нақты жіктелуінен гөрі олардың тарихи қалыптасуы мен даму жолдарына ерекше назар аударылады. Ғалым қазақ жазба әдеби тілінің өркендеуі нәтижесінде көркем әдебиет, ресми ісқағаздары, публицистикалық және ғылыми стильдердің біртіндеп қалыптасқанын көрсетеді [9].

Сонымен бірге қазақ тіл білімінде функционалды стильдерді анықтау мен жүйелеуде орыс стилистикасының ғылыми қағидалары кеңінен қолданылды. Соның негізінде қазіргі қазақ әдеби тілінде бес негізгі функционалды стильдің орныққаны белгілі. Олар: ауызекі сөйлеу стилі, ресми ісқағаздары стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль және көркем әдебиет стилі. Бұл стильдердің әрқайсысы қоғамдық өмірдің белгілі бір саласына қызмет етіп, өзіндік тілдік ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазақ әдеби тіліндегі функционалды стильдердің қалыптасуы қоғамдағы сананың түрлі формаларымен тығыз байланысты жүзеге асты. Тілдің стильдік тармақтары тұрмыстық, эстетикалық, ғылыми, саяси және діни сананың дамуымен қатар жетіліп, қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес қызмет атқарды. Әрбір функционалды стиль белгілі бір қоғамдық саланың сұранысын өтеуге бағытталып, сол саланың мазмұнына сай тілдік құралдарды қалыптастырды. Мысалы, ғылыми сананың дамуы ғылыми стильдің қалыптасуына негіз болса, қоғамдық-саяси өмірдің жандануы публицистикалық стильдің өрісін кеңейтті. Сол сияқты мемлекеттік басқару жүйесінің дамуы ресми ісқағаздары стилінің орнығуына ықпал етті. Функционалды стильдердің дамуы әдеби тілдің қоғамдық қызметінің кеңеюімен де тікелей байланысты болды. Қоғамдық қатынастар күрделенген сайын

тілдің қолданылу аясы да кеңейіп, әрбір салаға тән өзіндік стильдік ерекшеліктер қалыптасты.

Функционалды стильдерді анықтаудағы негізгі қағидалардың бірі – тілдің қоғамдағы белгілі бір қызметті атқару мақсатында қолданылуы. Басқаша айтқанда, әрбір функционалды стиль белгілі бір әлеуметтік қажеттілікті өтеуге бағытталып, сол қызметіне сәйкес тілдік ерекшеліктерге ие болады. Сондықтан функционалды стильдерді жіктеуде олардың қоғамдық қызметі басты өлшем ретінде қарастырылады. М. Н. Кожинаның пікірінше, функционалды стильдерді тек жанрлық ерекшеліктеріне, эмоционалды-экспрессивтік сипатына немесе мәтіннің ауызша және жазбаша түрде берілуіне қарай ажырату жеткіліксіз. Өйткені мұндай белгілер стильдің ішкі табиғатын толық аша алмайды. Стильді анықтауда оның атқаратын қызметі мен тілдік ұйымдасу ерекшеліктері шешуші рөл атқарады [10, 16]. Осы тұрғыдан алғанда көркем әдебиет стилінің табиғатын жанрлық белгілер арқылы ғана түсіндіру қиын. Көркем мәтіннің басты ерекшелігі – оның коммуникативтік қызметімен қатар эстетикалық қызмет атқаруында. Яғни көркем шығарма тек ақпарат жеткізумен шектелмей, оқырманға эмоциялық және көркемдік әсер ету мақсатын да көздейді. Сондықтан эстетикалық қызмет көркем әдебиет стилін өзге функционалды стильдерден ажырататын маңызды белгілердің бірі болып саналады.

Қорыта айтқанда, функционалды стильдер тілдің қоғамдық қызметімен тығыз байланысты қалыптасатын әдеби тілдің негізгі тармақтары болып табылады. Олардың пайда болуы мен дамуы қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани қажеттіліктеріне тәуелді жүзеге асады. Ғылыми әдебиеттерде функционалды стильдердің жіктелуі мен өлшемдеріне қатысты әртүрлі көзқарастар болғанымен, олардың басты ерекшелігі белгілі бір қарым-қатынас саласына қызмет етуінде жатыр. Қазақ әдеби тілінде функционалды стильдер тарихи даму барысында біртіндеп қалыптасып, қазіргі кезеңде ауызекі сөйлеу, ғылыми, ресми ісқағаздары, публицистикалық және көркем әдебиет стильдері түрінде орнықты. Әр стильдің өзіндік тілдік белгілері мен коммуникативтік мақсаттары болғанымен, олардың барлығы әдеби тілдің қызметтік мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғамдағы түрлі ақпараттық және мәдени қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. – М., 1981. – 214 с.

2 Головин Б.Н. Язык и статистика. – М.: Просвещение, 1970. – 190 с.

3 Котюрова М.П. Стилистика научной речи: учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 240 с.

4 Гавранек Б. Большая советская энциклопедия / под ред. А. М. Прохорова. – М.: Советская энциклопедия, 1969. – 358 с.

5 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград: Наука, 1974. – 201 б.

6 Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. – М., 1955. – 174 с.

7 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.

8 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 199 б.

9 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1993. – 320 б.

10 Кожина М. Н. Стилистика русского языка: учебник для студентов филологических специальностей. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1993. – 224 с.

М. МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОДТЫ ЖЕТКІЗУДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

МҰРАТҚЫЗЫ А.

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент қ.

XXI ғасырдағы жаһандану дәуірінде әр ұлттың өзіндік бет-бейнесін, мәдени бірегейлігін сақтап қалуы – өміршең мәселе. Бұл тұрғыда ұлттың рухани дінгеі мен тарихи жадының негізі болып табылатын «ұлттық код» ұғымы алдыңғы шепке шығады. Әдебиетте ұлттық кодты сақтаушы әрі жеткізуші басты құрал – тіл. Қазақ сөз өнерінде ұлттық кодты, тарихи сананы қайта жаңғыртуда феномендік тұлғаға айналған жазушы – Мұхтар Мағауин. Оның «Аласапыран», «Көкбалақ», «Шақан-Шері», «Сары қазақ» сияқты туындылары тек көркем шығарма емес, қазақ халқының ғасырлар бойғы тұрмыс-салтының, философиясының, психологиясының лингвистикалық энциклопедиясы іспетті.

Мұхтар Мағауин қазақ жазба әдебиетінің әр тұлғасы деп ауыз толтырып айтуға болады. Оның әр туындысына тіл біткендей сөйлеп, шырқап, оқырманға рух беріп, жаңа серпіліс беретіні анық. Ұлт пен тілді, ділді ұштастыра білген жазушы шығармаларының да тақырыбы мен қозғайтын мәселесі әр алуан, әр тектес. Қазақ халқының мәдениеті мен тарихы жазушының көркем шығармаларында аса бір асқан сезіммен көрсетіледі, ал оның түпкі мағынасын түсіне беретіндер кемде-кем. *Ұлттық код* пен *лингвомәдени бірліктердің* көрініс табуы жазушының дүниетанымының ерекше екенін көрсетеді. Ең алдымен бұл екі атау нені білдіреді соған тоқталайық. *Ұлттық код* дегеніміз – әрбір ұлттың басқа ұлттан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сипатқа ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, діні, ділі, моральдық-этикалық нормалары тәрізді өзіндік ерекшеліктері жатады. *Лингвомәдени бірліктер* – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін, ұлттық болмыс, салт-дәстүр, тарих пен дүниеге деген танымды бейнелеп көрсететін тілдік таңбалар (сөздер, фразеологизмдер, теңеулер). Олар халықтың мәдени коды мен құндылықтарын тілдік құралдар арқылы жеткізеді, саяси дискурс, көркем әдебиет және күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады.

Қазақ халқының осындай ерекшеліктері Мұхтар Мағауин шығармаларында кездестіру бек мүмкін. Тіліміздің көне және бай лексикасы, тарихи атаулар, сирек қолданылатын ұғымдар жиі кездеседі. Осы бірліктер арқылы өткеніміз бен бүгінгіміздің тіл арқылы өткен дәуір рухын дәл жеткізеді. Сол заманның өзіне ғана тән ерекшелігін сақтайтын тарихи колориттер сөйлемдердің нақты, әрі басқа сөздерден таза, ойдың дұрыс жеткізілу қолданысын сақтауға көмектеседі. Жай ғана баяндап қоймай, көркем тіл арқылы астарлы ойды, ұлттық болмыс пен адам тағдыры туралы терең қозғайды. Сол ұлтқа тән ұлттық мінез-құлық жиынтығы да көрінеді. Ұлттық мінез-құлық адамның тәрбиесінен, ақыл есінен, ойлау ерекшелігінен, әдет ғұрыптан т.б. факторлар арқылы байқалады. Әр ұлттың тек өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы: жомарттық, қонақжайлылық, сыпайылық, ізеттік, домбыра, қобыз, айтыс өнері, аталық сөзге тоқтай білуі, сөзді жүрекпен ұғыну, т.б. қасиеттер өте мол. Мағауин шығармалары аталған бірегейліктің барлығын тұтастырып қана қоймай, оны бізге көркем сөзбен

жеткізіп, нақыштай білген. Мағауин тілін басқа жазушылардан оңай ажыратуға болады, себебі жазушы дәстүр мен жаңашылдық бірізділігін сақтай отыра үйлесімділіктің ұшын тапқан.

Жазушының қаламынан туындаған әрбір шығармасында тарихи-мәдени реалийлер бар. Мәселен, тұрмыстық реалийлердің көркем шығармада берілуіне М. Мағауиннің «Қант пен ірімшік» әңгімесіндегі үзіндіні көрсетуге болады. *«Әжем қонаққа ақ ірімшік жасапты. Ақ ірімшік деген сүтті әдейі ірімеді де, қайнатады; ірімінді түйіртпектеле тұтасқан кезде көкпірмен сүзіп алады. Өзінен өзі ашитын, қайнатқан сайын суы көбее түсетін қаланың көк сүті емес, үйірілген, аппақ, қазір ауылдың өзінде дәмі ұмытылған – қой сүті. Сол нәрлі сүттен алынған тәтті ақ ірімшікті дәлеңкеге толтырып, қақ ортаға қойыпты. Дастарқанның шетіне мол етіп сықпа төгілген»*. Қазақ халқының ғасырлар бойғы ас-су мәдениетін, тұрмыс-салты мен ұлттық дүниетанымын таңбалап тұрған этнографизмдер мен мәдени концептілердің шоғыры осы мәтінде көрсетілген. Тілдік бірліктер арқылы жазушы ұлттық кодты ақпараттық қана емес, сезімдік-эмпирикалық (дәмі, түсі, иісі) деңгейде тірілтіп тұр. Этнографиялық лексика және ұлттық кодты көрсету үшін «ақ ірімшік», «ірімінді», «көкпір», «сықпа», «дәлеңке», «дастарқан» сияқты сөздер – таза лингвомәдени бірліктер. Жазушы тек тағам атауын атап өтпейді, сонымен қатар «ақ ірімшіктің» жасалу технологиясын (*сүтті іріту, қайнату, көкпірмен сүзу*) детальді түрде сипаттайды. Бұл – көшпелі халықтардың ұлттық асхана мәдениетінің кодын сақтау және оқырман санасына қайта сіңіру тәсілі десек артық емес. М. Мағауиннің бұл үзіндісі – жай ғана тағамды сипаттау емес, бұл – «Ақ» (сүт тағамдары) концептісі арқылы қазақтың қонақжайлылық, тазалық, береке және қанағат сияқты ұлттық кодын паш етуі. Мәтін ішіндегі «дәлеңкеге толтырып, қақ ортаға қою», «мол етіп төгілген сықпа» тіркестері қазақ дастарқанының кендігі мен жомарттық мінезін тілдік деңгейде кодтап тұр. Сонымен қатар жазушы «дәлеңке» сөзін «Тазының өлімі» әңгімесінде де көзге түседі. Ол жерде «дәлеңке» – бір құйым, бір ішім сияқты өлшем атауы. Орыстың «делянка» сөзінен тараған. «Өйткенмен, күшік мұздақ қарды жаламады: сыртқа шығарында ғана бір дәлеңке сүт ішіп тойып алған еді», – деген тіркеспен келеді.

«Қазақтың қасқыры – әлбетте, қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған. Және қандас, тумалас, ең сүйікті аң. Барлық жұрт емес, қазақ – әуелгі қазақ үшін» деген сөйлеммен басталатын бұл әңгіме бәрімізге

мәлім «Қасқыр-бөрі» әңгімесі. Жазушының әңгімесінің арқауына айналған тақырып – қасқыр мен қазақ еді. *«Бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген – бөрі. Атау ғана ауысқан. Сырттай қарағанда. Ал шын мәнісінде... бөрі өзгерді. Кешегі бөрі – баяғы құрт, шененің көзі емес – өзі, сарқыты емес – жалғасы, тікелей мұрагері болатын. Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады. Бөрі – ырыс еді, ұран еді, бөрі – батыр еді. Ендігі қасқыр... сорға айналды, ұранға ене алмады, оның ерлігінің өзі қарақшылыққа саналды. Барлық асқақ сыпат, жақсы қасиет – бөрінің бойында қалды. Абыройсыз істің бөрі қасқырға телінді. Міне ғажап!...»*. Біз «Бөрі» деп атағанда – бабалар рухын, көшпелілердің асқақ мәдениетін, Тәңірлік танымды және ұлттық намысты еске аламыз. Ал «Қасқыр» деген сөз бүгінгі қоғамның сын-қатерін, ұлттық кодтың бұлдырап, тіршілік қамымен шектеліп қалған кезеңін бейнелейді. Осылайша, Мағауин тілдегі бір ғана құбылыстың екі түрлі атауы арқылы бүкіл ұлттық сананың даму жолын көрсетеді.

Әңгіме қазақ пен қасқырдың бұрыннан бірге екендігін, бірақ қазір бұл теңдіктің бұзылғанын, руханияттың әлсірегенін жеткізген. М. Мағауиннің бұл толғанысы – тілдегі бір ғана денотатты (анды) білдіретін екі атаудың – «Бөрі» мен «Қасқырдың» – қазақ руханиятындағы қарама-қарсы жолға заманына қарай қалай бөлінгенін ашады. Мағауин «Бөрі» атауын қазақтың арғы тарихымен байланыстырады. Лингвомәдени тұрғыдан бұл – сакральды код. Рухани мағынасын айшықтайтын болсақ: Бөрі – тек биологиялық түр емес, ол «ырыс», «ұран», «батыр» концептілерімен синонимдес. Қазақ үшін Бөрі – Тәңірмен байланысы бар, ұлттық намыстың, еркіндіктің символы. Мұндағы «Түрік – Бөрі» тарихи тамыры жазушының тілінде жаңғырып, оқырманның тарихи жадын оятады. Бөрі – бұл *«сарқыт емес – жалғас, тікелей мұрагер»*, яғни ұлттық кодтың таза күйі. Жазушы «Қасқыр» атауын заманның өзгерісімен, рухани құндылықтардың жұтандануымен байланыстырады. *«Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады»* деген сөйлемде ұрпақтар сабақтастығының үзілгені туралы ауыр мұң жатыр. Мұндағы *«қарақшылық», «абыройсыз іс», «сор»* – қазіргі қоғамның бөрілік рухтан айрылып, тек тұтынушылық пен өмір сүру үшін күресуге көшкенін білдіретін негативті кодтар. «Қасқыр-бөрі» әңгімесі – тілдік атаулардың ауысуы арқылы ұлттық менталитеттің трансформациясын көрсеткен лингвомәдени құбылыс. «Бөрі» – ұлттық кодтың алтын ғасырының таңбасы болса, «Қасқыр» – сол кодтың бұлдырап, мағыналық жағынан жұтандануының көрінісі.

Жазушы осы екі атау арқылы бүкіл қазақ тарихының еркіндік пен құлдық, биіктік пен аласару арасындағы мәңгілік тартысын баяндайды».

Жазушы қолданған этнографизмдер мен лингвомәдени бірліктер – жай ғана көне сөздер емес, олар ұлттық болмысымызды бүгінгі күнмен жалғап тұрған алтын көпір. «Ақ ірімшік» арқылы тұрмыс-салттың берекесін, «Бөрі мен Қасқыр» концептісі арқылы тарихымыздың биігі мен бүгінгі заманның аласаруын шебер суреттеуі – қаламгердің ұлттық жадыны жаңғыртудағы теңдессіз еңбегін көрсетеді.

Мағауин тілі – ұлттың бүтіндігі мен өміршендігінің кепілі. Біз жазушының шығармаларындағы «бөрілік» рухты тану арқылы ғана өзіміздің кім екенімізді, тегіміздің қаншалықты тереңде жатқанын сезіне аламыз. Сондықтан, ұлттық кодты сақтау – тек өткенді еске алу емес, бұл – тіл мен ділді қатар алып жүріп, рухани деградациядан сақтанудың, яғни «қасқыр» емес, қайтадан «бөрі» рухындағы ұлт болып қалудың басты шарты. Мұхтар Мағауиннің қаламынан туған әрбір сөз – бүгінгі ұрпаққа қалдырылған аманат, ұлттық болмысымызды жаңғыртатын мәңгілік шамшырақ деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлметова Ә. С. Лингвомәдениеттану негіздері. (Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы). – Алматы, 2014. – 316 б.

2 М. Мағауин. Қасқыр-бөрі әңгімесі. 2001.

3 Б. Оспанова. Лингвомәдениеттану. Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 152 б.

THE DEVELOPMENT OF PUBLICIST STYLE IN THE NATIONAL PRESS OF THE AZERBAIJAN DEMOCRATIC REPUBLIC (1918-1920)

NASIRLI KHAVAR FIKRAT GIZI
Baku State University

The establishment of the Azerbaijan Democratic Republic (ADR) served as a critical turning point in the evolution of the Azerbaijani literary language and the systematization of its functional styles. Despite its brief 23-month existence, the ADR era fostered a dynamic linguistic environment where the national press acted as a primary regulator for

stylistic differentiation. This paper examines the development of the journalistic (publicist) style, which emerged as a powerful tool for state-building, national ideology, and public enlightenment.

The study categorizes the press language of this period into three primary directions: socio-political, scientific-journalistic, and literary-journalistic styles. Through the analysis of prominent periodicals such as *Istiqlal*, *Azerbaijan*, *Sheypur*, and *Maktab*, the research highlights how these styles balanced classical traditions with modern requirements. Key findings indicate that socio-political journalism utilized a blend of political terminology and emotional rhetoric to mobilize the masses, while scientific journalism focused on an enlightenment mission by simplifying complex data for a broader audience. Furthermore, the satirical press enriched the literary-journalistic style by integrating colloquial speech and sharp irony. Ultimately, the ADR press laid a firm foundation for the modernization of the Azerbaijani language and its elevation to official state status.

The establishment of the Azerbaijan Democratic Republic (1918–1920) was not only a turning point in the history of our national statehood but also constituted an exceptional stage in the development of the Azerbaijani literary language and the systematization of its functional styles. With the proclamation of the Republic, radical reforms carried out in the fields of state administration, education, culture, and, most importantly, the press created favorable conditions for the expansion of the social function of the mother tongue. The diversity of newspapers and magazines published during the ADR period, in terms of both content and form, provided a major impetus for the rapid development of functional styles.

The linguistic environment of this period was characterized by its diversity in terms of its scope of use and application. The classical Arabic-Persian poetic and official language traditions and the strong lexical-morphological influence of Ottoman Turkish, coexisted with the official-administrative language templates inherited from the Tsarist Russian era on the pages of the press within the same timeframe. In such a complex phonetic, lexical, and syntactic environment, the national press played the role of a regulator of the literary language and served as the primary tribune ensuring the differentiation (separation) of styles.

Naturally, when discussing the functional styles of this period, we must first note the journalistic (publicist) style. In the Republican era, besides being a medium for mass media, the journalistic style aimed to enlighten the public, instill state ideology, and shape a national identity.

The press language of this period manifested itself mainly in three directions: socio-political journalistic language (sometimes called official-journalistic language), scientific-journalistic language, and literary-journalistic language. Each direction was shaped according to the profile of the press, its target audience, and the individual stylistic characteristics of the authors.

Socio-Political Journalistic Language and the Promotion of National Ideology

The official-journalistic language is sometimes referred to as socio-political journalistic language. This language mainly encompassed the publications of certain political parties and official state institutions of the period, reflecting their political ideologies, official documents, and principles of national ideology. Socio-political journalists approached their language with great demands and paid special attention to every word in order to attract attention, enlighten the public. As an example of the official-political journalistic language, we can point to the declaration addressed by the «Musavat» party to Muslim workers intending to strike, published in issue 27 of the newspaper *Istiqlal* in 1919:

«Millətdaşlar, yoldaşlar! Sizi ayın 14-ndə bir günlük zabastovkaya çağırıyorlar. Sizə deyirlər ki gəlin «Denikin qorxusu»na qarşı protest edək! Anladılar ki Azərbaycan istiqlalı qorxudadır. Bəli yoldaşlar doğrudur vətəndaşlar! Mövqeyimiz çox nazik. Məmləkətimizin qorxusu çox böyükdür. Hamımız bir adam kimi hüriyyətimizi müdafiəyə hazır olmalıyıq. Fəqət bizi bu tətilə kim çağırmalı və kimin sözüünə baxaraq istiqlalımızın müdafiəsinə lazım olan hərəkəti etməliyik! Azərbaycan fikrinin xadimlərinəmi yoxsa istiqlalımızın düşmənlərinəmi qulaq asmalıyıq?! Yoldaşlar, diqqət ediniz! Sizi zabastovkaya çağıran nə parlaman nə hökumət nə də Azərbaycan fikrinin anası «Müsəvat»dır. Sizi küçəyə çıxartdırmaq istəyən və sizin adınızla öz istədiyini etmək qəsdində olan «konferensiya»dır. Bu «konferensiya» ha vaxtdan istiqlalçı ha vaxtdan azərbaycançı oldu?!» [4, p. 4]

As can be seen, while political terminology such as *zabastovka* (strike), *protest*, *istiqlal* (independence), *hurriyyat* (liberty), *parlaman* (parliament), «*Musavat*», and *konferensiya* (conference) predominates, metaphorical expressions like *Azərbaycan fikrinin anası* (the mother of Azerbaijani intellect), and *Denikin qorxusu* (the Denikin menace) are also encountered to heighten emotional resonance.

In scientific literature, a crucial characteristic of the journalistic style is shown to be a synthesis of two core linguistic functions: the communicative (informative) and the expressive (affective) functions.

«In this style, the author does not limit themselves to transmitting information to the audience, but simultaneously expresses their attitude toward these facts» [9, p. 36].

In the text of the declaration, synonyms of national origin such as *yoldaslar* (comrades), *milletdaslar* (compatriots), and *vatandaslar* (citizens), as well as parallelisms like *zabastovka-tatil* (strike), were used as forms of address. Despite the use of words of Russian-European origin like *zabastovka*, *protest*, and *konferensiya*, the text is generally comprehensible. Since the declaration was addressed to workers, every worker employed in the mines, factories, and plants at that time understood the meaning of these terms. Furthermore, the pronoun *ha* (havaxtdan) – which in our modern language is preserved mostly in spoken language was used in place of the interrogative pronoun *nə* (when/what). H. Mirzazade notes that the pronoun *ha* is encountered in the language of 19th-century literary and artistic works and was mostly used in our language as a synonym for the pronoun *nə* [7, p. 187].

During the period of Azerbaijan Democratic Republic, figures such as M. A. Rasulzade, M. B. Mammadzade, U. Hajibeyli, H. I. Gasimov, F. Aghazade, M. A. Sidgi, O. F. Nemanzade, and others published socio-political journalistic articles in national press. The promotion of national ideas, the internal and foreign policy of the state, and the socio-political problems of the era were highlighted by these authors in newspapers such as *Azerbaijan*, *Istiqlal*, and *Basirat*, as well as in magazines like *Qurtulus*, *Sheypur*, and *Afkari-mutaallimin*.

The Development of the Scientific-Journalistic Style and Its Enlightenment Mission

The development of scientific-journalistic language within the press style of the Republican period can be traced across various media outlets. N. Khudiyev writes that «the emergence of specimens of scientific language at the beginning of the 20th century means, above all, that the press did not remain solely a vehicle for political or artistic thought, but at the same time became one of the main tools for the expression and dissemination of scientific thought» [3, p. 590].

Scientific-journalistic language is primarily the language of periodicals/magazines. In this language, purely scientific data and research documents are presented to the reader by being adapted into a popularly accessible form. Although it is not always easy to differentiate scientific-journalistic language from a purely scientific style, certain syntactic and functional boundaries do exist. The following passage taken from N. Yusifbeyli's article titled «To the Youth of Azerbaijan» is

a manifestation of scientific-journalistic language (the journalistic style) rather than a purely scientific style:

«Varsın, düşünsünlər. İstədikləri kimi düşünsünlər. Yalnız söyləməsinlər. Söylərlər isə tariximizi vərəqləmə və bir çox göz çıxaracaq barmaqlar bularam. Ta əski zamanlardan başlaram... Miladi-İsadan 530 sənə əvvəl sənin vətənin olan Qafqaziyada böyük müharibə və qələbədən sonra kainatın ən böyük qan töküclərindən məşhur Keyxosrovun başını kəndi əliylə kəsib, qanla dolu bir qabın içərisinə atıb, «Ömrün olalı qan içməkdən doymadın, şimdi doy» deyən böyük türk qadın qaanlarından Tomris qaanı göstərərəm. Miladdan 310 sənə müqəddəm məşhur səddi-Çini aşib Çinin yarısını yedi-istilasına keçirən türk Tumas qaanı göstərərəm...» [1, p. 48]

While the most crucial feature reminiscent of a scientific style here is the scientific terminology, the journalistic style manifests itself as a whole in the content, form, and function of the text. The function of the terminology used in scientific-journalistic language differs directly from its function in a purely scientific style. To substantiate his point in this article, N. Yusifbeyli appeals to history and maintains a scientific framework by using terminology such as *qaan* (khagan), *saddi-Chin* (Great Wall of China), *muqaddam* (prior to/before), and *Miladi-Isa* (Anno Domini/after Christ), and by mentioning the names of historical figures like *Tomris*, *Tumas*, and *Keyxosrov* (Cyrus). On the other hand, to enhance the impact of the article, he strengthens emotional and literary qualities with expressions like *göz çıxaracaq barmaqlar bularam* (I shall find fingers that will poke out eyes) or *ömrün olalı qan içməkdən doymadın, şimdi doy* (In all your life you were never sated with drinking blood; now gorging yourself!).

«This branch of the journalistic style deals with scientific, historical-cultural, and daily domestic matters. The clarity or complexity of the language of such writings depends on the media's language policy and individual authors' attitudes toward the existing language policy, namely their reliance on the mother tongue versus their inclination toward foreign material. Therefore, scientific-journalistic language sometimes appears very simple» [2, p. 54].

T. Hajiyev associates the simplicity of scientific-journalistic language with its publication in newspapers and magazines, including the children's press [2, p. 57]. During the ADR period, articles on biology, geography, and history written at the level of textbooks were published in magazines such as *Maktab* and *Afkari-mutaallimin*. For instance, in the article «The Ostrich» by the teacher Jamobey in *Maktab magazine* (1918,

No. 3), units of measurement like *fut* (foot) and *girvanka* (a traditional unit of weight) were used, and colloquial phraseology like «whenever their hearts desire» was used to simplify the language [5, p. 13]. The «Geography Lessons» published in the first issue of the *Maktab* magazine in 1920 is similarly rich in simple geographical toponyms and terms: «*Afrika Avropanın cənubunda böyük bir qaredir... Zəncinin cildi qayət siyahdır. Az siyah olanlara həbəşi deyirlər*» (Africa is a large continent to the south of Europe... The skin of the Negro is extremely black. Those who are less black are called Abyssinians. [6, p. 13].

Literary-Journalistic Language and Figurative Expression in the Satirical Press

During the Republican period, the literary-journalistic branch of the journalistic style was also developing rapidly. This style includes the linguistic and stylistic features of writers' figurative journalism, which manifested itself mainly in the satirical press – in journals like *Sheypur* and *Zanbur*.

Literary journalism possesses highly diverse genre capabilities, which also include journalism written in the form of letters. Let us look at a passage from «From a Sealed Letter,» written under the pseudonym Haji Leylak in issue 13 of *Sheypur* magazine in 1919:

«*Müdiri-möhtərəm! ...A canım, mən bir fağır babayam, mənim jurnal-murnaldan başım çıxmaz. Mən yazmaq bilsəm, qızılağachların aşura axşamı qız oğurlamaqlarını yazaram. Mən yazan olsam, kəndin qırağındakı evin əhvalatını yazaram... O qədər yazmalı şeylər var ki, mən hansını yazmışam ki, onları yazım*» [8, p. 6].

N. Khudiyev notes that «the form of address (the letter) brings the language of the text closer to oral speech, making it livelier and more impactful. It becomes a kind of ‘candid conversation’ about the matter» [3, p. 588]. T. Hajiyeve points to sharp irony, an abundance of colloquial words belonging to popular speech, and syntactic freedom as specific features of this form [2, p. 53].

The literary-journalistic language was also enriched by adding satirical anecdotes and *Molla Nasraddin*-type texts in the children's press. In an anecdote by Ali Ashraf Hasanzade in *Maktab* magazine (1918, No. 3), the syntax of living spoken language is fully preserved: «*Ona şükr eliyoram ki, eşşək üstündə deyil imişəm, yoxsa indi mən də itmişdim*» (I thank God that I was not on the donkey, otherwise I would be lost by now too) [5, p.14].

«Figurative expression in literary-journalistic language manifests itself at various levels – from individual words and expressions to syntax

and text structure, indicators of figurativeness become factualized, thereby bringing literary artistry (mainly on a satirical plane) to the journalistic style of the period» [2, p. 589].

The national press of the Azerbaijan Democratic Republic period played a vital role in the development of functional styles. Despite the short timeframe (23 months), these press organs transformed socio-political journalism into a tool for mass influence, raised the enlightenment mission to the level of textbooks and journals through scientific-journalistic language, and introduced literary artistry into press styles via literary-journalistic language. The press language of this period both preserved classical traditions and established a firm foundation for the subsequent decades toward the modernization of the literary language and its acquisition of official state status.

REFERENCES

- 1 «Azərbaycan» qəzeti (1918-1920-ci illərdə nəşr olunmuş «Azərbaycan» qəzetinin tam külliyyatı): [20 cildə] / Elmi red. T.Kərimli. – Bakı: Prestige, – c. 1 (sentyabr-oktyabr 1918). – 2021. – 600 s.
- 2 Hacıyev, T. XX əsrin əvvəllərində Azərbaycan ədəbi dili / T.Hacıyev. – Bakı: Maarif, – 1977. – 186 s.
- 3 Xudiyev, N. Azərbaycan ədəbi dili tarixi / N.Xudiyev. – Bakı: Elm və təhsil, – 2012. – 686 s.
- 4 İstiqlal. Qəzet / – Bakı, 1919, 20 avqust, № 27, – 4 s.
- 5 Məktəb. Jurnal / – Bakı, 1918, № 3, – 18 s.
- 6 Məktəb. Jurnal / – Bakı, 1920, № 1, – 16 s.
- 7 Mirzəzadə, H. Azərbaycan dilinin tarixi morfologiyası / H.Mirzəzadə. – Bakı: Azərtədrisnəşr, – 1962. – 369 s.
- 8 Şeypur. Jurnal / – Bakı, 1919, № 13, – 8 s.
- 9 Плещенко, Т.П. Стилистика и культура речи / Т.П.Плещенко, Н.В.Федотова, Р.Г.Чечет. – Минск: ТетраСистемс, – 2001. – 544 с.

TRANSFORMING SPEECH ACTS IN THE DIGITAL ERA: EVIDENCE FROM KAZAKH-LANGUAGE ELECTRONIC CONTRACTS

NURGOZHINA B. V.

Doctoral Student, Toraighyrov University, Pavlodar

NERGIS BIRAY

Head of the Department of Modern Turkic, Languages and Literatures Chair,
North-Western Turkic Dialects and Literatures, Faculty of Literature and Natural
Sciences, Pamukkale University of the city, Of Denizli of the Republic of Turkey

Contemporary digitalization has significantly transformed the forms of institutional communication, affecting all spheres of social and professional activity. In the context of the digital economy, communication is increasingly carried out in an online format, which leads to a reconsideration of traditional methods of documenting, recording, and interpreting legally significant information. One of the most illustrative examples of these changes is the transformation of business discourse in the field of contractual relations.

A traditional contract, formalized in paper form, was characterized by strict written fixation, the use of extended formal legal formulations, the presence of formal requisites (signatures, seals), as well as stable models of speech acts established in legal practice. In contrast, an electronic contract is primarily implemented in an online environment, where the verbal component of the text is often reduced or simplified, while its functional and pragmatic characteristics are largely shifted toward user interface actions. Not only legal formulas, but also their digital equivalents-clicks, option activations, and electronic confirmations-become essential elements.

Such transformation leads to the emergence of new forms of speech acts that extend beyond the traditional paper-based model. Whereas in the classical understanding a speech act is realized through an utterance endowed with a certain legal force, in the digital environment it may be expressed through a minimized formula or even through an unmarked action (e.g., clicking the «Асепт» / «Қабылдаймын» button).

Thus, researchers are faced with the task of identifying and describing new forms of speech acts that were not characteristic of the paper-based tradition but have become widespread in digital contracting practices. Kazakh-language material is of particular interest, as it demonstrates the interaction between national linguistic traditions and global English-language models, giving rise to a specific hybridity of speech acts within Kazakhstan's trilingual environment.

The methodological framework of this study is based on the principles of speech act theory developed by J. L. Austin [1] and subsequently elaborated by John Searle [2]. According to Austin's concept, any utterance should be regarded not only as a means of conveying information, but also as a form of action, that is, «doing things with words.» Searle further identified the main types of speech acts, among which directive, commissive, and declarative acts are of particular significance for institutional and legal communication.

Directive acts are utterances that prompt the addressee to perform specific actions. In legal texts, they are expressed in the form of obligations, prescriptions, and instructions. Commissive acts are associated with the assumption of obligations, which is particularly characteristic of contractual formulations that fix the responsibilities of the parties. Declarative acts possess a unique specificity, as their very articulation or textual fixation alters the socio-legal status of a situation-for example, by bringing a contract into force or terminating its validity.

Within business discourse, these three types of speech acts constitute the core of the pragmatic structure of a contract, as they ensure its primary function-the legal fixation of mutual obligations and guarantees of the parties.

Contemporary studies in the pragmatics of legal discourse [3], [4] demonstrate the institutional conditioning of speech acts; however, digitalization reveals their new forms, in which legal force is established not only through textual expression but also through user interface actions. Linguopragmatic research on Kazakh-language business texts identifies a combination of national tradition and global trends, which makes it possible to consider electronic contracts as a phenomenon of a trilingual environment integrating Kazakh, Russian, and English models [5], [6], [7].

Thus, the theoretical framework of this study draws on both classical concepts of speech act theory and contemporary approaches to the analysis of legal and business discourse in the context of digitalization, which makes it possible to comprehensively examine the specific features of new forms of speech acts in electronic contracts.

In traditional paper-based contracts, directive acts performed the function of prescribing and regulating the behavior of the parties to the agreement. They were expressed through formulas such as: «The Party undertakes...», «The Contractor shall...». In Kazakh-language practice, constructions such as «Орындаушы келісімшарт бойынша қызмет

көрсетуге міндетті» and «Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет үшін ақы төлеуге міндеттенеді» were widely used.

These formulas fixed the obligations of the parties in a maximally elaborated and legally unambiguous form.

In the digital environment, directive acts undergo significant reduction. They are replaced by minimalist interface expressions such as «Click to agree,» «Қабылдаймын,» and «Accept.» Here, the directive is realized not only verbally but also through user action-clicking, selecting an option, or confirming a choice. For example, when concluding an online agreement, it is sufficient to press the «Жалғастыру» or «Қабылдаймын» button, which is legally equivalent to fulfilling an obligation fixed in the paper-based version.

Thus, the directive transforms from an extended legal prescription into a digital marker of consent possessing equivalent legal force.

Commissive acts traditionally establish the obligations of the parties and their commitment to fulfilling the terms of the agreement. In paper-based contracts, this is expressed through formulas such as: «The Company guarantees...», «The Contractor undertakes...». In Kazakh-language business discourse, typical constructions include «Компания көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді», «Орындаушы өз міндеттемелерін уақытылы орындауға кепілдік береді» and «Мен келісімшарт талаптарын орындауға міндеттенемін»

These formulations are elaborated, legally detailed, and contain explicit indications of obligations.

In electronic contracts, commissive acts are reduced to minimized click-based formulas such as «I agree to the Terms and Conditions» and «Мен шарттармен келісемін.» Here, the act of consent ceases to function as a fully developed textual utterance and is instead expressed through an interface action. For example, when registering on an online platform, a user confirms their willingness to comply with the rules by clicking the «Келісемін» button.

Thus, in the digital environment, a legal obligation acquires a multimodal nature: it is expressed simultaneously through a brief verbal formula and through user action.

Declarative acts are of particular significance in contractual practice, as it is they that alter the legal status of the relations between the parties. In paper-based contracts, declarative acts were fixed through formulas such as: «This Agreement enters into force upon signing»; «Осы келісімшарт екі жақ қол қойған күннен бастап күшіне енеді»; «Келісімшарт мерзімі аяқталған жағдайда ол заңды күшін жояды.»

In such cases, the declarative act was formalized through written formulas, the legal force of which was associated with a signature and seal.

In electronic contracts, declarative acts undergo transformation: legal force is transferred from the textual formula to digital action. Typical examples include: «This Agreement becomes effective once you click 'Accept'»; «Осы келісім 'Қабылдаймын' батырмасын басқан сәттен бастап күшіне енеді»; «Келісім шарттарын қабылдау арқылы сіз келісімшарттың заңды күшіне енуін растайсыз.»

In electronic contracts, the declarative act is realized in a multimodal form: a brief verbal formula is complemented by an interface action-pressing a button.

In order to demonstrate the specific features of the transformation of speech acts in the context of digitalization, it is necessary to conduct a comparative analysis of traditional and electronic formulations. This approach makes it possible to systematize observations, identify stable trends, and clearly illustrate key differences.

Accordingly, the research material is presented in the form of a comparative table, allowing for the generalization of findings and illustrating how directive, commissive, and declarative acts are modified in the transition from paper-based to electronic Kazakh-language contracts.

Table 1 – Comparison of Speech Acts in Traditional and Electronic Kazakh-Language Contracts

Type of Speech Act	T r a d i t i o n a l (Paper-Based Contract)	E l e c t r o n i c (Online Contract)
D i r e c t i v e (p r e s c r i p t i o n, obligation imposed on the other party)	«Мердігер тапсырыс берушінің талаптарын орындауға міндеттенеді» (The Contractor undertakes to comply with the Customer's requirements)	i n t e r f a c e a c t i o n (c l i c k , c o n f i r m a t i o n) « Қ а б ы л д а й м ы н » , «Келісемін» (I accept, I agree)
C o m m i s s i v e (obligation of a party)	«Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтің ақысын төлеуге міндеттенеді.» (The Customer undertakes to pay for the services rendered.)	«Мен шарттың барлық талаптарын орындауға міндеттенемін» - expressed via a checkbox with a verbal formula
Declarative (legally significant act)	«Шартқа қол қойылды» (The contract is signed). The signature and seal confirm the conclusion of the contract.	«Қабылдаймын» + нажатие кнопки «Submit» / «Жіберу» → the act itself is performed multimodally (text + interface action)

The comparative table clearly demonstrates the transformation of speech acts in the transition from paper-based to electronic contracts. In traditional contracts, directive and commissive acts are expressed through extended legal formulations with explicit modality («міндеттенеді», «орындауға тиіс»), which underscores the strictness and normative character of the text.

In electronic contracts, by contrast, conciseness prevails: directive acts are realized through one-word formulas («Қабылдаймын», «Келісемін»), while commissive acts are expressed through the selection of a checkbox or a confirmation button, where a brief utterance is complemented by visual means.

Declarative acts also change in form: instead of signatures and seals, their legal force is established multimodally—through a combination of a brief linguistic formula and an interface action («Жіберу» / «Submit»). Thus, written confirmation is replaced by the technical recording of user actions.

Thus, the analysis presented demonstrates systemic changes in the speech organization of contracts: from fully elaborated formulations with a rich legal apparatus to minimized and standardized expressions integrated into the digital environment. This transformation reflects broader trends of digitalization—namely, the drive toward standardization, simplification, and the acceleration of business communication processes while preserving their legal significance.

The identified changes make it possible to highlight the most characteristic trends reflecting the specificity of speech acts in the digital environment. Based on the analysis of the material, the main manifestations of the transformation of speech acts in electronic contracts can be specified as follows:

- 1 Reduction of formulas (from extended constructions to concise expressions such as «Қабылдаймын»);
- 2 Shift of legal force from written text to interface action (click, confirmation);
- 3 Hybridization (combination of Kazakh, Russian, and English models: «Қабылдаймын / Accept»).

These changes not only reflect the digital transformation of business discourse but also give rise to new speech practices in which the speech act acquires a multimodal character: text + action + interface.

The analysis conducted demonstrates that the digitalization of business discourse leads to a significant transformation of speech acts functioning in contractual texts. Unlike the traditional paper-based form,

where directive, commissive, and declarative acts were realized through extended legal constructions, electronic contracts are characterized by a reduction of linguistic means and a shift of communicative load onto user interface actions.

Directive acts in the online environment acquire a minimalist form («Қабылдаймын», «Accept»), while retaining their prescriptive force. Commissive acts are reduced to click-based formulas of consent («Мен шарттармен келісемін», «I agree»), in which the legal obligation is expressed not through an extended text but through an act of choice. Declarative acts undergo the most substantial transformation: in the digital format, the legal force of the contract is linked not to a signature and seal, but to user action («Осы келісім ‘Қабылдаймын’ батырмасын басқан сәттен бастап күшіне енеді»).

Thus, in electronic contracts, a new type of speech practices emerges, characterized by a multimodal nature: a legally significant utterance is inseparably linked with a digital action (clicking, confirmation, option selection). This indicates that speech acts in the digital environment acquire a hybrid character—verbal and interactive.

The identified changes make it possible to draw several conclusions:

- 1 Online contracts give rise to shortened, standardized speech formulas, which increases their accessibility and speed of use.
- 2 Legal significance shifts from textual elaboration to the act of interface interaction, thereby altering the user’s perception of the contract.
- 3 In Kazakhstan’s trilingual environment, the hybridization of speech acts (Kazakh, Russian, and English) is observed, reflecting both pragmatic necessity and the cultural and linguistic specificity of business communication.

Thus, the identified trends make it possible not only to speak of a structural transformation of speech acts in the context of digitalization, but also to draw attention to their linguocultural dimension. Of particular significance in this context is the hybrid nature of Kazakh-language electronic contracts, in which traditional forms of the official-business style intersect with contemporary models of digital communication.

Kazakh-language electronic contracts exhibit a pronounced hybridity manifested at several levels.

First, the traditional elaboration of formulas characteristic of paper-based documents is preserved. Formulations such as «Мен шарттар мен талаптармен келісемін» retain the normativity and clarity inherent in the Kazakh official-business style. Thus, even in the digital environment, a tendency toward legally exhaustive precision remains evident.

Second, the concise English-language model «Accept» is actively used, having been incorporated into Kazakh-language texts as a result of globalization processes and the standardization of digital interfaces. This form symbolizes a tendency toward brevity and standardization characteristic of international practices of electronic document management.

Third, the combination of a verbal formula and an interface element is widely employed, for example, «Қабылдаймын / Accept.» Such a combination reflects the trilingual reality of Kazakhstan, where Kazakh, Russian, and English function within a unified communicative space. This type of hybridization not only fulfills a legal function but also serves as an indicator of a transitional stage from a written to a digital culture of contracts.

Consequently, Kazakh-language electronic contracts function not merely as a technical analogue of paper-based ones, but as an independent phenomenon in which linguistic form and interface elements form a new unity. This phenomenon illustrates how global digital standards are adapted within the local linguocultural context of Kazakhstan.

Overall, the analysis conducted shows that electronic contracts are not merely a technical tool of the digital economy, but a specific form of institutional communication in which linguistic and technological codes are integrated into a unified whole. The transformation of speech acts reflects a broader cultural and social process: a shift from a written tradition to a multimodal digital culture, in which legal significance is established not only through language but also through action within the interface. In this context, Kazakh-language electronic contracts serve as an indicator of global changes adapted to the local trilingual reality of Kazakhstan. Thus, the study confirms that digitalization not only simplifies and accelerates business communication processes, but also shapes new models of linguistic behavior that will determine the nature of legal and business communication in the era of globalization.

REFERENCES

- 1 Austin J. L. How to do things with words. Cambridge, 1962. –138 p.
- 2 Searle John R. Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language. Cambridge University Press, 1969.
- 3 Bargiela-Chiappini, F. Business Discourse - Palgrave: Macmillan, 2006. – 168 p.

4 Koester, A. Investigating workplace discourse. – London: Routledge, 2006. – 192 p.

5 Ергазиева Н.И. Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке: автореф.дис. ... канд.филол.наук. – Алматы, 1972. – 29 с.

6 Аймолдина А.А. Социокогнитивные и коммуникативно-прагматические особенности бизнес-корреспонденции (на материале казахского, русского и английского языков): дис... канд. филол.наук. – Астана, 2014. – 214 с.

7 Ережепова С.К. Официально-деловой стиль в казахском и русском языках: прагматический аспект:... дис... канд. филол.наук. – Алматы, 2002. – 166

МӘШҰР ЖҰСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫ: ДӘСТҰР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ДҰНИЕТАНЫМ КӨРІНІСІ

НУРКИНА Н. А.

п.ғ.м., аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АБДУЛЛА КӨК

Акдениз университеті, Түркия

Бұл мақалада қазақтың ұлы ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары, дастандардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, олардың қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық дәстүрмен сабақтастығы және исламдық дүниетанымды танытудағы көркемдік қерекшеліктері қарастырылады. Ақын дастандарындағы исламдық дүниетанымның көрінісі анықталып, олардың қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы айқындалады.

Қазақ әдебиетінде дастандар, оның ішінде діни-ағартушылық бағыттағы дастандар халықтың рухани дүниетанымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде де дін ерекше орын алады. Діни дастандар имандылық пен адамгершілікті, адалдықты, исламдық құндылықтарды насихаттайтын құнды мұрамыз болып табылады. Дастандардың басты мақсаты – ислам дінінің маңызын түсіндіріп, оны насихаттау, діннің талаптарын, ислам қағидаларын түсіндіру, Аллаға сеніп, оны мойындауға, құлшылық етуге шақыру, қанағатшыл, қайырымды болуға, иманды, сабырлы, әділ де адал болуға үгіттеу. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандарының басты идеясы мен

тақырыбы ислам діні, дін қағидалары, имани құндылықтар, пайғамбарлардың өмірі жайлы жазылған.

Ақынның бірқатар дастандарында исламдық құндылықтардың көркемдік жүйедегі өзіндік орны сөз болып, олардағы имандылық, әділдік, адамгершілік, тағдыр мен ақырет мәселелері талданады.

Қазақ әдебиетінің тарихында 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басы елдегі ұлттық руханияттың, рухани сананың жаңғыруымен, ағартушылық идеялардың кеңінен таралуымен ерекшеленген кезең. Бұл кезең – әдебиет тарихының ең бір құнарлы, мазмұнды, түрлі құбылысты оқиғаларға, түрлі әлеуметтік тартыстарға толы кезеңі. Осы кезеңде ислам мәдениеті мен ұлттық дүниетанымның байланысы, ықпалдастығы әдебиетте кең көрініс тапты, діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет кең өріс алды. Осы кезде қазақтың бірқатар ақын-жазушылары әдебиетке жаңа көркем туындылар әкелді. Солардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ақынның мұрасында дін тақырыбы ерекше орын алады. Ежелгі әдебиеттен бастау алған әдеби дәстүрді өз дастандары арқылы жалғастырды, дінді өмірлік ұстаныммен, салт-дәстүрмен байланыстырды. Шығармаларында исламдық құндылықтар мен ұлттық дүниетанымды өзара байланыстырды. Ақынның «Гүлшат-Шеризат», «Нүсіпхан», «Жантемір қажы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» және тағы да басқа дастандары халықты адалдыққа, имандылыққа, ізгілікке, білім мен ғылымға үндейді. Бұл дастандарда пайғамбарлар тарихы, қажылық сапар, өмір мен өлім, адалдық пен әділдік кеңінен жырланды. Ақын адамның өмірлік мақсатын Аллаға құлшылық ету, адалдық пен адамгершілікті, әділдікті жақтау арқылы түсіндіреді.

Бұл дастандардың жазылуына шығыс әдебиеті мен түркі әдебиетінің, ислам мәдениетінің әсері зор болды. Олардың әдеби мұраларын жетік меңгеріп, оны қазақ әдебиетіне, қазақ топырағына бейімдеп, қазақи таныммен ұштастырды. Қазақ халқының өмірімен байланыстырды. Осылайша, ақынның дастандары ұлттық әдеби дәстүр мен исламдық руханияттың тоғысқан керемет үлгісі екені даусыз.

Ақын «Жантемір қажы» дастанында қажылық сапардың маңызы, рухани мәні, мұсылманның парызы туралы сөз қозғайды. Кейіпкердің бойындағы сабырлылық, адалдық, дінге беріктік қасиеттерін оның іс-әрекеттері арқылы көрсетеді. Дастанның негізгі идеясы, айтар ойы – мына дүниенің байлығына, алдамшы өмірге алданбай, мәңгілік өмірді ойлау. Соны ақын қазақтың ұғымына жақын мысалдар арқылы көрсете біледі. Дастан адамның уақытша

жалған өмірі мен мәңгілік өмірі арасындағы байланыс және сол өмірге дайын болмаған адамның өкініші туралы.

«Нүсіпхан» дастанының өзінің тақырыбы, мазмұны және жанрлық табиғаты жағынан шығыстық қисса дәстүрінде жазылғаны, сонымен қатар қазақ фольклоры үлгісіне тән ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Мұндағы көтерілетін басты тақырып – жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен ізгілік, өмір мен өлім, адамның тағдыры, дін мен иман. Автордың ұстанған мақсаты – адамзатқа өнеге беру, яғни адам баласының дұрыс өмір сүріп, имандылықты ұстануын, дінге берік болуын насихаттау. Шығармада адамгершілік пен имандылық, өмір мен өлім, тарих, дін мәселелері кеңінен қамтылады. Яғни, мұндағы көтерілетін басты тақырыптар – өмір мен өлімнің мәні, жақсылық пен жамандықтың айырмасы, адамгершілік пен ізгілік, адамның тағдыры, дін мен иман жайындағы ой-толғамдар. Дастан өзінің тақырыбы, мазмұны және жанрлық табиғаты жағынан шығыстық қисса дәстүрінде жазылған, сонымен қатар қазақ фольклорына тән ерекшеліктерді де байқауға болады.

Дастанның басты мақсаты – адамзатқа өнеге беру, яғни адам баласының дұрыс өмір сүріп, имандылықты ұстануын, дінге берік болуын насихаттау. Осы дастан арқылы Мәшһүр Жүсіптің ойшылдығын, терең діни-философиялық танымын, көркемдік шеберлігін байқауға болады. Бұл шығарма қазақ дастандарының көрнекті үлгілерінің бірі. Себебі ол тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани құндылықтарын бейнелейтін мәдени-тарихи туынды.

Ақын өз шығармаларында жұмақ пен тозақ, өмір мен өлім, күнә мен сауап секілді ұғымдарды көп қолданады. Мысалы, Нүсіпхан өз заманында, жастық шағында дінге, жаратушының жолында құрбандық жасауға көңіл бөлмегендігіне өкінеді:

Шарифатты молда айтса,
Надандықпен нанбадым.
Құдай үшін мал шашып,
Қажылыққа бармадым!
Арафаттың (қарапаның) тауына
Қолымнан құрбан шалмадым.
Байтолланың жолына
Медресе, мешіт салмадым!
Тар заманға кез болдым,
Кеңінен орын алмадым!

«Қажының бейіті», - дегізіп,
Бір белгімен қалмадым! [1, 106].

«Нүсіпхан» дастанында өмір мен өлім, ақырет мәселесі кеңінен жырланады. Ақын бұл өмірдің өткіншілігін, адамның мәңгілік өмірге дайын болуы қажет екендігін жырлайды.

Ақынның дастандарындағы исламдық дүниетанымының негізгі көріністерінің бірі – имандылық мәселесі. Ақын бойында иманы бар адамды қоғамның басты тірегі деп түсінеді. Шын мұсылман адам тек діни рәсімдерді орындаушы адам ғана емес, адал, әділ, мейірімді, сабырлы болуы керек деп ой түйеді. Сондай-ақ ақын өз шығармаларында жақын адамдарға жанашыр болуды, жетім-жесірге қамқор болуды, ата-ананды құрметтеуді, адал еңбек етуді насихаттайды. Бұл ұстанымдар діни құндылықтармен қатар қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен де сабақтасып жатыр.

«Шығыс ақындарының Мұхаммед (Ғ. С.) пайғамбарды жырлаудағы дәстүрін алға апарған, өзінше өрістеткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиеті дамуына ерекше үлес қосқаны анық» [2, 84-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дастандарының тәрбиелік мәні өте зор. Ақын адамның бойындағы сарандық, өтірік, зұлымдық, дүниеқоңыздық, тәкаппарлық сияқты жағымсыз қасиеттерді сынайды, мұндай қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Ал сабырлылық, мейірімділік, адалдық пен әділдік секілді қасиеттер жоғары бағаланады. Ақын бұл дүниеде жасаған әрбір істің өтеуі, жауабы бар екендігін де еске салып отырады.

Ақын дастандары көркемдік жағынан да өте құнды. Ақын діни ұғымдарды берерде түрлі көркемдік құралдарды пайдаланып, оқырманға әсерлі түрде жеткізеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары тақырыптық жағынан да, мазмұны жағынан да әр түрлі. Бұл дастандарды пайғамбарлардың өмірі туралы дастандар, Құраннан алынған оқиғалары бар дастандар, өмір мен өлім, ақырет, қиямет, жұмақ пен тозақ, сабыр, имандылық, адамгершілік, Аллаға сенім жайында және дініміздегі қаһарман тұлғалар жайлы дастандар деуге болады.

Жалпы діни дастандар діни-ағартушылық қызметі жағынан ислам дінін насихаттайды, діннің талаптарын қарапайым тілмен түсіндіреді, Аллаға сенуге, оны мойындауға, оған құлшылық етуге, оны мадақтауға, имандылыққа шақырады. Тәрбиелік қызметі бойынша халықты имандылыққа, сабырлыққа, адалдыққа, әділдікке, ата-анаға құрмет көрсетуге тәрбиелейді. Сыни

қызметі жағынан адамның бойындағы жаман әдеттерді, мысалы, нәпсіқұмарлық, дүниеқұмарлық, әділетсіздік, арамдық, надандық секілді қылықтарды сынап көрсетеді. Ғибрат айту қызметі де бар. Адамзатқа өмір мен өлімнің бар екенін, өмірдің өткінші, жалған екенін түсіндіреді, ақырет мен мәңгілік өмір, ізгілік, әдеп жайлы ғибраттық ой айтады.

Қазақ әдебиетіндегі діни дастандардың барлығы дерлік ерекше философиялық ойға толы. Бұл дастандармен таныса отырып, олар арқылы имандылықты, адамгершілікті, сабырлықты, әділдік пен адамдықты танитымыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыттың маңызды жетістігі екені даусыз. Дастандар шығыстық қисса дәстүрін қазақ әдебиетінде жалғастырып қана қоймай, ұлттық әдебиетіміздің идеялық-көркемдік дамуына да елеулі үлес қосты. Сол себепті де ақынның діни дастандары ұлттық әдіби мұраның маңызды бір бөлігі ретінде, діни әдебиет пен ұлттық дүниетаным тұрғысынан қазіргі уақытта жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы. VI том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 184 б.

2 Жүсіпов Н., Жүсіпов Е., Баратова М., Курметова А. Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіптің Мұхаммед Пайғамбарды жырлаудағы үндестігі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №2. – Б. 78-86.

3 Әбдуов М. Діни дастандарды зерттеудің маңызы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №2. – Б. 156-161.

4 Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. III том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 200 б.

5 Жусупова Г. «Қазақтың қисса-дастандары және Мәшһүр Жүсіп» // Өлкетану. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми-көпшілік журналы. – 2013. – №2.

6 Боранбаев Ж. Шығыс шайырларының соңы – Шәді ақын. Алматы: Білім, 2014. – 272б.

7 Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. V том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 224 б.

8 Аманкул Т., Шағырбай А., Молдахмет Б. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы діннің рөлі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының

«Наурызлама» еңбегі негізінде // Адам әлемі. – 2024. – №2. Б. – 160-169.

9 Қыраубаева А. Шығыстық кисса-дастандар. – Алматы: Білім, 1997. – 200 б.

10 Егеубаев А. Дастан – дәстүр жалғастығы. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР

НУРКИНА Н. А.

п.ғ.м., аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дастандарындағы рухани-ағартушылық ұстанымдардың көркемдік және идеялық ерекшеліктері қарастырылады. Ақынның бірқатар дастандарындағы адамгершілік, имандылық, білім мен тәрбие мәселелері ғылыми тұрғыдан талданады. Сонымен қатар ақынның халықты ғылым-білімге үндеуі, ұлттық сананы оятуы және білікті адам тәрбиелеу мәселелері нақты мысалдар негізінде сараланады. Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп дастандарының қазақ әдебиетіндегі рухани-ағартушылық бағыттың қалыптасуына зор ықпал еткені анықталады. Автордың халықты ғылым-білімге шақыруы, ізгілік пен адалдықты насихаттауы нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Мақаланың мақсаты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дастандарындағы рухани-ағартушылық ұстанымдарды талдау және олардың көркемдік-идеялық маңызын анықтау.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында рухани-ағартушылық бағытты дамытуға зор үлес қосқан тұлғалардың бірі. Ол ақын, шежіреші, фольклортанушы әрі ағартушы ретінде қазақ халқының рухани мұрасын жинап, келер ұрпаққа жеткізген көрнекті қайраткер. Оның шығармаларында халықтың тұрмыс-тіршілігі, діни дүниетанымы, моральдық құндылықтары және қоғамдық мәселелері кеңінен көрініс тапқан.

Мәшһүр Жүсіп дастандары тек көркем туынды ғана емес, халықты білімге, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейтін рухани мектеп қызметін атқарады. Ақын өз дәуіріндегі әлеуметтік қайшылықтарды суреттей отырып, қоғамды рухани жаңартудың

жолдарын ұсынады. Сондықтан оның дастандарын рухани-ағартушылық тұрғыдан зерттеу қазіргі әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ақын шығармаларында халықтың рухани дүниесін байыту, жастарды білім мен ғылымға үндеу, адамгершілік құндылықтарды дәріптеу басты орын алады. Оның дастандары тарихи оқиғаларды ғана суреттеп қоймай, қоғамның моральдық-этикалық мәселелерін көтеріп, оқырманды ізгілікке тәрбиелеуге бағытталған.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының негізгі өзегі – адамды кемелдікке жеткізу, рухани тазалыққа тәрбиелеу және ұлттық сананы ояту. Сондықтан ақын дастандарын зерттеу қазақ әдебиетіндегі ағартушылық идеялардың даму ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Ал дастандарындағы басты рухани ұстанымдардың бірі – имандылық. Ақын адам бойындағы адалдық, сабыр, қанағат, әділет сияқты қасиеттерді исламдық дүниетаным негізінде көрсетеді.

Ақын өзінің «Жантемір қажы» дастанында басты кейіпкердің қажылық сапары арқылы адам өмірінің мәні, діни парыздарды орындаудың маңызы бейнеленеді, рухани тазару идеясы көрсетіледі. Дастанда қажылық сапар тек діни міндет емес, адамның өзін-өзі тану жолы ретінде бейнеленеді. Ақын қажылықты жай ғана рәсім емес, адамның рухани жаңаруының жолы ретінде түсіндіреді. Кейіпкердің мінез-күлқы арқылы шынайы мұсылманның бейнесі жасалады. Жантемір бейнесі арқылы ақын мұсылмандық әдептің үлгісін көрсетеді. Дастанда Аллаға деген сенім мен адамгершілік қасиеттер қатар өріліп беріледі. Ақынның ойынша, имандылық адамның ішкі дүниесін тазартып, қоғамдағы әділетсіздікпен күресуге күш береді. Сондықтан дастандағы рухани құндылықтар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының ағартушылық сипаты оның білім туралы ойларынан айқын көрінеді. Ақын надандықты қоғамның басты дерті деп есептеп, жастарды ғылым-білімге ұмтылуға шақырады. «Нүсіпхан» дастанында кейіпкерлердің ақыл-парасаты, білімділігі, даналығы жоғары бағаланады, білімнің адам өміріндегі орны ерекше көрсетіледі. Ақын адамның қадір-қасиеті байлықпен емес, білімімен өлшенетінін көрсетеді. Ақын «Нүсіпхан» дастанында:

«Ақылы жоқ бозбала,
Алды тұйық жармен тең.
Зейіні жоқ жас жігіт,

Хайуан дайым малмен тең.

Еріншек болса азамат,

Сексендегі шалмен тең», - деген ой айтады [1, 114].

Бұл идеялар қазақ ағартушыларының көзқарастарымен үндеседі. Мәшһүр Жүсіп үшін білім – жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың дамуының кепілі. Сондықтан оның дастандарында оқу, іздену, даналыққа ұмтылу мәселелері тұрақты түрде көтеріліп отырады. «Аңыз-дастандар мазмұнынан: бір Алладан басқа тәңір жоқ, Пайғамбарлардың пәктігі, Тәңіріден қорқу, аманатқа қиянат жасамау, адал ризық табу, адамзат рухы, ізгілік жолы, дененің, рухтың тазалығы, өмір-дүние дидары, адал еңбек сипаты, жақсы-жаман, жастық-достық, өтірік-өсек, опасыздық т.т. тақырыптарға кең орын беріледі. Әрбір туынды дерекке негізделген, әрі өмір оқиғалары, адам іс-әрекеттері сенімді өріс алады. Тарих тағылымы, өмір өнегесі, еңбек сипаттары, ақиқат жайттарымен, дерек көздерімен ден қойғызады» [2, 290].

Ақын дастандарындағы маңызды рухани-ағартушылық идеялардың, рухани ұстанымдардың бірі – адамгершілік мәселесі. Ол кейіпкерлердің әрекеті арқылы жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ажыратып көрсетеді. Ақын шығармаларында әділдік пен зұлымдық, адалдық пен опасыздық арасындағы тартыс кеңінен суреттеледі. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы ұстанымдардың тағы бірі – исламдық құндылықтарды дәріптеу. Ақын адамның рухани кемелденуін имандылықпен байланыстырады. Оның пікірінше, адам бойындағы барлық жақсы қасиеттердің бастауы – Аллаға деген сенім мен адалдық.

«Гүлшат-Шеризат» дастанында адалдық, сүйіспеншілік, мейірімділік идеялары кеңінен көрініс тапқан. Жақсылық пен жамандықтың күресі арқылы адамгершілік құндылықтар дәріптеледі. Дастандағы кейіпкерлер түрлі қиындықтарға тап болғанымен, ар-намысын жоғалтпайды. Шеризат бейнесі арқылы ақын батылдық, әділеттілік, қайсарлық қасиеттерді көрсетсе, Гүлшат бейнесі арқылы мейірімділік пен адалдықты насихаттайды. Шеризаттың әділдігі мен қайсарлығы, Гүлшаттың адамгершілігі арқылы автор оқырманды ізгілікке тәрбиелейді. Дастандағы оқиғалар желісі адамның шынайы бағасы оның байлығымен емес, мінез-құлқы мен адамгершілігі арқылы анықталатынын дәлелдейді. Бұл – Мәшһүр Жүсіптің адам өміріндегі ең басты құндылық ретінде рухани тазалықты бағалағанын көрсетеді. Ақынның пікірінше, қоғамның дамуы әр адамның моральдық деңгейіне байланысты.

Сондықтан ол оқырманды әділдікке, кішіпейілділікке және қайырымдылыққа үндейді.

Мәшһүр Жүсіп дастандарында ағартушылық идеялар ұлттық мүддемен тығыз байланыста беріледі. Ақын халықтың артта қалу себептерін талдап, оны білімсіздік пен алауыздықтан көреді. Дастандарында бірлік, ынтымақ, ел тағдыры мәселелері жиі қозғалады. Ол қазақ қоғамының болашағын рухани жаңғырумен байланыстырады. Ақын үшін ұлттың өркендеуі әр адамның өзін-өзі жетілдіруінен басталады.

Мәшһүр Жүсіп халықты өткен тарихын ұмытпауға, ата дәстүрін құрметтеуге шақырады. Бұл оның ұлттық рухты сақтауға бағытталған ағартушылық көзқарасын танытады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы рухани-ағартушылық идеялардың түйіні – кемел адам тәрбиелеу мәселесі. Ақынның ойынша, нағыз адам бойында білім, иман, әділдік және адамгершілік қасиеттер қатар болуы тиіс. Оның дастандарындағы жағымды кейіпкерлер осы талаптарға сәйкес бейнеленеді. Ал жағымсыз кейіпкерлердің тағдыры арқылы автор адамды рухани азғындықтан сақтандырады.

Мәшһүр Жүсіп үшін имандылық тек құлшылық жасаумен шектелмейді. Ол әділдік, мейірімділік, сабырлылық секілді қасиеттермен толыққанда ғана шынайы мәнге ие болады. Сондықтан ақын шығармаларында діни таным мен адамгершілік құндылықтар өзара сабақтас беріледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ қоғамының дамуын біліммен байланыстырған ағартушы ақындардың қатарында болды. Ол надандық пен қараңғылықты халықтың дамуына кедергі келтіретін басты себептердің бірі ретінде бағалады.

Ақын шығармаларында білім тек дүниелік қажеттілік емес, адамның рухани жетілуінің басты құралы ретінде көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда Мәшһүр Жүсіптің көзқарастары Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының ағартушылық идеяларымен үндеседі. Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба» деген қағидасы мен Мәшһүр Жүсіптің ғылым-білім туралы ойлары арасында идеялық сабақтастық байқалады. Екі ойшыл да халықтың болашағын білімді ұрпақпен байланыстырған.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ағартушылық идеялар ұлттық мүддемен тығыз байланысты. Ақын қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді ашық көтеріп, халықты бірлікке шақырады. Ол ел ішіндегі алауыздықты, әділетсіздікті, надандықты сынай

отырып, ұлттың өркендеуінің басты шарты ретінде ынтымақ пен білімді атайды.

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының тарихи жадын сақтауға ерекше мән берген. Ол шежірелік еңбектері мен дастандары арқылы халықтың өткенін ұмытпауға үндеген. Ғалымдар ақынның шығармашылық мұрасын ұлттық рухты сақтаудың маңызды құралы ретінде бағалайды. Себебі оның туындылары халықтың мәдениеті мен дүниетанымын танытатын құнды дереккөз болып табылады. Оның дастандарындағы жағымды кейіпкерлер кемел адамның бойындағы қасиеттер арқылы ерекшеленеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастандары қазақ әдебиетіндегі рухани-ағартушылық бағыттың көрнекті үлгісі болып табылады. Ақын шығармаларында имандылық, білімге ұмтылу, адамгершілік, әділдік, ұлттық сана мәселелері кеңінен көрініс тапқан. «Жантемір қажы», «Хаятбақшы», «Шонтыбай қажы», «Нүсіпхан», «Гүлшат-Шеризат» және басқа да дастандары арқылы автор оқырманды рухани кемелденуге, ғылым мен білімге ұмтылуға шақырады.

Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық идеялары бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Оның дастандарындағы тәрбиелік ойлар жас ұрпақтың рухани дамуына қызмет ететін құнды мұра болып табылады. Ақын дастандарындағы рухани-ағартушылық ұстанымдар қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттың маңызды көрінісі болып табылады. Ақын шығармаларында имандылық, білімге ұмтылу, адамгершілік, ұлттық сана және кемел адам тәрбиесі мәселелері кеңінен қамтылған.

Ақынның аталған дастандарын талдау нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің басты мақсаты халықтың рухани деңгейін көтеру, жастарды білім мен ізгілікке тәрбиелеу болғаны анықталды. Оның шығармалары қазақ қоғамының рухани дамуына қызмет еткен құнды мұра болып табылады. Ақын өлеңдерінде ұлттық құндылықтарды айшықтай отырып, ұрпақты жақсылыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді. Ақын өзінің еңбектерінде адам санасының ояу болуына насихаттайды, ол үшін өзін-өзі дамыту, білім алу, еңбек етуге керек екенін айтады. Тек еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді.

Білім-ғылымның мәнін ұғынып, өзінің болашағы білімде, ғылымда екенін нық түсінген ақын бірқатар шығармаларында білімді насихаттайды. Жас кезінен білімге ұмтылған жанның осы білім-ғылымнан көп пайда табатынын айтады. Оқу-білім туралы ақын айтқан идеялардың басты ерекшелігі – білімнің екі жақты

пайдасын атап өтеді. Мәшһүр Жүсіп білім-ғылымды ақша тауып, адамның материалдық қажеттілігін өтейтін байлық деп те, рухани жан дүниесін ашатын адамшылық көзі деп те алады.

Қазіргі кезеңде де ақынның ағартушылық идеялары өз маңызын жоғалтқан жоқ. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп дастандарын рухани-мәдени құндылық ретінде зерттеу қазақ әдебиеттануының өзекті бағыттарының бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы. VI том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 184 б.
2. Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ботақара, 3 желтоқсан 2009 ж. – Қарағанды: «Болашақ-баспа», 2009. – 527б.
3. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
4. Әбдуов М. Діни дастандарды зерттеудің маңызы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №2. – Б. 156-161.
5. Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. III том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 200 б.
6. Жусупова Г. Мәшһүртану белестері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 303 с.
7. Боранбаев Ж. Шығыс шайырларының соңы – Шәді ақын. Алматы: Білім, 2014. – 272б.
8. Аманкул Т., Шағырбай А., Молдахмет Б. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы діннің рөлі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Наурызнама» еңбегі негізінде // Адам әлемі. – 2024. – №2. Б. – 160-169.
9. Қыраубаева А. Шығыстық кисса-дастандар. – Алматы: Білім, 1997. – 200 б.
10. Егеубаев А. Дастан – дәстүр жалғастығы. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.

СЫРБОЙЫ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР ЖӘНЕ СТИЛЬДІК-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ӨТЕМІСОВА Г. Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Заман неғұрлым әрілеген сайын қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ әрідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламалармен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздері» – архаизмдерді табуға болады [1,80].

Зерттеу жұмысымыздың негізгі тақырыбы «Сырбойы ақын-жазушылар шығармаларындағы көнерген сөздер қолданысы» болғандықтан, біз Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Ермбет Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген сөздердің стильдік-тілдік ерекшеліктері жөнінде сөз қозғамақпыз. Аталған ақындардың тілінде жаугершілікке қатысты бұрынғы образдар, оларды жасайтын тілдік құрал-тәсілдер молынан қолданылған. Шығармадағы тілдік ерекшеліктердің бірі – белгілі бір лексикалық топтардағы сөздердің әрдайым дерлік эпитетпен келетіндігі. Мысалы, көне қару атаулары жебе – *төрт қырлы сұр жебе*, алмас – *балдағы алтын ақ алмас*, қылыш – *сиырма қылыш түрінде жырланады* (яғни сөз жалаң тұрмайды, тіркестермен кездеседі).

Қару-жарақ пен сауыт-сайман атауларының эпитетсіз қолданылуы – ақындар өмір сүрген кезеңнің әдеби үлгілерінде кемде-кем ұшырасатын құбылыс, ал кейінгі кезде бұл қолданыс сирей бастайды. Мына өлең жолдарында қару атаулары эпитетсіз қолданылған.

*Найзаны салып түйретті,
Садақты тартып үйретті,
Осылай баулап өсірді
Ұрпақты іске шыдамды /5,340/.*

*Садағын сала байлап, асынып алмас,
Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас!
Арада бірнеше күн жол жүрген соң,
Бір күні түсті тұман жол таба алмас /3,203/.*

Бұл аталған көне қарулардың қимылдары да өз аттарымен берілген: алмасты *асынады*, найзаны *түйреді*, садақты *тартады*.

Нұртуған мен Ермбет толғауларында өлең жолдарының біркелкі дауысты не біркелкі дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерден құралуы – ертеден келе жатқан кәнігі тәсіл.

Табаны жерді ілмейді!	Қалаң ойран саламын.
Табанының таңлағын	Қарсы келген батырды
Тек аспанға тіреді!	Қылышпенен жарамын.
Тіктеліп құйрық суылдап,	Қалай-қалай сөйлейсің?!
Тірсегіне тимейді.	Қай сөзіңе нанамын?!
Тікелейіп жалы таралып	Қыз екен деп қызбаймын [2,100],

[4,204].

Бірақ бір күші фазылымен пәруардігәр,
Бұл себеп – падишамыз ғой жаратқан!
Бұл сегіз төрт есіммен түгелденер,
Болған соң жұбынан төрт бұл сипаттан [3,166]

Ойласандар білімнің
Орын алған төрінен.
Ондай болған жан қайда,
Ол жаралған жан еді [4,37].

Бұл жерде біркелкі ұйқас буындардан гөрі, біркелкі дыбыстардан басталатын сөздердің тармақ басында қатарынан келуі жиірек, демек, аллитерация мен ассонанс құбылысы көзге түседі. Бұл тәсіл өлеңнің үнділігін (музыкалылығын) күшейтумен қатар, сөз таңдауда, демек, әдеби тіл лексикасын түрлендіріп отыруда үлкен рөл атқарады.

Өлең тармақтарының біркелкі дыбыстардан басталатын сөздермен құрылуы – біздің күндерімізге дейін жеткен, қазақ өлең техникасының ұтымды көне тәсілдерінің бірі [1,98].

Нұртуған Кенжеғұлұлының «Қарасай – Қазі» дастанында: Мұса ханның тоқалынан туған Ысмайылға былайша сипаттама беріледі:

Сол кездің өзінде-ақ әкесі Мұсаның бүкіл артында қалған дүние-мал мен хан тағы өзіме тиіспеді деп, өзегін өрт шалған Ысмайыл зұлымдығынан қайтпады. Ағайынның арасына сұрқиялық пен залымдық отын жағып, бірін-біріне айдап сала берген соң, халық оны «Әнжі Ысмайыл» деп атаған. Бұрыннан да «Тобаяқ» деген лақап аты бар-тын. Бір қыстың қарлы боранында жылқымен бірге ығып кетіп, бірнеше күн далада қалған оның екі аяғының бастарын

үсік шалып, башпайлары ағып кеткен еді. Содан кейін-ақ, онсыз да жексұрын көрінетін оны жұрт тобаяқ атандырған [Н.К.Пт.36.].

Бұл жоғарыда берілген мәтіндегі «Әнжі Ысмайыл», «Тобаяқ» деген Ысмайылдың антропонимдік атаулары (лақап аты) қолданылған.

Сонымен бірге ақындар шығармаларында қазіргі тілімізде бар сөздердің көне синонимдік қабаты көптеп ұшырайды. Айталық, байтақ сөзі бұл күндегі әдеби тілімізде «ұшы-қиыры жоқ, кең» деген сын есімдік мағынада қолданылады. Ал Нұртуған Кенжеғұлұлының шығармаларында пайтақ болып берілген. *Он алтыншы ғасыр басында-ай Пайтағын билеп Балыхтың, Қоңілінен шығып халықтың, Өртеген жасауын жасындай* [2,202] десе, мұндағы пайтақ сөзінің семантикасы бөлекше. *Байтақ* бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі жұрт, халық тұтастығы» («этникалық-территориялық бірлік»), яғни «ел, жұрт» деген ұғымды білдірген. Екінші бір мағынасында мынадай жолдар кездеседі: *Шырағым, жылдам талап қыл, Атадан қалған пайтағың, Тұрғанда кетпей көнеріп* [2,18]. *Мұнысы Әміршінің дұрыс емес, Есітсе ертең халық бұл шешімін, қалайша пайтағынан ұшырмайды?!* [2,211]. Дәл осы мағынада Ермбет Көлдейбекұлының діни танымдық-философиялық өлеңдерінде қолданыс тапқан. *Жоғалмас көптің оғы Қырымға атқан, Жалғыздық таппақ қиын жай садағын. Бағында сайрар бұлбұл, көлде бақа, Мінбесе, кірмес күші, хан пайтағын* [3,54]. Әр түрлі алтын, күміс, асыл тастың, Бағасы мағлұм еді – салмағында. Жайсында жай жүргенде адам қатар, Патшаның күші болады пайтағында [3,105]. Мұндағы *пайтақ* деп отырғаны – белгілі бір мекендегі белгілі бір ел, яғни кішігірім хандық. Бұл сөз қазірде қолданылатын *байтақ ел, байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. О баста *байтақ ел, байтақ жұрт* деген жеке сөздердің баламасы ретінде жұмсалған. Келе-келе *байтақ* сөзінің алғашқы мағынасы күнгірттеніп, «кең, ұшы-қиыры жоқ» деген мәнге ие болып қалған: *байтақ дала* – кең дала, *байтақ өлке* – кең өлке, ұлан байтақ.

Ақындар өмір сүрген тұсы, яғни XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әдеби үлгілердің тілінде көне сөздердің сақталуына бірнеше жағдай себеп болған. Біріншісі – ақындар-жазушылар туындыларының поэзия түрінде болғандығы. Ұйқас, өлшем тәрізді өлең шарттары көп сәттерде мәтінді өзгерте беруге жібермейді. Буын саны кем не артық шығып, немесе ұйқасы келмеген сөздер қаншама жақсы, түсінікті болғанымен, бейтаныс

көненің қалдықтарын ығыстыра адмауы мүмкін. Оның үстіне қазақ тәжірибесінде өлең сөзді жаттаушы (жеткізуші) оны естіген қалпында қабылдауды машық еткен. Сондықтан кейбір бейтаныс сөздер мен тұлғаларға ол көп мән бермеуі де ықтимал. Бұған мәтін ішіндегі бірді-екілі сөздің шығарманың тұтас мазмұнын, идеясын, көркемдігін түсініп сезінуге пәлендей нұқсан келтірмейтін фактісі де себеп болса керек.

Екінші себеп (фактор) – аталған ақындар туындыларының үлгілері ішінара қолжазба түрінде сақталуының да орын алғандығы деп топшылаймыз. Етек алып, дәстүрге айналмағанымен, қазақ қауымында да әр алуан мұраларды (айталық, тек өлеңдер ғана емес, шежіре мен шешендік сөздер сияқтыларды да) жазба түрінде сақтау фактісі болған. Әсіресе XIX ғасырдың өн бойында қолжазба дәптерлер таралып келгенін Нұртуған мен Ермбет мұраларының тілі бір дәлелдесе, осы тұста орыс зерттеушілері айтқан (жазған) сөздер екі дәлелдейді. Мысалы, XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ халқының тілі, мәдениеті, этнографиясы, шаруашылығы т.б. жайында жарық көрген әдебиеттің библиографиясын жасаған ағартушы А. Алекторов қазақтарда XIX ғасырдың екінші жартысында қолжазба дәптерлердің бар болғанын білдіреді.

Көне сөздер мен көне поэтикалық құралдардың сақталуына себеп болған үшінші фактор – әдеби тіл нормаларының тұрақталып, қалыптасу қасиетіне ие екендігі.

Ақындар шығармаларының лексикасында мақал-мәтелдер мен образды тіркестер молынан кездесті. Біз бұл кездескен кейбір мақал-мәтелдердің қазіргі тіліміздегі нұсқасын да жақша ішіне алып жазып кетуді жөн көрдік. Нұртуған «Заманнан сөйлеп барамын» деген арнауында:

Бұрынғы шайыр сөйлеген

Ойланбай-ақ алыстан.

Мазмұны терең мақалы

Өлең сөзбен жарысқан

Жарысканы емей немене, – деп шайырлардың өлеңді мақал-мәтелдермен жарыстыра айтқанын көрсетеді: «Ер өледі, – десе, – намыстан?!» «Өледі, – дейді, – өр қоян Өзі жайылған қамыстан» («Жігітті намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді»), «Ауру астан болады» («Ауырсаң аузыңды тый»), «Таз жұғады екен тарақтан» («Таздан тарақ сұрама»), «Талғамай жесең тамақты, Жүрекке дақтар қонысқан», «Көп ұйқыдан пайда жоқ, Қан дұрыс жүрмей ұйысқан», «Кезеген өркеш, астау бас Артқан

жүкке мұқалмас, Өйткені артық туыстан», «Көнергенді күндейді Атасы бір туысқан», «Жаманнан алсаң бір тиын, Кетіреді мазаңды Секілденіп сауысқан», «Жарасына жабықпас, Артық туган арыстан», «Күдері желке, бөкен сан Шаршамайды шабыстан», «Ақиық, алғыр мұзбалақ Тоқсанда желге қарысқан», «Жапалақ ықтап бұтаны, Шөп түбіне жабысқан», «Балдағы алтын айболат Күш түссе ғана майысқан», «Халықтың қамын ойлайды, Ақылы зирек данышпан», «Асыл жібек сиымды, Бүктесең шықпайды уыстан», «Жақсы қайда асыл тек, Жақсылармен жүзгисқан?!», «Жаман адам көп сөйлеп, Қалдырады жұмыстан», «Ұрыс-жанжал шығады, Жаман көрші-қоныстан», «Жарамайды жүзіқараға Жаны ашып, болысқан», «Тура биде туган жоқ, Туганды биде иман жоқ – Деген қазақ түсінбей, Өзді-өздері ұрысқан», «Өтірік, ұрлық келтірер Адамдыққа бір нұсқан», «Залал қылсаң жандыға, Күндердің күні болғанда, Әр жерде алдың бір тосқан» тәрізді соны сөз оралымдары ұшырайды. Сонымен қатар «Киімнің кеңі тозбайды», «Бақ сынайды таланды», «Қос табар керек кісі», «Сыр саусаң, күнде айран», «Ойласыз істің түбі – ойран», «Азаптың ақыры – абад», «Көне сөз – құлақ кесті», «Дән ұшқысыз, ел бұзықсыз болмайды» т.б. мақал-мәтелдер өлеңнің тіліне еніп, толық мәнге ие болып тұр. Осындай мақал-мәтелдер мен образды тіркестер Ерімбет Көлдейбекұлы шығармаларында да кеңінен қолданылады. «Тік тиер достың сөзі», «Ақымаққа түсіну жоқ тимей таяқ», «Ұрының өзі айтпайды, сөзі айтады», «Бөрі ашар, түлкі көмер», «Бау санар жантақ өзін», «Иесін құтырған ит қабады», «Жігіт бұзады, Құдай түзейді», «Татулық екі жақтан», «Ақсағын тастамайды қашқан құлан», «Денсаулық – терең байлық», «Тумыштан тұлпар туады, жампоздан нар», «Алып – анадан, ат – биеден», «Адамның асылы анадан» т.б.

Жоғарыда айтылған мақал-мәтелдердің барлығы дерлік мағынасы кең, философиялық тұрғыдан айтылған деп дөп басып айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 2004.
- 2 Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки тілім сөйлеші...ІІ том. Алматы, Маржан,1994.
- 3 Көлдейбекұлы Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. Алматы, Маржан, 1995.

4 Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки тілім сөйлеші... І том. Алматы, Ғылым,1992.

5 Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки тілім сөйлеші...ІІІ том. Алматы,Маржан,1994.

ЯЗЫКОВАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ МОЛОДЕЖИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ: ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА И КОНЦЕПЦИЯ «ЦЕЛОСТНОГО ЧЕЛОВЕКА»

РАХЫМБАЕВА Н. И.

PhD Adjunct Assistant Professor, Университет Нархоз, г. Алматы

КУЛМАХАМЕД Б. Е.

студент, Университет Нархоз, г. Алматы

В XXI веке процессы глобализации оказывают значительное влияние на язык, культуру и мировоззрение общества. Развитие цифровых технологий, социальных сетей и коммуникационных платформ изменило формы межличностного общения, особенно среди молодежи. Сегодня язык становится не только средством общения, но и важнейшим элементом национальной идентичности и духовной культуры [1, 2]. В условиях глобализации особый интерес представляет вопрос сохранения языковой идентичности молодежи.

Для Казахстана проблема сохранения национального языка в условиях глобализации приобретает особую актуальность. Молодое поколение активно использует казахский, русский и английский языки одновременно, что способствует формированию смешанной речевой среды [3, 4]. С одной стороны это расширяет возможности международного взаимодействия и доступа к информации, с другой стороны это создает определенные риски для сохранения и развития национальной языковой культуры.

В связи с этим целью исследования является выявление особенностей языкового поведения казахстанской молодежи и определение роли родного языка в формировании национального самосознания и концепции «целостного человека». В рамках данной концепции язык рассматривается как основа духовного и культурного развития личности. Именно через язык формируются национальное сознание, историческая память и нравственные ценности человека.

Научная новизна исследования заключается в выявлении взаимосвязи между языковыми предпочтениями молодежи Казахстана в цифровой среде и уровнем их культурной самоидентификации в контексте концепции «целостного человека».

Эмпирическую основу исследования составили результаты анкетирования 100 студентов ВУЗов Казахстана в возрасте от 18 до 23 лет. В выборку вошли как девушки так и юноши, обучающиеся по различным направлениям подготовки. Выбор данной группы обусловлен тем, что именно молодежь является наиболее активным пользователем цифровых технологий и социальных сетей, что позволяет наиболее полно проследить влияние глобализационных процессов на языковое поведение.

Анкета включала вопросы, касающиеся языка общения в социальных сетях, частоты использования казахского языка в повседневной коммуникации, отношения к смешению языков, а также восприятия роли родного языка в формировании личности и национальной идентичности. Полученные данные были обработаны с использованием методов описательной статистики, процентного анализа и корреляционного исследования, которые широко применяются в современных социолингвистических исследованиях для изучения языковых предпочтений и коммуникативных практик молодежи [3, 5]

Анализ результатов позволил выявить основные тенденции языкового поведения молодых людей в условиях цифровой среды и определить взаимосвязь между использованием родного языка и уровнем культурной самоидентификации.

Полученные результаты свидетельствуют о неоднородности языковых предпочтений молодежи в цифровой среде (Рисунок 1). Так, 43% студентов указали русский язык как основной язык интернет-коммуникации, тогда как 36% предпочитают использовать казахский язык. Еще 21% респондентов регулярно прибегают к смешанной речи, включающей элементы английского языка. Данная тенденция отражает характерную для глобализирующегося общества многоязычную языковую ситуацию, в которой национальные языки взаимодействуют с международными средствами коммуникации [4, 8].




Рисунок 1 – Языковые предпочтения молодежи в интернет-коммуникации

Более того, исследования показывают заметное влияние цифровой среды на речевое поведение молодежи (Рисунок 2). Большинство опрошенных (74%) отметили регулярное использование англицизмов и элементов интернет-сленга в повседневном общении. Кроме того, 69% студентов считают, что социальные сети оказывают существенное влияние на изменение речевой культуры современного поколения. Вместе с тем 81% участников исследования подчеркнули важность сохранения казахского языка как одного из ключевых факторов национальной идентичности. Полученные данные позволяют предположить, что, несмотря на активное влияние глобальных коммуникационных процессов, молодежь сохраняет осознание значимости родного языка как важнейшего элемента культурного наследия и национального самосознания [4, 9].




Рисунок 2 – Влияние цифровой среды на языковую культуру молодежи.

Корреляционный анализ Пирсона был использован для оценки взаимосвязи между языковым поведением и культурной самоидентификации молодежи. Анализ осуществлялся между показателями частоты использования казахского языка в повседневной коммуникации и уровнем культурной самоидентификации молодежи, который определялся на основе ответов респондентов о значимости родного языка для сохранения национальной идентичности.

Результаты анализа выявили положительную корреляционную связь средней силы между рассматриваемыми показателями ($r=0.69$). Полученное значение свидетельствует о том, что более активное использование казахского языка в повседневной жизни связано с более высоким уровнем культурной самоидентификации молодежи. Это позволяет сделать вывод о том, что сохранение и развитие языковой культуры способствует укреплению национального самосознания и формированию целостного мировоззрения личности.

Таким образом, результаты исследования подтверждают предположение о том, что сохранение и развитие родного языка способствует укреплению национального самосознания, сохранению культурной памяти и формированию духовных ценностей общества. Полученные выводы согласуются с исследованиями отечественных и зарубежных ученых, рассматривающих язык как важнейший механизм передачи культурных ценностей и сохранения национальной идентичности [2, 3, 8].

Глобализация способствует активному взаимодействию культур и языков. С одной стороны, это расширяет возможности международной коммуникации, образования и доступа к информации. С другой стороны, усиливается влияние иностранных языков на национальную речевую культуру. Современная молодежь часто использует сокращения, англоязычные слова и смешанные языковые конструкции. Подобные изменения постепенно влияют на нормы литературного языка и культуру общения.

Концепция «целостного человека» предполагает гармоничное развитие личности, основанное на духовных ценностях, культурной памяти и национальном самосознании. В данной системе язык выступает не только средством передачи информации, но и важнейшим элементом внутреннего мира человека. Сохранение родного языка способствует укреплению культурной идентичности, формированию нравственных ориентиров и духовной устойчивости молодежи в условиях глобальных изменений [1, 6, 9].

Таким образом, процессы глобализации оказывают значительное влияние на языковую идентичность современной молодежи Казахстана. Статистический анализ показал, что активное использование родного языка напрямую связано с формированием культурного самосознания и концепции «целостного человека».

В современных условиях особое значение приобретает развитие качественного казахоязычного контента, поддержка языковой культуры и формирование уважительного отношения молодежи к национальному языковому наследию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. — Астана, 12 апреля 2017 года, https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.
2. Сандыбаева Нуржамал Ануарбековна, Мезенцева Елена Сергеевна Языковые процессы в современном Казахстане: этнокультурная и лингвосоциальная взаимообусловленность. // Вестник Московской международной академии. 2022. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yazykovye-protsessy-v-sovremennom-kazahstane-etnokulturnaya-i-lingvosotsialnaya-vzaimoobuslovlennost> (дата обращения: 10.06.2026).

3. А. Байтұрсынов, Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. - 444, [2] б. - Нұрғожа Ораз қоры. - Шора Сарыбаев қоры . . – [т. ж.] – ISBN 5-630-00007-1.
4. Crystal, D. (2011). *Internet Linguistics: A Student Guide* (1st ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780203830901>
5. Crystal, D. (2003). *English as a Global Language* (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press. <http://dx.doi.org/10.1017/CBO9780511486999>
6. Zharkynbekova, S., Ayupova, G., Galiyeva, B., Shakhputova, Z., & Zabrodskaia, A. (2025). *Ethno-Linguistic Identity of Kazakhstani Student Youth in Modern Multinational Context of Kazakhstan (Sociolinguistic Analysis of Empirical Research)*. *Languages*, 10(2), 33. <https://doi.org/10.3390/languages10020033>
7. Khamit et al. *Language attitudes of Kazakh youth*. *European Journal of Language Policy* 17, 307-331(2025). DOI:10.3828/ejlp.2025.16
8. Yessenbekova Ұ. ., Syzdykova A. . and Sak K. . (2025) “Forecasting the prospects for the use of the Kazakh language by young people in the new media environment”, *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series*, 152(3), pp. 34–65. Available at: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/786> (дата обращения: 10 June 2026).
9. UNESCO. *Multilingualism and Linguistic Diversity in the Digital Environment*. – Paris: UNESCO Publishing, 2023. <https://www.unesco.org/en/multilingualism-linguistic-diversity> (дата обращения: 10.06.2026).
10. UNESCO. *Global Roadmap for Multilingualism in the Digital Era*. – Paris: UNESCO Publishing, 2025. <https://www.unesco.org/en/global-roadmap-multilingualism> (дата обращения: 10.06.2026).

МЕХАНИЗМЫ СОЗДАНИЯ МЕДИЙНОГО ОБРАЗА СПОРТСМЕНОВ В КАЗАХСТАНСКИХ СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА

РЫЖКОВ А. В.

Торайгыров университет, г. Павлодар

КИЛЬДИБЕКОВА А. С.

Торайгыров университет, г. Павлодар

КИЛЬДИБЕКОВА Б. Е.

к.ф.н., Торайгыров университет, г. Павлодар

Современное информационное общество характеризуется высокой степенью влияния средств массовой информации на формирование общественного мнения. В условиях стремительного развития цифровых технологий медиа становятся не только источником информации, но и инструментом конструирования социальных образов. Одним из наиболее заметных объектов медиапредставления являются спортсмены, деятельность которых постоянно находится в центре общественного внимания.

Спорт занимает особое место в социальной и культурной жизни современного общества. Достижения спортсменов рассматриваются не только как результат индивидуального труда, но и как показатель престижа государства на международной арене. Именно поэтому образ спортсмена, формируемый средствами массовой информации, оказывает значительное влияние на общественное восприятие спорта, молодежные ценностные ориентации и национальную идентичность.

Особую актуальность данная проблема приобретает в условиях цифровизации медиaprостранства. Наряду с традиционными СМИ важную роль в формировании общественного мнения начинают играть социальные сети, видеохостинги и интернет-платформы. В результате спортсмен получает возможность самостоятельно участвовать в создании собственного медийного образа.

В современной медиалингвистике и теории массовых коммуникаций медийный образ рассматривается как совокупность представлений о личности, формируемых посредством средств массовой информации и воспринимаемых аудиторией [1, с. 56]. Медийный образ является результатом отбора фактов, интерпретации событий и использования различных коммуникативных технологий.

Исследователи отмечают, что образ личности в медиапространстве не является простым отражением реальности [2, с. 103]. Он создаётся посредством определённых журналистских практик, редакционной политики и особенностей медиасреды. Существенное влияние оказывают способы подачи информации, визуальное сопровождение материалов, эмоциональная окраска публикаций и характер комментариев.

Медийный образ спортсмена отличается особой спецификой. В общественном сознании спортсмен традиционно ассоциируется с такими качествами, как сила воли, дисциплина, трудолюбие и стремление к достижению поставленных целей. Поэтому медиа зачастую выступают инструментом трансляции позитивных социальных ценностей через спортивную тематику.

Развитие цифровых технологий стало одним из важнейших факторов трансформации современного медиапространства. Интернет и социальные сети существенно изменили механизмы производства и распространения информации.

Если ранее формирование образа спортсмена осуществлялось преимущественно через телевидение, радио и печатную прессу, то сегодня ведущую роль играют цифровые платформы. Информация распространяется мгновенно, а аудитория получает возможность оперативно реагировать на происходящие события.

Особое значение приобретают социальные сети Instagram, TikTok, YouTube и Facebook. Они позволяют спортсменам напрямую взаимодействовать с аудиторией без посредничества журналистов. Благодаря этому создаётся более персонализированный и эмоционально насыщенный образ.

Современные пользователи проявляют интерес не только к спортивным достижениям, но и к повседневной жизни спортсменов, их взглядам, ценностям и личным качествам. В результате спортивная журналистика всё чаще обращается к персональным историям, эмоциональному контенту и визуальным формам коммуникации [3, с. 23].

Вместе с тем цифровая среда создаёт дополнительные риски. Любая ошибка или конфликтная ситуация может стать предметом широкого общественного обсуждения и негативно сказаться на репутации спортсмена. Поэтому медийный образ становится более динамичным и зависимым от информационных процессов.

Для выявления особенностей формирования медийного образа спортсменов был проведён контент-анализ публикаций казахстанских и зарубежных СМИ.

Результаты исследования показали, что казахстанские средства массовой информации преимущественно формируют позитивный образ спортсмена. Основное внимание уделяется спортивным достижениям, международным победам и вкладу спортсменов в укрепление имиджа государства.

Большинство публикаций характеризуется положительной тональностью. Спортсмены представлены как носители национальных ценностей, образцы патриотизма и примеры для подражания молодому поколению. Значительное место занимает освещение международных соревнований, олимпийских игр и чемпионатов мира.

Вместе с тем анализ выявил ограниченность аналитических материалов. Значительная часть публикаций носит информационный характер и ориентирована на оперативное освещение спортивных событий. Глубокий анализ причин успехов и неудач спортсменов встречается сравнительно редко.

В зарубежных СМИ наблюдается иной подход. Образ спортсмена формируется более многогранно и включает не только профессиональные достижения, но и личностные характеристики, общественную деятельность, жизненные трудности и спорные ситуации. Это способствует созданию более реалистичного и комплексного образа.

Проведённое исследование позволило выделить несколько основных типов медийных образов спортсменов.

Наиболее распространённым является образ героя-победителя. В рамках данного типа спортсмен рассматривается как символ национального успеха и гордости государства. Подобный подход характерен прежде всего для казахстанских СМИ.

Второй тип – образ профессионала. В центре внимания находятся дисциплина, систематические тренировки, высокий уровень мастерства и профессиональные достижения спортсмена.

Третий тип представляет собой персонализированный образ. В данном случае аудитории демонстрируются личностные качества спортсмена, его повседневная жизнь, семейные ценности и интересы.

Четвёртый тип – образ медийной личности. Спортсмен становится популярным не только благодаря спортивным

результатам, но и благодаря активному присутствию в информационном пространстве, участию в рекламных кампаниях и общественных проектах.

Наконец, проблемный образ формируется в результате освещения конфликтов, скандалов или спортивных неудач. В казахстанских СМИ данный тип встречается значительно реже, чем в зарубежных медиа.

Исследование показало наличие ряда проблем в процессе формирования медийного образа спортсменов в Казахстане.

Одной из основных проблем является преобладание идеализированного подхода к освещению спортивной деятельности. Стремление представить спортсменов исключительно в положительном свете нередко снижает уровень объективности журналистских материалов.

Другой проблемой выступает недостаточное развитие аналитической спортивной журналистики. Многие публикации ограничиваются констатацией фактов и не содержат глубокого анализа происходящих процессов.

Серьёзное влияние оказывает также конкуренция традиционных СМИ с цифровыми платформами. Социальные сети становятся самостоятельным источником формирования общественного мнения, что требует от журналистов новых подходов к работе с аудиторией.

Кроме того, высокая скорость распространения информации увеличивает риски возникновения репутационных кризисов. Любое негативное событие способно за короткое время существенно изменить отношение аудитории к спортсмену.

Таким образом, что медийный образ спортсмена является сложным социально-коммуникативным явлением, формирующимся под воздействием традиционных и цифровых средств массовой информации.

Установлено, что казахстанские СМИ преимущественно создают позитивный и патриотически ориентированный образ спортсмена, акцентируя внимание на его достижениях и общественной значимости. В зарубежных медиа наблюдается более комплексный подход к освещению спортивной тематики.

Особое влияние на процесс формирования медийного образа оказывают социальные сети, которые позволяют спортсменам самостоятельно участвовать в создании собственного

информационного пространства и поддерживать прямую коммуникацию с аудиторией.

Перспективы дальнейших исследований связаны с изучением влияния искусственного интеллекта, цифровых платформ и новых форм медиакommunikation на развитие спортивной журналистики и формирование общественного мнения.

ЛИТЕРАТУРА

1 Оралова С.Ш. Основные тенденции формирования интернет-пространства и информационного общества в Казахстане. *Economy: strategy and practice*. 2022;17(1):50-61. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-50-61>

2 Мухамеджанова, Г. Т. Информационные пузыри и алгоритмы рекомендаций в медиапотреблении / Г. Т. Мухамеджанова // *Вестник КазУМОиМЯ*. Серия: Филологические науки. – 2023. – № 2 (69). – С. 104-112

3 Вартанова Е.Л. Теория медиа. Отечественный дискурс / Е.Л. Вартанова. – М.: Факультет журналистики МГУ, 2019. – 265 с.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ДЕМОНОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛЕР

САҚЫМЗАДА А. М.
докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
MENMET SURUR ÇELEPI
Prof. Dr. Pamukkale университеті, Денизли қ.

Қазақ және түрік фольклорындағы демонологиялық бейнелер түркі халықтарының ортақ мифологиялық тамырын көрсетеді. Осындай бейнелердің бірі – қазақ фольклорындағы жезтырнақ (jalnaviz, jeztırnak) және түрік фольклорындағы албасты (Albastı), мыстан (Cadı), жалғыз көзді дәу (Teregöz). Бұл мақалада екі халықтың фольклорындағы көрсетілген демонологиялық бейнелер салыстырмалы түрде талданады [1, 221-б.]. Сонымен қатар, бұл бейнелердің ежелгі түркілік мифологиялық жүйедегі орны, олардың тарихи эволюциясы және ислам дәуіріндегі трансформациясы қарастырылады.

Қазақ фольклорында жезтырнақ – имек жез мұрынды, үлкен жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпіндегі жын-пері тектес кейіпкер. Ол ғаламат зор қара күш иесі. Оның ащы даусы жер жаңғырықтырады, айқайымен құстар мен ұсақ хайуанаттарды өлтіре береді. Жезтырнақтар

адам тәрізді жұптасып өмір сүреді, олардың балалары болады. Олар тау мен тасты, орманды мекендейді. «Мамай батыр» аңызында жезтырнақ былай суреттеледі: «Қарасам, ұзын бойлы, қара сұр әйел. Екі қолы қусырулы, екі көзімен ішіп-жеп бара жатыр. Келіп, асулы тұрған еттің қасына отырды. ... Екі қолын кесіп алдым. Қолы пістедей темір, жезтырнақ екен» [2, 94-б.]. Бұл сипаттама жезтырнақтың тек қана зұлым ғана емес, сонымен қатар өте күшті және қауіпті екенін көрсетеді. «Құламерген» ертегісінде: «Мерген: «Бұл немененің дыбысы, бұл жерде адам жоқ еді?», – деп, қайран болып тұрса, бір көк көйлекті қатын кіріп келіпті, ешбір жауап қылмай, бір тізелеп отырыпты. Қараса, түсі сары, көзі ала және екі көзін мергеннен айырмайды. Адамнан ешбір бөтен жері көрінбейді. «Бұл қалай? Қолын көрейінші!» деп қараса, екі қолының алақаны пышақтың жүзіндей көк темір екен, саусақтарының ұшы найзадай өткір, тасқа кіріп кетеді» [3, 87-б.]. Ал түрік фольклорындағы албасты (Albastı) – көбінесе су айдындарының, өзендердің жағасында мекендейтін, ұзын шашты, жыртық киімді әйел кейпіндегі демонологиялық бейне. Ол әсіресе босанушы әйелдерге зиян келтіреді, олардың азайтып, жаңа туған нәрестені ауыстырып тастайды деген сенім бар. Түрік фольклорында албастыдан қорғану үшін темір ұстараны қабырғаға қадап қою керек деген түсінік кең таралған [4, 116-б.].

1-кесте – Қазақ және түрік демонологиялық бейнелерінің салыстырмалы сипаттамасы

№	С и п а т т а м а категориясы	Қазақ (Жезтырнақ)	Түрік (Albastı / Cadı)
1	Сыртқы бейнесі	Ұзын бойлы, жез тырнақты, сұлу әйел	Ұзын шашты, жыртық киімді, кейде жалғыз көзді
2	Мекені	Тау, тас, орман, үңгір, тікенді жерлер	Су айдындары, өзен жағасы, бұлақтар, құдықтар
3	Негізгі қызметі	Аңшыны сынау, тыйым бұзса жазалау, кейде қорғау	Босанушы әйелдерге зиян келтіру, нәрестені ауыстыру
4	Көмекшілері	Кейбір дастандарда қырық қыз («Алпамыс»)	Жалғыз әрекет етеді, кейде жын-шайтандармен бірге
5	Өлтіру жолы	Жалғыз көзіне оқ ату («Дотан Батыр»), айламен жеңу	Темір ұстарамен соғу, сиқырлы сөздер, дұғалар
6	Пішін өзгерту қабілеті	Адам, жануар, құс бейнесіне ене алады	Негізінен адам бейнесінде, пішінін сирек өзгертеді
7	Мифологиялық шығу тегі	Аңшылық культінің құдай әйелі	Су культінің рухы, ежелгі ана құдайдың трансформациясы

«Дотан Батыр» қазақ дастанында жалмауыз бір көзді болып суреттеледі. Батырдың серігі Акку Атқан оның көзіне дәл тигізіп, жалмауыз «шошқаша шыңғырып» өледі. Бұл жердегі жалғыз көз мотиві түрік фольклорындағы Терезгөз (жалғыз көзді дәу) бейнесімен толық үндеседі. Айырмашылығы – Терезгөз көбінесе еркек кейіпкер болса, қазақ жалмауызы – ұрғашы [3, 308-б.]. «Ер Төстік» дастанында жезтырнақ батырды жер астына түсіріп, оқиға ағымын түбегейлі өзгертеді. Бұл жер асты әлеміне саяхат мотиві түрік мифологиясында да кездеседі. «Алпамыс» қазақ дастанында мыстан (cadı) келесідей суреттеледі: «маңдайы түйіскен, көргенімен ұрысқан, басы мүйізді, бойы бір шырықтай, ойына адамның ақылы жетпейтін» кемпір. Оған қырық қыз қызмет етеді. Түрік фольклорындағы Cadı да осындай сиқыршылық қасиетке ие, бірақ оның жанында қырық қыз сияқты көмекшілері бола бермейді [5, 84-б.]. «Мұңлық-Зарлық» дастанындағы мыстан «үш жүз елу жастағы», көпті алдап-соққан кемпір ретінде сипатталады. Бұл суреттеме «Алпамыс» дастанындағы мыстан бейнесіне өте жақын екенін байқаймыз. Мұндай сәйкестік қазақ фольклорында бұл мифологиялық бейненің тұрақты үлгісі қалыптасқанын көрсетеді [6, 169-б.]. Түрік фольклорындағы Cadı бейнесі де осыған ұқсас сиқыршылық қасиеттерге ие, алайда түрік нұсқаларында мұндай егжей-тегжейлі жастық (үш жүз елу жас) сипаттамасы кездеспейді.

Жезтырнақ туралы аңыздарда оның адамдармен табақтас болуы, отбасылық өмір сүруі, балалы болуы сияқты детальдар оның бейнесін адамзат қауымына жақындата түссе, түрік нұсқаларында мұндай отбасылық сипаттар кездеспейді. Дегенмен, екі дәстүрде де бұл демонологиялық бейнелер адамға қас, жасырын әрекет ететін, түнде келетін, сиқырлы күшке ие болып келеді. Келесі кестеде екі халықтағы жезтырнақ/албасты бейнелерінің кездесетін негізгі дастандары мен аңыздары салыстырылады.

Ғалым С.Қасқабасов: «Жезтырнақтың әу бастағы түпкі мифологиялық қызметі қамысты даланың, ну орманның қожайыны (рух-иесі) болуы ықтимал. Кейіннен әлемдік дін ығыстырғанда оның бейнесі хикая жанрына ауысып, өзгеріске ұшырап, енді зияндас кейіпкерге айналып кеткен» – деп қорытады [7, 79-б.]. Бұл эволюция түрік албастысына да тән. Ежелгі түрік мифологиясында албасты су иесі – қамқоршы рух болса, кейінгі ислам дәуірінде ол зиянды демонға айналған. Ғалым С.Қондыбай: «Жезтырнақ – тұрақты сюжеті бар келіншек сипатындағы мифтік бейне. Үңгірлерінде мол қазынасы бар жезтырнақ – ежелгі аңшылардың пірі, аңдардың

камқоршысы болған «Арғы - Әженің» эволюцияға ұшыраған параллелі» деп түсіндіреді [8, 210 б.]. Түрік албастысында аңшылық культімен байланыс әлсіз, ол көбінесе су культімен байланысты. Бұл – екі дәстүрдің басты айырмашылықтарының бірі.

Қазақ жезтырнағы=Аңшылық культі+Тау/орман мекені+Отбасылық өмір+Көмекшілер (қырық қыз)

Түрік Albasti=Су культі+Өзен/бұлақ мекені+Жалғыздық+Босану рәсіміне байланыс

Жоғарыдағы формулалардан көріп отырғанымыздай, екі халықтың демонологиялық бейнелері бір мифологиялық тамырдан бастау алғанымен, әр халықтың шаруашылық-мәдени ерекшеліктеріне қарай (қазақтарда көшпелі мал шаруашылығы мен аңшылық, түріктерде жартылай отырықшы өмір мен суармалы егіншілік) бұл бейнелер әр түрлі трансформацияға ұшыраған. Қазақ жезтырнағы аңшылық сипатын сақтап қалса, түрік албастысы су культімен көбірек байланысты. Сондай-ақ, жезтырнақтың отбасылық өмірі (жұптасып, балалы болуы) қазақ фольклорына тән ерекшелік болса, түрік албастысы әрқашан жалғыз әрекет етеді. Тағы бір айырмашылық – қазақ жезтырнағының жанында кейде көмекшілері (мысалы, «Алпамыс» дастанындағы қырық қыз) болатыны, ал түрік албастысының көмекшілері сирек кездеседі.

Ортақ белгілері: екеуі де әйел кейпіндегі демондар, екеуі де адамға зиян келтіреді, екеуі де ежелгі түрік құдайәйелдерінің трансформацияланған нұсқасы, екеуі де ислам дәуірінде теріс сипатқа ие болған. Сонымен қатар, екеуі де түнде белсенділік танытады, адамдарды алдауға, азғыруға бейім, ерекше дауыс немесе ысқырық арқылы қорқытады. Түрік фольклорындағы Сади (мысқыл) жезтырнақпен функционалдық жағынан өте жақын: екеуі де сиқыршылық қасиетке ие, адамдарды алдайды, зиян келтіреді. Алайда, қазақ жезтырнағының басты ерекшелігі – оның физикалық күші мен тырнақтары, ал түрік Сади көбінесе сиқырлы сөздер мен у-дәрілер арқылы әрекет етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ жезтырнағы мен түрік албастысы бір түркі мифологиялық тамырдан тараған, бірақ әр халықтың шаруашылық-мәдени ортасы мен тарихи дамуына байланысты әр түрлі эволюцияны басынан өткерген екі демонологиялық бейне. Жезтырнақ аңшылық культінің, албасты су культінің ықпалында қалыптасқан. Екеуі де – түркі халықтарының ортақ мифологиялық мұрасының айқын көрінісі. Бұл салыстырмалы талдау түркі халықтарының мифологиялық жүйесіндегі ортақ архетиптерді

анықтауға және әр халықтың мәдени ерекшеліктеріне қарай бұл архетиптердің қалай трансформацияланатынын көрсетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Özlem. Kazak Türklerinin destanlarında mitolojik unsurlar : докторлық диссертация / Özlem. – Erciyes Üniversitesi, 2020. – 646 б.
- 2 Ayan İ. Kazak Türklerinin destanları / İ. Ayan. – Ankara : Akçağ Yayınları, 2015. – 350 б.
- 3 Arıkan M. Kazak destanları / M. Arıkan. – Ankara : Akçağ Yayınları, 2007. – 400 б.
- 4 Ögel B. Türk Mitolojisi / B. Ögel. – Ankara : Türk Tarih Kurumu Yayınları, 2014. – 2 том. – 500 б. [түрік тілінде].
- 5 Üçüncü K. Alpamış destanı / K. Üçüncü. – Ankara : TDK Yayınları, 2006. – 150 б.
- 6 Özcan D. Munlık-Zarlık destanı / D. Özcan. – İzmir : Ege Üniversitesi Yayınları, 2011. – 200 б.
- 7 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы/ С. Қасқабасов. – Алматы, 2010. – 320 б.
- 8 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы / С. Қондыбай. – Алматы, 2004. – 4-том. – 250 б.

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

СУЛТАНАЕВА А. Т., НУРАХМЕТОВА Д. Ж.

мұғалімдер, Ш. Шөкин атындағы ЖОББГМ, Павлодар қ.

СЛЯМОВА Қ. Т.

мұғалім, Н. Островский атындағы №4 КММ, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы

Тіл-қлттың рухани қазынасы,мәдениеті мен тарихының көрініс.Әр халықтың болмысы мен ерекшелігі оның тілінен байқалады. Қазақ тілі-қазақстан Республикасының мемлкеттік тілі және халқымыздың баға жетпес асыл мұрасы. Сондықтан біздің болашағымыз,яғни өскелең ұрпақ қазақ тілінде сауатты сөйлеп,ойын анық жеткізе білуі қоғам үшін баға жетпес құндылықтардың бірі болып саналады.

Қазіргі жаһандану ғасырында жастардың өміріне әлеуметтік желілер мен шетелдік мәдениеттердің ықпалы күшейіп келеді. Бұл жағдай олардың сөйлеу мәдениетіне де өзіндік теріс әсерін тигізуде.

Осыған байланысты жастардың қазақша сөйлеу мәдениетін зерттеу бүгінгі күнде өзекті мәселе болып табылады. Тіл-халық тарихының, әдет-ғұрыптың, салт-сананың, мәдениетінің, таным-түсінігінің көрсеткіші десек, ұлттық сипатты анықтар салт пен әдетті, халықтық тағылым, танымды рухани қазынасын сақтаушы да-ана тілі ретінде қарастырған дұрыс.

Қазақ тілінің бай ауызекі сөйлеу үлгілері көркем де бай болса, жазба нұсқалары әр кезеңдегі ұлттық тәлдәі әдебиет негізін танытар белгілері. Біздің мақсатымыз-ата-бабамыз аманат еткен тілді қадірлей білу, көркемдігі мен байлығын сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу ғана болып қоймай, оның қоғам қажетіне қызмет етуін дағдыға айналдыру.

Осы тұста қазақ тілінің қоғамдық қызметі дегенде оның нарық тіліне айналуын, ғылым мен өркениет тілі болуын қамтамасыз ету. Бұның басты шарты-тілдің сөздік қорын барынша пайдаланып, сөйлеу мен жазу тілінде ұлттық қалыпты сақтау мен дамыту.

Сөз мәдениетінің негізін тағы да ұлттық әдеп пен тәрбиеден табамыз. Әдептіліктің өзін әдемілікке балаған ел дәстүрі өз тілінде таза да көркем сөйлеуді қажет етеді. Тілді үйрену-өз ұлтынды тану. Ұлттық тілді білу-ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан-дүниесін, сырын білу, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: қазіргі жастардың қазақша сөйлеу мәдениетінің жағдайын анықтау және оны дамыту жолдарын ұсыну;

Міндеттері:

Сөйлеу мәдениеті ұғымын анықтау;

Жастардың тілдік ортасын талдау;

Қазақша сөйлеу мәдениетіне әсер ететін факторларды қарастыру;

Сөйлеу мәдениетін жетілдіру жолдарын ұсыну;

Негізгі бөлім.

Сөйлеу мәдениеті-адамның ойын дұрыс, түсінікті, сауатты және әдепті түрде жеткізу білу. Сөйлеу мәдениеті тілдік нормаларды сақтаумен қатар сөзді орынды қолануды, тіл тазалығын және қарым-қатынас әдебін қамтиды. Қазақ халқы сөз өнерін жоғары бағалаған. Би-шешендеріміздің даналығы, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер халқымыздың тіл мәдениетінің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері:

Бүгінгі таңда жастардың басым бөлігі қазақ тілінде білім алады және мемлекеттік тілді еркін меңгеруге ұмтылуда. Әлеуметтік

желілерде қазақ тіліндегі контенттердің көбеюі де тілдің дамуына оң ықпал етуде.

Практикалық зерттеулер:

Зерттеу барысында мектептің 10-сыныбында оқитын 25 оқушының қазақша сөйлеу мәдениетіне бақылау жүргізілді. Оқушылардың күнделікті қарым-қатынаста қолданатын сөздері мен сөйлеу ерекшеліктері талданды.

Зерттеу нәтижесі бойынша:

45 % оқушы сөйлеу барысында калька сөздерді қолданатыны анықталды;

30 % оқушы жаргон сөздерді жиі қолданатыны анықталды;

25 % оқушы өзге тілден енген сөздерді көбірек қолданатыны байқалды;

Алынған нәтижелер қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетіне сыртқы тілдік ортаның елеулі әсер ететінін көрсетті. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен ғаламтор кеңістігінде кең тараған сөздер жастардың сөздік қорына тез еніп жатыр. Мысалы, кейбір оқушылар қазақша баламасы бола тұра «окей», «круто», «лайк басу», «контент», «сторис түсіру» «пот жазу» сияқты сөздерді жиі қолданады. Сонымен қатар жастардың сөз саптауларында «косяк», «ништяк», «терпила», «блатной» сияқты жаргон сөздер де жиі кездеседі.

Зерттеу нәтижесі бойынша: Мұндай оралымдар мен қолданыстар әдеби тіл нормалаарының сақталуына кері әсер етуі мүмкін.

Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың көпшілігі қазақ тілінде еркін сөйлегенімен, сөйлеу мәдениетін жетілдіру қажеттілігі байқалады. Сондықтан әдебиет шығармаларады оқу, шешендік өнер сабақтарын өткізу және қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту маңызды деп есептейміз. Бұл біріншіден, мектептің аралас мектеп болуынан, екіншіден, жастардың тым еліктегіштік қасиеттерінің басым болуынан деп ойлаймыз.

Жастардың сөздік қорының бай болуы олардың кітап оқу деңгейіне қоршаған ортасына және білім сапасына да байланысты. Сондықтан әдебиет шығармаларды көбірек оқу мен көркем тіл үлгілерін меңгерудің маңызы зор.

Жастардың қазақша сөйлеу мәдениетіне бірнеше фактор әсер етеді. Баланың алғашқы тілдік ортасы-отбасы. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Ұлт болам десен, бесігінді түзе» деп бекер айтпаса керек. Осы жерде ұлт жанашыры А.Байтұрсынұлының «Тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» деген сөзі ойға келеді. Ал

балаға ана тілінің құдіретін ана сүтімен беретін отбасының балаға тигізер әсері басқа ықпалдардан басымырақ тұрады белгілі. Үйде қазақ тілінде сөйлеу баланың тіл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оның тілге құрметін, өз ана тіліне мақтаныш сезімдерін дамытады.

Мектеп пен білім беру ұйымдарында мұғалімдердің сауатты сөйлеуі мен тілге деген құрметі оқушыларға үлгі болады. Тілді насихаттау мен оған деген қызығушылықтарын ояту, тілді шұбарламай өз қалпында, биігінде қолдану тіл мәртебесін асқақтатып, патриоттық сезімдерін қалыптастырады.

Бұқаралық ақпарат құралдары соның ішінде теледидар, радио, ғаламтордағы қазақ тіліндегі сапалы бағдарламалар жастардың тілдік қорын байытады. Әлеуметтік желілерде қызықты контенттер мен ашық алаңдар, дебаттар жастардың сөйлеу дағдыларына тікелей әсер етеді.

Осы тілді шұбарламай таза сөйлеп, тіл мәдениетін көтеру үшін, ең алдымен

жастардың қазақша сөйлеу мәдениетін арттыру керек, қазақ әдебиетін оқуды насихаттау, шешендік өнер үйірмелерін ұйымдастыру, қазақ тіліндегі сапалы медиа өнімдерді көбейту; мектептерде тіл мәдениетіне арналған іс-шараларды жиі өткізу, «Тіл мәдениеті» арнайы курсы қосымша сабақ ретінде сабақ кестесіне енгізу, әлеуметтік желілерде қазақ тілін сауатты қолдануды дәріптеу қажет.

Бұл шаралар жастардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттырып, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау жастар арасында қазақ тіліне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен сөйлеу барысында шет тілдерінің әсері мен тілдік нормалардың сақталмауы сияқты мәселелер де кездеседі. Сондықтан қазақша сөйлеу мәдениетін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажет.

Қорыта келгенде, қазіргі жастардың қазақша сөйлеу мәдениеті – қоғам дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Тілдік мәдениеті, білігі бар адам қай ортада да өзіне сенімді бола алады және айналасындағылармен өзара тіл табыса білуге қабілетті болады. Ал тіл табыса білу – еңбек нәтижелілігінің ең қажетті шарты. Ана тілін құрметтеу, әдеби тіл нормаларын сақтау және қазақ тілін күнделікті өмірде кеңінен қолдану жастардың мәдени деңгейін арттырады. Тіл мәдениетін дамыту арқылы ұлттық құндылықтарды

сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге болады. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін көтеру әрбір азаматтың ортақ міндеті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997.
- 3 Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы.
- 4 Қазақ әдеби тілі тарихы. – Алматы: Ғылым, 2011.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

ҰЛЫЛАР ПАЙЫМЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» ТАБИҒАТЫ

ТАШЕКОВА А. Т.

PhD, қауымда. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек. Кемел адам (араб. «инсан-и камил» – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.

Біріншісі – адам өзінің ой-өрісін пайдаланып әлемде болып жатқан хикметтер туралы, болмысты құрайтын элементтер туралы пікір (фікір) жасау. Сөйтіп, ол әлем заңдылықтарын ой-өріс, ақыл-есі арқылы түсініп, Абсолютті таниды. Ол үшін жоғары дамыған ой-өріс, мықты интеллект керек. Жан білімге толы болғандықтан, Абай ілімі бойынша білімге құштарлық – жан құмары. Білімге ұмтылу жаннан шығады. Жан әлемнің барлық элементтерін, олардың байланыстарын білуге ұмтылады. Адам тіршілігі жанның өзінен шығатындықтан, ол тіршіліктің көзін іздеу – жанның өзін-өзі тануға ұмтылуы деген сөз. Жан сезімдер арқылы түскен барлық хабарды (сигналды) миға ақылмен саралатын, сонан соң еске беріп, оған қорытынды жасатады. Жан осылай біртіндеп өзін-өзі, сонымен бірге негізгі қайнар көз – Абсолютті таниды. Жан өзін тануға ұмтылғанда, нәзік болмыс рухтың қасиетін алып, рухтанады. Шәкәрімнің «таза ақыл» дейтіні осындай тазарған рухани ақыл. Осылай адамның

бүкіл болмысы жаңғырады. Шәкәрім мен Абайдың да өздері рухани жетілулері осы пікір арқылы болған. Олардың шығармалары болмыстың терең сырына үңілудің үлгісі болып табылады.

Екіншісі – барлық ой-өрісті ішкі дүниеге, жанға, Құдайдың нұрына, не болмаса зікір арқылы Жоғары Жанға шоғырландыру (медитация). Пікір әдісінде көңіл Жаратушының жаратқандарына ауса, ал зікірде көңіл Жаратушының Өзіне ауады. Бірінші әдісте адам өзінің бес сезімін толық пайдаланады, ал шоғырландыру әдісінде, керісінше, сезімдерді олардың объектілерінен бөліп, барлық сезімдерден бас тартады. Сонда психикалық қуат нәзік рухани сезімдерге беріліп, рухани болмысты сезінуге мүмкіндік береді. Бұл жолға түскендер сирек кездеседі. Олар сезімдерін тоқтатумен көптеген жылдар шұғылданады. Шығыс елдерінде жердің астына түсіп, су қараңғы, жым-жырт жерде оқшаулану әдегі бар. Сезімдер тоқталып, ой ғана жұмыс істейді. Біраздан кейін ой да тоқталады, осылай Түп Иемен бірігу мүмкіндігі туады. Бұл әдіс өмірден толық қол үзіп, сезімдерді жүректегі Ғазиз Жанға толық шоғырландыруды керек ететіндіктен, қатаң аскетизммен (тақуалықпен) орындалады. Оқшау өмір сүру әркімнің қолынан келе бермейтін өте қиын, бірақ жеткізетін жетістігі өте биік және өте нәтижелі жол. Мысалы, Ахмет Яссауи өзінің рухани жолында осы әдісті пайдаланған. Ол алпыс үш жастан кейін жерден шұңқыр қазып, қалған өмірін сол «Қилуетте» өткізген. Бұл деңгейге жеткен адамдарда қарапайым пенделерде жоқ қасиеттер қалыптасады. Олардың ақыл-есі, сана-сезімі, яғни нәзік денесі ғарыштық нәзік әлеммен байланыса алатындықтан, материалдық әлемнің көптеген эзотерикалық құпиялары ашылады. Олар өткенді және алдағы өмірді көріп болжау, материалдық нәзік әлемдердегі жан иелерімен байланысу, тәннен бөлініп нәзік денелерімен басқа планеталарға ұшып бару тәрізді тыслым қасиеттерге ие болады. Мұндай «жоғары адамдарда» басқа да көптеген құпия қасиеттер болуы мүмкін. Мысалы, ел аузында Ахмет Яссауи таң намазын Меккеге барып оқып келеді-мыс деген сөз тараған. Абайдың да ерекше қасиеттерден құралақан болмағанын білеміз.

Толық адамның негізгі қасиеті – бұл фәни өмірге байланбай, оның аяқ тұсайтын ықпалынан шығуында. Ондай адамдар рух пен материяны айыра біледі, жан тәннен бөлек екенін сезініп, жанның ықпалымен өмір сүреді. Жан ләззатқа, білімге толы және мәңгілікті болғандықтан, олардың өмірі толық ләззатты. Мұндай өмірді қарапайым адамдар түсіне де бермейді. Бұл деңгейге көтерілгендер

жұрттың құрметіне бөленген, бұрынғы заманда хандар сарайында емші, ұстаз, немесе олардың ақылшы-көмекшілері болып, елдің денсаулығын сақтау, білім алуды басқарып салауатты өмір кепілі болған. Бұл деңгейдегілер барлық жан иелеріне бірдей қарайды. Олардың білімі толық болғандықтан, ешкімді жынысқа, ұлтқа, дінге бөлмейді, барлық адами қасиеттерге ие. Өмірдің түрлі зардап-қиыншылық, қайғы-қасіреттеріне төзімді.

Адам өмірінің екі мақсаты бар. Біріншісі, өзінің материалдық құмарлықтарын қанағаттандыру. Екіншісі, рухани құмарлықтарын қанағаттандыру. Абай біріншісін – «тән құмары» десе, екіншісін – «жан құмары» дегені айтылды. Жан құмары мақсаты – Алла тағаланың разылығы үшін әрекет жасау. Іс-әрекет Абсолюттың бір көрінісі. Сондықтан, жаман, не жақсы болмайды. Іс-әрекет қозғалыс түрі ғана. Мақсатқа байланысты ол жақсы, не болмаса жаман іс-әрекет болып бөлінеді. Мысалы, хирург пышақпен операция жасайтын болса – бұл жақсы іс-әрекет. Себебі, ол адамға өмір беру үшін жасалды. Ал егер пышақты қылмыскер пайдаланса – жаман әрекет. Себебі, адамның өмірін алу үшін жасалды. Осылай жасалу мақсатына байланысты іс-әрекет жаман-жақсы болып бөлінеді. Өмірдің мәнді не болмаса мәнсіз болуы адамның мақсатына, оның ниетіне байланысты.

Адам мен толық адамның арасындағы айырмашылық та олардың ойлау, сөйлеу, іс-әрекетінің мақсатына байланысты. Бірінші айырмашылық – ой жүйесі. Екеуі екі бөлек ойлайды. Материалдық әрекет жасайтын адамның санасы дене деңгейінде, сондықтан ол өзін «денемін» деп сезінеді. Соған байланысты «менікі» – оның тәнімен байланысты: отбасы, бала-шаға, мал-мүлік, халық, отан, тағы сол сияқты болып кеңейе береді. Толық адамның ойы рухани деңгейде. Ол үшін «Мен» – жан, ал «менікі» – Алла тағала, яғни менің Жаратқан Ием. Толық адам болудың жолын Абай былай деп береді:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласың елден бөлек.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» тек нәпсімен күресе білетін адамның ғана қолынан келеді. Осылай ол елден бөлек болып, толық адам деңгейіне көтеріледі.

Адам сатысындағыларда имандылық бар. Бірақ бұл толық иман емес. Олар Алла тағаланы мойындады. Бірақ Алла тағала үшін әрекет жасамай, тек қана Одан өзіне жақсылық тілейді. «О, Алла тағала! Маған тамақ бере гөр, денсаулық бере гөр, отаным

тыныштық бере гөр» және тағы-тағылар деп ол өзінің денесіне байланысты құндылықтарды сұрауы мүмкін. Сөйтіп, адам Құдайға құлшылық жасаудық орнына өзіне жақсылық тілеп, Оны өз қамы үшін пайдалануға тырысады. Рухани жаңғырудың материалдық деңгейі дегеніміз осы. Ол әлі Абай көрсеткен өмірдің негізгі мақсаты Түп Иеге қайтуды білмейді, не болмаса толық сезініп-түйсінбейді, бірақ материалдық қажетін Құдай тағаладан сұраған кезде Оны есіне түсіреді. Осылай жаны біртіндеп тазарып, түбінде өмірдің негізгі мақсатына ұмтылуға мүмкіндік алады. Ал толық адам мүлде басқа. Ол өмір мақсатын түсінген және соған өмірін толық арнаған. Ол өзі үшін ештеңені сұрмайды, іс-әрекетінің барлығын тек қана Түп Иенің разылығына арнайды.

Абай осылай адамды саты-сатылап негізгі мақсатқа әкеледі. Бұлардың ең жоғарғысы рухани жетілу, себебі махаббаттың ең жоғарғы нысанасына – Құдай тағалаға бағытталады, сонымен бірге «жаннан тәтті» деп ол сүюдің басқалардан артық екенін көрсетеді. Адамға ең қымбаты жаны болса, ал «жаннан тәтті» деген сөз бұл сүю одан да құнды, ең жоғары дәрежені көрсетеді. Сондықтан рухани жетілу – ең жоғарғы саты, одан жоғары сана жоқ. Толық адам сатысының екінші айырмашылығы – өмірдің мақсатында. Толық адамдарда бірақ мақсат бар. Ол – Түп Иеге қайту. Ол үшін толық адамдар Абайдың «Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» қағидасын берік ұстанып, Аллаға деген биік махаббатқа жетуге ұмтылады. Олар құлшылық жолындағылар. Себебі біреуді жақсы көру үшін оны сырттай біліп қою жеткіліксіз.

Бұл сатыға көтерілген толық адамдар түрлі атаулармен аталады. Мысалы, арабша «әл-инсан әл-камил», санскритте «Махатма» болса, батыс философиясында «Совершенный человек» деген ұғым бар.

Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абай адам баласына қажетті үш нәрсе ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дегенде [2], Абай толық адам хақында ұстанған көзқарасына сай

сипаттарды атайды. Осы үш ұғымнан туындайтын әділет, рахым, мейірім, ар-ұят, талап, еңбек, өнер сияқты қасиеттерге ерекше мән береді. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде үнемі атап көрсетіп отырады. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл – таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Бұл Абайдың 38 қарасөзінде қолданылатын «толық адам» деп аталатын сөздің тікелей баламасына келеді. Кемел адам мәселесі мұсылмандық әлемнің сопылық ағымында XI-XII ғасырда-ақ қалыптасып, шырқау биігіне жетіп, сол негізде 1069 жылы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» дастанында толық баяндалып суреттелген болатын. Сопылық «хал ілімі» саласында негізі қаланып, даму жолына түскен сопылық адамшылық ілімді Абай өз заманы талабына орай дәстүрлік жалғастықпен дамыту арқылы қазақ даласында – адамшылықтың толық адам ілімі деп аталатын жаңа түрі дүниеге келді.

Абайдың «толық адам» ілімі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Ондағы «бес асыл» мен «бес дұшпанның» негізі, профессор М.Мырзахметұлы айтпақшы, шығыс ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (XV ғ.) шәкірті Жүсіп Қарабағидың (XVIII ғ.) «Рисаласындағы» екіге бөлінетін жан азығынан (жанның пайдалы азығы, жанның зиянды азығы) негіз алады [1]. Онда шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік пен күншілдік, жалған сенім қарама-қарсы қойылады.

Абай сипаттаған толық адам кім? Абай «жүректі» жырлайды. Былайғы қазақтың жүрек туралы ұғымы «жүректі адам», «батыл адам», дегеннен аспайтынын айта келіп, оған тың мағына үстеп, рақым, шапағаттың қайнар көзі [5] деп философиялық тұрғыдан мән береді. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі бірінші орынға қояды. 17-қарасөзінде жүректі сөйлетіп: «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтуғын нәрселердің бәрі менен шығады» деп сөйлетеді.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, –
деп ғылымға ден қоя отырып:
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек, –деп ой қорытады [2].

Этикалық құндылықтарға қатысты аксиологизмдер: адамгершілік, адалдық, абырой, ақыл, еңбек, достық, махаббат, ақыл, ұят, ізгілік, имандылық, ынсап, ғылым, білім, әділет, халал кәсіп, ар-ұят, рақым, мейірбандық, өнерлі, өнерпаз тағы басқа. Құндылықтар аясындағы дүниетанымдық ұғым атауларының парқын, мазмұн-межесін айқындай түсуде Абайдың айтқанынан іздеп, айқындаймыз. Мысалы, рақым, мейірім, ізгілік, шындық тәрізді атаулар – санамыздың тіл кеңістігіндегі «тербелмелі, тыныш» күйдегі моральдық-этикалық ұғымдар. Мұндай ұғым атаулары сол күйінде, мысалы, «шындықты айтқан дұрыс» деп қолданылса, жай ғана уағыз айтқандық болар еді. Абай санадағы «бейтарап» күйдегі ұғымды «тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» деп ой-санамызды сәулелендіреді. Абайдың сөзсаптасы осылайша ұйқылы-ояу санаға жүректен сәуле түсіретін нұрлы сөзге айналады. Мұндағы нұр атауын «рух» деп түсіндік. Жай рух емес, Алладан болатын күдіретті рухты басқа рухтардан ажырату үшін нұр деп атаған болу керек.

Антиқұндылықтарға қатысты аксиологизмдер: арамдық, жалқаулық, зымияндық, арсыздық, қорқақтық, алдау, еріншектік, қастық, жағымпаздық, тіленшілік, бақастық... Абайдың «Үшінші сөзінде» бұл айтылған этикалық ұғымдармен байланысты антиқұндылықтардың мағыналарын қайталама байланыста өрбітіп отырады. Амбивалентті құндылықтар: бірлік, тірлік, күлкі, қайғы т.б. Абайдың «Алтыншы сөзінде» қасиетті бірлік ұғымының мал, дүниеге ортақтасатын арзан бірлікке айналып, құнсызданып, елді аздыратын теріс әрекетке түскені айтылған. Абай мал, дүниені тамақ, киім, баспана тағы басқа материалдық құндылық деп тани отырып, бірлікті малға, дүниеге ортақтасатын бірлік емес, сол мал мен дүниені табатын «ақылға бірлік, сөз ұғарлық ақылға бірлік» болуға тиіс деп, ағайын-туыс, жегжат-жұрағаттық, дос-тамырлықты бетке ұстап, мал-дүниеге ортақтаса кететін әдеттің санаға сіңіп бара жатқанын сынап, әрі одан арылудың тура жолын ақылдастыққа сілтеген. Абай қолданған этикалық ұғымдармен байланысты ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу, бала бағу тәрізді атаулар қоғамның әлеуметтік бейнесін танытатын материалдық және мәдени танымдық құндылықтар болып табылады. Алайда Абай ел ішіндегі айтыс-тартыс, алыс-жұлыс, қулық-сұмдық, ұрлық-қарлық, арызқойлық, партияшылдық, шенқұмарлық жайлап дағдарысқа түскен қоғамның әлеуметтік теріс сипатынан түңілгендей болады.

Ұлылардың «Толық адам» ілімін игерудегі басты – басты ұстанымдарынан бір тұтастықты байқауға болады. Мотивация, жетістік туралы жазылған ағылшын тілді кітаптарды оқи келе адам баласы өзін 4 бағытта дамытуы, яғни, 1) рухани; 2) интеллектуалды; 3) физикалық; 4) материалдық дамуды ұстануы тиіс екеніне көз жеткіздік. Осы 4 дамудың тұжырымын Мәшһүр Жүсіптен де табамыз. Ғалым, Мәшһүртанушы А. Қ. Тұрышев Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында «Бүтін адам» образын лингвистикалық, әдеби-семантикалық тұрғыда кешенді зерттеу жүргізіп, сомдап шығарған. Бүтін адам мен Түгел адам табиғатын таныта отырып, зерттеуші фольклоршы Мәшһүр Жүсіптің Аллаға деген сүйіспеншілік – бұл тек жақсылық пен әсемдік, адамшылық пен адалдық, діни жоралғыларды атқару ғана емес, жалпы оның жаратылысына деген махаббатын көрсетеді [4]. Яғни тек шынайы махаббат адам бойына адалдық пен әдептілік, қамқорлық пен мейірімділік қасиеттерін тудырады. Жалпы моральдық жауапкершілік, тәубешілік қасиеттердің адам бойынан, оның рухани әлемінен табылуы ар-ұяттан, иманнан екені анық танытады. Ойшыл өзінің шығармаларында адал ниетті адам бейнесіне, адамгершілік, ар-ождан мәселелеріне көбірек тоқталады.

.... Шықпаған, сарандықтан, бүтін -қолдан,
Қалмас ең болса бүтін, мұнша жолдан.
Дүниеде қылған қайыр, ықсаныңыз,
«Тар жер, тайғақ кешуде» пана болған.
Бүтін адам.
Жиылсаң бір араға тамам түтін,
Түтіннің не болатын көрдің бетін.
Қайыр, ықсан, сауапты - жарты қылмай,
Қылағөр күні бұрын соны бүтін...
Түгел адам.

Байғыздай өзінді-өзің жұрттан қашыр,
Ішінді аш қып, үнінді таудан асыр,
Түгел адам болуға талап қылсаң,
Шала-шарпы жандардан сырың жасыр!

«Шала-шарапы адам» да Мәшһүр Жүсіп шығармаларында орын алған Бүтін, түгел адам болу үшін: «Білімді, зерек адам» бол дейді [3].

Нәпсінің кім құтылар хайласынан?
Залалы асып кетер пайдасынан.
«Білімді, зерек адам болам!»-десе,

Қара өзінді басқаның айнасынан!
Жарты адам (Жарты кісі).
Айдаһар ақырумен жақын келді,
Өлерін сорлы даяу анық білді.
«Кеттім ғой су түбіне!»-деп тұрғанда,
Селтендеп бір жарты адам шыға келді.

Идеясы адамға жақсылық қылсаң жарты қылма «сый қылсаң, сыпыра қыл»- мен жарты аламмын, түбі жақсылықты жарты қылмай бүтін жасау керек екен дегенді мансұқ етеді. Жалпы, жарты адам да жақсылық жасағысы келеді. Өзінің жарты адам болғанына өкінетін сияқты. Жарты адам бір қарағанда – символ болып та көрінеді. Ауызындағы сөзді абайла сол сөз өзінді айдаһар болып қуады, – дейді.

Ағылшында «Successful man», орыста «Успешный человек» деген ұғым сөз бар. Оны қазақтар «табысты адам, жетістікке жететін немесе жетістікке жеткен адам» деп әртүрлі айтып жүр. Біздің пайымымызда, ағылшын мен орыстағы осы сөзді Ұлы Дала ойшылдары «Толық адам», «Түгел адам», «Бүтін адам», «Кемел адам» деп жеткізген. «Толық адам», тек қана, діни-рухани, пәлсапалық қана ұғым емес. Әрі «Толық адамдыққа» жету жүзеге аспайтын, біздің заманымызбен қабыспайтын, тек қана кітап, сөз жүзінде ғана болатын утопиялық ой да емес [5,12-6].

«Толық адам» болу идеясы қазіргі өмірмен біте қайнаскан үлкен үрдіс, ХХІ ғасырдың барлық талап-шарттарына жауап бере алатын өміршең, нағыз қазақы әрі жаһандық деңгейде жұмыс істейтін мықты жоба. Тек, оны дұрыс түсініп, қарапайым түсіндіріп, жеке өмірімізге тиімді енгізе білуіміз қажет. Ал Қазақ ұғымында «Обал болады!», «Ұят болады!», «Сауап болады!» деген ұстаным да толық адам концепциясын құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзахметұлы М. Абайдың «толық адам» ілімі. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 240 б.
- 2 Абай. Қара сөздер. – Алматы: Арда, 2007. – 168 б.
- 3 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
- 4 Тұрышев, А. Мәшһүртану өрісі [Мәтін] / А. Тұрышев // Қазақстан педагогикалық хабаршысы = Педагогический вестник Казахстана. - 2009. - № 2. – Б. 358-368.
- 5 Жұртбай Т. Толық адам. Атамұра 2023.- 272 б

АЙТМҰХАМЕТ ҚАСЫМБАЙҰЛЫ ТҮРШЕВ – МӘШҺҮРТАНУШЫ ҒАЛЫМ

ТӨКЕНҚЫЗЫ Г.

ф.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлттық рухани мұраны жаңаша пайымдау, тарихи-мәдени құндылықтарды ғылыми тұрғыдан зерделеу мәселесі гуманитарлық ғылымдардың маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл үдерісте қазақ халқының рухани қазынасын сақтап, ғылыми айналымға енгізуге үлес қосқан ғалымдардың еңбегі ерекше маңызға ие. Осындай көрнекті зерттеушілердің қатарында профессор Айтмұхамет Қасымбайұлы Түршевтің орны айрықша. Қазақ филологиясында соңғы жылдары дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасқан мәшһүртану ғылымының даму тарихы Айтмұхамет Түршевтің есімімен тығыз байланысты. Ғалымның көпжылдық ғылыми ізденістері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын зерттеуге бағытталды. Оның еңбектерінде ақын шығармаларының тілдік табиғаты, дүниетанымдық негіздері, этномәдени мазмұны мен тарихи-танымдық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Айтмұхамет Қасымбайұлы Түршев 1956 жылы 18 шілдеде бұрынғы Семей облысы Аягөз ауданының Таңсық ауылында дүниеге келген. Болашақ ғалымның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына туған өлкенің мәдени-тарихи ортасы мен ұлттық рухани құндылықтарға бай дәстүрлі тәрбие ықпал етті. 1981 жылы Семей педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын игергеннен кейін ұстаздық қызметпен айналысты. Кейін жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық қызметке ауысып, өзінің ғылыми әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Ғалымның ғылыми еңбек жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – Павлодар өңіріндегі ғылыми қызметімен байланысты. Осы кезеңде ол Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеуге ден қойып, кейін бұл бағыт оның өмірлік ғылыми миссиясына айналды. Мәшһүртану ғылымының қалыптасуындағы орны Қазақ әдебиеттану ғылымында белгілі тұлғалардың шығармашылығын зерттеуге арналған абайтану, шоқантану, мұхтартану сияқты ғылыми мектептер қалыптасқан. Солардың қатарында ХХІ ғасырда қарқынды дамыған ғылыми бағыттардың бірі – мәшһүртану. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы көлемі жағынан да, мазмұны

жағынан да аса ауқымды. Оның еңбектерінде қазақ халқының тарихы, шежіресі, ауыз әдебиеті, діни-философиялық көзқарастары, ұлттық дүниетанымы көрініс тапқан. Осы мұраны ғылыми жүйеге түсіріп, жан-жақты зерттеу қажеттілігі мәшһұртану ғылымының қалыптасуына негіз болды. Айтмұхамет Тұршев осы ғылыми бағыттың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға белсенді қатысты. Ол Мәшһұр Жүсіп мұрасын әдеби ескерткіш ретінде ғана емес, ұлттық мәдени кодтың, тарихи жадының және халықтық дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырды. Ғалым зерттеулерінде ақын шығармаларының:

- тілдік ерекшеліктері;
- лексикалық құрамы;
- этномәдени бірліктер жүйесі;
- фразеологиялық қорлары;
- тарихи-мәдени ақпараттық әлеуеті;
- дүниетанымдық концептілері арнайы ғылыми талдауға түсті.

Мәшһұр Жүсіп мұрасын академиялық жариялау ісіндегі еңбегі Ғалым қызметінің маңызды бағыттарының бірі – Мәшһұр Жүсіп шығармаларын жүйелеу және жариялау жұмыстары. Қазақстандағы ең көлемді ғылыми жобалардың бірі саналатын Мәшһұр Жүсіп шығармаларының көптомдық академиялық басылымын дайындау ісінде Айтмұхамет Қасымбайұлы белсенді ұйымдастырушы әрі ғылыми жетекші ретінде танылды. Нәтижесінде ақын мұрасының жиырма томдық жинағы жарық көріп, оның жекелеген томдары орыс және ағылшын тілдеріне аударылды. Бұл қазақ рухани мұрасын халықаралық ғылыми кеңістікке танытуға мүмкіндік берді.

Көптомдық басылымның жарық көруі бірнеше маңызды ғылыми міндеттердің шешілуіне жол ашады:

1. Мәшһұр Жүсіп мәтіндерінің толық корпусын қалыптастыру;
2. Бұрын белгісіз болып келген қолжазбаларды ғылыми айналымға енгізу;
3. Мәтіндерді салыстырмалы түрде зерттеу мүмкіндігін кеңейту;
4. Қазақ мәдени мұрасын әлемдік деңгейде насихаттау.

Ғалым зерттеулеріндегі антропоэзектік және этнолингвистикалық ұстанымдар Қазіргі тіл біліміндегі жетекші бағыттардың бірі – антропоэзектік парадигма. Бұл бағыт бойынша тіл адам болмысымен, мәдениетпен және ұлттық дүниетаныммен сабақтастықта қарастырылады. Айтмұхамет Тұршев еңбектерінде дәл осы ұстаным айқын байқалады. Ғалым тілдік деректер

арқылы халықтың тарихи тәжірибесін, мәдени жадын және дүниетанымдық ерекшеліктерін тануға болатынын дәлелдейді. Ғалым пікірінше, ұлттық мәдениеттің ең сенімді сақтаушысы – тіл. Сондықтан тарихи мәтіндерді зерттеу халықтың рухани әлемін танудың маңызды жолдарының бірі болып табылады. Айтмұхамет Тұршевтің ғылыми қызығушылығы тек мәшһұртанумен ғана шектелмейді. Оның еңбектерінде тіл философиясы мен когнитивтік лингвистика мәселелері де маңызды орын алады. Ғалым тілдің танымдық табиғатын, тіл мен ойлау арасындағы байланысты, ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін зерттеді. Оның пікірінше, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың рухани тәжірибесін сақтайтын мәдени феномен болып табылады. Когнитивтік бағыттағы зерттеулерінде автор концепт мәселесін, тілдік сана құрылымдарын, ұлттық таным ерекшеліктерін, мәдени ақпараттың тілдік көріністерін қарастырады. Бұл зерттеулер қазіргі қазақ когнитивтік лингвистикасының дамуына елеулі үлес қосты. Профессор Айтмұхамет Тұршев – көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Оның ғылыми мұрасында монографиялар, оқу құралдары, ғылыми мақалалар мен әдістемелік еңбектер ерекше орын алады. Ғалымның зерттеулері төмендегі бағыттарды қамтиды:

- мәшһұртану;
- тіл философиясы;
- этнолингвистика;
- когнитивтік лингвистика;
- әдеби мұраны зерттеу;
- ғылыми коммуникация. Оның еңбектері қазіргі қазақ филологиясының теориялық қорын толықтырып қана қоймай, ұлттық мәдени мұраны сақтауға қызмет етіп келеді. Ғалымның ғылыми беделін айқындайтын көрсеткіштердің бірі – оның қалыптастырған ғылыми мектебі. Айтмұхамет Қасымбайұлының жетекшілігімен көптеген магистрлік және диссертациялық зерттеулер орындалды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түрлі жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде еңбек етуде. Ғалым шәкірт тәрбиелеуде ғылыми адалдықты, дерекке жауапкершілікпен қарауды, ұлттық құндылықтарды құрметтеуді, ғылыми ойлау мәдениетін басшылыққа алады.

Қорыта келгенде, Айтмұхамет Қасымбайұлы Тұршев – қазақ филологиясы ғылымындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Оның ғылыми қызметі мәшһұртану ғылымының қалыптасуы мен дамуына, қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттардың нығаюына,

ұлттық мәдени мұраны зерттеу ісінің жаңа деңгейге көтерілуіне зор ықпал етті. Ғалымның еңбектері ұлттық руханиятты сақтау мен жаңғыртуға қызмет етіп қана қоймай, қазіргі қазақ гуманитарлық ғылымының әдіснамалық негіздерін байытты. Сондықтан Айтмұхамет Тұршевтің ғылыми мұрасы қазақ ғылымының алтын қорындағы құнды қазыналардың бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұршев А.Қ. Тіл философиясы. – Павлодар: Кереку, 2010. – 312-б.
- 2 Тұршев А.Қ. Мәдени мұраның лингвистикалық ғылыми негіздері. – Павлодар: Кереку, 2008. – 286-б.
- 3 Тұршев А.Қ. Қазақ тіл білімінің философиялық-әдіснамалық мәселелері. – Павлодар: Кереку, 2012. – 274-б.
- 4 Тұршев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропонимдік-топонимдік сөзжасам. – Павлодар: Кереку, 2015. – 198-б.

СКИФ ЭТНОГРАФИЯСЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНДА

ТРУШЕВ А. К.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АМАНТАЙ А. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бұл мақалада скифтердің этнографиялық ерекшеліктері мен олардың қазақ тілінің грамматикалық құрылымында қалған тарихи іздері мен сабақтастығы қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – скиф мәдениетінің элементтері мен тілдік категориялары арқылы көшпелілер өркениетінің тілдік негіздерін анықтау. Мақаланың мазмұнында скифтердің әскери өнері, дүниетанымы, аңға табынушылық, мал шаруашылығының қазіргі қазақ грамматикасындағы тілдік көрінісі жан-жақты талданады. Зерттеудің негізгі аспектісі – теориялық және этнолингвистикалық ізденіс. Жұмыстың басты ерекшелігі – классикалық тұжырымдар мен түркілік жаңа болжамдарды салыстыра отырып, грамматикалық формалардың қайнар көздерін ашу. Зерттеу барысында Геродоттың «Тарих», В. Абаевтың скиф-иран этимологиялары, Э. Севортян, В. Радловтың іргелі еңбектеріндегі тарихи-тілдік пайымдаулар

кеңінен пайдаланылды. Мақалада салыстырмалы-тарихи әдіс қолданыла отырып, көшпелілер өркениетінің тілдік жүйеге әсері туралы гипотезалар ұсынылады. Тұжырымдар скиф мәдениетінің қазақ халқының тек материалдық қана емес, сонымен қатар іргелі рухани және құрылымдық-тілдік мұрагері екендігін айғақтайды. Бұл зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілінің тарихи грамматикасын жаңа қырынан тануға, далалық өркениеттердің сабақтастығын дәлелдеуге үлкен үлес қосады және ежелгі дәуірдегі этностық байланыстарды оқытуда теориялық маңызға ие.

Кілтті сөздер: скиф этнографиясы, қазақ грамматикасы, скиф дәуірі, мәдениет, өнер, тілдік сабақтастық.

Скифтер – бұл идея. Еуразияның (батыстағы Карпат тауларынан Шығыстағы Тянь-Шаньға дейін) ежелгі иран тілді көшпенділері туралы жазбаша мәліметтер көп, бірақ олар шашыраңқы болып келеді. Скифтер туралы алғашқы мәліметтер ежелгі авторлардың деректерінде кездеседі, солардың бірі Геродоттың «Тарих» еңбегінде скифтердің өмір салты мен әдет-ғұрыптары сипатталған.

«Скифтердің соғыс салт-жоралары мынадай: скиф өзінің алғашқы жауын өлтірген кезде, оның қанын ішеді. Шайқаста өлтірген барлық жауларының бастарын скиф жауынгері патшаға әкеліп береді. Өйткені жаудың басын әкелген жауынгер ғана олжадан өз үлесін алады, ал әкелмегендерге үлес берілмейді...» [1, 188-б.]. Байқағанымыздай, жаудың басын алу бұл жай батылдық емес, бұған көп мән берген, бас шапқан жауынгерді сыйлаған, құрметтеген. Неге жүрек емес? Неге аяғы, қолы емес? Бас – бұл жан-дүниемен тегіс байланысатын негізгі мүше, адамның ақыл-ойы, санасы, руханияты шоғырланған қазынасы. Соған қарағанда, жаудың басын кесу – сол адамды жоғарғыда айтып кеткен қасиеттерінен, жеке адам ретіндегі болмысынан айыру, «трофей» ретінде өз қанжығасына байлау.

«Бас кесу» тіркесінің төркіні қазақ тілінің байырғы лексикасынан бастау алады, атап айтқанда, түркі тілдеріне ортақ көне сөз. Baš-тың мағынасы «дененің негізгі мүшесі», «бастау», «бастапқы» деп басталып, «дана (санамалаған кезде)», «адамның жаны», «басқаратын басшы» деп кең мағынаға кететін болса, kes «бөлу», «кесу», «жабу», «айыру» [2, 85–87-б.] дегенді білдіреді. Екеуі тіркесе келіп, адам өмірінің қиылуының белгісін береді. Қазақ халқы мұны сонымен қоса, ауыр жазаның бірі ретінде көрсетіп, «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», өз Тәукеңің «Жеті жарғысында» қылмыс жасаған сатқындарға үкім ретінде қолданған. Ал жаудың басын шауып оралған батырларды керісінше мадақтап,

өлең-шумақтарына қосып отырған. Оны батырлар жырынан, эпостық жырлардың мазмұнынан байқауға болады. Мысалы:

«Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай,
Дулығалы бас кесіп,
Дұшпанының қанына

Ақ алмасын суармай?!», – деген М. Өтемісұлының «Исатай деген ағам бар» атты өлеңінде кектенген Исатайдың ең алдымен жауын аяусыз жазалауда бас шабатынын айтады. Сонда бұл адам жанының толықтай сөнгенін, өлгенін білдіретін символ. Сондай-ақ, «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» жырында:

«Қыларың болса қылып қал,
Күндердің күні болғанда,

Бас кесермін, жасырман!», – деп, өжеттілік танытып, қайсарлығының ақысы ретінде бас кесетінін жеткізеді. Мұндағы «бас кесу» батырдың шындық сөз айтып тұрғанынын кепілі ретінде қолданылып тұр.

В. В. Радловтың «Түркі тілдері сөздігінің тәжірибесі» еңбегіндегі [3, 1148-баған] деректерді негізге алсақ, «кесу» (kes-) етістігі көне түркілік танымда тек әрекет емес, «шешім қабылдау» мен «тоқтатудың» формасы ретінде көрінеді. Бұл В. И. Абаевтың осетин (скиф) тілінің этимологиясына қатысты зерттеулерімен үндеседі. Абаев скиф этнографиясындағы бастың символикалық мәні мен оны кесудің ритуалдық сипатын «sæŋ» (бас) [4, 65–66-б.] және «kard-» (кесу) концептілері [5, 571–572-б.] арқылы ашады. Екі ғалымның еңбектерін салыстыра келе, қазақ тіліндегі «бас кесу» тіркесінің грамматикалық құрылымында скифтік әскери-ритуалдық белгілердің сақталғанын байқаймыз. Бұл – нысанның (бас) толық бағынуын және үкімнің (кесу) бұлжымастығын білдіретін көне даланың тілдік көрінісі. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде «бас кесу» «күдер үзу», «түңілу» деген мағыналарды береді делінген [6, 126 б.], демек, бас кесуде адамның физикалық тұрғыдан бөлек, ішкі жан-дүниесі моралдық тұрғыдан мәңгіге қош айтысады. Қазақ халқында да, скифтерде де, бастысы жауды ойсырата жеңу, жеңіс туын желбіретіп, жауды психологиялық-эмоционалдық жақтан қыспаққа алып, жеңгеннен кейін де жанын қинау. Оны мына үзіндіден байқауға болады: «...Бас терісін мынадай әдіспен сыпырып алады: құлақтың айналасынан дөңгелете тілген соң, шашынан ұстап тұрып, басты теріден сілкіп шығарады... Кейбіреулер сыпырылған

терілерді ешкі терісінше біріктіріп тігіп, тіпті шапан (плащ) жасап киеді...» [1, 188 б.].

Геродот скифтерді «жеңіліп көрмеген жауынгер халық» деп сипаттайды. Олар жауды алдаудың, тұтқиылдан шабуыл жасаудың шеберлері болған. Әр скиф жауынгері бала кезінен атқа мінуді, садақ атып, соғысу тәсілдерін үйренген: «Олардың бәрі – ат үстіндегі садақшылар, олар егіншілікпен емес, мал шаруашылығымен айналысады; Үйлері – күймелер (арба үстіндегі киіз үйлер). Осындай рухы биік халықтың жеңілмеуі мен ешкімге бағынбауы заңды емес пе?» [1, 183 б.]. «Әрбір ер – жауынгер, әрбір әйел – ошақ қорғаушысы» демекші, қазақ халқы да баланың кішкентай кезінен есейгенге дейін көшпелілердің әскери-тәрбие жүйесін ұстанды, 3-5 жас аралығында ашамай ер жасап, той тойлап, «Үш жас – үзеңгі қағарын» жасайды. Бұл басқаша айтқанда, ат үстіндегі өркениет, баланың болашақта ер азамат атануы үшін жасалған кішігірім қадамдар еді. Осы жерде «ашамай» сөзінің шығу тегіне тоқтала кетейік. Ашамай дегеніміз – жеңіл иілетін ағаш түрінен (қайың немесе тал) жасалатын, бала құлап кетпеуі үшін орналастырылатын Х-тәрізді ердің түрі. Ашамай сөзіндегі «Аша» түбірі түркі тілдеріне ортақ сөз, мағынасы «екіге бөлінген, айырылған» [7, 214-б.] дегенді білдіреді. Яғни заттың болмысына, сыртқы қалпына, атқаратын қызметіне толықтай сәйкес келіп тұр. Ал осындағы «–май» жұрнағы түркітанушы ғалымдар Ә. Қайдар,

Р. Сыздықтың болжамдары бойынша затты кішірейту мағынасында айтылып тұр, өйткені, бұл ер-тұрман кішкентай балаға арналып жасалған. Тағы да бір болжам – зат есімге жалғану арқылы зат есім тудырушы болып тұр, яғни сол заттың қолданылу аймағын нақтылап, бір құралға байлап тұр.

Екі халыққа ортақ қасиет – атқа отырғанда еркін отырады, бұлшықеттерін бос ұстап, жылқы малымен байланыс орнатады, оның ырғағында шабады. Тізгінді бір қолмен басқарып, екінші қолына садақ алып, атуға машықтанады. Бұл екі халықтың да дәлдігін, мергендігін арттырады, қырағылыққа тәрбиелейді. «Қазақтар аттың үстіне отыруды бала кезінен үйренеді, отыратын ері ашамай деп аталады, әр адам тамаша шабандоз» деп В.В. Радлов айтпақшы, скифтер бұл өнерді кемелділікке жеткізсе, қазақ халқы сол кемел мектептің мұрагерлері болып табылады. Түптеп келгенде «ашамайға мінгізу дәстүрі» сонау скифтерден қалған керемет тәрбиенің жалғасы екені сөзсіз.

Скифтердің өнері мен символикасының бірі – «Аң стилі». Бұл – арыстан, бұғы, қасқыр бейнелері жиі кездесетін тотемдік наным-сеніммен байланысты өнер түрі. Геродот скифтердің өмір салтын бейнелей келе, олардың қару-жарағы мен тұрмыстық заттарының көркем өрнектермен, әсіресе аң бейнелерімен безендірілгенін атап өтеді. Бұл – кейін «скиф-сібір аң стилі» деп аталатын өнерге тән сипат. «Скиф аң стилі жабайы табиғаттың, жыртқыштардың стильдендірілген бейнелерінен тұрады, олар динамикалық түрде бейнеленген, көбінесе жабайы қалыңдықтардың қарқынды көріністеріне айналады» [8, 3–4–б.]. Геродот скифтердің жануарларға табынатынын да ескертеді, бұл аң стилінің мифологиялық негізін көрсетеді. Скифтерде де, қазақтарда да аңға табынушылық болды, бұл тамыры тереңде жатқан, үзілмей сақталып келе жатқан рухани сабақтастық. Аң – қорғап-қолдаушы, адам мен табиғат арасындағы байланыстырушы дәнекер, жебеуші. Ең қолайлы жануарлардың бірі ретінде жылқы малын қастерлеген, жылқының еті мен қымызы көшпелілердің дәстүрлі тағамы болып есептелген. Скифтердің өмірлеріндегі тағы да бір маңызды жануар – қой. Момын жануар бақ пен берекенің символы ретінде ғана емес, сол кезеңдегі қарапайым шаруа адамдарының күн-көрісінде аса маңызды рөл атқарған. Еті мен сүтінен бөлек, киім-кешектері қой жүнінен жасалып, шаруашылықты өте пайдалы болған. Скифтердің бір ерекшелігі – бүркіт, бұғы, қасқыр деген аңдардан бөлек қиял-ғажайып жануарларға да табынған. Оған мысал, Пазырық қорғанынан табылған әйел мүрдесіндегі денеге салынған сурет, атап айтқанда, бұғы бейнесі. «Мүйіздері гүлдермен аяқталып, тұмсығы жыртқыш құстың тұмсығына айналған бұғы тәрізді тіршілік иесі оның оң иығын безендірді... Оның бас бармағында да суреті (татуировкасы) болған» [9]. Неліктен денеге дәл осындай бұғы суреті салынған? Біздің ойымызша, шынайы өмірде жоқ бұл жануардың бейнесі скиф әйелінің сол аңға табынғанын білдіреді. Сурет (татуировка) сол аңға рухани жағынан жақын болуға көмектеседі, табынушылықты дәріптейді.

Қазақ дүниетанымындағы аңға табынушылықты 3 түрге бөліп қарастыруға болады:

Жыртқыш аңдарға байланысты тотемизм. Мысалы, қасқыр (Көк бөрі) еркіндік пен бостандықтың символы. Біздің «Бөрілі байрағымыз» скифтерден бізге тараған әскери дәстүр.

«Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емеспін.

Бөрідей айбат шеккенде,
Қарсыласқан адам тең емеспін», – деген Сүйінбай Аронұлының өлеңі осының айқын дәлелі. Қасқырдың күші, жылдамдығы, жеке қасиеттері қазақ халқына рух беріп қана қоймай, арғы бабаларымыздың ылғи желеп-жебеп жүретінін еске салады.

Құстарға байланысты тотемизм. Мысалы, бүркіт – асқан тектіліктің белгісі, ал аққу – нәзіктіктің, пәктіктің символы.

Жай тасының астында,
Жарқ-жүрқ еткен қара бұлт,
Төмендегі қыранға,
Төрт қанатты сұңқарға...

Шаруашылыққа байланысты тотемизм. Бұған төрт түлікке байланысты аң кіреді:

Қамбар ата – жылқы атасы;
Шопан ата – қой атасы;
Шекшек ата – ешкі атасы;
Ойсылқара – түйе атасы;
Зеңгі баба – сиыр атасы.

Малға мейіріммен қарау, аялау және сақтау – баяғы көшпенді халық үшін өмір философиясымен іспеттес болды.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, скиф дәуірінің этнографиялық мазмұны қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мен лексикалық қорында жай ғана архаизмдер емес, тірі тілдік категориялар ретінде сақталғанын көреміз. Геродоттың «Тарих» еңбегіндегі алғашқы сипаттамалардан бастап, В. В. Радлов пен В. И. Абаев, Э. Севортянның лингвистикалық ізденістеріне, сондай-ақ Б. Шаркей, Н. Боковенко секілді заманауи скифологтардың археологиялық пайымдауларына сүйене отырып, біз көшпелілер өркениетінің үздіксіз сабақтастығын айқындадық.

Скиф этнографиясы қазақ тілінде «өлі реквизит» емес, грамматикалық модельдер арқылы кодталған «тірі жады». Мысалы, атқа міну мәдениеті қазақ тіліндегі етістіктердің динамикасын (қозғалыс сипатын) қалыптастырса, жануарларға табыну (аң стилі) – сын есімдер мен тенеулердің эмоционалды-экспрессивті бояуын түзеді. Бұл – тілдің мыңжылдықтар бойы өзгермеген «ішкі формасы».

Қазіргі қазақ тілінің болашағы үшін бұл зерттеудің маңызы қандай? Скифтік элементтерді тану – қазақ тілінің «иммунитетін» нығайтады. Ерекше атап өтетін жайт, скиф этнографиясының қазақ тілі грамматикасындағы проекциясы тек өткеннің жаңғырығы емес,

ол – тілдік тұлғаның дүниетанымдық тұғыры. Осылайша, Геродоттан басталған тарихи тізбек бүгінгі қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарында өзінің логикалық нүктесін табады. Бұл зерттеу қазақ тіл білімін тек лингвистикалық аяда емес, ауқымды тарихи-мәдени контексте қайта қарауды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Геродот. История в девяти книгах / Геродот; ауд. және түсініктемелерін жазған Г. А. Стратановский; жалпы ред. басқ. С. Л. Утченко; ауд. ред. Н. А. Мещерский. – Ленинград: Наука, 1972. – 600 б.
- 2 Севортян, Э. В. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі [Мәтін]. «Б» дыбысына арналған жалпытүркілік және аралық түркілік негіздер / Э. В. Севортян; Ред. алқасы: Н. З. Гаджиева (жауапты ред.) жәнет.б. ; КСРО ҒА Тіл білімі институты. – М. : Наука, 1978. – 349 б.
- 3 Радлов, В. В. Опыт словаря тюркских наречий [Мәтін]. 4 томдық. 2-том, 1-бөлім / В. В. Радлов. – СПб. : Имп. Ғылым академиясының баспаханасы, 1899. – 1152 бағ.
- 4 Абаев, В. И. Историко-этимологический словарь осетинского языка [Мәтін]. 4 томдық. 1-том. А–К / В. И. Абаев; КСРО Ғылым академиясы, Тілбілімі институты. – М. ; Л. : КСРО ҒА баспасы, 1958. – 655 б.
- 5 Абаев, В. И. Историко-этимологический словарь осетинского языка [Мәтін]. 4 томдық. 3-том. S–Z / В. И. Абаев; КСРО Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. – Л. : Наука, 1979. – 358 б.
- 6 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі [Мәтін] / ҚР Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты; құраст.: Ғ. Қалиев (жауапты ред.) жәнет.б. – Алматы : Арыс, 2005. – 824 б.
- 7 Севортян, Э. В. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі [Мәтін]. «А» дыбысына арналған жалпы түркілік және аралық түркілік негіздер / Э. В. Севортян; КСРО ҒА Тілбілімі институты. – М. : Наука, 1974. – 606 б.
- 8 Sharkey, B. Predators and Prey: Cosmological Perspectivism in Scythian Animal Style Art [Мәтін] / B. Sharkey // Arts. – 2022. – Vol. 11, № 6. – Art. 120. – DOI: 10.3390/arts11060120.
- 9 Turner, Mary Lynn E. «A Culture on the Hoof: Kurgan Woman of the Pazyryk» Ariets Research Blog, 24 July 2009. Web.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮГЕЛ АДАМ БОЛМЫСЫ

ТРУШЕВ А. К.
ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЖҰМАЖАН Д. Т.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Түгел адам» ұғымы – рухани, моральдық, әлеуметтік, интеллектуалдық және физикалық тұрғыдан үйлесім тапқан кемел тұлға бейнесі. Бұл ұғым қазақ дүниетанымында, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп шығармаларында терең мәнге ие. Ол адамның ішкі және сыртқы болмысын біртұтас етіп қарастырады.

Ислам философиясы мен сопылық ілім бұл концептінің теориялық негізін құрайды. Сопылық ілімде «кемел адам» – Аллаға жақын, өз нәпсісін жеңе білген рухани биік деңгейге жеткен тұлға. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында да адам – рухани даму жолындағы жаратылыс ретінде қабылданады. Түгел адам ұғымы осы түсініктермен тоғыса отырып, қазақ қоғамындағы тұлға тәрбиесінің өзегі бола білді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы «түгел адам» ұғымы – адамның рухани және моральдық кемелдікке жетуін мақсат ететін тұтас көзқарас жүйесі. Бұл концепт ислам философиясы, сопылық ілім, түркі дүниетанымы және дәстүрлі қазақ танымымен тығыз байланысты.

Мәшһүр Жүсіптің пікірінше, нағыз адам – ақыл, жүрек және рух үйлесімділігін меңгерген тұлға. Ол «түгел адам» болу үшін адамның білімді, иманды, әділетті, сабырлы және қайырымды болуы қажеттігін айтады. Оның шығармаларында пенде өзін-өзі жетілдіру жолында өмір сүруі керек, сонда ғана ол нағыз толық, кемел тұлға – «түгел адам» бола алады.

Мысалы, «Әдеп» атты өлеңінде:

Әдепті елдің баласы –
Адалдықты сақтайды,
Ар-намысты ойлайды,
Қиянатқа бармайды.

деген жолдардан адам бойындағы ізгі қасиеттердің бәрі түгел адамға тән екені көрінеді. Бұл өлеңінде Мәшһүр Жүсіп адамның адалдық, ар-намыс секілді ішкі қасиеттері арқылы биіктейтінін айтады. Сонымен қатар, оның шығармаларында нәпсіні жеңу, сабырлы

болу, жаратушыны тануға ұмтылу – түгел адам болмысының негізгі сипаттары ретінде көрініс табады.

Мәшһүр-Жүсіп «Төрт асыл, бес береке» – деген өлеңінде:

*Бү сөзіме құлақсал үлкен-кіші,
Сөйлемесе Мәшһүрдің пысады іші.
Төрт асыл, бес береке-бір бойында
Табалса, түгел болып, әне кісі!
«Бір – төрт, бірі-бесеу-болды тоғыз»...,
«Тоғызды түгендемей ұстағанды,
Обалсыз адам демей, деуге-доңыз»,
«Тоғызы – бойда адамның, өзімен-он» – дейді [1, б. 204].*

Яғни, осы – тоғыз = 4-асыл + 5-береке адамның түгел болып қалыптасуына қатты әсер етеді [2, А.Қ.Тұрышев].

*Бірі – тілде, біреуі – көңіл-ойда,
Енді бірі теп-тегіс түгел бойда.
Бұл үшеуін жүргізсе, қара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда [1, б. 204].*

Бұдан әрі, өлең шумағында **бес берекені** анықтап береді:

1. Оқылған уақытымен бес намазың;
2. Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз;
3. Берілсе-қайыр, ықсан, зекет-малдан;
4. Екі аяқ арасына ие болса;
5. Қиянат, аманатқа, қастық етпей, ...Уағда айтқан жерден сөз

табылып [2, А.Қ. Тұрышев].

Осыларды:

*Береке мұныменен болады бес,
Түсерсің енді сөзге, болмасаң кес!
Дап-даяр бұлар ойда болмағаны-
Хабарың болмағаны Құраннан еш! – дейді [1, б. 206].*

Адам баласының бойындағы **төрт асылдың** жауабын ақын өзі айтып кеткен, қараңыз:

- 1-жауабы: Бір жаратқан Алланы
«Бір!» – деп білмек тілменен
 - 2-жауабы: Екінші – тілдің «Бір» дегенін
Шын ығтықат ділменен.
 - 3-жауабы: Үшінші – он екі мүшесін
Құдайдың құлшылығында қылу!
 - 4-жауабы: Төртінші пайғамбардың сүннетін орнына келтіруі.
- Осыларды **«төрт асыл»** деген [2, А.Қ. Тұрышев].
Төрт асыл – анық осы бойыңдағы,

Орнына келе берсе ойыңдағы.

Түгелдеп бұл төртеуін қыла алмасаң,

Жүре бер тамағыңа тойын-дағы [1, б. 205].

«Кімде-кім Құдайды «Бір!» – деп білмесе, көпір болады. Тілі «Бір!» – деп айтқаныменен, ділінде тастығы жоқ болса, мұнафиқ болады. Тілі: «Бір!» – деп айтқаныменен, ділінде тастығы болғаныменен, пайғамбардың сүннетіне мүнкір болса, хұптадағы болады.

Төртеуін орнына келтіруші мұсылман болады, **түгел орындаушы адам** болады.

Осы **бес береке** бойында болған адам екі жұртта бірдей қор болмайды». [3, б. 207].

Бойындағы «Төрт асылды» түгендеп жүре алмасаң, тамақ ішіп, тойынып жүре бер дейді. «Мен тойдым тамаққа болдым ыдыс» деген сияқты. Мәшһүр-Жүсіп «түгел адам» болу үшін, адам бойында «Төрт асыл, бес береке» болуы керек дейді. Ол не? Оны мына қарасөзінен жауабын табамыз. Бірақ та бұл айтылғандарда «түгел адам» болуы үшін жеткіліксіз екендігіне шығармаларын оқыған сайын ойымыз да, көзіміз де жететін болады. Дегенмен, төрт асыл, бес береке «түгел адам» болу үшін ең басты, және негізгі бағдар шамы, қазығы, дінгегі болып табылатын сияқты. Қалған айтылатын өсиеттер, ақылдар т.б. осы айтылғандардан өрбіп, өсіп шығып толықтырылып жатады деп ойлаймыз. [2, А.Қ. Тұрышев].

«Бес парыз» деген өлеңінде мұсылман адамдардың бес парызын атап шыққан:

Исламның бес парызы: біреуі – иман,

Таппайды бұл бесеуін дүние жасаған...

Екінші, намаз екен – бізге парыз,

Айтпасақ білмегенге бізге қарыз...

Үшінші, бізге парыз – Шаһи рамазан

Бұ дағы бір қаруың жетсе қазан

Төртінші, бізге парыз – зекет малдан,

Бұл пәле тосатұғын әр қамалдан.

Біреуі бес парыздың, қажыға бару.

Бұл жолға мал мен жанды керек салу [4, б. 38-39].

Мәшһүр Жүсіптің бес парызға қатысты түсіндіруі:

1. Шахадат (иман келтіру)

– «Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» екеніне жүрекпен сеніп, тілмен айту.

– Мәшһүр Жүсіп бұл сенім – адам өмірінің іргетасы екенін жырларында айтқан.

2. Намаз оқу

– Күнде бес уақыт Аллаға құлшылық ету.

– Ол намазды рухани тазару, пенденің Раббысына жақындауы деп түсіндірген.

3. Ораза ұстау (Рамазан айында)

– Нәпсіні тыю, сабырлық пен төзімділік мектебі.

– Мәшһүр Жүсіп бұл парыздың адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелейтінін жазған.

4. Зекет беру

– Мал-дүниенің белгілі бір бөлігін мұқтаждарға беру.

– Ақын байлықтың сынақ екенін, оны орнымен жұмсау керектігін ескерткен.

5. Қажылық жасау

– Қабілеті бар мұсылманның Меккеге барып, қажылық парызын өтеуі.

– Бұл парызды орындау – мұсылманның дінге деген толық беріктігінің көрінісі деп сипатталған.

Осы бес парызды орындаған адам тек жалған дүние бақытын ғана емес, екі дүниенің де бақытын сезбек. Бес парызды орындау – әкелер түгел адам болуына.

«Жарты нан» деген өлеңінде бес берекеге, бес парызға тоқталады:

Жамандық қайдан туар, тілден туар,

Әркім де гақыл болса, тілін буар [4, б. 75].

Әр адам тілі ие болу керек, айтылған сөзін саған қарсы айдаһар болуы мүмкін. «Атылған сөз атылған оқпен тең» деген мақал-мәтел бекер айтылмаған.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,

Бес кісі – бес намазың, білемісің [4, б. 75].

Ораза мен намаз мұсылман адамның бес парызы екені алдындағы «Бес парыз» өлеңінде талқыланған.

Қайыр, ықсан, сауапты – жарты қылмай,

Қыла гөр күні бұрын соны бүтін [4, б. 76].

Осы өлең жолдарында ықсан, сауапты сөз етіп, бес берекеге сілтеме жасайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңі – адамның нәпсіге ермеуін, оны бақылауда ұстау керектігін насихаттайтын терең философиялық, діни әрі тәрбиелік мағынасы

бар өлеңдер. Бұл өсиетінде Мәшһүр Жүсіп адам нәпсісін атқа тенеп, егер оны «атқа мінгізсең», яғни ерік берсең, ол сені басқарады, адастырады деп ескертеді. Керісінше, нәпсіні «басы байлаулы» ұстау – адам баласының рухани кемелдену жолындағы негізгі талап. Рухани кемелдену – түгел адам болуының алғы шарттарының бірі.

Басыңа қайғы келсе, қапа болма,

Тарылып, назаланып шықпа діннен! [1, б. 113].

Осы өлең шумақтарынан нәпсінің артынан ермей, ашуға салынбай, сабырмен барлық қиындықтарды жеңуге болатыны айтылған.

Жаманның міндеті көп дәмін татып,

Шатылып жүрмегейсің басың қатып.

Һәмматсыз, намірд асын жеп тойғаннан,

Бетімен өлген жақсы аштан қатып! [1, б. 114].

Еш қамсыз, ойсыз, жетесіз адам еңбек етпей телміріп біреудің берген асын жегеннен аштан өлген жақсы деген мағынада айтылған терең және астарлы өлең жолдары.

Орынсыз жындылық қып, күлмегейсің,

Көңіліңді, дүние көріп, бөлмегейсің.

Мың түрлі жақсы мінез көрсең-дағы,

Кісіге сыналмаған сенбегейсің! [1, б. 114].

Не пайда, күш жоқ болса, нарлығыңнан,

Пайда жоқ, кең болмасаң, тарлығыңнан!

Көрінбеген нәрсені аламын деп,

Айырылма қолыңдағы барлығыңнан! [1, б. 115].

Тар болып жүргеннен не пайда, қолыңдағы бар затқа қанағат қылмай, шүкіршілік етіп, нәпсіге ермеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 113-114-115, 168, 204-205-206, 212-213, 215, 226 б.

2 Тұрышев А. Қ. Мәшһүр-Жүсіп: «түгел адам» – дін және ғылым. мақаласы

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 188, 207, 270 б

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ит дүние. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 38-39, 58-59, 60-61-62-63, 65, 75-76 б.

МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ КАК ОТРАЖЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

УТЕГУЛОВА С. Б.

ст. преподаватель, кафедра казахский и русский языки, Satbayev University,
г. Алматы

Статья посвящена исследованию причин возникновения молодежного сленга и особенностей его использования студентами-билингвами. Рассматриваются примеры употребления сленговых единиц в речи молодежи. Представлены результаты анкетирования студентов и преподавателей, на основе которых составлен список наиболее распространенных сленговых слов, преимущественно образованных от английских лексем. В работе также представлена инфографика, отражающая частотность употребления сленговых единиц. Результаты исследования свидетельствуют об активном использовании сленга в студенческой среде, а также в социальных сетях и средствах массовой информации.

Глобальные изменения политической, культурной, социальной, экономической картины современного мира находят отражение в языке. Язык как губка впитывает все новые веяния в чуждого человека. Стремительное развитие цифровых коммуникаций, процесс глобализации, расширение международных связей, открытость границ – все это приводит к появлению в языке многочисленных заимствований, преимущественно с английского языка. Наряду с этим появляется много сленговых слов. Молодежь активно изучает и генерирует новые технологии, появляются новые предметы, продукты (компьютерные), новые профессии. Есть потребность выразить свое особенное отношение к социуму, выплеснуть эмоции ко всему новому и старому, обособиться, обозначить свои границы. Эта потребность в своем молодежном видении мира, языке приводит к появлению сленга.

Что можно называть сленгом?

Студентам первого курса технического университета, изучающим русский язык (В2), было дано задание найти красивое, точное определение слову «сленг», даны ссылки на разные источники. Студентами были выбраны два словаря, два определения. В первом, сленг – речь социально или профессионально обособленной группы; жаргон; элементы речи, не совпадающие с нормой литературного языка (обычно экспрессивно окрашенные) [1]. По мнению студентов это определение сленга является

классическим. Второе определение сленга студентам понравилось больше, они назвали его наиболее подходящим, современным, легким, интересным и наиболее полным. «Сленг – это слой лексики, не совпадающий с нормой литературного языка, слова и выражения, употребляемые определенной социальной группой. Такая группа может быть как достаточно узкой (рэп-музыканты, ученые-химики, воры-карманники и т.п.), так и очень широкой (тинейджеры, болельщики, телезрители). На определенном этапе часть сленговых слов оборотов переходит в широкие массы, становится всем понятной. При этом они достаточно долго продолжают оставаться нелитературными, а потому смелыми, неформальными, повышенно эмоциональными [2, с. 27].

Сленг – это интересное языковое явление. У каждого поколения свой неповторимый сленг, свои любимые сленговые словечки. Условно можно выделить несколько групп сленга. Это профессиональные: врачей, геологов, летчиков, моряков, программистов, учителей, шахтеров др. К молодежным можно отнести: игровой, компьютерный, наркоманов, хакеров, интернет сленг и др. Как часто люди используют сленг?

Для более детального изучения вопроса об использовании сленга разными возрастными группами был проведен опрос среди студентов и преподавателей Satbayev University. В опросе принимали участие 78 человек от 17-56 лет, респонденты указали 192 слова, некоторые из них повторялись.

Опрос показал, что сленг используют все возрастные группы, но степень использования разная. Старшее поколение преподавателей чаще использует красивую литературную речь с редкими вкраплениями варваризмов и сленговых слов. Но и в их речи часто можно услышать: аккаунт, блогер, бумер, дедлайн, донат, зумер, лайк, лайфхак, мем, онлайн, офис, фейк и др. А также некоторые производные от англицизмов сленговые слова: донатить – отправлять деньги кому-либо; донатчик – человек, отправляющий деньги, лайковать – ставить лайки под постом или фото, лайковщик – человек, требующий (просящий) лайки, стримить – вести стрим; стример – человек (часто блогер), ведущий стрим; фейковать – обманывать, привирать преподавателю; фейкующий – привирающий студент; зумерский – молодой, зумерчата – студенты, родившиеся после 2000 года; блогерка – студентка, часто снимающая фото или видео и др. Также преподаватели используют сленговые слова: электронка – электронный журнал, летники – студенты, оставленные

на повторное обучение, летний семестр, перваши – первокурсники, нулевик – студент, пропустивший много занятий и не сдавший большую часть работ; срска – самостоятельная работа студента, кзшка – коммуникативное задание и др. Выявлено, что молодые преподаватели чаще используют сленговые слова производные от англицизмов. Общение со студентами, с самой динамичной частью общества, накладывает свой отпечаток на преподавателей. Они тоже используют сленг. Это не слепое подражание юным отрокам в попытке выделиться, а стремление понять, быть на одной волне со своими студентами. Ведь невозможно находиться внеязыковой стихии, работая с молодежью, и имея доступ ко всем интернет ресурсам.

